



## Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ.

### МАЗМҰНЫ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Кодектің қолданысқа енгізілу тәртібін 277-баптан қараңыз.

РҚАО-ның ескертпесі!

01.01.2024 дейін осы Кодектің 118-бабының 4-тармағындағы және 7-тармағының 2) тармақшасындағы, 119-бабы 10-тармағының 2) тармақшасындағы, 139-бабының 4-тармағындағы, 140-бабы 10-тармағының 6) және 7) тармақшаларындағы және 141-бабындағы "геологиялық қорлар", "геологиялық қорлардың", "геологиялық қорларға" деген сөздер тиісінше "қорлар", "корлардың", "корларға" деген сөздер болып есептелсін - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (қолданысқа енгізілу тәртібін осы Кодектің 277-бабының 12-т. қараңыз).

01.01.2024 дейін осы Кодектің 141-бабындағы "орталық комиссия" деген сөздер "мемлекеттік комиссия" деген сөздер болып есептелсін - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (қолданысқа енгізілу тәртібін осы Кодектің 277-бабының 12-т. қараңыз).

### ЖАЛПЫ БӨЛІК

#### I БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

## 1-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен турады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодексте қамтылғандағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3. Осы Кодекс пен жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін нормаларды қамтитын Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының арасында қайшылық болған жағдайда, осы Кодектің ережелері қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарға олар осы Кодекстің нормаларымен реттелмеген жағдайларда қолданылады.

## **2-бап. Осы Кодекспен реттелетін қатынастар**

1. Осы Кодекс жер қойнауын пайдалану режимін, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеуді жүзеге асыру тәртібін, жер қойнауы участкеріне құқықтардың туындау, оларды жүзеге асыру және тоқтату, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтық жағдайы мен олардың тиісті операцияларды жүргізу ерекшеліктерін, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын пайдалану құқығына билік ету мәселелерін және жер қойнауы ресурстарын пайдалануға байланысты басқа да қатынастарды айқындайды.

2. Жерді, су ресурстарын және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану тиісті табиғи ресурстарды пайдалану және қорғау режимін айқындайтын Қазақстан Республикасының жер, су және экологиялық заңнамасына сәйкес реттеледі.

3. Мемлекет, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заның тұлғалары осы Кодекспен реттелетін қатынастарға қатысушылар болып табылады.

4. Егер осы Кодексте, зандарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетелдік заның тұлғалар Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастарда Қазақстан Республикасының азаматтары мен заның тұлғалары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады және олардың міндеттері болады.

## **3-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының мақсаты мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының мақсаты мемлекеттің және қоғамның әл-ауқатының экономикалық өсүі үшін Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттің жер қойнауына меншік құқығын қорғау;

2) жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және қатынастарды реттеу;

3) мемлекеттің, Қазақстан Республикасы азаматтарының мұдделерін және жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтарын сақтау;

4) Қазақстан Республикасы минералдық-шикізаттық базасының өсімі;

5) жер қойнауын пайдалану құқықтарының туындау, оларды жүзеге асыру, өзгерту және тоқтату негіздерін, шарттарын және тәртібін белгілеу;

6) жер қойнауын пайдалануды тұрақты дамыту үшін құқықтық негізді қамтамасыз ету;

7) жер қойнауын геологиялық зерттеуге және жер қойнауын пайдалануға инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау;

8) жер қойнауын пайдалану саласындағы заңдылықты нығайту.

#### **4-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының қағидаттары**

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) мемлекеттік жер қойнауы қорын ұтымды пайдалану;
- 2) жер қойнауын пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпараттың қолжетімділігі;
- 4) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы;
- 5) жер қойнауын пайдаланушылардың адалдығы;
- 6) жер қойнауын пайдалану шарттарының тұрақтылығы.

#### **5-бап. Мемлекеттік жер қойнауы қорын ұтымды басқару**

Мемлекеттік жер қойнауы қорын ұтымды басқару мемлекеттің және қоғамның әл-ауқатының экономикалық өсуі мақсатында жер қойнауын пайдалану құқығын беру арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **6-бап. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық қауіпсіздік**

Жер қойнауын пайдалану жер қойнауының ластануын болғызбауға және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға бағытталған шараларды қабылдай отырып, экологиялық қауіпсіз тәсілдермен жүзеге асырылуға тиіс.

#### **7-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратқа қолжетімділік**

1. Егер осы Кодексте немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпарат қолжетімді болып табылады.

2. Мемлекет мыналарға:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі аукциондар, олардың шарттары мен нәтижелері туралы ақпаратқа;

2) мемлекеттік органдардың жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату туралы шешімдеріне;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлерін ескере отырып, жер қойнауын пайдалану құқығы туралы ақпаратқа;

4) осы Кодекске сәйкес құпия немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес құпия болып танылатын геологиялық ақпаратты қоспағанда, геологиялық ақпаратқа ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратқа қолжетімділік тәртібі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады.

4. Мұдделі тұлғалар осы бапқа сәйкес қолжетімділігі қамтамасыз етілетін ашық ақпаратты өтеусіз пайдалануға құқылы.

### **8-бап. Жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы**

Жер қойнауын пайдалану ақылы (өтеулі) болып табылады. Жер қойнауын пайдалану үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу арқылы жүзеге асырылады.

### **9-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың адалдығы**

Жер қойнауын пайдаланушылар оларға берілген құқықтарды іске асыру және осы Кодексте көзделген міндеттерді орындау кезіндегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру процесінде жер қойнауын пайдаланушылардың іс-қимыл адалдығы үйғарылады.

### **2-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РЕСУРСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **10-бап. Жер қойнауы және оның ресурстары**

1. Топырақ қабатынан төмен, ал ол болмаған кезде жер бетінен төмен орналасқан жер қыртысының бөлігі, су айдындары мен ағын сулардың тұбі жер қойнауы деп танылады.

2. Осы Кодексте мынадай ресурстарға қатысты жер қойнауының пайдаланылуы реттеледі:

- 1) пайдалы қазбалар;
- 2) техногендік минералдық түзілімдер;
- 3) жер қойнауының кеңістігі.

### **11-бап. Жер қойнауына меншік**

1. Жер қойнауы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет меншігінде болады.

2. Мемлекет осы Кодексте көзделген негіздерде, шарттарда және шектерде жер қойнауын пайдалануға береді.

3. Жеке және заңды тұлғалардың жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзатын іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді. Жер қойнауына мемлекеттік меншікті бұза отырып жасалған мәмілелер маңызды мәмілелер болып табылады.

### **12-бап. Пайдалы қазбалар және олардың сыйыпталуы**

1. Химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері оларды материалдық өндіріс саласында және тікелей немесе қайта өндөлгеннен кейін тұтыну саласында пайдалануға мүмкіндік беретін, пайдалы құрауыштары бар табиғи минералдық түзілімдер мен органикалық заттар пайдалы қазбалар болып танылады.

2. Өзінің экономикалық маңызы бойынша және жер қойнауын пайдаланудың тиісті шарттарын белгілеу мақсатында пайдалы қазбалар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) жерасты сулары;
- 2) көмірсутекті пайдалы қазбалар (көмірсутектер);
- 3) пайдалы қатты қазбалар.

3. Мұнай, шикі газ және табиғи битум көмірсутектер деп танылады.

Шикі мұнай, газ конденсаты, сондай-ақ шикі мұнайды тазартқаннан кейін және жанғыш тақтатастарды, мұнай битумды жыныстарды немесе шайырлы құмдарды өндегеннен кейін алынған көмірсутектер мұнай деп танылады.

Үлес салмағына қарамастан, қалыпты атмосфералық температурада және қысым кезінде жер қойнауынан сұйық күйінде алынатын, оның ішінде шикі газдан табиғи конденсаттау арқылы түзілген кез келген көмірсутектер шикі мұнай деп танылады.

Үлес салмағына қарамастан, жер қойнауынан қалыпты атмосфералық температурада және қысым кезінде газ тектес күйде алынатын кез келген көмірсутектер, оның ішінде тазартылмаған табиғи, ілеспе, қатпарлы газ, көмір қабаттарындағы метан, сондай-ақ олардың құрамындағы көмірсутексіз газдар шикі газ деп танылады.

Мұнайдың құрамында қатталған жағдайларда еріген күйде кездесетін және қысым төмендеген кезде одан бөлініп шығатын көмірсутектердің және көмірсутекті емес газдардың көп құрауышты қоспасы ілеспе газ деп танылады.

Көмір кен орындарынан өндірілген, қалыпты атмосфералық температурада және қысым кезінде газ тектес күйде болатын, құрамында метан басым болатын көмірсутектердің және көмірсутекті емес газдардың көп құрауышты қоспасы көмір қабаттарының метаны деп танылады.

Табиғи жағдайда ұнғымалық әдістермен өндіру техникалық жағынан мүмкін емес, жер қойнауында қатты, тұтқыр және тұтқыр-пластикалық күйде жататын, бастапқы көмірсутек негізі бар органикалық текті пайдалы қазбалар табиғи битум деп танылады.

4. Жер қойнауында немесе жер бетінде қатты күйде болатын табиғи минералдық түзілімдер, органикалық заттар мен олардың қоспалары пайдалы қатты қазбалар деп танылады.

Пайдалы қатты қазбалар кендік және кендік емес болып бөлінеді. Сағ металдар, қара, тұсті, сирек, радиоактивті металдардың және сирек кездесетін жер элементтерінің кендері кендік пайдалы қатты қазбалар деп танылады. Қалған пайдалы қатты қазбалар кендік емес деп танылады.

Құрылыш және өзге де шаруашылық мақсаттарында табиғи күйінде немесе болмашы өнделумен және тазартыла отырып пайдаланылатын және жер қойнауында кең таралған кендік емес пайдалы қатты қазбалар кең таралған болып танылады. Кең таралған пайдалы қатты қазбаларға мыналар: мәрмәрлар, кварциттер, кварцты-далалық шпат жыныстары, граниттер, сиениттер, диориттер, габбро, риолиттер (липариттер), андезиттер, диабаздар, базальттар, вулкандық туфтар, шлактар, пемзалар, вулкандық шынылар және шыны тектес жыныстар, ұсақ жұмыр тастар мен қырышық тастар, қырышық тас-құм (құмды-қырышық тас) қоспалар, құмдар және құмдауықтар, саздақ және саздақты жыныстар (суглинкілер, алевролиттер, аргиллиттер, балшықты тақтатастар), ас тұзы, гипстік жыныстар, мергельдер, әктастар, оның ішінде ұлутастар, бор жыныстары, доломиттер, әктасты-доломит жыныстары, кремний жыныстары (трепелдер, опокалар, диатомиттер), табиғи пигменттер, торфтар, емдік балшықтар жатады.

### **13-бап. Техногендік минералдық түзілімдер, техногендік минералдық түзілімдерге арналған құқықтар**

1. Тау-кен өндіру, тау-кен-қайта өндеу және энергетикалық өндірістердің пайдалы құрауыштары және (немесе) пайдалы қазбалары бар қалдықтарының шоғыры техногендік минералдық түзілімдер деп танылады.

Тау-кен өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдеріне жер қойнауынан айырып алу процесінде тау-кен жыныстарынан пайдалы қатты қазбаларды бөліп алу нәтижесінде түзілетін пайдалы қатты қазбаларды өндірудің қалдықтары (аршылым, қоршауыш жыныс, шандар, кенеусіз (кондициялы емес) кен) жатады.

Тау-кен-қайта өндеу өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдеріне кен байыту өндірістері (байыту қалдықтары мен шламдары) және (немесе) химиялық-металлургиялық өндірістер қызметі (шлактар, кектер, клинкерлер және металлургиялық қайта жасау қалдықтарының басқа да осыған ұқсас түрлері) нәтижесінде түзілетін қайта өндеу қалдықтары жатады.

Энергетикалық өндірістердің техногендік минералдық түзілімдеріне өндіруші қондырылармен электрлік және (немесе) жылу энергиясын өндіру кезінде отынның жануы нәтижесінде түзілетін қатты қалдықтар (кулдер, күлшлактар) жатады.

2. Жер қойнауы участкесі шегінде орналасқан техногендік минералдық түзілімдер осы участкеге тиесілі болып табылады.

Пайдаланудағы жер қойнауы участкесінің шегінен тыс орналасқан химиялық металлургиялық немесе энергетикалық өндірістер қызметі нәтижесінде пайда болған техногендік минералдық түзілімдер аталған өндірістерге тиесілі болып табылады. Осындай техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес осы техногендік минералдық түзілімдердің орналасқан полигоны (полигонның бір бөлігі) жабылатын кезге дейін өндірістердің меншік иесінде сақталады.

3. Жер қойнауын пайдаланушының пайдалануындағы жер қойнауы участкесінде осы жер қойнауын пайдаланушының қызметі нәтижесінде пайда болған техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығы жер қойнауын пайдалану құқығы қолданылатын мерзімде сол жер қойнауын пайдаланушыда сақталады.

Техногендік минералдық түзілімдердің меншік иесі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушылар осы баптың ережелерін ескере отырып, өздеріне пайдалануға берілген жер қойнауы участкесіндегі қызмет нәтижесінде пайда болған техногендік минералдық түзілімдерді иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге, сондай-ақ оларды үшінші тұлғаларға иеліктен шығаруға құқылы.

Көрсетілген техногендік минералдық түзілімдерді жер қойнауы участкесінен немесе олар орналасқан полигоннан алып қоймай үшінші тұлғаларға иеліктен шығаруға, осы баптың 2-тармағында көзделген жер қойнауын пайдалану құқығының немесе тиісінше өндіріске меншік құқығының өтуінен басқа жағдайларда, жол берілмейді.

Пайдаланудағы жер қойнауы участкесінде орналасқан техногендік минералдық түзілімдерді үшінші тұлғаларға иеліктен шығарған жағдайда, оларды алып қою жер қойнауын пайдалану құқығының қолданылу кезеңінде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Тау-кен өндіру және тау-кен қайта өндеу (байыту) өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген шектеулерді ескере отырып, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия бойынша немесе жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия бойынша пайдаланудағы жер қойнауы участкелері шегінде ғана жүзеге асырылады.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылғаннан кейін немесе тиісінше полигон (полигонның бір бөлігі) жабылғаннан кейін жер қойнауы участкесінде

қалдырылған техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауы құрамына қосылады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін жер қойнауы құрамына қосылған техногендік минералдық түзілімдерге пайдалы қатты қазбалардың құқықтық режимі қолданылады.

#### **14-бап. Кен орындары және олардың сыйыпталуы**

1. Өзінің сандық, сапалық және тау-кен-техникалық сипаттамалары бойынша оң экономикалық әсері бар өнеркәсіптік әзірлеме үшін жарамды болуы мүмкін пайдалы қазбаның (пайдалы қазбалардың) табиғи немесе техногендік шоғыры кен орны деп танылады.

2. Пайдалы қазбалар ресурстарының немесе қорларының шамасы және олардың экономикалық маңыздылығы бойынша ірі кен орындары жеке санатқа бөлінеді.

3. Пайдалы қатты қазбалардың мынадай ресурстарды қамтитын кен орындары ірі кен орындары деп танылады:

Пайдалы қазба, өлшем бірлігі	Саны
Темір кені, млн. т	>100
Марганец кені, млн. т	>50
Хромит кені, млн. т	>30
Мыс, млн. т	>5
Қорғасын, млн. т	>5
Мырыш, млн. т	>5
Бокситтер, млн. т	>50
Никель, мың т	>50
Вольфрам, мың т	>100
Молибден, мың т	>200
Алтын, т	>250
Кокстелетін көмір, млн. т	>50
Энергетикалық көмір, млн. т	>500
Қоңыр көмір, млн. т	>500
Жанғыш тақтатастар, млн. т	>500
Фосфориттер (кен), млн. т	>200
Күкірт қышқылды, аралас калий түздары, млн. т	>100

Мынадай геологиялық қорлары бар көмірсутекті кен орындары ірі кен орындары деп танылады:

Пайдалы қазба, өлшем бірлігі	Саны
Мұнай, млн. т	>100
Табиғи газ, млрд. м <sup>3</sup>	>50

#### **15-бап. Өндірілген пайдалы қазбаларға меншік**

Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, өндірілген пайдалы қазбалар меншік құқығында жер қойнауын пайдаланушыға (мемлекеттік занды тұлғага – шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында) тиесілі.

## **16-бап. Жер қойнауы кеңістігі**

Геотехникалық, геологиялық, экономикалық және экологиялық факторларды ескере отырып, өндірістік, ғылыми немесе өзге де қызмет объектілерін орналастыруға арналған орта ретінде пайдаланылуы мүмкін жер қойнауының үш өлшемдік кеңістіктегі қасиеті жер қойнауы кеңістігі болып табылады.

### **II БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ**

#### **3-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **17-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы ұғымы мен оның мазмұны**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы осы Кодекспен қамтамасыз етілген, жер қойнауын кәсіпкерлік мақсатта бөліп берілген участке шегінде белгілі бір мерзім ішінде өтеулі негізде пайдалану мүмкіндігін білдіреді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығы бөлінбейтін заттық құқық болып табылады. Осы Кодекстің ережелері ескеріле отырып, жер қойнауын пайдалану құқығына меншік құқығы туралы нормалар қолданылады, өйткені бұл заттық құқықтың табиғатына қайшы келмейді.

3. Жер қойнауын пайдалану осы Кодексте белгіленген тәртіpte, шарттарда және шектерде жүзеге асырылады.

## **18-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері**

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, жеке және занды тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығының иелері бір мезгілде бірнеше тұлға болуы мүмкін. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдалану құқығын иелену ортақ болып табылады. Жер қойнауын пайдалану құқығын ортақ иелену жер қойнауын пайдалану құқығы бір мезгілде екі немесе одан да көп тұлғага берілген жағдайда немесе жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің бір тұлғадан екінші тұлғага ауысуы нәтижесінде туындейды.

Жер қойнауын пайдалану құқығын екі немесе одан да көп тұлғаның ортақ иеленуіне осы тұлғалардың әрқайсысының осындай құқықтағы үлестерін айқындаі отырып қана жол беріледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығын ортақ иеленуге Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының жалпы үлестік меншік қатынастарын реттейтін нормалары қолданылады.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдалану құқығының иесі бір ғана тұлға болуы мүмкін.

3. Осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) бір тұлғадан екінші тұлғаға ауысуы мүмкін.

### **19-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының объектісі ретіндегі жер қойнауы участкесі**

1. Осы Кодекске сәйкес пайдалануға берілетін, белгілі бір кеңістікті шекаралары бар жер қойнауының геометрияланған бөлігі жер қойнауы участкесі деп танылады.

Жер қойнауы участкесінің кеңістікті шекаралары жер бетінде түйік контурларды (шекараларды) қалыптастыратын географиялық координаттары бар нүктелері (жер қойнауының аумағы) мен ұстіңгі және төменгі кеңістік шекараларын қалыптастыратын тереңдік арасындағы тікелей сызықтан шығатын шартты жазықтықтардан құрылады.

Жер қойнауы участкесінің ұстіңгі кеңістік шекаралары – топырақ қабатынан төмен, ал ол болмаған кезде жер бетінен және (немесе) су айдындары, су ағындары түбінен төмен орналасады. Жер қойнауы участкесінің төменгі кеңістік шекаралары геологиялық зерттеу және игеру үшін қолжетімді тереңдікте орналасады.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауы участкесінің ұстіңгі және (немесе) төменгі кеңістік шекаралары өзге де тереңдікте орналасуы мүмкін.

2. Пайдалы қазбаларды барлау (барлау участкесі) жөніндегі операцияларды және геологиялық зерттеу (геологиялық зерттеу участкесі) жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы участкесінің аумағын сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағы шартты түрде, әрбір жағы координаттардың географиялық жүйесінде бір минутқа тең болатын блоктарға бөлінеді. Жиырма бес блок әрбір жағы координаттардың географиялық жүйесінде бес минутқа тең болатын блоктардың кіші секциясын құрайды. Жүз блок әрбір жағы координаттардың географиялық жүйесінде он минутқа тең болатын блоктар секциясын құрайды.

Әрбір блоктың және блоктардың кіші секциясының және секциясының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган беретін өздерін сәйкестендіруші координаттары мен жеке кодтары болады. Барлау участкесінің (барлау аумағы) немесе геологиялық зерттеу участкесінің (геологиялық зерттеу аумағы) аумағы бір немесе одан көп блоктардан тұруы мүмкін. Егер аталған аумақ екі немесе одан да көп блоктан тұратын болса, осы аумақтағы әрбір блоктың оның ең болмағанда басқа бір блогымен ортақ жағы болуға тиіс.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда, барлау немесе геологиялық зерттеу аумағы блоктың бір бөлігін (толық емес блокты) қамтуы мүмкін. Егер көрсетілген аумақ екі және одан көп толық емес блоктардан тұрса, әрбір мұндай блоктың ең болмағанда осы аумақтың басқа бір толық немесе толық емес блогымен ортақ жағы болуға тиіс.

3. Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі (өндіру учаскесі), кен іздеушілік (кен іздеушілік учаскесі) пен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі (жер қойнауы кеңістігін пайдалану учаскесі) операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскесі аумағының сыртқы шекаралары тіктөртбұрышты құрауға тиіс. Егер табиғи ерекшеліктер немесе өзге жер қойнауы учаскесінің шекаралары тиісті өндіру учаскесі, кен іздеушілік учаскесі немесе жер қойнауы кеңістігін пайдалану учаскесі аумағының сыртқы шекараларын тіктөртбұрыш формасында анықтауға мүмкіндік бермесе, мұндай жер қойнауы учаскесінің аумағы төртбұрыш формасында болуы мүмкін, оның ең болмағанда қарама-қарсы екі жағы бір-біріне параллель болуға тиіс.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда, өндіру учаскесінің аумағы көпбұрыш формасында болуы мүмкін.

**Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

## **20-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының туындау және оны алу негіздері**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығы мыналардың:

- 1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның;
- 2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізінде туындейды.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай жағдайларда:

- 1) жер қойнауын пайдалану құқығын беру;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы;
- 3) түрленуді не мұрагерлікті қоспағанда, занды тұлғаны қайта үйымдастыру кезінде құқықтық мирасқорлық тәртібімен жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы жағдайларында алынады.

## **21-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату негіздері**

1. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да зандарында белгіленген негіздер болмаса, ешкімді жер қойнауын пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығы жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе келісімшарттың қолданылуының тоқтатылуымен қоса тоқтатылады.

## **22-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері**

Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүзеге асыру үшін беріледі:

- 1) жер қойнауын геологиялық зерттеу;
- 2) пайдалы қазбаларды барлау;
- 3) пайдалы қазбаларды өндіру;
- 4) жер қойнауы кеңістігін пайдалану;
- 5) кен іздеушілік.

## **23-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаттары**

1. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар осындай операцияларды жүргізуі көздейтін жобалау құжаты болған кезде ғана жүргізуі мүмкін.

2. Жер қойнауын пайдалану мақсатында жүргізілетін жұмыстардың жоспарларын, тәсілдерін, әдістемесін, техникалық шарттарын, технологиялық көрсеткіштерін, көлемін, мерзімін және өзге де параметрлерін қамтитын құжаттар жобалау құжаттары болып табылады.

3. Жобалау құжаттары лицензияда немесе келісімшартта көзделген оны пайдалану мерзіміне әрбір жер қойнауы участкесі үшін жеке-жеке әзірленеді.

4. Жобалау құжаттары экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары ескеріле отырып әзірленеді. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылар жобалау құжатында көзделген экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік параметрлерін сақтауға міндетті.

5. Жобалау құжаттарын әзірлеу ерекшеліктері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері ескеріле отырып, осы Кодекстің Ерекше бөлігінің ережелерінде белгіленеді.

## **24-бап. Бір аумақта әртүрлі тұлғалардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуі**

1. Егер осы Кодекстің Ерекше бөлігінің ережелерінде өзгеше көзделмесе, әртүрлі жер қойнауын пайдаланушылар сол бір аумақта (бірлескен аумақта) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізе алады.

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың ортақ аумақта операцияларды жүргізу тәртібі олардың арасындағы келісіммен айқындалады. Келісім ортақ аумақтағы

жұмыстың барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізу шарттары мен тәртібін айқындай алады.

Келісім жай жазбаша нысанда жасалады және жер қойнауын пайдаланушы оны жер қойнауын пайдалануға құқық берген мемлекеттік органға ол жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Келісім жер қойнауын пайдаланушылардың біреуі шеккен шығындар үшін негізді және мөлшерлес өтемақыны қөздеуі мүмкін.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар ортақ аумақта операциялар жүргізу тәртібі туралы келісімге қол жеткізбеген кезде ортақ аумақта жұмыстар жүргізуде жер қойнауын пайдаланушиның біреуінің екіншісінің алдындағы басымдығы белгіленеді. Бұл жағдайда ортақ аумақта жұмыстар жүргізуде:

1) пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар жүргіzetін;

2) егер жер қойнауын пайдаланушиның екеуі де пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргіzetін болса, бұрын берілген жер қойнауын пайдалану құқығын иеленетін;

3) егер жер қойнауын пайдаланушиның екеуі де пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргіzetін болса, бұрын берілген жер қойнауын пайдалану құқығын иеленетін;

4) егер екінші жер қойнауын пайдалануши пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргіzetін болса, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргіzetін жер қойнауын пайдалануши басымдығы бар жер қойнауын пайдалануши болып табылады.

4. Ортақ аумақта жұмыс жүргізуде басымдығы жоқ жер қойнауын пайдалануши осындай басымдығы бар жер қойнауын пайдалануши жүргіzetін немесе жоспарлайтын жұмыстардың уақытын, ұзақтығын, орнын, көлемі мен сипатын есепке алуға және оларды жүргізу үшін кедергі келтірмеуге міндетті. Жер қойнауын пайдалануши негіzsіз пайда алу мақсатын қөзdemей, өзінің басымдығын адаптациялық қызметтерге қарастырып міндетті.

5. Ортақ аумақта жұмыстар жүргізуде басымдығы бар жер қойнауын пайдалануши басымдығы жоқ жер қойнауын пайдаланушиға соңғысының жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап бір ай мерзімде ортақ жер қойнауы участкесінде жүргізілетін және жүргізу жоспарланатын өз жұмыстарының ұзақтығы, орны, көлемі мен сипаттамасы туралы ақпарат беруге міндетті. Мұндай ақпарат коммерциялық қызметтерге қарастырып міндетті.

Ортақ аумақта жұмыс жүргізуде басымдығы жоқ жер қойнауын пайдаланушиға жұмыстардың уақыты, ұзақтығы, көлемі, орны мен сипаты туралы берілген ақпаратты осындай басымдығы бар жер қойнауын пайдалануши

үш ай ішінде бір реттен жиілетпей өзгерте алады. Бұл жағдайда басымдығы бар жер қойнауын пайдаланушы екінші жер қойнауын пайдаланушыны жоспарланатын жұмыстардың уақытын, ұзақтығын, көлемін, орны мен сипатын өзгерту туралы осындай өзгерістерге дейін қалғаннан кешіктірмей хабардар етуге міндетті. Ортақ аумақта жұмыс жүргізуде басымдығы жоқ жер қойнауын пайдаланушы осындай хабарлама алғанға дейін басталған жұмыстарды аяқтауға құқылы.

## **25-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шектелген аумақтар**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе:

1) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік қажеттіліктеріне арналған жерлердің аумағында;

2) елді мекендер жерлерінің аумағында және оларға бір мың метр қашықтықта іргелес жатқан аумақтарда;

3) тау-кен-байыту өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектісі болып табылмайтын, жұмыс істеп тұрған гидротехникалық құрылыш орналасқан жер участкесінің аумағында және оған төрт жүз метр қашықтықтағы іргелес жатқан аумақта;

4) су қоры жерлерінің аумағында;

5) ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары кен орындарының және участкелерінің контурларында;

6) көмінділерден, қабірлер мен зираттардан, сондай-ақ көмінділер мен зираттарға бөлінген жер участкелеріне жүз метр қашықтықта іргелес жатқан аумақтарда;

7) үшінші тұлғаларға тиесілі және ғимараттар мен құрылышжайлар, көпжылдық екпелер алып жатқан жер участкелері аумағында және оларға жүз метр қашықтықта іргелес жатқан жер участкесі аумағында – осындай тұлғалардың келісімінсіз;

8) автомобиль және теміржолдар, әуежайлар, әуеайлақтар, аэронавигация және авиатехникалық орталықтардың объектілері, теміржол көлігі объектілері, көпірлер, метрополитендер, тоннельдер, энергетикалық жүйелердің және электр беру желілерінің объектілері, байланыс желілері, ғарыш қызметін қамтамасыз ететін объектілер, магистральдық құбыржолдар алып жатқан жерлердің аумағында;

9) мемлекет мұқтажы үшін мемлекеттік заңды тұлғаларға бөліп берілген жер қойнауы участкелерінің аумақтарында;

10) Қазақстан Республикасының өзге де зандарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынатын басқа да аумақтарда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

Пайдалы қатты қазбаларды және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бөлігінде 2-тармақтың қолданылуы 01.01.2023 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (осы Кодекстің 277-бабының 3-1-тармағын қараңыз).

2. Сыртқы аумақтық шекаралары толығымен осы баптың 1-тармағында көрсетілген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы участекесін пайдалануға беруге тыйым салынады.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тыйым салу:

1) тиісті аумакта тұратын жергілікті халықты әлеуметтік-экономикалық қолдауды қөздейтін келісім жасасу арқылы жергілікті ақтарушы және өкілді органдармен келісілген, пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды немесе пайдалы қатты қазбаларды жерасты тәсілімен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге қолданылмайды. Бұл жағдайда осы келісімнің болуы тиісті лицензияны беруге арналған шарт болып табылады;

2) бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

3) жерасты суларына арналған іздестіру-бағалау жұмыстары бөлігінде жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізуге қолданылмайды.

Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында белгіленген тыйым салу кен іздеушілікке және көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларға қолданылмайды.

Осы баптың 1-тармағында белгіленген тыйым салу аэрогеофизикалық зерттеулер немесе Жерді қашықтықтан зондтаудың ғарыштық әдістерін пайдаланатын зерттеулер арқылы жүргізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қолданылмайды.

**26-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды жер қойнауы участекелері шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу бойынша

шектеулер Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылар тиісті участкеде жұмыстарды дереу тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

### **27-бап. Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылымыс салудың шарттары**

1. Елді мекендерді, өнеркәсіп кешендерін және (немесе) басқа да шаруашылық объектілерін жобалауға және салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алдағы уақытта құрылымыс салынатын участке астындағы жер қойнауында пайдалы қазбалардың жоқ екендігі немесе олардың елеусіз екендігі туралы он қорытындысын алғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

2. Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылымыс салуға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдының жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша алынған рұқсатымен пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылымыс салудың экономикалық жағынан орындылығы дәлелденген жағдайда жол беріледі.

3. Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылымыс салуға рұқсат беру тәртібін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

### **28-бап. Пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларды, тауар өндірушілерді, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуышыларды қолдауды қамтамасыз ету**

1. Пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар қазақстандық кадрларға артықшылық беруге міндетті. Шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішлік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге

асыратын басшылардың, менеджерлердің және мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлердің және мамандардың жалпы санының елу пайызынан аспауға тиіс.

Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін есептеу жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензиялардың шарттарында белгіленетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сатып алынатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі құнтізбелік бір жыл ішінде сатып алған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің кемінде елу пайызын құрауға тиіс.

Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесін есептеуді ұйымдар индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітетін, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырады.

#### **4-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ РЕЖИМДЕРІ**

##### **1-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режимі**

##### **29-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия ұфымы**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия мемлекеттік орган беретін және оның иесіне көрсетілген жер қойнауы участкесінің шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы участкесін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін рұқсаттарға жатпайды.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия бір ғана жер қойнауы участкесін пайдалану үшін беріледі.

3. Осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, бір тұлғага жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялардың шексіз саны берілуі мүмкін.

4. Лицензия мүдделі тұлғаның өтініші бойынша беріледі. Лицензия беруге өтініш нысанын құзыретті орган бекітеді.

5. Берілген лицензия оны берген мемлекеттік органның интернет-ресурсында берілген күні жариялануға жатады.

6. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган берілген лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

Лицензияда қамтылған мәліметтерден басқа, көрсетілген тізілімде мынадай мәліметтер қамтылады:

1) жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы;

2) жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты ауыртпалықтың тіркелгені туралы;

3) есепті жүргізу мақсаттары үшін қажетті өзге де мәліметтер.

Берілген лицензиялардың тізілімін жүргізу тәртібін құзыретті орган белгілейді.

### **30-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түрлері**

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері ескеріле отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай лицензиялар беріледі:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия;

2) пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия;

3) пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия;

4) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия;

5) жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия;

6) кен іздеушілікке арналған лицензия.

### **31-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның мазмұны**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия құзыретті орган бекітетін нысан бойынша ресімделеді.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияда, оның түрі ескеріле отырып, мыналар көрсетіледі:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түрі;

2) лицензияны берген мемлекеттік органның атауы;

3) лицензия берілген тұлға туралы мәліметтер:

жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және азаматтығы;

зандағы тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері;

4) лицензияның нөмірі мен күні;

5) лицензияның шарттары: лицензияның мерзімі, жер қойнауы участкесі аумағының шекаралары, осы Кодексте көзделген жер қойнауын пайдаланудың өзге де шарттары.

3. Лицензия мерзімі лицензияда көрсетілген күннен бастап есептеледі.

4. Егер жер қойнауын пайдалану құқығын екі немесе одан көп тұлға иеленсе, лицензияда жер қойнауын пайдалану құқығының ортақ иелері болып табылатын тұлғалар үлестерінің мөлшері көрсетілуге тиіс.

5. Лицензия қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді.

6. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның шарттары осы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес келуге тиіс.

7. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамасында жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның өзге шарттары белгіленсе, осы шарттар бұрын берілген лицензияға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген ережелер үлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, салық салу, кедендік реттеу және бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне қолданылмайды.

8. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия оның шарттарының мазмұнын бұза отырып берілсе, лицензия берілген кезде қолданыста болған, осы Кодекстің жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның мазмұны туралы ережелері қолданылады.

### **32-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияға өзгерістер енгізу**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияға өзгерістерді лицензияны берген мемлекеттік орган оны қайта ресімдеу арқылы жүргізеді.

Қайта ресімделген лицензия оны берген мемлекеттік органның интернет ресурсында қайта ресімдеу күні жариялануға жатады.

2. Лицензия мынадай жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдалануши туралы мәліметтер өзгерген:

жеке тұлғалар үшін – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) азаматтығы өзгерген;

занды тұлғалар үшін – занды тұлғаның атауы немесе орналасқан жері өзгерген;

2) жер қойнауын пайдалану құқығы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан;

3) лицензия мерзімі ұзартылған;

4) жер қойнауы учаскесі аумағының шекаралары өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

3. Лицензияны қайта ресімдеу құзыретті орган бекітетін нысан бойынша берілген жер қойнауын пайдаланушиның өтініші бойынша жүргізіледі.

Өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың түпнұсқалары не нотариат күәландырған көшірмелері қоса беріледі.

Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік занды тұлға берсе, оған қоса

берілетін құжаттар, дұрыстығын нотариус куәландыратын әрбір құжатқа қазак және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

4. Лицензияны берген мемлекеттік орган өтініш осы Кодекстің талаптарына сәйкес болмаған жағдайда лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады.

5. Лицензияны берген мемлекеттік орган өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеуді жүргізеді не осындай қайта ресімдеуден бас тарту туралы хабардар етеді.

6. Лицензияны қайта ресімдеуден бас тартуға жер қойнауын пайдаланушы Қазақсан Республикасының заңнамасына сәйкес бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шағым жасауы мүмкін.

7. Осы баптың 2-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда лицензияны қайта ресімдеу осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

8. Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген грамматикалық немесе арифметикалық қателерді, қателесіп жазуларды не басқа да осыған ұқсас қателерді лицензияны берген мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Лицензияны беру немесе оны қайта ресімдеу кезінде жіберілген қателерді түзету лицензияны қайта ресімдеу болып табылмайды.

Қателерді түзету лицензияны берген мемлекеттік органның бастамасымен, не жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша қателерді түзетуді осындай өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Лицензияны берген мемлекеттік орган лицензиядағы қатені түзеткеннен кейін оны екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға береді.

Түзетілген лицензия лицензияны берген мемлекеттік органның интернет ресурсында түзетілген күні жариялануға жатады.

Лицензиядағы қателерді түзетуге байланысты туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

### **33-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату**

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылуы:

1) осы Кодекте өзгеше көзделмесе, лицензия берілген мерзім аяқталған;

2) егер лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз қалған мүлік деп танылған болса, оның жалғыз иегері қаза болған (оның ішінде оны қайтыс болды деп жариялаған);

- 3) лицензия кері қайтарып алғынған немесе ол жарамсыз деп танылған;
- 4) жер қойнауын пайдаланушы лицензия берілген жер қойнауы учаскесінен бас тартқан жағдайларда тоқтатылады.

#### **34-бап. Лицензияның жарамсыздығы және оның жарамсыздығының салдары**

1. Лицензия сот тәртібімен мынадай жағдайларда:
  - 1) лицензияны берген мемлекеттік органға оның лицензияны беру шешіміне әсер еткен көрінеу анық емес ақпаратты беру фактісі анықталған кезде;
  - 2) сот анықтаған, мемлекеттік органның лауазымды адамы мен өтініш иесінің арасындағы теріс пиғылды келісу фактісі салдарынан осы Кодексте белгіленген лицензия беру тәртібі бұзылып, бұл мемлекеттік органның лицензияны беру туралы негізсіз шешіміне алып келсе;
  - 3) әрекетке қабілетсіз деп танылған және осындай беру күні әрекетке қабілетсіз болып табылған тұлғаға лицензия берілсе;
  - 4) егер лицензия беру осы Кодексте көзделмесе немесе тыйым салынса, жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Лицензияны жарамсыз деп тану туралы талап қоюмен сотка жүргіну құқығына – мүдделі тұлға және прокурор, ал осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияны берген мемлекеттік орган да ие болады.

Лицензияны алу құқығы мен заңды мүдделері лицензияны беру нәтижесінде бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға мүдделі тұлға болып табылады.

3. Лицензия сот шешімі күшіне енген күннен бастап жарамсыз деп танылады.
4. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияны жарамсыз деп таныған кезде лицензия алған тұлға жер қойнауы учаскесін заңсыз пайдаланудан осындай тұлға алған кіріс мөлшерінде келтірілген шығынды және лицензияны жарамсыз деп тануға байланысты мемлекет шығыстарын мемлекетке өтеуге міндетті.

5. Егер осы Кодекстің, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының, заңды тұлға жарғысының талаптары бұзыла отырып берілген лицензияны жарамсыз деп тану талабы пайдакұнемдік себептерден немесе жауаптылықтан жалтару ниетінен туындаса, тұлғаның мұндай тануды талап етуге құқығы жоқ.

6. Лицензияның жарамсыздығымен байланысты даулар бойынша талаптың ескіру мерзімі талап қоюшы лицензияны жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылатын мән-жайлар туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап үш айды құрайды.

**2-параграф. Жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық режимі**

#### **35-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт ұғымы**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, жасалу, орындалу және тоқтатылу тәртібі осы Кодексте айқындалатын шарт болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бір тарап (Қазақстан Республикасының атынан құзыретті орган) екінші тарапқа (жер қойнауын пайдаланушыға) белгілі бір мерзімге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге міндеттенеді, ал жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарына және осы Кодекске сәйкес өз есебінен және өзі тәуекел етіп жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт көмірсутектерді барлау және өндіру немесе өндіру үшін, сондай-ақ уран өндіру үшін жасалады.

4. Келісімшарт жасау кезінде пайдалануға бір ғана жер қойнауы участкесі беріледі.

Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартта, өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бірнеше жер қойнауы участкелері бекітіліп берілуі мүмкін.

5. Осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, нақ сол бір тұлға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шексіз санын жасауы мүмкін.

6. Құзыретті орган жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізеді. Жасалған келісімшарттардың тізілімін жүргізу тәртібін құзыретті орган белглейді.

### **36-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мазмұны**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобалары құзыретті орган бекітетін келісімшарттардың үлгілік нысандарына сәйкес өзірленеді. Келісімшарттың үлгілік нысанынан ауытқуға осы Кодексте көзделген жағдайларда, шектерде және тәртіппен жол беріледі.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта қамтылатын талаптар қатарына мыналар жатады:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрі;

2) келісімшарттың қолданылу мерзімі;

3) жер қойнауы участкесінің (участкелерінің) шекаралары;

4) жер қойнауын пайдаланушының жұмыс (қосымша жұмыстар) бағдарламасында көзделген жер қойнауы участкелеріндегі жұмыстар көлемі мен түрлері бойынша міндеттемелері;

5) жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды өндіру кезеңінде оқытуды қаржыландыруы жөніндегі міндеттемелері;

6) жер қойнауын пайдаланушының кадрлардың жергілікті қамтуының ең төмен үлесі жөніндегі міндеттемелері;

7) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, басым жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша жергілікті қамту үлесі жөніндегі міндеттемелері;

8) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелері;

9) жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және ғылыми-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша міндеттемелері;

10) жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстары бойынша міндеттемелері;

11) жер қойнауын пайдаланушының және оның мердігерлерінің көмірсүтектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындастының көмірсүтектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтауы жөніндегі міндеттемелері;

12) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекспен келісімшарттық міндеттемелерге жатқызылатын көмірсүтектерді барлау және өндіру бойынша базалық жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бұзылуын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оның мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын белгіленген тәртібін сақтауы бойынша міндеттемелерді бұзушылығын қоса алғанда, келісімшарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы;

13) жер қойнауын пайдалану құқығы берілген өзге де шарттар.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бұрын тоқтатылған және көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен сенімгерлік басқару шарты жасалған жер қойнауы участкесіне келісімшарт жасалған жағдайда, жасалатын келісімшартта жаңа жер қойнауын пайдаланушының:

1) бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға осы Кодекстің 119-бабының 19-тармағына сәйкес берілген мүліктің құнын өтеу мөлшері мен мерзімдері бойынша;

2) осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, сенімгерлік басқару шартына сәйкес сенімгерлік басқарушыға жұмсалған шығындарды өтеу, сондай-ақ оған сыйақы төлеу мөлшері мен мерзімдері бойынша міндеттемелері қамтылуға тиіс.

4. Көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі онда ретімен бекітілген барлау кезеңімен, дайындық кезеңімен (қажет болғанда) және өндіру кезеңімен айқындалады.

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі онда ретімен бекітілген дайындық кезеңімен және өндіру кезеңімен айқындалады.

Уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі онда ретімен бекітілген тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңімен және өндіру кезеңімен айқындалады.

5. Барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың немесе өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін құзыретті орган еңсерілмейтін қүш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, егер жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай мән-жайлар туралы дәлелдерді ұсынатын болса, ұзартады.

6. Келісімшарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Келісімшарт тараптарының келісімі бойынша келісімшарттың мәтіні өзге тілге де аударылуы мүмкін.

7. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушиның кәсіпкерлік қызметінің нәтижелерін нашарлататын Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер және толықтырулар осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттарға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші белгіленген кепілдіктер ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, салық салу, кедендік реттеу және бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге қолданылмайды.

8. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

**37-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тараптардың келісімшартқа толықтыру жасауы арқылы жүргізіледі.

2. Келісімшартқа толықтыру мынадай жағдайларда:

- 1) жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер:  
жеке тұлғалар үшін – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), азаматтығы;  
занды тұлғалар үшін – занды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгерген;
- 2) құзыретті орган туралы мәліметтер өзгерген;
- 3) жер қойнауын пайдалану құқығы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес аудиоскан;
- 4) өндіру участкесі (учаскелері) және дайындық кезеңі (дайындық кезеңдері) бекітіліп берілген;
- 5) өндіру участкесін (учаскелерін) және кезеңін (кезеңдерін) немесе өндіру кезеңін (кезеңдерін) бекіткен;
- 6) барлау немесе өндіру кезеңі (кезеңдері) ұзартылған;
- 7) жер қойнауы участкесі (учаскелері) ұлғайтылған немесе азайтылған;
- 8) жер қойнауы участкесі (учаскелері) бөліп шығарылған;
- 9) стратегиялық жер қойнауы участкелеріне қатысты – ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделері өзертілген жағдайларда жасалады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда келісімшартқа толықтыру жасасу жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жүргізіледі, ол:

- 1) жер қойнауын пайдаланушының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауын;
- 2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күнін;
- 3) жер қойнауын пайдаланушы туралы өзертілетін мәліметке нұсқауды қамтуға тиіс.

4. Өтінішке қосымша түрде мыналар қоса беріледі:

- 1) жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметке өзгерістер енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар;
- 2) жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметке өзгерістер енгізуіндегі көздейтін жер қойнауын пайдаланушы қол қойған келісімшартқа толықтыру.

5. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган өтініш иесімен келісімшартқа толықтыру жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді немесе толықтыру жасасудан бас тартады.

6. Құзыретті орган, егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, толықтыру жасасудан бас тартады.

Құзыретті органның толықтыру жасасудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

7. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда келісімшартқа толықтыру жасау құзыретті органның бастамасы бойынша жүргізіледі.

8. Осы баптың 2) тармағының 3) – 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда келісімшартқа толықтыру жасау осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

### **38-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын тоқтату**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) келісімшарт жасалған мерзім өткен, оның ішінде егер:

барлау кезеңі аяқталғанға дейін келісімшартқа дайындық кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітуді көздейтін толықтыру жасалмаған;

дайындық кезеңі аяқталғанға дейін келісімшартқа өндіру кезеңін бекітуді көздейтін толықтыру жасалмаған;

2) келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының жалғыз иегері болып табылатын тұлға қаза болған (оның ішінде оны қайтыс болды деп жариялаған), егер мұндай жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз қалған мүлік деп танылған;

3) жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын занды тұлға таратылған;

4) келісімшарт қолданысы мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе ол жарамсыз деп танылған;

5) тараптардың келісімі бойынша келісімшарт бұзылған;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Кодекске сәйкес жер қойнауы участкесін пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған;

7) жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт жасалған барлық жер қойнауы участкесінен (барлық участкелерден) бас тартқан (қайтарған) жағдайларда тоқтатылады.

2. Құзыретті орган осы Кодекте көзделген негіздер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

### **39-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жарамсыздығы және оның жарамсыздығының салдары**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жарамсыз деп тануға мыналар негіз болып табылады:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционды жарамсыз деп тану;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта осы Кодексте белгіленген міндettі шарттардың болмауы;

3) құзыретті органға оның осы тұлғамен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы шешіміне әсер еткен көрінеу анық емес ақпарат беру фактісінің анықталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

2. Жарамсыз деп танылған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, оның жарамсыздығымен байланысты және жасасқан кезден бастап жарамсыздығын қоспағанда, құқықтық салдарға алып келмейді.

Келісімшартты жарамсыз деп тану жер қойнауын пайдаланушыны жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндettемелерін орындаудан босатпайды.

3. Сот тәртібімен шартты жарамсыз деп тану не бұзу негізінде жүзеге асырылған жер қойнауын пайдалану құқығын беру және қайта ресімдеу нақ сол келісімшарттың емес, жер қойнауын пайдалану құқығын осындай беруге байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жарамсыздығына алып келеді.

4. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жарамсыз деп тану осындай келісімшарттың негізінде берілген жер қойнауын пайдалану құқығы солардың нысанасы болып табылатын барлық кейінгі мәмілелердің жарамсыздығына алып келеді.

#### **5-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТИЛЕРДІҢ АУЫСУЫ**

#### **40-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) басқа тұлғаға азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда иеліктен шығарған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің):

1) қолданылуының алғашқы жылында пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша;

2) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша;

3) кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша ауысуына тыйым салынады.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеу немесе тиісінше, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгеріс енгізу арқылы жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеу немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгеріс енгізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алушы жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқан мемлекеттік органға өтінішпен жүгінеді.

Өтінішке:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы соның негізінде алынатын құжаттың түпнұсқасы;

2) жер қойнауын пайдалану құқығын алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар:

жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, оның орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да зандастырылған құжат), акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымда болатын занды тұлғалар, иемденушіні тікелей немесе жанама түрде бақылайтын мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және жеке тұлғалар туралы мәліметтер;

3) көмірсутектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге, уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша не пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға үміттенетін тұлғаларға қойылатын осы Кодекс талаптарына иемденушінің сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өтінішке өтініш иесі қол қойған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтырудың жобасы қоса беріледі.

Осы Кодекстің 44-бабына сәйкес берілетін рұқсатпен жер қойнауын пайдалану құқығы алынған жағдайда, алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың орнына алушы өзі туралы мәліметтердің көрсетілген

рұқсатты алу үшін өзі ұсынған мәліметтермен салыстырғанда өзгермегені туралы жазбаша растауды қоса беруге құқылы.

Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға беретін болса, оған қоса берілетін құжаттар дұрыстығын нотариус куәландырған әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік орган лицензияны қайта ресімдеуді жүргізеді немесе жер қойнауын пайдалану құқығын алушымен келісімшартқа толықтыруды жасасады не өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қайта ресімдеуден немесе келісімшартқа толықтыру жасасудан уәжді бас тартуды береді.

4. Мемлекеттік орган мынадай жағдайларда:

- 1) өтініш осы баптың 3-тармағының талаптарына сәйкес келмегенде;
- 2) жер қойнауын пайдалану құқығының ауысу шарттары берілген рұқсатқа сәйкес келмегенде, егер мұндай ауысу осындай рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылса;
- 3) жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуына рұқсат болмағанда, егер мұндай рұқсат осы Кодекске сәйкес талап етілсе;

4) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды немесе салынған әкімшілік жазаларға сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салынған жер қойнауы участкесі бойынша жүзеге асырылса;

5) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуына осы Кодекспен тыйым салынса;

6) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттар ережелерінің бұзылуына алып келетін болса, лицензияны қайта ресімдеуден немесе келісімшартқа өзгерістер енгізуден бас тартады.

Лицензияны қайта ресімдеуден немесе келісімшартқа өзгерістер енгізуден бас тартуға жер қойнауын пайдалану құқығын алушы бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы негіздер бойынша лицензияны қайта ресімдеуден немесе келісімшартқа өзгерістер енгізуден бас тарту жер қойнауын пайдалану құқығын алушыны лицензияны қайта ресімдеуге немесе келісімшартқа өзгерістер енгізуге арналған өтінішпен қайта жүгіну құқығынан айырмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларындағы негіздер бойынша лицензияны қайта ресімдеуден немесе келісімшартқа өзгерістер енгізуден бас тарту өтініш иесін жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуына рұқсат беруге арналған өтінішпен қайта жүргіну құқығынан айырмайды.

#### **41-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер үғымы**

1. Қатысу үлестері, пайлар, акциялар және үлестік қатысудың басқа да нысандары, сондай-ақ көмірсутектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша, уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы меншік құқығын растайтын не акцияларға, қатысу үлестеріне, пайларға және үлестік қатысудың басқа да нысандарына айырбасталатын бағалы қағаздар жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылады.

Қатысу үлестері, пайлар, акциялар және үлестік қатысудың басқа да нысандары, сондай-ақ меншік құқығын растайтын не осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жер қойнауын пайдалану құқығына ие тұлға қабылдайтын шешімді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындау мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы немесе өзге де үйымдағы акцияларға, үлестерге, пайларға және қатысу үлесінің басқа да нысандарына айырбасталатын бағалы қағаздар да жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер деп танылады.

##### **2. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:**

1) Қазақстан Республикасының үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметтің жүзеге асыратын биржа қорында айналымда жүрген, базалық активі акциялар болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, акциялар және басқа да бағалы қағаздар;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген бағалы қағаздарды тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғалардағы және үйымдардағы акциялар, қатысу үлестері, пайлар және үлестік қатысудың басқа да нысандары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып танылмайды.

3. Егер заңды тұлға немесе үйым осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген акцияларды, қатысу үлестерін, пайларды және үлестік қатысулардың басқа да нысандарын бір мезгілде иеленсе, осында тұлғадағы немесе үйымдағы акциялар, қатысу үлестері, пайлар және үлестік қатысулардың басқа да құралдары жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер деп танылады. Бұл ретте осы баптың мақсатында жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты

объектілерге ие занды тұлғаның немесе өзге де үйымның шешімін тікелей немесе жанама түрде айқындау мүмкіндігін белгілеу үшін осы баптың 2-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылмайтын акциялар, қатысу үлестері, пайлар және үлестік қатысудың басқа да нысандары ескерілмейді.

#### **42-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы**

1. Мыналар:

1) өтемді не өтеусіз азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, оның ішінде занды тұлға таратылған жағдайда оларды иеліктен шығару, сондай-ақ оларды салым ретінде занды тұлғаның немесе өзге де үйымның жарғылық капиталына енгізу;

2) жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектілерден, оның ішінде кепілге салу кезінде өндіріп алу;

3) жаңа қатысушыны, пайшыны қабылдау немесе акцияларды орналастыру нәтижесінде жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіге құқықтың туындауы;

4) занды тұлға қайта құрылған кезде тапсыру актісі немесе бөлу теңгерімі негізінде жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы;

5) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің мұрагерлік тәртіппен ауысуы;

6) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығару жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы деп танылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығару деп Қазақстан Республикасының үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасында осындай объектілерді сатып алу туралы ұсыныс жасау және (немесе) Қазақстан Республикасының үйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасында акцияларды орналастыру танылады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алған немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып

табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды айналымға шығаруды жүзеге асырған тұлға құзыретті органды жүзеге асырылған сатып алу туралы немесе тиісінше, жүзеге асырылған айналымға шығару туралы сатып алу немесе осындай айналымға шығару күнінен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде хабардар етуге міндетті.

3. Осы Кодекстің мақсаттары үшін қатысу үлестері, акциялар, пайлар және үлестік қатысулардың басқа да құралдары иесінің өзгеруі не соттың шешімі, заң бойынша мурагерлік, қатысу үлесін өтеу, тәркілеу және өзге де оқигалар немесе мемлекеттік органдардың, үшінші тұлғалардың құқық қатынастары субъектісінің еркіне байланысты емес әрекеттері негізінде олардың арақатынасының өзгеруі жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы деп танылмайды.

#### **43-бап. Мемлекеттің басым құқығы**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған жаңадан жасалатын және бұрын жасалған келісімшарттарда мемлекеттің Қазақстан Республикасы зандарының немесе шарттың негізінде басым құқықтарға ие тұлғаларды және ұйымдарды қоса алғанда, кез келген тұлғалар мен ұйымдар алдында стратегиялық жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылатын құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), сондай-ақ ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығарылатын, стратегиялық жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға арналған басым құқығы болады.

#### **2. Мыналар:**

1) елу миллион тоннадан астам көлемде мұнайдың немесе он бес миллиард текше метрден астам – табиғи газдың геологиялық қорлары бар;

2) Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан;

3) уран кен орны бар жер қойнауы участкесі стратегиялық жер қойнауы участкесі болып табылады.

Жер қойнауының стратегиялық участкелерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері осы Кодекстің 44-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда қолданылмайды.

#### **44-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия немесе өндіруге арналған лицензия, жер

қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы құзыретті органның осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін рұқсатымен жүзеге асырылады.

2. Құзыретті органның осы баптың 1-тармағында көзделген рұқсаты мынадай жағдайда:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер қатысу үлестерінің, пайлардың, акциялардың немесе үлестік қатысудың басқа да нысандарының кемінде тоқсан тоғыз пайызы жер қойнауын пайдаланушыға немесе тиісінше, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің меншік иесіне тиесілі еншілес ұйымның пайдасына, осындай еншілес ұйым салық салу женілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, ауысқан;

2) жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ұйымдар арасында, оның ішінде әрқайсысындағы қатысу үлестерінің, пайлардың, акциялардың немесе үлестік қатысудың басқа да нысандарының кемінде тоқсан тоғыз пайызы бір ғана тұлғаға тікелей немесе жанама түрде тиесілі занды тұлғаларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құқықтық мирасқорлық тәртібімен, жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алушы салық салу женілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, ауысқан;

3) жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер жер қойнауын пайдаланушы-занды тұлғадағы немесе тиісінше жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер иелеріндегі қатысу үлестерінің, пайлардың, акциялардың немесе үлестік қатысудың басқа да нысандарының кемінде тоқсан тоғыз пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі тұлғаның немесе ұйымның пайдасына, иемденуші салық салу женілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, ауысқан;

4) егер жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алушыдағы қатысу үлестерінің, пайлардың, акциялардың немесе үлестік қатысудың басқа да нысандарының кемінде тоқсан тоғыз пайызы бір ғана тұлғаға тікелей немесе жанама түрде тиесілі болса, жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер

қойнауын пайдаланумен байланысты объектілер таратылатын заңды тұлғаның мүлкін бөлу нәтижесінде, иемденуші салық салу жеңілдігі бар мемлекетте тіркелмеген жағдайда, ауысқан;

5) егер жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын қатысу үлестерінің, пайлардың, акциялардың ауысуы нәтижесінде тұлға жер қойнауын пайдаланушының-заңды тұлғаның және (немесе) жер қойнауын пайдаланушының-заңды тұлғаның шешіміне тікелей және (немесе) жанама түрде ықпал ету мүмкіндігі бар заңды тұлғаның немесе өзге де ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің, пайларының, акцияларының бір пайыздан кемін иеленуші болса, осындай ауысу жағдайында;

6) акцияларды орналастыруды, сондай-ақ бұрын сатып алғынған акцияларды немесе заңды тұлғаның акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды сатуды қоса алғанда, егер осындай әрекеттер нәтижесінде қатысу үлестерінің қатысушыларына, пай ұстаушыларға немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялар және акцияға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздар акционерлеріне тиесілі пайыздық арақатынас өзгермесе, жарғылық капиталдың мөлшері өзгерген;

7) жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер тараптарының біреуі Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік орган, ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық компания болып табылатын мәміле бойынша ауысқан;

8) мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендерін жекешелендіру процесінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иеліктен шығарған;

9) заңды тұлға қайта құрылған кезде жер қойнауын пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер тапсыру актісінің негізінде құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысқан;

10) жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер мұрагерлік тәртіппен ауысқан;

11) эмитент өзінің қатысу үлестерін, пайларын, акцияларын және үлестік қатысудың басқа да нысандарын, сондай-ақ меншік құқығын растайтын немесе жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларға, үлестерге, пайларға және үлестік қатысудың басқа да нысандарына айырбасталатын бағалы қағаздарды сатып алған;

12) меншік құқығын растайтын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларға, үлестерге, пайларға және үлестік қатысудың басқа да нысандарына айырбасталатын бағалы қағаздар шығарылған, бұрын жоғарыда аталған акциялардың, үлестердің, пайлардың және үлестік қатысудың басқа да нысандарының меншік иесі болған тұлға шығарылатын бағалы қағаздардың меншік иесі болып қалғанда;

13) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер меншік құқығын растайтын не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын қатысу үлестеріне, пайларға, акцияларға және үлестік қатысудың басқа да нысандарына айырбасталатын бұрын шығарылған бағалы қағаздардың орнына сатып алынған;

14) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушылар акциялары, үлестері, пайлары және үлестік қатысудың басқа да нысандары осындай жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын ұйым акционерлерінің немесе қатысушыларының жалпы жиналысына қатысқан жағдайда талап етілмейді.

3. Осы тараудың мақсаты үшін жер қойнауын пайдаланушыларға:

1) құзыретті органмен жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған тікелей келіссөздерге көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның стратегиялық серіктесі ретінде қатысатын ұйымдар;

2) көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционға қатысуға жіберілген ұйымдар;

3) пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензияны беру мәселесін қарau кезінде құзыретті органның мемлекеттік сараптамалар жүргізу немесе жобалау құжаттарын келісу қажеттігі туралы хабарламасын алған ұйымдар да теңестіріледі.

4. Құзыретті органның рұқсатынсыз, сол сияқты рұқсаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін жасалған, жер қойнауын пайдалану құқығының, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы бойынша мәмілелер маңызсыз болады.

**45-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру тәртібі**

1. Жер қойнауын пайдалануға келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия немесе өндірге арналған лицензия, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын

пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар тұлғалар құзыретті органға рұқсат беру туралы өтініш жолдайды.

2. Рұқсат беру туралы өтініш:

1) жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар тұлға (ұйым) туралы мәліметтерді:

жеке тұлғалар үшін – сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерін, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді;

занды тұлғалар үшін – сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, оның мемлекеттік тиесілігін көрсетуді, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, басшылары және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, өтініш иесі қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндігі бар тұлғалар, ұйымдар және мемлекеттер туралы мәліметтерді;

2) алынатын жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіге нұсқауды;

3) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектінің ауысу негізін;

4) жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алу ниеті бар тұлғаның жер қойнауын пайдалану құқығын алушыларға қойылатын осы Кодекс талаптарына сәйкестігін раставайтын оның қаржылық және техникалық мүмкіндіктері туралы мәліметтерді;

5) өтініш иесінің өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда өзі туралы көрсетілген барлық мәліметтердің анық екендігі туралы жазбаша раставуын;

6) өтініш иесінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға арналған рұқсатты беру туралы өтініш:

1) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары ұйымдастырылған

бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент-ұйымның толық атауын;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын, өзімен байланысты акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың соған қатысы бар жер қойнауы участкесін көрсетуді;

3) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акциялары немесе басқа да бағалы қағаздары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын эмитент-ұйымның жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтерді;

4) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында шығаруға жататын бағалы қағаздар, оның ішінде ұйымның туынды бағалы қағаздары, олардың базалық активтері немесе үлестік қатысудың басқа да нысандары туралы мәліметтерді (түрі мен жалпы саны);

5) андеррайтер туралы мәліметтерді (олар болған кезде);

6) листинг жүзеге асырылатын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы туралы мәліметтерді;

7) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға жататын акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтерді;

8) өтініш иесінің өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда өзі туралы көрсетілген барлық мәліметтердің анық екендігі туралы жазбаша растауын;

9) өтініш иесінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруға рұқсат беру туралы өтінішті олар қосымша эмиссия (шығару) шеңберінде орналастырылған жағдайда эмитент береді, ал ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға шығаруды осы акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың ұстаушысы жүргізгенде – осындай ұстаушы береді.

4. Осы Кодекстің мемлекеттің басым құқығы туралы ережелерін қолданған жағдайда осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген мәліметтермен қатар рұқсат беру туралы өтініш жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану

құқығымен байланысты объектілердің ауысуы бойынша мәмілелердің бағасы туралы және оны төлеу тәртібі туралы мәліметтерді қосымша қамтуға тиіс.

5. Рұқсат беру туралы өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың түпнұсқалары не нотариат куәландырған көшірмелері қоса беріледі. Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік занды тұлға беретін болса, мұндай құжаттар дұрыстырын нотариус куәландырған әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, өзге тілде де жасалуы мүмкін.

6. Құзыретті орган өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды бір ай ішінде, ал ірі кен орындары және стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша – үш ай ішінде қарайды.

Құзыретті орган өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының қаруына шығарады.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де жағдайларда рұқсат беру үшін өтініштерді қарau кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында құзыретті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Сараптама комиссиясының құрамын және ол туралы ережені құзыретті орган бекітеді.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды он бес жұмыс күнінен аспайтын, ал ірі кен орындары және стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша – қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Құзыретті орган өтінішті жан-жақты және толық қарau мақсатында өтініш иесінен ұсынымдар әзірлеу үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды сұратуға құқылы.

Қосымша мәліметтер және (немесе) құжаттар сұратылған жағдайда тиісті өтінішті қарau мерзімі осындаі мәліметтер және (немесе) құжаттар ұсынылғанға дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады.

Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының ұсынымдарын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш бойынша шешім шығарады.

7. Егер жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беруге арналған өтініш пайдалы қатты қазбалардың ірі кен орнын қамтитын және (немесе) стратегиялық жер қойнауы учаскесі болып табылатын жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты берілсе не егер тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің болжалды ауысуы үлттық қауіпсіздік мұдделерін қозғайтын болса, құзыретті орган осындай өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны үлттық қауіпсіздік органдарына жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуын үлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау үшін жібереді.

Егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы үлттық қауіпсіздік мұдделерін қозғайтын болса, үлттық қауіпсіздік органдары бұл туралы құзыретті органды өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Бұл жағдайда құзыретті орган үлттық қауіпсіздік органдарынан жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ауысуының үлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы растауды алғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Құзыретті орган үлттық қауіпсіздік органдарынан хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш иесіне осындай тоқтата тұру туралы хабарлайды.

Құзыретті орган үлттық қауіпсіздік органдарынан растауды алғаннан кейін өтінішті қарауды қайта бастайды.

8. Өтініш иесі өтінішті бергеннен кейін кез келген уақытта және құзыретті орган мәні бойынша шешім шығарғанға дейін оны кері қайтарып алуы мүмкін.

9. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган рұқсат беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

10. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы елдің үлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқықтарының шоғырлануына алып келсе;

2) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шенберінде құқықтардың шоғырлануына алып келсе;

3) егер рұқсат беру туралы өтініш осы Кодекс талаптарына сәйкес келмесе;

4) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына осы Кодексте тыйым салынған болса;

5) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы қолданылған әкімшілік жазаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды немесе жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салынған жер қойнауы участкесі бойынша жүзеге асырылатын болса;

6) мемлекет басым құқығын іске асыратын болса;

7) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес келмейтін болса, рұқсат беруден бас тартады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалану құқығының шоғырлануы деп бір тұлғаның немесе бір мемлекеттің тұлғалары тобының жер қойнауын пайдалану құқығындағы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердегі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін немесе төндіретін жиынтық үлеске ие болуы танылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шенберінде құқықтардың шоғырлануы деп Қазақстан Республикасымен жасалған келісімшартта жер қойнауын пайдалану құқығының бірлескен иелерінің біреуінің осындай қатысушыға келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша шешімді айқындауға мүмкіндік беретін үлес шамасы түсініледі.

11. Рұқсат беруден бас тартуға өтініш иесі сот тәртібімен дау айтуы мүмкін. Осы баптың 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес рұқсат беруден бас тарту себептері түсіндірілмesten ресімделеді.

12. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуына рұқсат жер қойнауын пайдалану құқығындағы берілетін үлестің және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты

объектілердің шекті көлемін, сондай-ақ сатып алушы тұлғаға нұсқауды қамтуға тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер болып табылатын акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды айналымға шығаруға рұқсат шығаруды жүзеге асыру жоспарланатын ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығын көрсетуді және бір немесе бірнеше мәміле жасасу арқылы оның шегінде шығару жүзеге асырылуы мүмкін акциялардың немесе басқа да бағалы қағаздардың санын қамтуға тиіс.

Осы Кодекстің мемлекеттің басым құқығы туралы ережелері қолданылған жағдайда рұқсат жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы бойынша мәмілелердің бағасын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу бойынша мәмілелердің бағасын және оларды төлеу тәртібін қосымша қамтуға тиіс.

13. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат бір жыл мерзімге беріледі. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы көрсетілген мерзімде жүзеге асырылмаған жағдайда өтініш иесі құзыретті органға жаңа рұқсат беру жөнінде жүгінеді.

#### **46-бап. Мемлекеттің басым құқығын іске асырудың тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының мұдделері үшін басым құқық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті органның шешімі негізінде ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық компания арқылы іске асырылады.

2. Басым құқықты іске асыру туралы мәселе осы Кодекстің 44-бабының 1-тармағында көзделген рұқсат беру туралы мәселені қараумен қатар құзыретті органның қарауына жатады. Басым құқықты іске асыру туралы мәселені қарау және ол бойынша шешім қабылдау тәртібін құзыретті орган айқындайды.

Мемлекеттің басым құқығын іске асыруы туралы мәселені қараған кезде тұлғаның құзыретті органға жіберген өтініші құзыретті органға берілгеннен кейін үш ай ішінде кері қайтарып алуға немесе қайта қарауға жатпайды.

Егер өтінішті қарау кезеңінде жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысу бағасы туралы немесе оны төлеу тәртібі туралы шарттар өзгеретін болса, өтініш иесі құзыретті органды осындай өзгеріс туралы жазбаша хабардар етеді. Бұл жағдайда өтінішті қарау мерзімі хабарланған күннен бастап қайта есептеледі. Мұндай хабарлама болмаған

жағдайда құзыретті орган бастапқыда өтініште көрсетілген, жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысу бағасы туралы және оны төлеу тәртібі туралы шарттарды ескере отырып, өтінішті мәні бойынша қарайды.

Мемлекеттің басым құқығын іске асыруы туралы шешім қабылданған жағдайда құзыретті орган ұлттық басқарушы холдингті немесе ұлттық компанияны иеліктен шығарылатын жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді мемлекет мұддесінде сатып алушы ретінде айқындайды.

3. Мемлекеттің басым құқығын іске асыруы туралы құзыретті органның шешімі негізінде ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық компания бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) иеліктен шығару және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы бойынша әрекеттер жүргізуге ниеттенген тұлғаға басым құқықты іске асыру тәртібі мен мерзімі туралы келіссөздерді бастау туралы ұсыныспен шығады.

Ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық компанияның жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді мемлекеттің басым құқығын іске асыру мақсатында сатып алуы осы баптың 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген, берілген өтініште немесе хабарламада көрсетілгеннен нашар болмайтын баға және оны төлеу шарттары бойынша жүзеге асырылады.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өтеусіз негіз бойынша иеліктен шығарған жағдайда немесе оларды занды тұлғаның жарғылық капиталына енгізген жағдайда мемлекеттің басым құқығын іске асыру кезінде оларды сатып алу Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заннамасына сәйкес айқындалатын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттің басым құқығын іске асырган кезде сатып алу бағасымен келіспеген жағдайда өтініш иесі бағалау нәтижелеріне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

**47-бап. Жер қойнауын пайдалануышыны бақылаудың өзгеруі туралы хабарлама**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның немесе өндіруге арналған лицензияның негізінде туындаған, жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығының үлесіне) ие жер қойнауын пайдаланушы осындай жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

2. Хабарламада:

1) бақылауды жоғалтқан немесе алған тұлға, мемлекет немесе ұйым туралы мәліметтер:

жеке тұлғалар үшін – иемденушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы;

занды тұлғалар үшін – атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тиесілігін көрсету;

мемлекет үшін – мемлекеттің толық атауы, мемлекеттің мұдделерін білдіретін мемлекеттік органның атауы және орналасқан жері;

2) бақылаудың нысаны және тәсілі, сондай-ақ бақылауды жоғалту немесе иелену негізі қамтылуға тиіс.

3. Хабарлама құзыретті орган бекітетін нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

4. Хабардар етілуге жататын мемлекеттік орган жер қойнауын пайдаланушыдан хабарламада көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды (құжаттардың тұпнұсқаларын не нотариат қуәландырған көшірмелерін) сұратуға құқылы.

5. Осы Кодекстің мақсаттары үшін тікелей бақылау мынадай шарттардың (бақылау тәсілдерінің) ең болмаса біреуінің болуын:

1) занды тұлғага немесе өзге ұйымға қатысу құқығының жиырма бес пайыздан астамын иеленуді (қатысу үлесіне құқық, акцияларға, пайларға және меншік құқығын растайтын немесе акцияларға немесе пайларға ауыстырылатын бағалы қағаздарды қоса алғанда, үлестік қатысадын басқа да нысандары);

2) ұйымның жоғары басқару органында барлық дауыстың жиырма бес пайыздан астамымен дауыс беру құқығына ие болуды;

3) жер қойнауын пайдаланушының бөлінетін таза кірісінің жиырма бес пайыздан астамын алуды;

4) шартқа сәйкес немесе Қазақстан Республикасы заңының негізінде басқа ұйымның шешімін айқындау құқығына ие болуды білдіреді.

Жанама түрде бақылау тұлғаның, ұйымның өз араларында тікелей бақылау болатын үшінші ұйым (үшінші ұйымдар) арқылы басқа ұйымды бақылау мүмкіндігін білдіреді.

#### **48-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығына салынатын ауыртпалық**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында сенімгерлік басқаруға беру туралы талап белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын сенімгерлік басқаруға беруге тыйым салынған.

3. Ауысуына осы Кодексте тыйым салынған жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) ауыртпалық салуға жол берілмейді.

4. Осы Кодексте тыйым салынбаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) кепілі құзыретті органда мемлекеттік тіркеуге жатады.

Осы тармақта көзделген жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесінің) кепілі мемлекеттік тіркеу күнінен бастап туындейды.

Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) кепілін тіркеу "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығынан (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестен) өндіріп алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

6. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалануға құқық (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер кепілінің, сондай-ақ кепіл нысанасы тұрғысынан өндіріп алудың ерекшеліктері осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленеді.

#### **6-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ОПЕРАТОР**

#### **49-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы оператор**

1. Жер қойнауын пайдаланушы құрған немесе айқындағын, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының өкілі ретінде әрекет ететін заңды тұлға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша оператор болып табылады.

2. Тиісті келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын тұлға оператор болып тағайындалмайды.

3. Оператор мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы қатынастар қарапайым жазбаша нысанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе лицензия мерзімінен аспайтын мерзімге жасалатын олардың арасындағы келісіммен реттеледі.

Көрсетілген келісімнің қарапайым жазбаша нысанын сақтамау оның маңызыздығына алып келеді.

4. Осы тараудың күші осы Кодекстің 150-бабының ережелерінде көзделген кен орындарын бірлесіп игеру шеңберінде басқаруши компанияның қызметіне қолданылмайды.

#### **50-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы операторды тағайындау тәртібі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану саласындағы операторды тағайындағаны туралы құзыретті органды жазбаша хабардар етеді. Мұндай хабарламаға оператор мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы келісімнің нотариат куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

2. Құзыретті органды хабардар еткен кезге дейін оператор тағайындалған деп есептелмейді.

3. Бір келісімшарт немесе лицензия бойынша бір ғана оператор тағайындалуы мүмкін.

4. Оператордың өкілеттіліктері тоқтатылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы ол жөнінде құзыретті органды тез арада хабардар етуге міндетті.

#### **51-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы оператордың жауаптылығы**

1. Оператордың әрекеттері нәтижесінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе лицензия талаптарын бұзғаны үшін жер қойнауын пайдаланушы жауаптылықта болады.

2. Жер қойнауын пайдаланушының мүдделерін білдірге байланысты туындаған оператор міндеттемелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы ортақ жауаптылықта болады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде оператор үшінші тұлғаларға зиян келтірген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы оператордың өз өкілеттіктерін асырып әрекет жасағанын сылтау етуге құқылы емес.

### **ІІІ БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚАУПСІЗ ПАЙДАЛАНУ**

#### **7-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖУРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУПСІЗДІК БОЙЫНША ТАЛАПТАР**

#### **52-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндеңігі экологиялық қауіпсіздік**

1. Өндірістік және өзге де объектілерді болжауды, жоспарлауды және жобалауды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Қазақстан Республикасының экологиялық заннамасы талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Жер қойнауының экологиялық жай-күйі шекті жол берілетін эмиссияларды нормалаумен, жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті немесе оның жекелеген түрлерін шектеумен немесе оларға тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

3. Осы Кодексте көзделген жағдайларда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілдегі органның келісуінсіз жер қойнауын пайдалануға тыйым салынады.

### **53-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік**

1. Өндірістік және өзге де объектілерді жобалауды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Жер қойнауын пайдалануши Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі қағидалар мен нормалардың сақталуын, сондай-ақ авариялардың, жазатайым оқиғалардың алдын алу мен оларды жою және кәсіптік аурулардың профилактикасы бойынша іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

3. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, жеке және занды тұлғаларға материалдық шығын келтіру қатерін төндіретін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға тыйым салынады.

4. Осы Кодексте көзделген жағдайларда өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы сараптаманың оң қорытындысының жер қойнауын пайдалануға тыйым салынады.

5. Жер қойнауын пайдалануға байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде:

1) жұмыскерлердің жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі қағидалар мен нормаларды зерделеуі және орындауы, сондай-ақ авариялардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу;

2) жұмыскерлердің өміріне тікелей қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтата тұру, адамдарды қауіпсіз жерге шығару және қауіпті анықтау үшін қажетті іс-шараларды өткізу;

3) қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының және санитариялық нормалардың талаптарына сай келетін күйде машиналарды, жабдықтар мен материалдарды пайдалану, ғимараттар мен құрылышжайларды күтіп ұстай;

4) жарылғыш материалдар мен қауіпті химиялық заттарды есепке алу, тиісті түрде сақтау және тасымалдау, сондай-ақ оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану;

5) кеніштік атмосфераның құрамын жақсартуды, тау-кен жұмыстарын жүргізу және кәсіптік аурулар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға бағытталған ұжымдық және жеке қорғану құралдарын пайдалану технологиясын жетілдіруді көздейтін арнайы кешенді ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды озық практиканы ескере отырып әзірлеу және жүзеге асыру;

6) судың кенеттен бұзып өтуін, газдың ауаға шығуын, пайдалы қазбалар мен жыныстардың атқылауын, сондай-ақ тау-кен соққысын болжау және олардың алдын алу жөніндегі арнайы іс-шараларды жүзеге асыру;

7) техникалық құжаттаманы және авариялар салдарын жою жоспарларын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу аймақтарының шекараларын нақтылайтын деректермен уақтылы толықтыру;

8) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында көзделген өзге де талаптарды орындау қамтамасыз етілуге тиіс.

#### **8-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛДАРЫН ЖОЮ**

##### **54-бап. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою туралы жалпы ережелер**

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, жер қойнауын пайдаланушы өзіне берілген жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жоюға міндетті.

2. Өндірістік объектілерді және жер участкелерін халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру, қоршаған ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілетін іс-шаралар кешені жер қойнауын пайдалану салдарын жою болып табылады.

3. Жою осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқықтары тоқтатылған жер қойнауы участкелерінде жүргізіледі.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою жер қойнауы участкесінің бір бөлігін пайдалану құқығын тоқтату, сондай-ақ жою жөніндегі жұмыстар көлемін азайту (прогрессивті жою) мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

4. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның немесе келісімшарттың қолданылуын тоқтату жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді тоқтатуға алып келмейді.

5. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою ерекшеліктері олардың түрлері ескеріле отырып, осы Кодекстің Ерекше бөлігінде айқындалады.

## **55-бап. Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қаржыландыру**

1. Жою жер қойнауын пайдаланушының немесе жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия немесе келісімшарт тоқтатылғанға дейін тікелей жер қойнауын пайдаланушы болған тұлғаның есебінен жүргізіледі.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдаланушы жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. Мұндай қамтамасыз етуді ұсыну жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындаудан босатпайды.

3. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының пайdasына жүзеге асырылады.

Жою жөніндегі міндеттеме осы Кодекске сәйкес белгіленген мерзімде орындалмаған (тиісінше орындалмаған) жағдайда, ұсынылған қамтамасыз ету сомасын келісімшарттың тараҧы болып табылатын және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының пайdasына өндіруге тиіс.

Егер тиісті қамтамасыз ету сомасы жоюдың тиісті жобасы бойынша шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, мемлекет жеткіліксіз соманы жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды жүзеге асыруға міндетті болған тұлғаның мүлкінен алуға құқылы.

4. Жер қойнауын пайдаланушының жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды кепілдікпен, банктік салым кепілімен және (немесе) сақтандырумен қамтамасыз етілуі мүмкін.

5. Қамтамасыз ету әрбір жер қойнауы участкесі бойынша жеке-жеке беріледі.

Жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды талап ететін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды осы Кодекске сәйкес ұсынылатын қамтамасыз етусіз жүргізуге тыйым салынады.

6. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесін) үшінші тұлғага иеліктен шығаруы оны жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) алушы осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде қамтамасыз етуді ұсынғанға дейін жою жөніндегі міндеттемелерден босатпайды.

7. Егер жер қойнауын пайдалануши ұсынған қамтамасыз ету онымен байланысты болмайтын себептермен осы Кодектің талаптарына сәйкес келмейтін болып қалса немесе тоқтатылса, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік алпыс күн ішінде мұндай қамтамасыз етуді айырбастауға міндетті. Егер көрсетілген мерзім ішінде жер қойнауын пайдаланушы осындай

айырбастауды жүргізбеген болса, ол жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тез арада тоқтата тұруға міндетті. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қайта бастауға қамтамасыз етуді қалпына келтіргеннен немесе айырбастағаннан кейін ғана жол беріледі.

#### **56-бап. Жоюды қамтамасыз ету ретіндегі кепілдік**

1. Кепілгер кепілдікке орай Қазақстан Республикасының алдында осы Кодекске сәйкес айқындалатын ақшалай сома шегінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемесін осы Кодекске сәйкес толық немесе ішінара орындауы үшін жауап беруге міндеттенеді.

2. Екінші деңгейдегі банк, шетелдік банк не акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымда болатын ұйым кепілгер бола алады. Егер шетелдік банк немесе акциялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымда болатын ұйым кепілгер болса, мұндай кепілгерлер шетелдік валютадағы ең төмен жеке кредиттік рейтинг бойынша құзыретті орган айқындайтын шарттарға сәйкес келуге тиіс.

3. Банктің осы бапқа сәйкес өзі берген кепілдік бойынша міндеттемесі жою аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

4. Кепілдік құзыретті орган бекітетін ұлгілік нысанға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Шетелдік тұлға берген кепілдік міндетті түрде қазақ және орыс тілдеріне аударылып, шет тілде жасалуы мүмкін, оның дұрыстығын нотариус куәландыруға тиіс.

#### **57-бап. Жоюды қамтамасыз ету ретіндегі банктік салым кепілі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы жою жөніндегі міндеттемесін орындаған жағдайда, банктік салым кепіліне орай Қазақстан Республикасының кепілге салынған банктік салым сомасынан, жер қойнауын пайдаланушының басқа кредиторлары алдында басымдықпен қанағаттандырылуға құқығы бар.

2. Осы бапқа сәйкес екінші деңгейдегі банкте орналастырылған банктік салым ғана кепіл нысанасы бола алады.

3. Салым теңгемен немесе шетел валютасымен енгізілуі мүмкін.

4. Қамтамасыз ету болып табылатын банктік салымның мөлшеріне қойылатын талаптар осы Кодексте белгіленеді.

5. Қамтамасыз ету болып табылатын банктік салымды қайта кепілге қоюға тыйым салынады.

6. Заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының банкроттығын қоса алғанда, оны таратқан жағдайда кепіл нысанасы конкурстық

массаға қосылмайды, ал кепіл ұстаушы жер қойнауын пайдаланушының өзге мүлкінің есебінен өз талаптарын қанағаттандыруға қатысатын кредитор болып табылмайды.

### **58-бап. Қамтамасыз ету ретіндегі сақтандыру**

1. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін жер қойнауын пайдаланушы сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасуға құқылы, соған орай жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерін осы Кодексте көзделген тәртіппен орындауда (сақтандыру жағдайы) сақтандыру сомасын Қазақстан Республикасының пайдасына (пайда алушы) төлеуге алып келеді.

2. Осы бапта көзделген сақтандыру қатынастары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында реттеледі.

### **IV БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ 9-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІ**

### **59-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдалану саласында:

1) жер қойнауын мемлекеттік меншік объектісі ретінде басқаруды ұйымдастырады, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлейді;

2) ұлттық қауіпсіздікті, халықтың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілейді;

3) стратегиялық жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекітеді;

4) Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындаиды.

### **60-бап. Құзыретті орган**

Мемлекеттік саясатты іске асыру және Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы мүдделерін білдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі орталық атқарушы орган болып табылатын құзыретті органды айқындаиды.

Құзыретті орган Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді және пайдалы қатты қазбалар мен көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты:

1) жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

2) осы Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

2-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарau, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) көмірсүтектерді барлау мен өндіру, уран өндіру, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату;

4) жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсүтектер және уран өндіру саласындағы келісімшарттардың, сондай-ақ пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіруге арналған лицензиялардың шарттарын сактауды бақылау;

5) өзі берген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар және жасалған келісімшарттар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған келісімшарттар және өзі берген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

7) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе лицензияның шарттарын орындағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіру;

8) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

**Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **61-бап. Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган**

Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган, уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу бойынша мемлекеттік саясатты:

1) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда, уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

1-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарau, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық,

мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) жою жоспарының кешенді сараптамасын жүргізу;

4) барлау участкесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру;

5) уран өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу;

6) уранды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операциялардың жүргізуіне мемлекеттік бақылау жасау;

7) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

**Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа  
енгізіледі).**

## **62-бап. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган**

Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган көмірсутектер саласындағы мемлекеттік саясатты:

1) осы Кодексте көзделген жағдайларда көмірсутектер саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

2) көмірсутектер саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

2-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарau, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

4) көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) жобалау құжаттары ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) мұнайды және шикі газды өндіру мен олардың айналымының бірыңғай дерекқорын жүргізу;

7) ішкі нарық қажеттіліктерін мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде қайта өндеу үшін мұнай беру графиктерін қалыптастыру;

8) теңізде және ішкі су айдындарында көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу үшін пайдаланылатын теңіз объектілерін салумен орналастыруға рұқсаттар беру;

9) шикі газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру;

10) көмірсүтектерді өндірудің, өткізудің және тұтынудың ұлттық теңгерімін жүргізу;

11) көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) азаматтық қорғаныс және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып, теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарын әзірлеу мен бекіту;

13) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

**Ескерту. 62-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **63-бап. Уран өндіру саласындағы уәкілетті орган**

Уран өндіру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік саясатты:

1) осы Кодексте көзделген жағдайларда уран өндіру саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

2) уран өндіру саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

2-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарau, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат

сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

3) уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

4) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) уран өндіру жөніндегі жобалау құжаттары ережелерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) уран өндіру кезінде жер қойнауының ұтымды және кешенді пайдаланулығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

8) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

**Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Занымен**  
**(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **64-бап. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган**

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауы кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеуге және оның кеңістігін пайдалану үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу;

3) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;

4) жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларға, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

5) осы Кодекстің геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған, өздері берген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

7) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

8) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

9) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

10) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

11) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

12) тиісті координаттары мен жеке кодтары бар блоктарды сәйкестендіру картасын әзірлеу және бекіту;

13) пайдалануға берілетін жер қойнауы участкерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және осы Кодексте көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

14) өздігінен ағып жататын иесіз және апаттық ұнғымаларды жою мен консервациялауды жүзеге асыру;

15) жер қойнауын геологиялық зерттеуге берілген лицензиялар бойынша жерасты суларына арналған іздестіру-бағалау жұмыстары жобаларына өзгерістерді келісу;

) жерасты сулары участкері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

17) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда геология және жер қойнауын геологиялық зерттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

17-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарau, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарын сактауын бақылау;

19) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және баға нормаларын бекіту;

20) жер қойнауын пайдаланушының балансына ұнғымаларды, технологиялық бірлікті қабылдау және беру;

21) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіментінің актілеріндекөзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

**Ескерту. 64-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа  
енгізіледі).**

#### **65-бап. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқаруышы органдары**

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқаруышы органдары жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу және кең іздеушілік үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған, кең іздеушілікке арналған лицензиялар шарттарын сақтауына бақылау жасау және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге және кең іздеушілікке бақылау жасау;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың кең іздеушілікке арналған лицензияда және осы Кодексте көзделген кең іздеушілік шарттарын сақтауына бақылау жасау;

4) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін мемлекеттік меншіктегі жер участекеріне құқықтар беру және оларды резервке қою;

5) жер участекіне құқықтарды осы Кодекстің 108-бабына сәйкес жасалатын жер қойнауы участекін сенімгерлік басқару шарты негізінде сенімгерлік басқарушыға қайта ресімдеу;

6) пайдалы қазбалар жатқан аумақтарға құрылыш салуды реттеу, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатқызылған ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар жер қойнауы участекерін есепке алуды жүргізу;

7) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына арналған жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу;

8) өздері берген кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялар және кең іздеушілікке арналған лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

8-1) құзыretі шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды өзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жүзеге асыру арқылы қатысады.

**Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 05.10.2018 № 184-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа  
енгізіледі).**

#### **10-ТАРАУ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАФЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ**

**66-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар шарттарын сақтауына бақылау**

1. Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер және (немесе) лицензиялар шарттарын сақтауын бақылауды құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік орган) жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер және (немесе) лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін құзыретті орган айқындайды.

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімдер және (немесе) лицензиялар шарттарын сақтауын бақылау жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу және (немесе) жер қойнауын пайдаланушыға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізіліп жатқан (жүргізілген) объектілерге бару арқылы жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерін орындаудына мониторингті құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны берген мемлекеттік орган) осы Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздерден алынған мәліметтерді талдау арқылы жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерін орындаудына мониторинг жүргізу тәртібін құзыретті орган айқындайды.

#### **67-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау**

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар өз құзыреттеріне сәйкес мынадай салаларда:

1) жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласында;

2) көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласында жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салалардағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Кодекске және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Занымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 3) қараңыз).**

#### **67-1-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі**

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі осы Кодектің 64-бабының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жүргізеді.

Геологиялық зерттеудің, жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың участкесі, сондай-ақ геологиялық ақпарат бақылау объектілері болып табылады.

2. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі

бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Кодекске сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын геологиялық есептерді, өндірілген пайдалы қазбалар туралы есептерді және нормаланған ысыраптар туралы деректерді, сондай-ақ бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау арқылы жүргізледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 68-бабында көзделген тәртіппен ақпараттық хатты (хабарламаны) ресімдейді және бақылау субъектісіне жібереді.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хатты (хабарламаны) алған бақылау субъектісі ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға міндettі.

Ақпараттық хатта (хабарламада) көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, бақылау субъектісі ақпараттық хатты (хабарламаны) жіберген жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ақпараттық хат (хабарлама) табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау, сол сияқты бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын мерзімінде ұсынбау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуің жартышылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

**Ескерту 10-тaraу 67-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. 1-т. 3) қараңыз.**

## **68-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы хабарлама**

1. Осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысуышылары жазбаша нысанда жасалатын хабарламалар және (немесе) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарындағы жарияланымдар арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы хабардар етіледі.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, осы Кодекске сәйкес жолданатын хабарламада осы хабарлама жіберілген тұлға туралы мәліметтер, хабарлама жіберу үшін негіз, хабарламаның мазмұны, жіберуші туралы ақпарат, оның қол қоюы қамтылуға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес келмейтін хабарламаны жіберген тұлға, егер нақты мән-жайлар ескеріле отырып, осы сәйкессіздіктердің елеулі сипатта болмағының дәлелдей алмаса, оның тиісті түрде жіберілгенін сылтау ету мүмкіндігінен айырылады.

Егер хабарламаны тұлғаның атынан және (немесе) мұдделерінде оның өкілі жіберген болса, хабарламада өкілдің өкілеттіктері туралы мәліметтер де қамтылуға тиіс. Осы бөліктің күші тиісті мемлекеттік органның құқықтық актілерінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған лауазымдық өкілеттіктерге сәйкес әрекет ететін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қолданылмайды.

Хабарлама поштамен және (немесе) хабарламаның тіркелуін қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберілуге тиіс.

Электрондық құжаттар нысанындағы немесе осы баптың 4-тармағына сәйкес электрондық байланыс құралдары пайдаланылатын хабарламалар жазбаша нысандағы хабарлама деп танылады.

3. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында жариялау, сондай-ақ мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастыру арқылы мемлекеттік органдардың белгісіз және (немесе) белгілі бір тұлғалар тобына арналған хабарлауы жүзеге асырылады.

Осындағы хабарламаларда айтылатын оқиғалар, егер осы Кодексте өзгеше мерзім көзделмесе, жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он бес күннен кейін туындауға тиіс.

4. Хабарлаулар ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып та жүзеге асырылуы мүмкін. Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып хабарлау тәртібін құзыретті орган айқындайды.

## **11-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ЖЕР ҚОЙНАУЫ ҚОРЫ**

### **69-бап. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару**

1. Мемлекеттік жер қойнауы қоры Қазақстан Республикасы аумағының шегіндегі пайдаланылатын жер қойнауы участкерін, сондай-ақ пайдаланымайтын жер қойнауын құрайды.

2. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына, оны осы Кодексте көзделген тәртіппен жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларға сәйкес мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

### **70-бап. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы**

1. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы мемлекеттік жер қойнауы қорын ұтымды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасын молайту мақсатында әзірленеді.

2. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы жер қойнауын пайдалану саласын дамыту перспективаларына талдау жасау негізінде және мыналар:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық, экологиялық және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бекітілген күжаттары;

4) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалардың тиісті түрлеріне және (немесе) оларды қайта өндеу өнімдеріне қажетсінулері;

5) Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасын пайдалы қазбалардың түрлері бойынша толықтыру және ұлғайту қажеттілігі;

6) өнірлердің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары;

7) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірынғай кадастрының мәліметтері;

8) бір тұлғаның немесе бір мемлекеттің тұлғалары тобының жер қойнауын пайдалану құқықтарындағы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердегі жиынтық үлеске ие болуы туралы мәліметтер;

9) мемлекеттік жер қойнауы мониторингінің мәліметтері;

10) геологиялық ақпаратты жинақтап қорыту және талдау;

11) қолда бар инфракүрылымның мүмкіндіктері ескеріле отырып әзірленеді.

3. Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында:

1) шегінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жүргізу жоспарланатын аумақтардың географиялық координаттары;

2) шегінде жер қойнауы учаскелері:

пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру үшін;

аукцион негізінде көмірсүтектерді барлау мен өндіру немесе өндіру үшін берілетін аумақтардың географиялық координаттары;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер аумақтарының географиялық координаттары;

4) қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жерлердің, елді мекендер аумақтарының, су қоры жерлері аумақтарының географиялық координаттары;

5) жер қойнауын басқарудың мемлекеттік саясатын іске асыру үшін қажетті өзге де мәліметтер қамтылады.

Осы тармақтың 1) – 5) тармақшаларында көзделген мәліметтермен қатар, мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы көмірсүтектерді барлау мен өндіру немесе өндіру үшін, сондай-ақ уранды немесе сирек кездесетін уранды кен орнында уранды барлау немесе өндіру үшін шегінде жер қойнауын пайдалану құқығы ұлттық компанияға ғана берілуі мүмкін аумақты (аумақтарды) көрсету қамтылуы мүмкін.

4. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда, мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы көмірсүтектерді барлау үшін берілетін жер қойнауы учаскесіндегі жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарды қамтиды.

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукцион өткізу кезінде құзыретті орган мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында айқындалғандарға қарағанда, жұмыстардың көлемі мен түрлері бойынша неғұрлым жоғары болатын ең төменгі талаптарды белгілеуге құқылы.

5. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, құзыретті орган мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында айқындалмаған аумақтарда пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды немесе көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелерін беруге құқылы емес.

**71-бап. Мемлекеттік жер қойнауы қорының жай-күйін есепке алу**

1. Мемлекеттік жер қойнауы қорының жай-күйін есепке алу мақсатында:
  - 1) Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;
  - 2) мемлекеттік жер қойнауы мониторингі;
  - 3) геологиялық ақпаратты жинау, сактау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және талдау жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауының жай-күйі туралы мәліметтер жер қойнауын геологиялық зерттеудің нәтижелеріне, сондай-ақ геологиялық ақпаратқа, жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодекске сәйкес ұсынатын есептерге және өзге де құжаттарға негізделеді.

## **72-бап. Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры**

1. Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры:
  - 1) пайдалы қазбаларды мемлекеттік есепке алу, олардың көрініс табуы туралы және жер қойнауы кеңістігінің объектілері туралы мәліметтерді;
  - 2) жер қойнауын геологиялық зерттеу, көмірсутектерді, пайдалы қатты қазбаларды, кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану, сондай-ақ кен іздеушілік үшін пайдалануға берілген жер қойнауы участкері туралы мәліметтерді;
  - 3) көмірсутектерді және пайдалы қатты қазбаларды, кең таралған пайдалы қазбаларды өндірудің, кен іздеушіліктің, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың жойылған объектілері туралы мәліметтерді;
  - 4) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың жұмыс істеп тұрған объектілерін мемлекеттік есепке алу туралы мәліметтерді қамтиды.

2. Пайдалы қазбаларды мемлекеттік есепке алу пайдалы қазбалардың кен орындары, негізгі және олармен тұтасып жатқан пайдалы қазбалардың саны мен сапасы, олардың құрамындағы құрауыштар, өнеркәсіптік маңызы бар кен орнының тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық және басқа да сипаттамалары, олардың орналасуы, зерттелу дәрежесі, өнеркәсіптік игерілу дәрежесі, өндіру, шығындар, өнеркәсіптің пайдалы қазбалармен қамтамасыз етілуі туралы, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру немесе олардың ресурстарын және (немесе) қорларын қайта бағалау нәтижесінде есепті жылда пайдалы қазбалар ресурстары мен қорларын бағалаудағы өзгерістер туралы мәліметтерді қамтиды.

Пайдалы қазбалардың әрбір көрініс табуы бойынша пайдалы қазбалардың болжамды (перспективалы) ресурстары, олардың көрініс табуының гидрогеологиялық және басқа да сипаттамалары туралы геологиялық-экономикалық деректер тіркеледі.

Жер қойнауы кеңістігінің объектілері туралы мәліметтер жер қойнауы қуысының орналасу координаттары мен сипаттамалары туралы, оларда өндірістік, шаруашылық және басқа да объектілер мен заттардың орналасу, оларда технологиялық және өзге де процестерді жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы деректерді қамтиды.

3. Жер қойнауының әрбір участесі бойынша кеңістік шекараларда жер қойнауы участеклерін айқындауға мүмкіндік беретін сәйкестендіру сипаттамалары, оның мөшері мен орналасқан жері, жер қойнауын пайдалануши, жер қойнауын пайдалану құқығы солардың негізінде берілген құжаттар туралы мәліметтер, жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі туралы мәліметтер, жер қойнауын пайдалануши ұсынған есептілік және өзге де құжаттама, геологиялық ақпарат тіркеледі.

4. Көмірсутектерді, пайдалы қатты қазбаларды, кең таралған пайдалы қазбаларды өндірудің жойылған объектілері туралы мәліметтерге жойылған өндіру объектілерін орналастыру жоспарлары, жою актілері және өндіру салдарын жою туралы басқа да деректер жатады.

5. Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрының мәліметтерін қалыптастыру жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеу, мониторинг жүргізу, жер қойнауын пайдаланушилар осы Кодекске сәйкес ұсынатын есептілік және өзге де мәліметтер есебінен қамтамасыз етіледі.

6. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға олар белгілеген тәртіппен ұсынады.

7. Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізуді жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасының жай-күйін өзі бекітетін тәртіппен есепке алу мақсатында жүзеге асырады.

### **73-бап. Мемлекеттік жер қойнауы мониторингі**

1. Мемлекеттік жер қойнауы мониторингі мемлекеттік жер қойнауы қорын ұтымды басқаруды қамтамасыз ету және олардың өзгерістерін уақтылы анықтау, келенсіз процестер салдарын бағалау, олардың алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдаланып байқау жүйесін білдіреді.

2. Мемлекеттік жер қойнауы мониторингін жүзеге асыру тәртібін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.

### **74-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу**

1. Жүйелі өнірлік геологиялық зерттеулерді, Жерді қашықтықтан зондаудың ғарыштық әдістері пайдаланылатын зерттеулерді, геологиялық түсіру жұмыстарын, кешенді геологиялық ақпарат алу және жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын геологиялық карталар жасау мақсатында аэро- және (немесе) ғарыштық сейсмологиялық мониторингті; пайдалы қазбаларды іздестіру мен бағалауды, жер қойнауы жай-күйінің мониторингін, құрылышқа арналған инженерлік-геологиялық ізденулерді; жер қойнауын зерттеу мен пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді, жер қабатын және ондағы процестерді, пайдалы қазбалар көріністерін және жер қойнауының өзге де ресурстарын зерттеу мақсатында жүргізілетін өзге де жұмыстарды қамтуы мүмкін жұмыстар кешені жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу болып табылады.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган ұйымдастырады және жүргізеді. Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына арналған жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырады.

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мен мердігер арасында жасалатын шарттың негізінде жүргізіледі.

4. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу аумағы және жұмыс түрлері шартта айқындалады.

5. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу Қазақстан Республикасының барлық аумағында, оның ішінде осы Кодекске сәйкес жекеше тұлғаларға пайдалануға берілген жер қойнауы участекерінің аумағында жүргізуі мүмкін. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүзеге асыратын тұлғалардың қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

6. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу жоспарланып отырған аумақ мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында жұмыстардың мақсаттары, міндеттері және сипаты көрсетіле отырып айқындалады.

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу кезінде пайдалы қазбаларды іздестіру мен бағалау аумағы шегінде пайдалы қазбаларды барлау мен

өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ кен іздеушілік үшін жер қойнауы учаскелерін пайдалануға беруге жол берілмейді.

7. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу нәтижелері жұмыстарды қабылдап алу күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей, ашық қолжетімділікке ұсынылады.

8. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындастын геологиялық барлау кезеңділігінің қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 74-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **75-бап. Геологиялық ақпарат**

1. Кез келген жеткізгіште тіркелген және осындай мәліметтерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар жер қойнауы мен олардың участекелерінің, кен орындарының және пайдалы қазбалар көріністерінің заттай құрамы, геологиялық құрылышы мен тарихы, геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық және тектоникалық ерекшеліктері туралы мәліметтер геологиялық ақпарат болып табылады.

Геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштеріне бүрғылау ұнғымаларының керндері, пайдалы қазбалардың, көмірқышқылды газдардың, меркаптандардың, судың сынамалары, жыныстар мен минералдардың үлгілері, тас материалдың сынамалары мен коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар жатады.

Геологиялық ақпараттың жасанды жеткізгіштеріне далалық байқаулар, сынамалау, сынамаларды талдау, геофизикалық байқауларды тіркеу журналдары, геологиялық есептер, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептер, пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорларын бағалау туралы есептер, бастапқы далалық деректердің және геологиялық ақпаратты өндеу, түсіндіру, талдау және жинақтап қорыту нәтижелерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері жатады.

2. Геологиялық ақпарат, егер ол бюджет қаражаты есебінен алынса немесе осы Кодекске сәйкес мемлекет меншігіне берілген болса, мемлекеттік меншікте болады (мемлекеттік геологиялық ақпарат).

Жер қойнауын пайдалануышының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте болады (жекеше геологиялық ақпарат).

Осы Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылатын жекеше геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

3. Меншіктегі, сондай-ақ мемлекет иеленуі мен пайдаланудағы геологиялық ақпаратты есепке алуды, сақтауды, жүйеге келтіруді, жинақтап қорытуды және беруді жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпаратты сақтау мен оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, геологиялық ақпаратты ұсынуды, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мен құзыретті орган арасындағы өзара іс-қимыл және жұмыс процестерін үйлестіруді автоматтандыру "Қазақстан Республикасы минералдық ресурстарының ұлттық деректер банкі" ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылады. "Қазақстан Республикасы минералдық ресурстарының ұлттық деректер банкі" ақпараттық жүйесін пайдалануды геологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және беру жөніндегі ұлттық оператор қамтамасыз етеді.

Ұлттық оператор сақтау, жинақтап қорыту, жүйеге келтіру және мүдделі тұлғаларға беру үшін меншіктегі, сондай-ақ мемлекеттің иеленуі мен пайдаланудағы геологиялық ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын занды тұлға немесе пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындастын және осы бапта көзделген қызыметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын геологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және беру жөніндегі ұлттық оператор болып табылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерінің болуын, оны есепке алу мен сақтауды, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өкілдерінің зерттеу немесе тексеру үшін оған кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті. Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпаратты және оның жеткізгіштерін сақтау және есепке алу тәртібін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды. Көмірсутектерді немесе пайдалы қатты қазбаларды, кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе лицензияның қолданылуы кезеңінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі

операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруға құқығы жоқ. Жер қойнауын пайдаланушы геологиялық ақпараттың керндер, жыныстар мен минералдардың үлгілері, сынамалар, тас материалының коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар түріндегі табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге зерттеу және талдау мақсатында ғана шығаруға құқылы. Мұндай зерттеу мен талдаудың нәтижелері осы Кодекске сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын геологиялық есептерге енгізілуге жатады.

Геологиялық ақпараттың жыныстар мен минералдар үлгілері, тас материалының коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар түріндегі табиғи жеткізгіштерін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шығаруға ниеттенген жер қойнауын пайдаланушы ол жөнінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды болжанған әкету күніне дейін бір ай қалғанда жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Хабарламада шығарылатын табиғи жеткізгіштерді зерттеулердің сипаты, зерттеу жүргізудің болжалды мерзімі, зерттеу нәтижелері туралы есепті дайындау мерзімі, зерттеу жүргізетін ұйым туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушиның геологиялық ақпараттың сынамалар түріндегі табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруы және (немесе) сынамаларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетуі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдалануши рұқсат алу үшін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгінеді, онда шығарылатын сынаманың көлемі мен оны зерттеулердің сипаты, зерттеу жүргізудің болжалды мерзімі, зерттеу нәтижелері туралы есепті дайындау мерзімі және зерттеу жүргізетін ұйым туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсат беру туралы немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша:

- 1) рұқсат беруге арналған өтініш осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе;
- 2) иеліктен шығарылатын және (немесе) әкетілеттін сынаманың көлемі болжалды зерттеудің сипатына айқын сәйкес келмесе;
- 3) болжалды зерттеулер Қазақстан Республикасында жүргізілсе;

4) бұрын берілген рұқсат бойынша жүргізілген зерттеудің және сынамалар талдауының нәтижелері туралы мәліметті қамтитын геологиялық есептер ұсынылмаған болса, рұқсат беруден бас тартады.

5. Өзіне тиесілі керндерді иеліктен шығаруды немесе жоюды жүргізуге ниеттенген жер қойнауын пайдаланушы осындай ниеті туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды бір ай қалғаннан кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндетті. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан көрсетілген керндерді талапта көзделген мерзімде өз меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл мерзім бір айдан кем болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы тиісті жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды болжалды тоқтатуға дейін үш ай қалғанда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды өзінде бар далалық байқаулар, сынамалау, сынамаларды талдау, геофизикалық байқаулар, тіркеу журналдары геологиялық ақпараттың бастапқы далалық деректерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері немесе бұрғылау ұнғымаларының керндері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мұндай хабарламаны алған күннен кейін бір ай ішінде жер қойнауын пайдаланушыдан геологиялық ақпараттың аталған жеткізгіштерін өз меншігіне өтеусіз беруді жазбаша талап етуге құқылы. Бұл талап оны алған күннен бастап бір ай ішінде орындалуға тиіс.

Керндерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның осы баптың 4-тармағының үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен берілетін рұқсатымен жүзеге асырылады.

6. Жасанды жеткізгіштердегі геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкету, егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеулерсіз жүзеге асырылады.

7. Осы бапта көзделген шектеулер кен іздеушілікті және жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияны жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

## **76-бап. Жер қойнауын пайдаланушиның есептілігі**

1. Жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодексте көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар туралы есептілік ұсынуға міндетті.

Жер қойнауын пайдалануши ұсынатын есептілік мерзімді немесе бір реттік болуы мүмкін.

Мемлекеттік органға ұсынылатын мерзімді есептіліктे жер қойнауын пайдаланушының белгілі бір кезең ішіндегі (есепті кезең) қызметінің нәтижелері туралы ақпарат қамтылады.

Жер қойнауын пайдаланушы бір реттік есептілікті мемлекеттік органға нақты бір мәселе бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі туралы хабарлау мақсатында ұсынады.

Есептіліктің құрамы және оны ұсыну тәртібі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері ескеріле отырып, осы Кодектің Ерекше бөлігінің ережелерінде айқындалады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның жазбаша сұрау салуы бойынша осындай сұрау салуды алған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, жүргізілген жұмыстарды және жер қойнауын пайдалану бойынша шығыстарды растайтын құжаттаманы тексеру үшін ұсынуға міндетті.

3. Кен іздеушілікті және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға Өндіруші салалар ашықтығының бастамалары стандартында көзделген, "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған есептілікті ұсынуға міндетті.

Осы есептіліктің нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамалары стандартын іске асыру бойынша уәкілеттік берілген мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

#### **77-бап. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен келісімшарттар туралы ақпаратқа қолжетімділік жасау**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын беретін мемлекеттік орган берілген жер қойнауын пайдалану құқықтары туралы ақпаратқа ашық қолжеткізуіді қамтамасыз етеді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығы туралы ақпарат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері ескеріле отырып, мынадай мәліметтерді:

1) берілген лицензияның мазмұны және жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарт туралы;

2) мыналарды:

өздеріне (өзіне) тиесілі бақылау нысанын және тәсілін;

жеке тұлғалар үшін – тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), азаматтығын;

занды тұлғалар үшін – занды тұлғаның атауын және орналасқан жерін қамтитын, жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлғалар және ұйымдар туралы;

3) ұсынылған есептілікке сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы жылдар бойынша жүргізген шығыстардың жалпы сомасы туралы;

4) жер участекерін пайдаланғаны үшін жылдар бойынша төлемақының (жалдау төлемдері) төленген сомалары туралы;

5) қамтамасыз етудің түрін, қамтамасыз ету сомасын, оның қолданылу мерзімін және қамтамасыз етуді берген ұйымның атауын қамтитын, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жоюды қамтамасыз ету туралы;

6) мыналарды:

кеңілді тіркеу күнін;

жеке тұлғалар үшін – кепіл ұстаушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе) және азаматтығын;

занды тұлғалар үшін – кепіл ұстаушының атауын және орналасқан жерін қамтитын, жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) тіркелген кепілі туралы;

7) мыналарды:

аудиудың негізі мен күнін;

алынатын жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес мөлшерін;

жеке тұлғалар үшін – алушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе) және азаматтығын;

занды тұлғалар үшін – алушының атауын және орналасқан жерін қамтитын, жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) аудиусы туралы;

8) егер тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесін қамтамасыз ету жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшартта немесе лицензияда көзделсе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін алдыңғы есепті кезеңде сатып алған тауарлардағы, жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесі туралы;

9) егер жер қойнауын пайдаланушиның қазақстандық мамандарды оқытуға, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға, жергілікті халықты әлеуметтік-экономикалық қолдауға жылдар бойынша жұмсаған

шығыстары жер қойнауын пайдаланушының міндептемелері болып табылса, осындай шығыстардың жалпы сомасы туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Геологиялық есептер мен өзге де құжаттамада қамтылатын, мемлекеттік органдар осы Кодекске сәйкес алған геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық құпиясы болып табылады және көрсетілген органдар оның құпиялылығын сақтау шараларын қабылдауға міндепті.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган көрсетілген геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы оны:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның негізінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыдан оны алған күннен бастап қатарынан бес жыл өткен соң ашып көрсетеді.

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны иеленушінің жазбаша өтініші бойынша құпиялылық мерзімі өтініште көрсетілген, бірақ бес жылдан аспайтын кезеңге ұзартылады. Мұндай ұзарту туралы өтініш құпиялылықтың бастапқы бес жыл мерзімі өткенге дейін берілуі мүмкін;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушыдан алынған геологиялық ақпарат бойынша);

3) жер қойнауын пайдаланушының жазбаша келісімімен;

4) басқа мемлекеттік органдар алынатын мәліметтер құпиялылығын сақтау шараларын қабылдаған жағдайда, олардың талап етуі бойынша;

5) бұрын осындай мәліметтер алынған тиісті жер қойнауы участкесі қайтарылған күннен бастап үш ай өткен соң;

6) егер мәліметтер жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу нәтижесінде алынған болса, ашып көрсетеді.

Көрсетілген мәліметтерді өзге тәсілмен ашып көрсетуге тыйым салынады.

4. Келісімшарттың және лицензиялық міндептемелерді жергілікті қамту бөлігінде орындауға қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және жүргізуі туралы, қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығыстар туралы және Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, сондай-ақ өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар көлемдері туралы ақпарат құпия болып танылмайды.

Осы тармақта құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын тұлғалардың анықталған бұзушылықтар және қабылданған шараптар туралы ақпаратпен Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарында танысуға құқығы бар.

**V БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ДАУЛАР, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

**12-тарау. Жер қойнауын пайдалануға байланысты дауларды шешу және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

**78-бап. Жер қойнауын пайдалануға байланысты дауларды шешу тәртібі**

Жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес реттелуге тиіс.

**79-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуы кінәлі тұлғаларды жол берілген бұзушылықтарды жою міндептінен босатпайды.

3. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының талаптарын бұзу салдарынан жер қойнауы ресурстарына зиян келтірген тұлғалар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіpte келтірілген зиянды (нұксанды) өтеуге міндetti.

**80-бап. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт пен лицензия бойынша міндептемелерін бұзғаны үшін жауаптылығы**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта немесе лицензияда көзделген міндептемелерді бұзу осы Кодексте Ерекше бөлігінің ережелеріне сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жауаптылығына алып келеді.

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт және лицензия шарттарын сақтауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы шарттардың бұзылғандығын білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар

немесе лицензиялар бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы мерзімнің және оны есептеу тәртібінің өзгеруіне алып келмейді.

**13-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, ҚАҒИДАТТАРЫ, НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРИ**

**81-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық үнтымақтастығының мақсаттары**

Қазақстан Республикасының және өзге де мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың жер қойнауын зерттеу, жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзара көмегі мен бірлескен әрекеттерін үйлестіру жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық үнтымақтастықтың мақсаты деп танылады.

**82-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық үнтымақтастығының қағидаттары**

1. Басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен үнтымақтастық өзара құрметтеу, сенім білдіру, өзара көмек, ымыраға келу, кемсітпеушілік, бір-бірінің істеріне араласпау, қабылдаған міндеттемелерді уақытында орындау, дауларды бейбіт түрде шешу қағидаттарына негізделеді.

2. Мемлекет пайдалы қазбаларды зерттеу, барлау мен өндіру және жерасты кеңістігін пайдалану саласындағы қызметті ұйымдастыруға нарықтық тәсілдерді ендіру арқылы инвестицияларды тарту және қазіргі заманғы технологияларды қолдану үшін қолайлыша жағдай жасауға күш-жігерін салады.

**83-бап. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық үнтымақтастығының бағыттары**

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық үнтымақтастығының бағыттары мыналар болып табылады:

1) минералдық-шикізаттық базаны ұлғайту мақсатында өзара тиімді негізде жер қойнауын геологиялық зерттеуді жүзеге асыру, бір мезгілде қауіпсіздік деңгейін арттыру және қоршаған ортаның ластануын барынша азайту жағдайында өндіріс тиімділігінің өсуін және пайдалы қазбаларды және оларды қайта өндеу өнімдерін пайдалануды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік билік және басқару органдарының тиімді үнтымақтастығының жаңа тетіктерін әзірлеу;

3) минералдық-шикізаттық ресурстардың және оларды қайта өндеу өнімдерінің нарығын дамыту, оның ішінде халықаралық үнтымақтастыққа қатысушы елдердің шаруашылық қызмет субъектілерінің өзара тиімді

кооперативтік байланыстарын орнату үшін қолайлыш жағдайлар жасау арқылы дамыту;

4) жер қойнауын геологиялық зерттеу, минералдық-шикізаттық базаны молайту және сапалық жақсарту саласындағы жұмыстардың бірлескен бағдарламаларын өзірлеу және іске асыру;

5) минералдық-шикізаттық ресурстар, сондай-ақ оларды қайта өндіру (өзгерту) өнімдері ағынының халықаралық транзиті мақсатында көлік инфрақұрылымына қолжетімділікті жөнілдету;

6) қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне қол жеткізуге және оны қолдауға бағытталған жер қойнауын пайдалану қауіпсіздігі саласындағы жұмыстардың бірлескен бағдарламаларын өзірлеу және іске асыру;

7) минералдық-шикізаттық ресурстарды өндіру және (немесе) қайта өндіру (өзгерту) жөніндегі кәсіпорындардағы ірі аварияларды болдырмауда және олардың салдарын жоюда ынтымақтастық жасау;

8) кезеңдер, пайдалы қазбалар қорларының сыныпталуы, геологиялық есептердің, пайдалы қазбалар қорлары баланстарының және басқа да геологиялық ақпараттың нысаны мен мазмұны бойынша жұмыстардың мазмұнына қойылатын әлемдік практикада қабылданған талаптар базасында геологиялық барлау жұмыстарын регламенттейтін нормативтік-әдістемелік құжаттарды жетілдіру және келісу жөніндегі шараларды үйлестіру;

9) минералдық-шикізаттық ресурстарды барлау, өндіру, қайта өндіру (өзгерту) және пайдалану саласында қолданылатын жаңа технологияларға қолжетімділікті жөнілдету;

10) трансшекаралық кен орындарын бірлесіп барлау мен өзірлеуге және жер қойнауының өзге де трансшекаралық ресурстарын игеруге қатысу.

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІК**

### **VI БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

#### **14-тaraу. Жер қойнауын геологиялық зерттеудің шарттары мен тәртібі**

#### **84-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша оны иеленушінің геологиялық түсіру жұмыстарын және (немесе) геофизикалық жұмыстарды, сондай-ақ жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу мақсатында үш жыл ішінде жер қойнауын пайдалануға құқығы бар.

2. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, оның иесіне геологиялық зерттеу участкесіне айрықша құқықтар бермейді.

#### **85-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеу аумағы**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы шегінде берілуі мүмкін.

2. Лицензия иесінің, аэрогеофизикалық зерттеулер жүргізу жағдайларынан басқа кезде, пайдалы қазбаларды барлау және (немесе) өндіру үшін басқа тұлғаға пайдалануға берілген жер қойнауы участкесінің аумағында осындай тұлғаның келісімінсіз жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге құқығы жок.

### **86-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру туралы өтініш**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия алуға мүдделі тұлға жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға белгіленген нысан бойынша жазбаша өтініш береді.

2. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе) тұргылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, оның орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш иесінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын қуәландыратын басқа да зандастырылған құжат), басшылар туралы мәліметтер;

2) геологиялық зерттеу аумағын құрайтын блокқа (блоктарға) нұсқаулар.

3. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) егер тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін мұндай тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат;

3) осы Кодекстің 88-бабына сәйкес өтініш иесі әзірлеген және бекіткен жер қойнауын геологиялық зерттеу жоспары және (немесе) жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы.

4. Өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Өтінішке қоса берілетін, шет тілінде жасалған құжаттардың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі, олардың дұрыстығын нотариус қуәландырады.

### **87-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру туралы өтінішті қарau**

1. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өтінішті келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және лицензия береді не оны беруден бас тартады.

2. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган, егер өтініш немесе оған қоса берілген құжаттар осы Кодекстің 86-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, лицензия беруден бас тартады.

3. Лицензия беруден бас тарту уәжді болуға тиіс.

4. Лицензияны беруден бас тартуға өтініш иесі бұл туралы хабарлама алған күннен бастап оған он жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

5. Лицензия беруден бас тарту өтініш иесін қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

6. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беруге өтініш беру және оны қарау тәртібін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.

#### **88-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттары**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жобалау құжаттары мыналар болып табылады:

1) геологиялық зерттеу жоспары;

2) жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы.

2. Геологиялық зерттеу жоспары геологиялық түсірілім жұмыстарын және (немесе) геофизикалық жұмыстарды жүргізу үшін әзірленеді.

Жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы кен орындарын және жерасты суларының участкерлерін іздестіруді және бағалауды жүргізу үшін әзірленеді.

3. Геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттарын жер қойнауын пайдаланушы әзірлейді және бекітеді.

Геологиялық зерттеу жоспарында геологиялық түсірілім жұмыстарының және (немесе) геофизикалық жұмыстардың түрлері мен тәсілдері, шамамен алғандағы көлемдері, аумақтары және үш жылдық кезеңдегі осындай жұмыстарды жүргізу мерзімдері сипатталады.

Жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасында жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының түрлері, әдістері мен тәсілдері, бұрғыланатын ұнғымалар саны және олардың сипаттамалары, үш жылдық кезеңдегі жұмыстарды жүргізу мерзімдері, іздестіру-бағалау жұмыстарының салдарын жою жөніндегі шаралар және олардың құнын бағалау сипатталады.

Геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстардың құрамын, түрлерін, әдістері мен тәсілдерін, олардың көлемдері мен жүргізу мерзімдерін қоршаган ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарында дербес айқындейды.

Жобалау құжаттарында жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулықта көзделген жағдайларда қоршаган ортаға әсерді бағалау қамтылуға тиіс.

4. Жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі жоспарланатын жұмыстардың түрлері, әдістері және (немесе) тәсілдері, сондай-ақ олардың көлемдері өзгерген кезде жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және оларды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға беруге міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бұл өзгерістер мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді талап етсе, геологиялық зерттеу жөніндегі өзгерілген жобалау құжаттары жер қойнауын зерттеу жөніндегі органға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін табыс етіледі.

5. Жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасына жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия берілгеннен кейін енгізілетін өзгерістер жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісуге жатады. Мұндай келісу өзгерілген жоба ұсынылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган, егер жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасына өзгерістерді, геологиялық зерттеу жөніндегі жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес келмесе, мұндай өзгерістерді келісуден бас тартады.

Жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасын келісуден бас тарту жер қойнауын пайдаланушыны келісу үшін қайтадан жүгіну құқығынан айырмайды.

Жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасын келісуден бас тартуга жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

**89-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы геологиялық зерттеу участкесі шегінде экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жұмыстарды жүргізуге құқылы.

2. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша жүргізілетін жұмыстар құжаттастыруға жатады. Құжаттамада жер қойнауын дұрыс зерттеуге қажетті барлық мәліметтер көрсетіледі.

3. Жер қойнауына геологиялық зерттеу жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) зертханалық зерттеулер мен талдаулардың деректерін қоса алғанда, жүргізілген операциялар барысында алынған геологиялық ақпараттың дұрыстығы мен сақталуын;

2) геологиялық құжаттаманы жүргізудің уақтылығы мен сапасын;

3) лицензия берген жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімде геологиялық зерттеу участкесі бойынша жүргізілген жұмыстар туралы есептерді және осындай жұмыстардың нәтижелері бойынша геологиялық есепті ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жер қойнауын пайдалануышының геологиялық зерттеу участкесінде күрделі құрылыштарды салуға, жарылғыш заттарды тұрақты түрде жинап қоюға және сақтауға, жыралар, шурфтар, траншеялар және тау-кен қазбаларының басқа да түрлерін жасауға, сондай-ақ аршу жұмыстарын жүргізуге құқығы жоқ.

Жер қойнауын пайдаланушы геологиялық зерттеу участкесінде геофизикалық зерттеулермен және жерасты суларына іздестіру-бағалау жұмыстарымен байланысты мақсаттарда ғана ұңғымаларды бұрғылауды жүзеге асыруға құқылы.

Казақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жер қойнауын пайдаланушы геологиялық зерттеу участкесінде параметрлік ұңғымаларды бұрғылауды жүзеге асыруға құқылы.

5. Жерасты сулары участкесінде жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия жүргізетін мемлекеттік сараптама жасалуға тиіс. Жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу тәртібін, жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені және оның құрамын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Казақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес жерасты сулары участкесінде қорларын жерасты суларының мемлекеттік есебіне алу үшін осы қорлар туралы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы негіз болып табылады.

Жерасты суларын өндіру Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **90-бап. Жер қойнауын пайдалануышының геологиялық зерттеу бойынша есептілігі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия бойынша мерзімді геологиялық есептер ұсынып отыруға міндетті.

2. Мерзімді геологиялық есептер жыл сайын өткен күнтізбелік жыл үшін әр жылдың отызыншы сәуірінен кешіктірілмей ұсынылады.

Толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер жер қойнауын пайдаланудың іс жүзіндегі кезеңі үшін ұсынылады.

Жер қойнауы участкесін пайдалану кезеңінің соңғы толық емес күнтізбелік жылы үшін есеп көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

3. Лицензияның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін оның иеленушісі болып табылатын тұлға лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға геологиялық зерттеу нәтижелері туралы түпкілікті есепті ұсынуға міндетті.

4. Геологиялық есептер бастапқы геологиялық ақпарат материалдарына негізделеді және геология, жерасты суларына гидрогеологиялық бұрғылау жүргізу саласындағы ғылыми зерттеулердің, сынақтар мен іздестірулердің, топырақты, жерүсті жыныстарын және минералдық үлгілерді жинау және байқаудан өткізу жөніндегі қызметтің жай-күйі мен нәтижелері туралы деректерді қамтиды.

5. Осы бапта көзделген есептер жер қойнауын зерттеу жөніндегі органға ол бекітетін нысан бойынша ұсынылады.

## **91-бап. Геологиялық ақпаратқа арналған құқық**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияның иеленушісі өзі геологиялық зерттеу нәтижесінде алған геологиялық ақпаратқа еркін билік етуге құқылы.

2. Жер қойнауын пайдаланушы осы бапқа сәйкес геологиялық зерттеу нәтижесінде алған геологиялық ақпаратты лицензия мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның пайдалануына өтеусіз беруге тиіс.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган алынған геологиялық ақпаратты оны алған күннен бастап бес жыл өткен соң (құпиялыштық мерзімі) ашады.

## **92-бап. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияның қайтарып алу және оның тәртібі**

1. Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия:

осы Кодекстің 89-бабы 4-тармағының ережелері бұзылған;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және мерзімдерде жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияны беру үшін қол қою бонусын төлемеген жағдайларда жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі уәкілетті органның қайтарып алуына жатады.

2. Бұзушылық анықталған кезде жер қойнауын геологиялық зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бұл туралы жер қойнауын пайдалануышын хабардар етеді.

3. Жер қойнауын пайдалануши анықталған бұзушылықты жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.

Жер қойнауын пайдалануши осы тармақта көзделген мерзімде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды бұзушылықтардың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, оларды жойғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

Бұзушылықтар белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы баптың 4-тармағына сәйкес лицензияны қайтарып алады.

4. Лицензияны қайтарып алуды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдалануыша лицензияны қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Лицензияның қолданысы жер қойнауын пайдалануши лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он күннен кейін тоқтатылады.

5. Жер қойнауын пайдалануши лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап қайтарып алынатын лицензия бойынша жұмыстарды дереу тоқтатуға және геологиялық зерттеу участкесінің аумағынан ондағы барлық құрылыштарды, материалдарды және жабдықтарды алып кетуге міндетті.

6. Жер қойнауын пайдалануши лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап лицензияның қайтарып алынуын сот тәртібімен даулауға құқылы. Осындай даулау кезеңінде осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзім сот шығарған шешім күшіне енгенге дейін ұзартылады.

## VII БӨЛІМ. ҚӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

**15-тaraу. Қомірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру және оны тоқтату ерекшеліктері**

**1-параграф. Аукцион негізінде қомірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру 93-бап. Қомірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға үміттенетін тұлғаларға қойылатын талаптар**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы берілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын иеленген тұлға:

1) таратылу (занды тұлғалар үшін), қайта ұйымдастырылу (занды тұлғалар үшін) немесе банкроттық сатысында болмауға тиіс;

2) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдерді төлеу бойынша өтмелеген берешегі болмауға тиіс;

3) көмірсүтектерді барлауға және өндірге жер қойнауын пайдалану құқығын алған жағдайда, – барлау кезеңінде жер қойнауы участкесінде жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарды орындау үшін жеткілікті қаржылық қаражаты болуға тиіс.

2. Барлау кезеңінде жер қойнауы участкесіндегі жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарды орындау үшін жеткілікті қаржылық қаражаты бар екенін растауға арналған осы Кодексте көзделген жағдайларда мынадай құжаттардың бірі:

1) барлау кезеңінде жер қойнауы участкесінде жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарды орындауды қаржыландыруға тұлғаның қабілеттілігін растайтын, өтініш иесінің өтінім берілген жылдың алдындағы жыл үшін бухгалтерлік балансының көшірмесі;

2) барлау кезеңінде жер қойнауы участкесінде жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарды орындау үшін жеткілікті мөлшерде өз қаражатының (екінші деңгейдегі банктен өтініш иесінің шотының жай-күйі туралы анықтама) немесе тартылған қаражатының (қарызы (кредит) шарты, өзге де шарт) болуы туралы құжаттамалық деректер ұсынылады.

3. Теніздегі жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін тұлғаның, осы баптың 1-тармағында көрсетілген талаптармен қатар, Қазақстан Республикасының құрлықтық қайрақтың аумағында немесе Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында не Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде теңізде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуін өндірібесі болуға тиіс.

Занды тұлға үшін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талап, осындай занды тұлға акцияларының (катысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайзызы тікелей тиесілі болатын тұлғаның тиісті тәжірибесі болған кезде орындалған деп танылады.

#### **94-бап. Аукцион өткізуге арналған өтініш**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға мүдделі тұлға құзыретті органға көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану

құқығын беруге аукцион өткізуге арналған өтінішті береді, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжат;

2) занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, оның тұрган жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да зандастырылған құжат), басшылары туралы мәліметтер, өтініш иесін тікелей немесе жанама бақылайтын занды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер;

3) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында көрсетілген аукцион негізінде көмірсүтектерді барлау мен өндіру немесе өндіру үшін берілетін жер қойнауы участкесінің сұралатын аумағының атауы (егер ол мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында көрсетілсе) және географиялық координаттары.

2. Аукцион өткізуге арналған өтініш құзыретті органға келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган осы Кодекстің 95-бабына сәйкес аукцион өткізу туралы хабарламаны жылына екі реттен асырмай жариялады не мынадай негіздер бойынша:

1) егер сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы аукцион негізінде көмірсүтектерді барлау мен өндіру немесе өндіру үшін берілуі мүмкін жер қойнауы участкесінің шегіндегі аумақ ретінде мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында көрсетілмесе не мұндай аумаққа сәйкес келмесе;

2) егер өтініш иесі өтініш бергенге дейін үш жыл ішінде аукцион өткізуге басқа өтініш берсе, бірақ аукционға қатысушы ретінде тіркелмесе;

3) осы Кодекстің 97-бабы 3-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өтінішті қараудан бас тартады.

Аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланған жағдайда өтініш иесі осы Кодекстің 96-бабында белгіленген талаптарға сәйкес құзыретті органға аукционға қатысуга өтініш береді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен.**

3. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционды құзыретті орган ұйымдастырады және көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторы өткізеді.

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторы – құзыретті орган айқындайтын, осы Кодексте көзделген тәртіппен көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукциондар өткізуі жүзеге асыратын заңды тұлға.

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторын айқындау жөніндегі өлшемшарттарды құзыретті орган бекітеді.

**Ескерту. 94-бап жаңа редакцияда – КР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

## **95-бап. Аукцион өткізу шарттары**

1. Аукцион өткізу туралы және оны өткізу шарттары туралы хабарлама қазак және орыс тілдерінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Аукционға қатысуға мүдделі тұлғалардың қатысуға өтініш берудің түпкілікті мерзімінен кешіктірмей, аукционды өткізу тәртібімен байланысты ақпаратты алуға құқығы бар.

2. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукцион өткізу туралы хабарламада:

1) оны өткізу күні мен уақыты;

2) қатысуға өтініштер беру мерзімі;

3) жер қойнауын пайдалану құқығы аукционға шығарылатын жер қойнауы участкесіне (кен орнына) нұсқау және оның қысқаша сипаттамасы;

4) жер қойнауы жөніндегі операциялар түрі;

5) аукционға қатысу үшін жарна мөлшері және оны төлеу үшін банк деректемелері;

6) көмірсүтектерді барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда – барлау кезеңінде жер қойнауы участкесіндегі жұмыс көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптар, сондай-ақ олардың бағалану құны;

7) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген әрбір блок үшін ең төменгі қол қою бонусының мөлшері негізге алына отырып айқындалған қол қою бонусының бастапқы мөлшері;

8) өндіру кезеңіндегі қазақстандық кадрларды оқытуға арналған шығыстар мөлшері;

9) өндіру кезеңіндегі Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшері;

10) өндіру кезеңіндегі өнірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшері;

11) жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі ең төмен міндеттемелер;

12) жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін берілетін жер участкілеріне тіркелген құқықтар туралы ақпарат;

13) көмірсутектерді барлауға және өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын берген жағдайда – осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделген талаптарды көрсету;

14) жер қойнауын пайдалануға келісімшарт бойынша барлау кезеңінің немесе дайындық кезеңінің ұзақтығы қамтылуға тиіс.

Аукционды өткізу күні аукционға қатысуға өтініш беру үшін берілген мерзім аяқталған күннен бастап екі айдан кешіктірілмеуге тиіс.

3. Бұрын жер қойнауын пайдалануға келісімшарт тоқтатылған жер қойнауы участкесі бойынша аукцион өткізілген жағдайда, аукцион өткізу туралы хабарламада:

1) егер жер қойнауы участкесі көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға берілген болса:

сенімгерлік басқарушыға сенімгерлік басқару шартына сәйкес келтірілген шығындарды өтеу мөлшері мен мерзімдерінің шарттары, сондай-ақ осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, оған сыйақы төлеу;

осы Кодекстің 107-бабы 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілген мүліктің құнын бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға өтеу мөлшері мен мерзімдерінің шарттары;

2) осы Кодекстің 119-бабының 19-тармағында көзделген жағдайларда – бұрынғы жер қойнауын пайдаланушының өндіруге және бағалауға кеткен шығындарын өтеу мөлшері мен мерзімдерінің шарты;

3) осы Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда – бұрынғы жер қойнауын пайдаланушының қамтамасыз ету мөлшері туралы мәлімет қамтылуға тиіс.

4. Аукционға қатысуға өтініштерді беру үшін берілетін мерзім аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап екі айды құрайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**5-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 27.12.2017 № 125-VI  
Кодексімен.**

5. Аукционға қатысу жарнасының мөлшерін құзыретті орган аукционды дайындауға, өткізуге және қорытындыларын шығаруға арналған шығындар күнін негізге ала отырып, табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын үәкілетті органмен келісу бойынша айқындаиды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 27.12.2017 № 125-VI  
Кодексімен.**

6. Аукционға қатысу жарнасы көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторына төленеді және қайтарылуға жатпайды.

**Ескерту. 95-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **96-бап. Аукционға қатысуга арналған өтініш**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционға қатысуга мүдделі тұлға құзыретті органға осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес өтініш жібереді.

2. Аукционға қатысуга арналған өтініште:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

2) заңды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа заңдастырылған құжат), басшылар туралы мәлімет, өтініш иесін тікелей немесе жанама бақылайтын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер;

3) өтініш иесінің соңғы үш жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, өтініш иесінің бұрынғы қызметі туралы мәліметтер;

4) аукцион өткізу туралы хабарламада белгіленген жер қойнауы участкесінің аумағына нұсқау қамтылуға тиіс.

3. Өтінішке қосымша:

- 1) өтініш иесінің хабарламада көрсетілген жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарының орындалуын қамтамасыз ету міндеттемесі;
- 2) өтініш иесінің аукционға қатысу үшін жарна төлегендігі туралы құжат;
- 3) өтініш иесінің осы Кодекстің 93-бабында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 4) өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын, тиісінше куәландырылған құжаттар;
- 5) егер тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін мұндай тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат қоса беріледі.

4. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік занды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар өзге тілде, әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріліп жасалуына болады, олардың дұрыстығын нотариус куәландырады.

#### **97-бап. Аукционға қатысуға арналған өтінішті қарau тәртібі**

1. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционға қатысуға өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.
2. Өтінішті қарau нәтижелері бойынша құзыретті орган өтінішті қабылдайды және өтініш иесін аукционға қатысуға жібереді не оны қабылдаудан бас тартады.
3. Құзыретті орган мынадай жағдайларда, егер:
  - 1) өтініш аукционға қатысуға өтініш беру үшін берілген мерзімнен кеш берілген болса;
  - 2) өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сай келмесе;
  - 3) өтініш иесі осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;
- 4) өтініш бергенге дейін құзыретті орган үш жыл ішінде өтініш иесімен немесе өтініш иесін тікелей немесе жанама бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұлғамен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатса;
- 5) жер қойнауын пайдалануши болып табылатын өтініш иесінің құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған басқа келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзушылықтары жойылмаған болса;
- 6) бұрын өтініш иесі көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционның жеңімпазы болып айқындалса, бірақ қол қою бонусын төлемеген болса;

7) сұралатын жер қойнауы участкесі аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілмесе;

8) өтініш иесі анық емес мәліметтер ұсынса;

9) өтініш иесіне жер қойнауын пайдалану құқығын беру елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндірсе, оның ішінде келісімшарт шеңберінде құқықтар шоғырланған және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқықтары шоғырланған жағдайда, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

4. Осы баптың 3-тармағының 1), 3), 4), 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту өтініш иесін қайтадан өтініш беру құқығынан айырады.

5. Өтінішті қабылдаудан бас тарту, осы баптың 3-тармағының 9) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бас тарту себептерін көрсетуді қамтуға тиіс.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**98-бап. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия**

**ЗҚАИ-ның**

**есктрпесі!**

**1-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – КР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен.**

1. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторы қалыптастырытын электрондық аукциондар қорытындыларының тізілімдері негізінде көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін құрылған, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – КР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен.**

2. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия туралы ереже мен оның құрамын құзыретті орган бекітеді.

3. Комиссияны төраға басқарады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындаиды.

4. Комиссияның отырыстары, егер оларға комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқықты деп есептеледі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**  
**5-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен.**

5. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссияның негізгі міндеті электрондық аукциондар қорытындыларының тізілімі негізінде көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукционға қатысушылар арасынан женімпазды айқындау болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**  
**6-тармақ 01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен.**

6. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссияның:

- 1) аукцион женімпазын электрондық аукциондар қорытындыларының тізілімі негізінде тануға;
- 2) осы Кодексте белгіленген негіздер бойынша аукционды өткізбей тастауға немесе аукционды өтпеді деп тануға құқығы бар.

Ескерту. 98-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**  
99-баптың осы редакциясы 01.09.2020 дейін тоқтатыла турады – ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла туру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 4-т. қараңыз).

## **99-бап. Аукцион өткізу**

1. Егер осы Кодекстің 95-бабында көрсетілген мерзімдерде аукционға қатысуға бірде-бір өтініш берілмеген және (немесе) егер өтініштерді қарау қорытындылары бойынша аукционға қатысуға бірде-бір өтініш иесі (аукцион өткізуге өтініш берген тұлғадан басқа) жіберілмеген жағдайларда, көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия аукционға қатысуға өтініштерді беру үшін берілген мерзім аяқталған не аукционға қатысуға өтініштерді қарау аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аукционды өткізбеу туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда аукцион өткізуге өтініш берген тұлға қол қою бонусының бастапқы мөлшерін төлеген кезде аукцион

женімпазымен келісімшарт жасасу үшін осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен осындай тұлғамен жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалады.

Аукционды өткізбеу туралы ақпарат көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

2. Аукционға қатысуға жіберілген және көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторының интернет-ресурсында аукционға қатысушылар ретінде тіркелген өтініш иелері аукционға қатысады.

3. Аукцион аукционды өткізу туралы хабарламада көрсетілген күнге сәйкес күні өткізіледі.

4. Құзыретті орган аукцион өткізілетін күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын, аукционға қатысуға жіберілген өтініш иелеріне аукционның өткізілетін күні мен уақыты туралы хабарлайды.

5. Аукцион көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторының интернет-ресурсы пайдаланыла отырып, құзыретті орган айқындастын тәртіппен электрондық нысанда өткізіледі.

6. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторы:

- 1) құзыретті орган аукционға қатысуға жіберген өтініш иелерін тіркеуді;
- 2) электрондық аукциондардың сауда жүйесінде тіркеу үшін өтініш иелерінен құжаттарды қабылдауды;
- 3) электрондық аукциондардың сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқаулық жүргізуді;
- 4) аукционға қатысушылар үшін электрондық аукциондардың сауда жүйесіне қол жеткізуіндегі тең жағдайларын;
- 5) интернет-ресурсты пайдалана отырып, электрондық аукциондарды қашықтықтан өткізуіді;
- 6) электрондық аукциондар қорытындыларының тізілімін қалыптастыруды;
- 7) электрондық аукциондар қорытындыларының тізілімін интернет-ресурста жариялауды;
- 8) электрондық аукциондардың сауда жүйесінің тиісті жұмыс істеуі үшін техникалық құралдар кешенін, жүйелік және технологиялық бағдарламалық қамтылымды тұрақты жұмыс жағдайында ұстауды;
- 9) электрондық аукциондар өткізуіді регламенттейтін ішкі техникалық құжаттарды әзірлеу мен бекітуді;

10) электрондық аукциондар өткізу мәселелері бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасауды;

11) электрондық аукциондар өткізу туралы ақпаратты көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторының интернет-ресурсында орналастыруды;

12) электрондық аукциондар өткізу бойынша жаңа бағдарламалық қамтылымды әзірлеуді және (немесе) қолданыстағысын жаңғыртууды үйымдастыруды;

13) құзыретті орган айқындайтын тәртіппен электрондық аукциондарды өткізуді тоқтата тұруды, ауыстыруды немесе өткізбеуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 99-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **100-бап. Аукцион қорытындысын шығару және көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт жасау**

1. Қол қою бонусының неғұрлым жоғары мөлшерін ұсынған қатысушы аукцион жеңімпазы болады.

2. Аукцион нәтижелері ол өткізілген күні жарияланады және комиссияның барлық қатысқан мүшесі қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Хаттаманың көшірмесі аукцион жеңімпазына табыс етіледі.

Аукцион нәтижелері ол өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға туіс.

3. Аукцион жеңімпазы аукцион қорытындылары жарияланған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде:

1) қол қою бонусын төлейді;

2) құзыретті органға қол қою бонусын төлегенін растауды және құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге өз тарапынан қол қойылған келісімшартты жібереді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда, аукцион жеңімпазы барлау кезеңіндегі жұмыстардың көлемін, сипатын және орындалу мерзімдерін қамтитын және барлау кезеңінде жер қойнауы участкесіндегі жұмыс көлемдері мен түрлері бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес келетін жұмыс бағдарламасын қосымша әзірлейді және оны барлауға және өндіруге келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса береді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартта ұзақтығы аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген барлау кезеңі белгіленеді. Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшартта ұзақтығы аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген дайындық кезеңі белгіленеді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта оның ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Кодекстің 110-бабына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы участкесін белгілейтін келісімшартқа қосымша қамтылуға тиіс.

Егер аукционның женімпазы аукционға қатысуға өтініш беру кезеңінде жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту бойынша ең төмен міндеттемені ұсынған болса, ұсынылған міндеттемелер көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған немесе өндіруге арналған келісімшартта бекітіледі.

4. Құзыретті орган аукцион женімпазынан келісімшартты және қол қою бонусын төлегенін растауды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде онымен көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт жасасады және аукцион женімпазына оның қол қойылған бір данасын жібереді.

5. Егер аукцион женімпазы осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзім ішінде қол қою бонусын төлемесе және (немесе) өз тарапынан қол қойылған, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты құзыретті органға ұсынбаса, мұндай тұлға келісімшарт жасасу құқығынан айырылады, жер участкесі қайтадан аукционға шығарылады.

**Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **101-бап. Аукцион өтпеді деп тану тәртібі мен негіздері**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукцион, егер аукцион өткізілетін күні екіден кем қатысушы тіркелсе, өтпеді деп танылады және қайталама аукцион өткізілмейді.

Егер аукционға қатысушы ретінде тіркелген жалғыз тұлға аукцион өткізуге өтініш берген тұлға болып табылса, мұндай тұлғамен қол қою бонусының бастапқы мөлшерін осындай тұлға төлеген жағдайда, аукцион женімпазымен келісімшарт жасау үшін осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалады.

2. Аукционды өтпеді деп тану комиссияның барлық қатысқан мүшесі қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Аукционды өтпеді деп тану туралы

хабарландыру хаттама ресімделген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қазак және орыс тілдерінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

**Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **102-бап. Қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционды жарамсыз деп тану**

1. Қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған аукционды сот қатысушиның немесе құзыретті органның талап етуі бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. Мыналар аукционды жарамсыз деп тану үшін негіздер болып табылады:

1) осы Кодексте белгіленген, аукцион жеңімпазын айқындауға әсер еткен аукцион өткізу қағидаларын бұзу;

2) аукцион қорытындылары бойынша келісімшарт жасалған тұлғаның құзыретті органға мұндай тұлғаны аукционға жіберу туралы шешімге әсер еткен көрінеу анық емес мәліметтерді ұсыну фактісінің анықталуы.

3. Аукционға қатысуышылар аукционның нәтижелеріне оның нәтижелері жарияланған күннен бастап үш ай ішінде осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасауға құқылы.

4. Келісімшарт жасалғанға дейін аукционның жарамдылығына дау айттылған жағдайда, сот мәні бойынша шешім шығарғанға дейін келісімшартты жасасу мерзімі тоқтатыла тұрады.

5. Аукционды жарамсыз деп тану аукцион қорытындылары бойынша жасалған келісімшарттың жарамсыздығына алып келеді.

6. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша аукцион жарамсыз деп танылған жағдайда, мұндай аукционның жеңімпазы деп жарияланған тұлға төленген қол қою бонусын қайтаруды талап етуге құқылы.

**2-параграф. Қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын қемірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде беру**

## **103-бап. Қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын қемірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде беру шарттары**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласында қызметті жүзеге асыратын ұлттық басқарушы

холдингке тиесілі акционерлік қоғам көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания деп танылады.

2. Осы параграфта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодексте көзделген тәртіппен жалпы негіздерде көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге құқық алуға құқылы.

3. Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына енгізілген, шегінде жер қойнауын пайдалану құқығы көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға берілетін аумақта орналасқан жер қойнауы участкесі осындай ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер негізінде пайдалануға берілуі мүмкін.

4. Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына енгізілген, шегінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы аукцион негізінде берілетін аумақта орналасқан жер қойнауы участкесі көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның пайдалануына тікелей келіссөздер негізінде, тек мұдделі тұлға аукцион өткізуге өтініш бергенге дейін ғана берілуі мүмкін.

5. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде берілетін жер қойнауы участкесі бойынша көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге келісімшартты ұлттық компания дербес өзі де және сонымен бірге стратегиялық серіктесімен бірлесіп те жасауы мүмкін.

6. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания бекіткен және инвестициялық қаржыландыруды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алған құзыретті органмен келісілген тиісті талаптарға сай келетін заңды тұлға (заңды тұлғалар консорциумы) көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның стратегиялық серіктесі болып танылуы мүмкін.

7. Ұлттық компания немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы жер қойнауын пайдалану жөніндегі осындай ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлға мен стратегиялық серіктес арасында тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалу құқығын алу мақсаттары үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда жасалған бірлескен қызмет туралы шарт (келісім) және (немесе) қаржыландыру туралы келісім бойынша барлауды қаржыландыру инвестициялық қаржыландыру деп танылады. Ұлттық компания стратегиялық серіктесті көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты жасауға өтініш берілген кезде айқындаиды.

Бірлескен қызмет туралы келісімде стратегиялық әріптестің қол қою бонусын төлеу не ұлттық компания төлеген қол қою бонусының сомасын өтеу жөніндегі міндеттемесі көзделуге тиіс.

8. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде берілген жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзызы көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларға берілген жағдайды қоспағанда, келісімшарт тіркелген күннен бастап екі жыл ішінде беруге болмайды.

Бұл ретте мұндай заңды тұлға алған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) келісімшарт тіркелген күннен бастап екі жыл ішінде беруге құқылы емес.

#### **104-бап. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтініші**

1. Тікелей келіссөздер негізінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге жер қойнауы участекесін пайдалануға алуға ниеті бар көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания өзі үміткер болып отырған жер қойнауы участекесінің шекараларын көрсете отырып, құзыретті органға өтініш жібереді.

2. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға үміткер болған жағдайда, өтінішке барлау кезеңіндегі жұмыстардың көлемін, сипатын және орындалу мерзімдерін қамтитын және барлау кезеңінде жер қойнауы участекесіндегі жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша ең төмен талаптарға сәйкес келетін жұмыс бағдарламасын қоса береді.

3. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания стратегиялық серіктесті тартқан жағдайда өтініште:

1) стратегиялық серіктестің атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландастырып, басқа да заңдастырылған құжат), басшылар туралы, стратегиялық серіктесті тікелей немесе жанама бақылайтын заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер;

2) стратегиялық әріптес соңғы үш жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, оның бұрынғы қызметі туралы мәліметтер;

3) көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп

пайызы осындай ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлға мен стратегиялық әріптес арасында жасалған бірлескен қызмет туралы тиісінше куәландырылған келісім және (немесе) қаржыландыру туралы келісім қамтылуға тиіс.

4. Өтініш және оған қоса берілетін барлық құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания шетелдік заңды тұлға болып табылатын стратегиялық серіктесті тартқан жағдайда, мұндай құжаттар өзге тілде, әрбір құжатқа дұрыстығын нотариус куәландырган қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріле отырып, жасалуы мүмкін.

#### **105-бап. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер жүргізу тәртібі**

1. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер ұлттық компанияның уәкілетті өкілдері мен құзыретті органның жұмыс тобы арасында жүргізіледі. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын құзыретті орган бекітеді.

2. Тікелей келіссөздер құзыретті органға өтініш келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер жүргізу мерзімі құзыретті органның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. Тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша құзыретті орган келісімшарт жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда, оны қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде:

1) ұлттық компания немесе оның стратегиялық әріптесі тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша айқындалған қол қою бонусын төлейді;

2) ұлттық компания құзыретті органға қол қою бонусының төленгенін растауды және өз тарапынан қол қойылған (стратегиялық серіктес тартылған жағдайда – оның да тарапынан) құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған ұлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жібереді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда, ұлттық компания тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша айқындалған барлау кезеңіндегі жұмыстар көлемін, сипатын және орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыстар бағдарламасын қосымша әзірлейді

және осындай бағдарламаны барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса береді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартта тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша ұзақтығы айқындалатын барлау кезеңі белгіленеді.

Көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартта тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша ұзақтығы айқындалатын дайындық кезеңі белгіленеді.

Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта оның ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Кодекстің 110-бабына сәйкес ұлттық компания көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін белгілейтін келісімшартқа қосымша қамтылуға тиіс.

5. Құзыретті орган келісімшартты және қол қою бонусының төленгенін растауды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасайды және оның қол қойылған бір данасын (даналарын) ұлттық компанияға жібереді.

6. Келісімшартқа жұмыстар бағдарламасында ұлттық компания мәлімдеген міндеттемелердің қысқартылуын немесе алып тасталуын көздейтін қосымша келісімдерді жасауға тыйым салынады.

**3-параграф. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының тоқтатылуы**  
**106-бап. Құзыретті органның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуы**

1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған тиісті жобалау құжаттарынсыз көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілген;

3) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, осы Кодекстің 44-бабының 1-тармағының талаптары бұзылған жағдайларда тоқтатады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы белгіленген мерзімде мыналарды:

1) осы Кодекстің 133-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтардың біреуін;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген өзге де міндеттемелердің екіден көп бұзушылықтарын жоймаган кезде құзыретті орган

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, оның ішінде осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың қолданысын, егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участекінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушының әрекеттері үлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін өзгертуге алып келетін болса, біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Көрсетілген негіз бойынша келісімшарт қолданысы біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыны кемінде екі ай бұрын ескертуге туіс.

4. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участекінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушының әрекеттері үлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін өзгертуге алып келетін болса, құзыретті орган Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру мақсатында келісімшарттың, оның ішінде осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге құқылы.

Құзыретті орган, егер:

1) жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге өз келісімін жазбаша растамаса не осындай келіссөздер жүргізуден бас тартса;

2) келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге жер қойнауын пайдаланушының келісімі алғынған күннен бастап төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келісімге қол жеткізбесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру жөнінде келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде келісімшарт талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға тараптар қол қоймаса, жер қойнауын пайдалануға арналған мұндай келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

5. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын құзыретті орган бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуды жер қойнауын пайдаланушыға осындай келісімшарттың қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдалануши осындай хабарламаны алған күннен бастап екі ай өткен соң келісімшарт қолданысын тоқтатады.

6. Жер қойнауын пайдалануши жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын құзыретті органның мерзімінен бұрын тоқтатуның заңдылығына хабарлама алған күннен бастап екі ай ішінде сотта дау айтуға құқылы. Жер қойнауын пайдалануши сотқа жүгінген жағдайда, осы баптың 5-тармағында көрсетілген мерзім соттың шешімі күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

#### **107-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы участекелері және мұлік**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап осындай келісімшартта бекітілген жер қойнауы участекесі мемлекетке қайтарылған болып табылады.

2. Барлау кезеңі аяқталған күннен бастап барлау участекесі, участекені және өндіру кезеңін не дайындау кезеңін бекітуді көздейтін және осы Кодекстің 110-бабына сәйкес көмірсутектерді өндіру участекесін белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа тіркелген толықтыруда көрсетілген жер қойнауы участекесін қоспағанда, мемлекетке қайтарылған болып табылады.

3. Өндіру кезеңі аяқталған күннен бастап өндіру участекесі (участекелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта екі және одан көп өндіру участекесі бекітілсе, онда өндіру участекелерінің бірі бойынша өндіру кезеңі аяқталған кезден бастап, мұндай участеке мемлекетке қайтарылған болып табылады.

4. Жер қойнауы участекесіне (участекелеріне) қатысты жер қойнауын пайдалану құқығы қолданысы тоқтатылған кезде, құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыны мына шешімдердің бірі:

- 1) жер қойнауы участекесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою;
- 2) жер қойнауы участекесін кейіннен өзге тұлғага беру үшін оны консервациялауды жүргізу;
- 3) жер қойнауы участекесін көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беру туралы хабардар етеді.

## 5. Хабарлама мынадай жағдайларда және мерзімдерде:

1) өндіру кезеңі аяқталған соң жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда – осындай аяқталардан кемінде екі ай бұрын;

2) құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламамен бір мезгілде;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тараптардың келісімі бойынша бұзылған жағдайда – келісімшартты бұзу туралы келісімге қол қюмен бір мезгілде;

4) осы Кодекстің 119-бабы 16-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жасасудан бас тарту туралы хабарлама жіберумен бір мезгілде жіберіледі.

6. Құзыретті органның жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою не кейіннен оны өзге тұлғаға беру үшін жер қойнауы участкесіне консервациялау жүргізу шешімі туралы хабарламасын алған тұлға:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қаупімен байланысты операциялары қоспағанда, жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндettі. Мұндай операцияларды тоқтату хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуға тиіс;

2) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жою немесе консервациялау жобасы бекітілгеннен және олардың сараптамаларының он қорытындылары алынғаннан кейін дереу осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы участкесін консервациялау бойынша жұмыстарды бастауға міндettі;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы участкесінен өзі өндірген көмірсутектерді, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы. Көрсетілген мерзімде алып кетпеген жабдық пен өзге де мүлік осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жойылуға немесе консервациялауға жатады.

7. Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол осы баптың 6-тармағының 2) тармақшасында көзделген міндettерді орындаудан жалтарған жағдайда жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы участкесін консервациялау бойынша жұмыстардың жүргізілуі қамтамасыз ету қаржаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Құзыретті органның көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға жер қойнауы участкесін беру жөніндегі шешімі туралы хабарламаны алған тұлға:

1) хабарлама алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы участкесіндегі технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жабдықты және өзге де мүлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлікті бергенге дейінгі мерзімге көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беруге міндетті.

Бұрынғы жер қойнауын пайдалануши болмаған не ол көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға мүлікті беруден жалтарған жағдайда, құзыретті орган мұндай мүлікке қатысты оның сенім білдірілген тұлғасы ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы нұсқауды көздейтін тізбені қамтитын акт бойынша оны көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға береді;

2) хабарлама алған күннен бастап алты ай ішінде жер қойнауы участкесінен өзі өндірген көмісүтектерді, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, өзінің меншігі болып табылатын жабдықты және өзге де мүлікті аумақтан алып кетуге құқылы.

9. Осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда:

1) сенімгерлік басқарушы осы баптың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлікке бағалау жүргізуі ұйымдастырады;

2) осы баптың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлік жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалған күннен бастап жаңа жер қойнауын пайдаланушының меншігіне өтеді, ол аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген мерзімдерде осындай мүліктің құнын бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға төлейді.

10. Осы баптың 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда:

1) құзыретті орган осындай жер қойнауы участкесі бойынша көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге аукцион өткізеді;

2) құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым келісімі бойынша құқықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беру қажеттігі және осындай берудің мерзімдері туралы хабарлама жібереді;

3) бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы хабарламада көрсетілген мерзімдерде жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым келісімі бойынша құқықты жаңа жер қойнауын пайдаланушыға береді.

### **108-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кезде жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару**

1. Осы Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, құзыретті орган жер қойнауы участкесін кейіннен оны өзге тұлғага беру үшін көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға сенімгерлік басқаруға оны беру шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен осындай жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартын жасасады.

2. Жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленіп, жасалады және сенімгерлік басқарушыға:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге келісімшарт жасамай жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияны жүзеге асыру;

2) жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жер пайдалану құқығымен жер участкесін алу құқығын береді.

3. Сенімгерлік басқарушының жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқаруы кезінде шығарған және белгіленген тәртіппен расталған шығыстарын, шығарған шығыстардың қажеттігін растайтын құжаттарды ұсынған кезде, оны пайдаланудан түсken кірістер есебінен өтетуге құқығы бар.

Шығыстар осылай өтелген жағдайда, жаңа жер қойнауын пайдаланушы сенімгерлік басқарушының осы бапқа сәйкес бұрын өтелген шығындарын өтемейді.

Кіріс болмаған не ол жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстарды өтеу құрылтайшы (пайда алушы) есебінен жүзеге асырылады.

4. Сенімгерлік басқарушының шығыстарын өтеуге және сенімгерлік басқару шартын орындаумен байланысты салықтарды төлеуге жіберілген сомаларды қоспағанда, сенімгерлік басқарудан түсken кірістер сенімгерлік басқару шартының қолданылуын тоқтату нәтижелері бойынша құрылтайшыға (пайда алушыға) жіберіледі.

5. Жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шарты шенберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы Кодексте көзделген талаптар сақталмай жүзеге асырылады.

6. Сенімгерлік басқарушы жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартымен өзіне берілген өкілеттіктерді асыра пайдалана отырып немесе белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерден туындайтын міндеттемелер бойынша өз мүлкімен жауап береді.

7. Жер участкесі сенімгерлік басқарушыға жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартының қолданылу мерзіміне, бірақ ол жасалған күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге қайта ресімделеді.

### **109-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығына өндіріп алуды қолдану рәсімі**

1. Жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерге, оның ішінде кепіл кезінде өндіріп алу қолданылған жағдайларда, жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдаланудағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату), егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, жария сауда-саттық өткізу арқылы жүргізіледі.

Мұндай сауда-саттыққа қатысуға жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі сауда-саттықта қатысуға құзыретті органның рұқсатын алған тұлғалар жіберіледі.

Жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу (сату) жөніндегі жария сауда-саттыққа қатысуға ниеті бар тұлға құзыретті органға жария сауда-саттыққа қатысуға рұқсат беру туралы өтініш жібереді.

Өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалады, онда осы Кодекстің 45-бабында белгіленген мәліметтер қамтылуға тиіс.

Өтінішті осы Кодекстің 45-бабында белгіленген тәртіппен құзыретті орган қарайды.

Осы тармақтың ережелері банкроттық рәсімін жүзеге асыру кезінде мүліктік массаны өткізу жағдайлары үшін де қолданылады.

Сауда-саттық нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иелікten шығару жөніндегі мәмілелерді жария сауда-саттыққа қатысуга құзыретті органның рұқсатын алған тұлғамен жасасқан кезде жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді иелікten шығаруға құзыретті органның қосымша рұқсатын алу талап етілмейді.

2. Кепіл ұстаушының талаптарын кепілге қойылған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің құнынан қанағаттандыру сот тәртібімен жүргізіледі.

3. Кепілге қойылған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді өткізу бойынша сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған кезде кепіл ұстаушы құзыретті органның рұқсатымен кепілге қойылған мүлікті өз меншігіне айналдыруға (жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестін) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің иесі болуга) не жаңа сауда-саттық тағайындауды талап етуге құқылы.

4. Кепілге қойылған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар кепіл ұстаушы сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда құзыретті органға кепілге қойылған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесін), жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алуға рұқсат беру туралы өтініш жібереді.

Өтініш қазақ және орыс тілдерінде жасалады, онда осы Кодекстің 45-бабында көзделген мәліметтер қамтылуға тиіс.

Өтінішті құзыретті орган осы Кодекстің 45-бабында белгіленген тәртіппен қарайды.

5. Осы баптың ережелеріне қайшы келетін кепіл туралы шарттардың және өзге де келісімдердің талаптары маңыздырылған талаптар.

#### **16-ТАРАУ. КӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ҮШІН ЖЕР ҚОЙНАУЫ УЧАСКЕЛЕРИ**

#### **110-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы участекелері**

1. Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына қосылған жер қойнауы участекелері көмірсүтектердің барлау және өндіру немесе өндіру үшін:

1) аукцион өткізу арқылы;

2) тікелей келіссөздер негізінде көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияға берілуі мүмкін.

Сол бір жер қойнауы участекесі бір мезгілде көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған әртүрлі келісімшарт бойынша пайдалануда болмайды.

Бұл ретте жер қойнауы участеклерінің толық немесе ішінәра сәйкес келуіне жол беріледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді барлауға және өндірге немесе өндірге арналған келісімшартқа сәйкес көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы болатын жер қойнауы участексерінің кеңістікті шекаралары осындай келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада белгіленеді.

Аталған қосымшаны дайындау мақсаттары үшін:

1) көмірсүтектерді барлауға және өндірге немесе өндірге арналған келісімшарт бойынша көмірсүтектерді барлау немесе өндіру участексерінің бастапқы кеңістікті шекаралары мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдаламасына сәйкес айқындалады;

2) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау мақсатында көмірсүтектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау участексерінің (участеклерінің) кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған, табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау жөніндегі жұмыстарды көздейтін барлау жұмыстарының жобасына толықтыруға сәйкес айқындалады;

3) табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынамалап пайдалану мақсатында көмірсүтектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту кезінде барлау участексерінің (участеклерінің) кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған, сынамалап пайдалану жобасымен айқындалады;

4) көмірсүтектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі аяқталғаннан кейін өндіру участексерін (участеклерін) бекіту кезінде (жоғарғы шекараларын қоспағанда) көмірсүтектерді өндіру участексерінің (участеклерінің) кеңістікті шекаралары жер қойнауын пайдаланушы бекітken және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының он қорытындысын алған, геологиялық қорларды есептеу бойынша есеппен айқындалады;

5) көмірсүтектерді барлауға және өндірге немесе өндірге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауының бастапқы участексерін ұлғайту мақсатында сұралатын жер қойнауы участексерінің кеңістікті шекаралары жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органмен келісу (сұралатын жер қойнауы участексерінің жер қойнауын пайдаланудан бос болуы тұрғысынан) бойынша жер

қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжанатын контурын белгілейтін тиісті базалық жобалау құжатына толықтыруға сәйкес айқындалады;

6) осы Кодектің 114-бабына сәйкес мемлекетке қайтару арқылы жер қойнауы участкесі азайтылғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыда қалатын көмірсүтектерді барлау немесе өндіру участкесінің кеңістікті шекараларын жер қойнауын пайдаланушы айқындалады;

7) барлау немесе өндіру участкелерінің кеңістікті шекаралары осы Кодектің 115-бабына сәйкес көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауының участкесі бөлінген жағдайда (жер қойнауының негізгі және бөлінетін участкесі):

барлау участкесінің бір бөлігі бөлінген кезде – жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған, жер қойнауының негізгі және бөлінетін участкесінде табылған тиісті кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстар жүргізуі көздейтін барлау жұмыстарының жобасына толықтыруға сәйкес;

барлау участкесі немесе өндіру участкесі бөлінген кезде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген, одан бөліну жүргізілетін тиісті жер қойнауының участкелері бойынша деректер негізінде айқындалады.

Осы тармақтың 1) – 4), 6), 7) тармақшаларында көзделген жер қойнауы участкесінің (участкелерінің) кеңістікті шекаралары туралы ақпаратты құзыретті орган хабардар ету тәртібімен жер қойнауын зерделеу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

3. Басқа тұлғага тиесілі немесе оның пайдалануындағы жер участкесі шегінде орналасқан (ішінара орналасқан) жер қойнауы участкесі берілген жағдайда, жер қойнауы участкесінің жоғары кеңістікті шекарасы осындай жер участкесі шегінде осындай жер участкесінің жер бетінің ең төменгі нұктесінен отыз метр тереңдікте белгіленеді деп есептеледі.

4. Ішінара ерекше қорғалатын табиги аумақтар жерлерінің немесе су қоры жерлері аумақтарының шегінде орналасқан жер қойнауы участкесі берілген жағдайда, жер қойнауы участкесінің жоғары кеңістікті шекарасы осындай аумақтар шегінде осындай жер участкесінің жер бетінің ең төменгі нұктесінен отыз метр тереңдікте белгіленеді деп есептеледі.

5. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы бар өзге жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауы участкесінен төмен орналасқан (ішінара орналасқан) жер қойнауы участкесі берілген жағдайда, осындай жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауы участкесі аумағы шегінде берілетін жер қойнауы участкесінің жоғарғы кеңістікті шекарасы оның төменгі кеңістікті шекарасы бойынша айқындалады.

6. Осы Кодекстің 117-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша барлау кезеңі ұзартылған барлау участкелері үшін, сондай-ақ өндіру участкелері үшін табылған кенжатын (кенжатындар жиынтығы) немесе көмірсүтектер кен орындары жатқан терендікпен айқындалатын төменгі кеңістікті шекарасы белгіленеді.

7. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша барлау участкесі (участкелері) аумағының көлемін екі мың төрт жүз блоктан асыруға болмайды.

### **111-бап. Жер қойнауы участкесін беру**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап жер қойнауы участкесі жер қойнауын пайдаланушыға пайдалануға берілген болып табылады.

2. Көмірсүтектерін өндіруге келісімшарт жасасу немесе өндіру участкесі мен кезеңін не дайындық кезеңін бекітуді көздейтін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтырулар жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес оған қажетті жер участкесіне жер пайдалану құқығын беру үшін негіз болып табылады.

### **112-бап. Өзгерту ұғымы және түрлері**

1. Мыналар:

- 1) жер қойнауы участкесін ұлғайту;
- 2) жер қойнауы участкесін азайту;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша жер қойнауы участкесін (оның бір бөлігін) жер қойнауын пайдалануға арналған жаңа келісімшарт жасасу арқылы жүргізілетін олардың кеңістік шекараларының өзгерісі жер қойнауы участкелерін өзгерту болып табылады.

### **113-бап. Жер қойнауы участкесін ұлғайту**

1. Көмірсүтектерін барлауга және өндіруге немесе өндіруге келісімшарт бойынша жер қойнауы участкесін ұлғайту жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) жер қойнауын пайдаланушы болжамды контуры жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге

де заңдарында көзделген сараптаманың оң қорытындыларын алған базалық жобалық құжатта белгіленген жер қойнауы участкесінің шегінен шығып жатқан кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) тапқан;

2) сұралатын жер қойнауы участкесі көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдаланудан бос болған;

3) жер қойнауы участкелері жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған базалық жобалау құжатында белгіленген, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатқан блоктармен сұратылған;

4) жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болмаған кезде жүргізіледі.

## 2. Жер қойнауы участкесін ұлғайту туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі мен күні;

3) жер қойнауының бастапқы участкесін ұлғайту болжанатын, сұралатын жер қойнауы участкесіне нұсқау қамтылуға тиіс.

## 3. Өтінішке қосымша мыналар:

1) барлау участкесі ұлғайтылатын жағдайда – жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және сұралатын жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдаланушы орындауға міндеттенетін, өтініш иесі жер қойнауын пайдалану құқығын алу кезінде белгіленген барлау кезеңінде жер қойнауы участкесіндегі жұмыстар көлемі мен түрлері бойынша ең төмен талаптарға пропорционалды сәйкес келетін жұмыстардың көлемін, сипаттамасы мен мерзімін қамтитын қосымша жұмыстар бағдарламасы;

## 2) мыналарды:

жер қойнауы участкесін ұлғайтуды (келісімшартқа осы Кодекстің 110-бабына сәйкес жер қойнауы (ұлғайтылған) участкесін белгілейтін қосымша түрінде);

жер қойнауын пайдаланушының осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген және келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін, қосымша жұмыстар бағдарламасын орындауы жөніндегі міндеттемелерін көздейтін жер қойнауын пайдаланушы қол қойған келісімшартқа толықтыру қоса беріледі.

4. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган:

1) жер қойнауы участкесін ұлғайту немесе ұлғайтудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2) қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

5. Құзыретті орган:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталмаса жер қойнауы участкесін ұлғайтудан бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы участкесін ұлғайтудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

6. Құзыретті орган өтініш иесінен қол қою бонусының төленгенін растауды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

7. Жер қойнауы участкесін ұлғайту жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін, дайындық кезеңін немесе өндіру кезеңін ұлғайту үшін негіз болып табылмайды.

## **114-бап. Жер қойнауы участкесін азайту**

1. Көмірсутектерді барлау немесе өндіру кезеңі өткенге дейін кез келген уақытта жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының участкесін мемлекетке оның кез келген бөлігін қайтару арқылы бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) қайтарылатын жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстар осы Кодексте белгіленген тәртіппен қайтару күніне дейін аяқталған;

2) барлау участкесінің бөлігін қайтарған жағдайда – мұндай қайтару блоктармен жүзеге асырылған;

3) егер жер қойнауын пайдалану құқығына кепілмен ауыртпалық салынған болса, кепіл ұстаушының қайтаруға алдын ала келісімі болған кезде азайтуға құқылы.

2. Жер қойнауы участкесін азайту туралы өтініш:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауын;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күнін;

3) мемлекетке қайтару болжанатын жер қойнауы участкесіне (оның бөлігіне) нұсқауды;

4) жер қойнауын пайдаланушыда қалатын жер қойнауы участкесіне (учаскелеріне) нұсқауды қамтуға тиіс.

### 3. Өтінішке қосымша:

1) қайтарылатын жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісінің көшірмесі;

2) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған, осы Кодекстің 110-бабына сәйкес жер қойнауының азайтылған участкесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа толықтыру қоса беріледі.

4. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайту туралы шешім қабылдайды немесе оны азайтудан бас тартады.

5. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайтудан мынадай жағдайларда:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталмаса бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы участкесін азайтудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

6. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

7. Жер қойнауын пайдаланушының бүкіл жер қойнауы участкесін қайтаруы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тоқтатылуына алып келеді.

8. Осы баптың ережелері барлау участкесін:

1) барлау кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыруда белгіленген, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатқан блоктардан тұратын жер қойнауы участкесін (учаскелерін) бекітумен;

2) өндіру участкесін (учаскелерін) бекітумен байланысты азайту жағдайларына қолданылмайды.

## **115-бап. Жер қойнауы участкесін бөліп шығару**

1. Қемірсутектерді барлауга және өндірге немесе өндірге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауы участкесін бөліп шығару жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша мынадай жағдайларда:

1) барлау участкесінің бір бөлігін бөліп шығару – егер әрбір бөліктің шегінде осындай кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстарды көздейтін, жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыруда белгіленген, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатса;

2) барлау участкесін бөліп шығару – егер барлау мен өндіруге арналған келісімшартта әрбірінің шегінде кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстарды көздейтін жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыруда белгіленген, табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатқан екі немесе одан көп барлау участкелері бекітілсе;

3) өндіру участкесін бөліп шығару – егер барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартта кемінде бір барлау участкесі және кемінде бір өндіру участкесі бекітілсе;

4) өндіру участкесін бөліп шығару – егер барлауға және өндіруге арналған келісімшартта екі немесе одан көп өндіру участкесі бекітілсе жүргізіледі.

## 2. Бөліп шығару бір мезгілде мынадай шарттар сақталған:

1) осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін, одан жер участкесін бөліп шығару жүргізілетін барлауға және өндіруге арналған келісімшарт болған;

2) егер жер қойнауын пайдалану құқығына кепілмен ауыртпалық салынған болса, кепіл ұстаушының бөліп шығаруға алдын ала келісімі болған;

3) жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болмаған кезде жүргізіледі.

Осы баптың 1-тармағы 4) тармақшасының мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушымен үлестес болып табылмайтын тұлғаға бөліп шығарылатын участке бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығару жөніндегі міндеттеме өндіру участкесін бөліп шығарудың қосымша шарты болып табылады.

3. Жер қойнауы участкесін бөліп шығару ол жүргізілетін жер қойнауы участкесіне жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізумен және бөліп шығарылған жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған жеке келісімшарт жасаумен ресімделеді.

4. Бөліп шығарылған жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың барлау кезеңі, дайындық кезеңі немесе өндіру кезеңі мен өзге де шарттары бөліп шығару жүргізілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5. Жер қойнауы участкесін бөліп шығару туралы өтініш:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауын;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі мен күнін;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған жеке келісімшартқа бөлу болжанатын жер қойнауы участкесіне (оның бір бөлігіне) нұсқауды қамтуға тиіс.

6. Өтінішке қосымша:

1) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған, осы Кодектің 110-бабына сәйкес жер қойнауының азайтылған негізгі участкесін айқындастын аумақты белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа толықтыру;

2) осы баптың 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін, құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, өтініш иесі қол қойған көмірсүтектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт қоса беріледі.

7. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган жер қойнауы участкесін бөліп шығару туралы шешім қабылдайды немесе участкені бөліп шығарудан бас тартады.

8. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін бөліп шығарудан:

1) егер өтініш осы Кодекте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы бапта белгіленген шарттар сақталмаса бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы участкесін бөліп шығарудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

9. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін бөліп шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш иесімен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру және жер қойнауын пайдалануға бөлінген жер қойнауы участкесі бойынша жеке келісімшарт жасасады және өтініш иесіне олардың қол қойылған даналарын жібереді.

## **17-ТАРАУ. КӨМІРСҮТЕКТЕРДІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

### **116-бап. Көмірсүтектерді барлау кезеңі**

1. Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты жасасу кезінде барлау кезеңінің барынша ұзақтығы – қатар келетін алты жылдан, ал теңіздегі жер қойнауы участкесінде не көмірсүтектерді барлаудың курделі

жобалары бойынша тоғыз жылдан аспайды. Көрсетілген кезеңде жер қойнауын пайдаланушы барлау участекінде кен орындарын іздестіру және бағалау бойынша, сымамалап пайдалануды қоса алғанда, кез келген жұмысты жүргізуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін құзыретті орган аукцион өткізу туралы хабарламада не көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша белгілейді.

Осы Кодекстің 117-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген мерзімдер шегінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі тиісті жобалау құжаттары негізінде айқындалады.

2. Барлау кезеңі көмірсүтекті барлауға және өндіруге арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап есептеледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда барлық барлау участекін қайтару арқылы барлау кезеңін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

4. Осы Кодекстің мақсаттары үшін көмірсүтектерді барлаудың құрделі жобалары деп көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт шенберіндегі параметрлері мынадай:

1) бес мың метрден астам терендіктегі ұнғымаларды бұрғылау;

2) қабаттық флюидіндегі күкіртті сутек 3,5 және одан жоғары пайызда болатын;

3) аномальдық коэффиценті 1,5 және одан жоғары кенжатынының жиынтығының қабаттық қысымы аномальдық жоғары болатын жобалар танылады.

### **117-бап. Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін ұзарту**

1. Егер көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлаудың бастапқы кезеңі осы Кодекстің 116-бабының 1-тармағында көзделген мерзімдердің барынша жоғары мәндерінен төмен болса, барлау кезеңі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша осындай мерзімдер шегінде ұзартылуға жатады.

Егер көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі ішінде осы Кодекстің 116-бабының 4-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген мән-жай туындаса, барлау кезеңі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша теңіздегі жер қойнауы участекінде не көмірсүтектерді барлаудың құрделі жобалары бойынша барлау кезеңі үшін осы

Кодекстің 116-бабының 1-тармағында көзделген мерзімнің барынша жоғары мәні шегінде ұзартылуға жатады.

2. Табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын), оның сынамалап пайдаланылуын қоса алғанда, бағалау мақсатында көмірсутектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша әрбір табылған кенжатыны (кенжатындар жиынтығы) бойынша бір рет – үш жылға дейінгі, ал теңіздегі жер қойнауы участкесінде не көмірсутектерді барлаудың курделі жобалары бойынша алты жылға дейінгі мерзімге ұзартылуға жатады.

Бұл ретте мұндай ұзартуға жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыруда белгіленген табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатқан блоктардан тұратын жер қойнауы участкесі (учаскелері) бойынша ғана жол беріледі.

Осы тармаққа сәйкес барлау кезеңін (кезеңдерін) ұзарту нәтижелері бойынша көмірсутектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінің (кезеңдерінің) ұзақтығы – тоғыз жылдан, ал теңіздегі жер қойнауы участкесінде не көмірсутектерді барлаудың курделі жобалары бойынша он бес жылдан аспауға тиіс.

3. Сынамалап пайдалануды жүргізу мақсатында жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған сынамалап пайдаланылатын жобада табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжамды контуры жатқан блоктардан тұратын жер қойнауы участкесі (учаскелері) бойынша барлау кезеңі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша сынамалап пайдалану басталған күннен бастап үш жылға дейінгі мерзімге осы Кодекстің 119-бабының 1-тармағында көрсетілген өндіру кезеңінің барынша жоғары ұзақтығын тиісінше қысқартта отырып бір рет ұзартылуға жатады.

Барлау кезеңін (кезеңдерін) осы тармаққа сәйкес ұзарту нәтижелері бойынша көмірсутектерді барлауға және өндірге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңінің (кезеңдерінің) барынша жоғары ұзақтығы – он екі жылдан, ал теңіздегі жер қойнауы участкесінде не көмірсутектерді барлаудың курделі жобалары бойынша он сегіз жылдан аспауға тиіс.

4. Барлау кезеңін ұзарту туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға барлау кезеңі ішінде береді.

**5. Барлау кезеңін ұзарту туралы өтініште:**

- 1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;
- 2) көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;
- 3) барлау кезеңін ұзарту сұралатын жер қойнауы участкесіне (учаскелеріне) нұсқау;
- 4) барлау кезеңін ұзартудың негізі мен сұралатын мерзімі;
- 5) тиісті жобалау құжаттары негізінде айқындалған барлау кезеңін ұзартудың сұралатын мерзімі қамтылуға тиіс.

**6. Өтінішке қосымша:**

1) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауын пайдаланушы барлау кезеңі ұзартылған жағдайда жер қойнауының тиісті участкесінде орындауға міндеттенетін қосымша жұмыстардың көлемдерін, сипатын және орындалу мерзімдерін қамтитын қосымша жұмыстар бағдарламасы;

2) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған келісімшартқа:

барлау кезеңін ұзартуды;

осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда – тереңдігі бойынша барлау участкесінің (учаскелерінің) шекараларын белгілеуді қоса алғанда, шенберінде табылған кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) болжанатын контурлары жатқан блоктардан тұратын барлау участкесін (учаскелерін) осы Кодекстің 110-бабына сәйкес белгілейтін келісімшартқа қосымшаны;

осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген және келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілген қосымша жұмыстар бағдарламасын орындау бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттерін көздейтін толықтыру;

3) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайда – табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстарды көздейтін, жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасына толықтыру;

4) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайда – жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған сынамалап пайдалану жобасы қоса беріледі.

7. Егер құзыретті орган жер қойнауы участкесі бойынша өтінішті қарау кезеңінде өтініште көрсетілген барлау кезеңі аяқталса, көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт мұндай жер қойнауы участкесіне қатысты өтінішті қарау кезеңінде әрекет етуін жалғастырады.

8. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган барлау кезеңін ұзарту туралы шешім қабылдайды немесе оны ұзартудан бас тартады.

9. Құзыретті орган барлау кезеңін ұзартудан мына жағдайда:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы баптың 1 – 3-тармақтарында көзделген барлау кезеңін ұзарту үшін негіздер жоқ болса;

3) жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болса, бас тартады.

Құзыретті органның барлау кезеңін ұзартудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны барлау кезеңі ішінде қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

10. Құзыретті орган ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа тиісті толықтыруды жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

11. Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт шеңберінде барлау кезеңі аяқталған жағдайда өндіру участкесі мен өндіру кезеңі не дайындық кезеңі бекітілмеген болса, мұндай келісімшарттың қолданысы тоқтатылады.

## **118-бап. Дайындық кезеңі**

1. Көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша барлау кезеңі аяқталғаннан кейін және өндіру кезеңі бекітілгенге дейін жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша өндіру участкесін (учаскелерін) және дайындық кезеңін (дайындық кезендерін) бекітуге жол беріледі.

Көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарттар бойынша оларды жасасу кезінде өндіру участкесі және дайындық кезеңі бекітіледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушы дайындық кезеңі ішінде:

1) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген кен орнын әзірлеу жобасының сараптамасын әзірлеуге, бекітуге және жүргізуге;

2) қажет болған кезде – көмірсүтегі кен орнын жайластыруды;

3) осындай кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі өндіру қолемінен аспайтын қолемде көмірсүтектерді өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы, өзінің технологиялық қажеттіліктеріне тұтынатын немесе осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жағылатын көмірсүтектерді қоспағанда, өзіне тиесілі көмірсүтектерді толық қолемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетті.

3. Дайындық кезеңінің ұзақтығы осы Кодекстің 119-бабының 1-тармағында көрсетілген өндіру кезеңінің барынша ұзақтығы тиісінше қысқартылып үш жылдан аспайтын уақытты құрайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша дайындық кезеңін жер қойнауын пайдаланушы өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекіту туралы өтініште өзі дербес айқындаиды, ал көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша құзыретті орган аукцион өткізу туралы хабарламада не көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша белгілейді.

4. Жер қойнауын пайдалануышының геологиялық қорларды есептеу бойынша есепке қатысты жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының он қорытындысын алуды көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекітудің міндетті шарты болып табылады.

5. Өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекіту туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға барлау кезеңі ішінде береді.

Егер құзыретті органның өтінішті қарауы кезеңінде өтініште көрсетілген жер қойнауы участкесі бойынша барлау кезеңі аяқталса, онда көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарт өтінішті қарау кезеңінде осындай жер қойнауы участкесіне қатысты қолданылуын жалғастырады.

6. Өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекіту туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдалануышының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру участкесіне (учаскелеріне) нұсқау;

4) дайындық кезеңінің ұзақтығы қамтылуға тиіс.

7. Өтінішке қосымша:

1) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған дайындық кезеңін (дайындық кезеңдерін) бекітудің көздейтін және осы Кодекстің 110-бабына сәйкес өндіру

учаскесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтитын келісімшартқа толықтыру;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекітken және жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды есептеу бойынша есеп қоса беріледі.

8. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекіту туралы шешім қабылдайды немесе мұндай бекітуден бас тартады.

10. Құзыретті орган:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) жер қойнауын пайдаланушиның құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болса, өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекітуден бас тартады.

Құзыретті органның өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекітуден бас тартуы жер қойнауын пайдаланушины барлау кезеңі ішінде қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

11. Құзыретті орган өндіру участкесін және дайындық кезеңін бекіту туралы шешім қабылдаған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа тиісті толықтыру жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

12. Көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт шенберінде дайындық кезеңі аяқталған кезде өндіру кезеңі бекітілмеген жағдайда, мұндай келісімшарттың қолданысы тоқтатылады.

## **119-бап. Көмірсутектерді өндіру кезеңі**

1. Өндіруге арналған келісімшарт немесе өндіру кезеңін бекітуді көздейтін барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыру жасау кезінде өндіру кезеңінің барынша ұзақтығы – жиырма бес жылдан, ал ірі және бірегей кен орындарында қырық бес жылдан аспайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімдер шегінде көмірсутектерді өндіру кезеңі жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын әзірлеудің бастапқы жобасы негізінде айқындалады.

Кен орнын әзірлеу жобасында көмірсүтектерді рентабельді өндіру мерзімін кейіннен өзгерту жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өндіру кезеңін тиісінше өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

3. Жер қойнауы участкесіндегі өндіру кезеңі көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт не өндіру кезеңін бекітуді көздейтін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыру тіркелген күннен бастап есептеледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және шарттарда бүкіл өндіру участкесін қайтару арқылы өндіру кезеңін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

5. Егер көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған бір келісімшарт шеңберінде көмірсүтектер кен орындарының бірнешеуі ашылған болса, онда олардың әрқайсысына келісімшартта жеке участке және өндіру кезеңі бекітіледі.

Бұл ретте, жер қойнауы участкелерінің бірі бойынша өндіру кезеңі өткен жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт өз қолданысын қалған жер қойнауы участкелеріне қатысты ғана жалғастырады.

6. Егер өндіру участкесі (участкелері) келісімшартта барлау кезеңі аяқталғанға дейін бекітілсе, онда жер қойнауын пайдалануышының осы Кодексте және өндіру кезеңіне арналған келісімшартта көзделген құқықтары мен міндеттері – өндірудің осындай участкесіне (участкелеріне) қатысты, ал жер қойнауын пайдалануышының осы Кодексте және барлау кезеңіне арналған келісімшартта көзделген құқықтары мен міндеттері тек барлау участкесіне қатысты ғана қолданылады.

7. Егер есептеу бойынша есеп осы Кодексте көзделген жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған көмірсүтектер кен орнының бастапқы геологиялық қорларының көлемдері жүз миллион тонна мұнай немесе елу миллиард текше метр табиғи газ мәнінен асатын болса, осындай кен орнына қатысты барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың ережелерінде жер қойнауын пайдалануышының мынадай міндеттемелерінің бірі қамтылуға тиіс:

1) жаңа занды тұлға құру арқылы дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп қайта өндеу өндірістерін құру;

2) жұмыс істеп тұрған өндіру өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;

3) жұмыс істеп тұрған қайта өндеу өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;

4) өндірілетін көмірсүтектерді қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы қайта өндеу кәсіпорындарына (өндірістеріне) шарттық талаптармен беру;

5) жаңа занды тұлға құру арқылы өзі дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп өзге инвестициялық жобаны немесе өнірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған жобаны іске асыру.

8. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға өндіру участекесін және өндіру кезеңін бекіту туралы өтінішті барлау кезеңі ішінде береді.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға өндіру кезеңін бекіту туралы өтінішті дайындық кезеңі ішінде береді.

Егер құзыретті органның өтінішті қарауы кезеңінде өтініште көрсетілген жер қойнауы участекесі бойынша барлау кезеңі немесе дайындық кезеңі аяқталса, онда келісімшарт осындай жер қойнауы участекесіне қатысты – өтінішті қарау кезеңінде, ал осы баптың 12-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда осы баптың 15 – 18-тармақтарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру кезеңінде қосымша қолданылуын жалғастырады. Бұл ретте осындай жер қойнауы участекесінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

9. Өндіру участекесі мен кезеңін немесе тек қана өндіру кезеңін бекіту туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдалануышының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру участекесіне (учаскелерін ) нұсқау;

4) өндіру кезеңінің (кезендерінің) ұзактығы қамтылуға тиіс.

10. Өтінішке қосымша:

1) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, участекені (учаскелерді) және өндіру кезеңін (кезендерін) немесе өндіру кезеңін (кезендерін) бекітуді көздейтін, жер қойнауын пайдаланушы қол қойған келісімшартқа толықтыру қоса беріледі. Бұл ретте өндіру участекесін (учаскелерін) бекіту мақсатында келісімшартқа толықтыруды осы Кодекстің 110-бабына сәйкес өндіру участекесін (учаскелерін) белгілейтін келісімшартқа қосымша қамтылуға тиіс;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекітken және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған геологиялық қорларды есептеу бойынша есеп (есептер);

3) жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын әзірлеу жобасы қоса беріледі.

11. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган мынадай шешімдердің бірін:

1) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өндіру учаскесін және кезеңін немесе тек қана өндіру кезеңін бекіту туралы шешімді;

2) осы баптың 7-тармағында көзделген жағдайда осы бапта көзделген мерзімде және тәртіппен жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жүргізу туралы шешімді;

3) өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітуден бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

13. Құзыретті орган:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес болмаса;

2) жер қойнауын пайдаланушиның құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болса, өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітуден бас тартады.

Құзыретті органның өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітуден бас тартуы жер қойнауын пайдаланушины тиісінше барлау кезеңі немесе дайындық кезеңі ішінде қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

14. Осы баптың 12-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда құзыретті орган өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін бекіту туралы шешім қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

15. Осы баптың 12-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда құзыретті орган осындай шешім қабылданған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде жер қойнауын пайдаланушымен осы баптың 7-тармағында көзделген міндеттемені орындау шарттары мен тәртібін айқындау бойынша келіссөздер жүргізеді.

16. Келіссөздер жүргізу нәтижелері бойынша құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде:

1) өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін, сондай-ақ осы баптың 7-тармағында көзделген міндеттемені орындау шарттары мен тәртібін бекітуді көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыруды жасау туралы;

2) келісімшартқа толықтыру жасасудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды және бұл туралы жер қойнауын пайдаланушины хабардар етеді.

17. Осы баптың 16-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде құзыретті органға өз тарапынан қол қойылған өндіру учаскесін және кезеңін немесе өндіру кезеңін бекітуді, сондай-ақ осы баптың 7-тармағында көзделген міндеттемені орындау шарттары мен тәртібін көздейтін көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруды жібереді. Бұл ретте, өндіру учаскесін бекіту мақсатында осы Кодекстің 110-бабына сәйкес келісімшартқа толықтыру өндіру учаскесін белгілейтін келісімшартқа қосымшаны қамтуға тиіс.

18. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыруды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде мұндай толықтыруға қол қояды және жер қойнауын пайдаланушыға оның қол қойылған бір данасын жібереді.

19. Осы баптың 16-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін бұрынғы жер қойнауын пайдаланушының табуға және бағалауға жұмсалған шығындарын өтетуге құқығы бар.

Мұндай өтеуді жаңа жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпаратының негізінде айқындалатын инфляцияны ескере отырып, тиісті шығындардың толық сомасын бір уақытта төлеу тәртібімен жүзеге асырады.

Мұндай шығындарды өтеу мерзімін құзыретті орган белгілейді және жаңа жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарт жасасқан күннен бастап он екі айдан аспауға тиіс.

Жаңа жер қойнауын пайдаланушы өзі өтейтін шығындардың аудитін жүргізуге құқылы. Өтелетін шығындардың мөлшері туралы жаңа және бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы арасында дау туындаған жағдайда, мұндай дау сот тәртібімен шешілуге тиіс.

## **120-бап. Көмірсүтектерді өндіру кезеңін ұзарту**

1. Өндіру кезеңін құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша қатарынан келетін жиырма бес жылға дейінгі кезеңге ұзартады.

2. Өндіру кезеңін ұзарту туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға ұзартылатын өндіру кезеңі аяқталардан кемінде алты ай бұрын, ал осы баптың 5-тармағында көрсетілген кен орындары бойынша ұзартылатын өндіру кезеңі аяқталарға дейін жиырма төрт айдан кешіктірмей береді.

3. Өндіру кезеңін ұзарту туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күеландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) көмірсугекті барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру кезеңін ұзарту сұралатын жер қойнауы участкесіне (учаскелеріне) нұсқау;

4) өндіру кезеңін ұзарту сұралатын мерзім қамтылуға тиіс.

4. Өтінішке қосымша:

1) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауын пайдаланушы өндіру кезеңі ұзартылған жағдайда жер қойнауы участкесінде орындауға міндеттенетін жұмыстар көлемін, сипатын және орындау мерзімін қамтитын жұмыс бағдарламасы;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған өндіру кезеңін ұзарту мерзімі ішінде кен орнын әзірлеуді көздейтін кен орнын әзірлеудің жобасы қоса беріледі.

5. Егер есептеу бойынша есеп осы Кодексте көзделген жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының он қорытындысын алған көмірсугектер кен орнының бастапқы геологиялық қорлары жүз миллион тонна мұнай немесе елу миллиард текше метр табиғи газ мәнінен асатын болса, өндіру кезеңін ұзарту кезіндегі келісімшарттың ережелері осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көрсетілген міндеттемелердің бірімен толықтырылуға тиіс.

Егер мұндай кен орнына қатысты жер қойнауын пайдалану құқығы басқа тұлғага берілсе, онда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көрсетілген міндеттемелердің бірі қосылады.

6. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап – екі ай ішінде, ал осы баптың 5-тармағында көрсетілген кен орындары бойынша жиырма төрт ай ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган ұзарту туралы шешім қабылдайды немесе мұндай ұзартудан бас тартады.

7. Құзыретті орган:

1) егер өтініш осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімнен кеш берілсе;

2) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес болмаса;

3) егер кен орнын әзірлеу жобасында өтініште сұралатын мерзімнен аз мерзімде әзірлеу көзделсе;

4) жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болса;

5) құзыретті органның келісімшартты ұзартуға ниеті болмаған, оның ішінде, жер қойнауын пайдаланушының қосылған құны жоғары өнім (неғұрлым жоғары қайта жасалған және қайта өндірілген) өндіруді көздейтін индустриялық-инновациялық жобаны не осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделгендерді қоса алғанда, өзге де инвестициялық міндеттемелерді іске асыру бойынша міндеттемелер қабылдау жөнінде онымен келісімге келмеген жағдайда, өндіру кезеңін ұзартудан бас тартады.

Осы тармақтың 1) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, құзыретті органның өндіру кезеңін ұзартудан бас тартуы өтініш иесін қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

8. Өндіру кезеңін ұзарту өтініште көрсетілген жер қойнауы участкесі (учаскелері) бойынша ғана жүргізіледі.

9. Егер келісімшарт құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған үлгі келісімшартқа сәйкес келсе, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде өндіру кезеңін ұзартуды және жер қойнауын пайдаланушының осы баптың 4-тармағында 1) тармақшасында көрсетілген және келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін жұмыс бағдарламасын орындау жөніндегі міндеттін көздейтін көмірсутектерді барлауға және өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартқа толықтыру жасалады.

10. Егер келісімшарт құзыретті орган бекітетін көмірсутекті барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келмесе, өндіру кезеңін ұзарту кезінде жер қойнауын пайдаланушы мен құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде көмірсутектерді өндіруге үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

11. Егер келісімшарт шенберінде көмірсутектерді өндіру кезеңі кемінде жиырма жыл мерзімге белгіленсе, онда өндіру кезеңі ұзартылған кезде келісімшарт талаптары Қазақстан Республикасының осындай ұзарту күніне қолданыста болатын заңнамасына сәйкес келтірілуге тиіс.

#### **18-ТАРАУ. КӨМІРСУТЕКТЕРДІ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ШАРТТАРЫ**

**121-бап. Көмірсутектерді барлаудың және өндірудің жалпы шарттары**

1. Коллектор-жыныста және өткізбейтін жыныстар жапқыштарында түзілген тұтқыштағы көмірсүтектердің табиғи оқшау жинақталуын қамтитын жер қойнауының бір бөлігі көмірсүтектер жатыны деп танылады.

2. Есептеу бойынша есеп осы Кодексте көзделген жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған бірыңғай құрылымдық элементпен бақыланатын және жергілікті бір алаңда орналасқан, бір немесе бірнеше тұтқыштарға жататын кенжатын немесе кенжатындар жиынтығы көмірсүтектер кен орны деп танылады.

3. Ұңғымадан көмірсүтектердің ағымын құжатпен растау арқылы алу, оның ішінде қабатты сынағышпен сынамалау жүргізген кезде және (немесе) мұнайгаздың мол болуына коллектор-жынысты зертханалық зерттеу кезінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімде растаған жаңа кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) ашылуы табу болып табылады.

4. Көмірсүтектер кенжатындарын іздеустірмен және бағалаумен байланысты, олардың сынамалап пайдаланылуын қоса алғандағы жұмыстар кешені көмірсүтектерді барлау деп танылады.

5. Көмірсүтектер кенжатындарын табу, олардың болжамдық ресурстарын айқындау, алдын ала геологиялық-экономикалық бағалау және одан арғы геологиялық барлау жұмыстарын негіздеу мақсатында жүргізілетін жұмыстар іздестіру жұмыстары деп танылады.

6. Табылған кенжатынды контурлау және бағалау, өнеркәсіптік санаттар бойынша қорларды есептеу және оларды өнеркәсіптік әзірлеуге тарту орындылығын бағалау мақсатында жүргізілетін жұмыстар бағалау жұмыстары деп танылады.

7. Қабаттар мен кенжатынның, кен орнын әзірлеу жобасын жасау үшін ұңғымаларды кешенді геологиялық-геофизикалық және гидродинамикалық зерттеудің геологиялық-кәсіпшілік сипаты туралы қолда бар ақпаратты нақтылау және қосымша ақпарат алу мақсатында жүргізілетін жұмыстар сынамалап пайдалану деп танылады. Сынамалап пайдалану ұңғымалар мен көмірсүтектерді өндіруді зерттеу мақсаттарында уақытша пайдалануды қөздейді.

8. Жер қойнауынан көмірсүтектерді жердің бетіне шығарумен байланысты жұмыстар кешені көмірсүтектерді өндіру деп танылады.

9. Көмірсүтектерді барлау және өндіру немесе өндіру жөніндегі операциялар жүргізу үшін жер қойнауының жекелеген участкерлерін пайдалану ұлттық қауіпсіздікті, халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету

және қоршаған ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

10. Елді мекендердің, қала маңындағы аймақтардың, өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінің аумақтарында көмірсутектерді барлау және өндіру немесе өндіру жөніндегі операциялар жүргізу үшін жер қойнауын пайдалануға, егер мұндай пайдалану адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі, шаруашылық объектілеріне немесе қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ішінара немесе толық тыйым салынуы мүмкін.

11. Сынамалап пайдалануды қоса алғанда, іздестіру және бағалау жұмыстарын, сондай-ақ көмірсутектер кен орындарын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларында белгіленеді.

12. Көмірсутектерді өткізуге арналған көлік шығыстары мен шығындарды шегергенде, жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде мәміле жасау күніне қалыптасқан қолданатын бағадан аспайтын баға бойынша, көмірсутектерді сатып алуға басқа тұлғалар алдында Қазақстан Республикасының басым құқығы болады.

Жер қойнауын пайдаланушы мәміле жасау кезінде қолданатын көмірсутектер бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда, көмірсутектерді өткізуге арналған көлік шығыстары мен шығындарды шегергенде, көмірсутектерді мемлекеттің сатып алуы бойынша мәміле жасалған күнге әлемдік нарықта қалыптасқан бағадан аспайтын баға қолданылады.

Сатып алынатын көмірсутектердің шекті көлемі және төлем түрі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалады.

13. Қазақстан Республикасының көмірсутектерді сатып алуға арналған басым құқығын іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

14. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесіне) ауыртпалық салу, сондай-ақ осы Кодексте тыйым салынбаған, көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие тұлға тікелей немесе жанама бақылайтын ұйымдардың акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) ауыртпалық салу осы Кодекстің 45-бабында белгіленген тәртіппен беріletін құзыретті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

15. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге қойып алынған қарызды жер қойнауын пайдалану не жер қойнауын пайдалануға

арналған келісімшартта көзделген Қазақстан Республикасының аумағында кейіннен қайта бөлу ұйымдастыру мақсатында жер қойнауын пайдаланушының өзі немесе жарғылық капиталында жер қойнауын пайдаланушының жүз пайыз қатысу үлесі бар еншілес ұйым пайдалануға тиіс.

16. Көмірсутектер саласындағы ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуы бар келісімшарттарда оператордың жарғылық капиталында ұлттық компанияның қатысу үлесі бастапқыда кемінде елу пайызды құрауға тиіс.

Оператордың жарғылық капиталында ұлттық компанияның қатысу үлесінің көрсетілген мөлшері кейіннен жер қойнауын пайдаланушылар келісімшарт бойынша қабылдайтын шешімдерге ұлттық компания өз бақылауын сақтаған жағдайда төмендетілуі мүмкін.

17. Ұңғымаларды пайдалану, оның ішінде барлау кезінде пайдалану және геологиялық-техникалық іс-шараларды орындау құжаттандыруға жатады. Құжаттаманы жер қойнауын пайдаланушы өндіру кезеңі аяқталғанға дейін сақтайды.

## **122-бап. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, көмірсутектерді барлау және өндеу кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

1. Мыналар:

1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;

2) жоғарғы технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың он практикасы негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық жағынан тиімді пайдалану;

3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау көмірсутектерді барлау мен өндеуді жүргізудің міндетті шарттары болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын, ұтымды, қауіпсіз, қажетті және экономикалық тиімді болып табылатын жалпы қабылданған халықаралық практика жер қойнауын пайдаланудың он практикасы болып түсініледі.

2. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау:

1) халықтың өмірін және денсаулығын қорғауға;

2) табиғи ландшафттарды сақтауға және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге;

3) жер сілкінуді, көшкінді, су басуды, топырақтың шөгуін болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйінің қасиеттерін сақтауға;

4) су объектілерінің табиғи жай-күйін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа да іс-шараларды қамтиды.

### 3. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін көмірсутектер, кен орындары мен жер қойнауы участеклері қорларының ауқымы мен құрылымын дұрыс бағалау үшін жер қойнауын алдын ала геологиялық зерттеудің толықтығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды және экономикалық тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) жер қойнауынан пайдалы қазбалар алуштың толымдылығын қамтамасыз ету;

4) қорларды және өндірілген көмірсутектерді, ілеспе құрауыштарды анық есепке алушты жүргізу;

5) су жинау аландарында және ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жерасты сулары жинақталған жерлерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызыбау;

6) көмірсутектерді немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде жер қойнауының ластануын болғызыбау;

7) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұрудың, тоқтатудың, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюдың, жер қойнауы участеклерін консервациялаудың, сондай-ақ жекелеген технологиялық объектілерді жою мен консервациялаудың белгіленген тәртібін сақтау;

8) қалдықтарды жинап қою мен орналастыру кезінде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету;

9) шикі газды маңызды стратегиялық энергия көздерін не мұнай-химия өнеркәсібі үшін шикізат ресурстарын алу және қоршаған ортаға залалды барынша азайту мақсатында қайта өндеу арқылы оны барынша пайдалану көмірсутектерді барлау және өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар болып табылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар көмірсутектердің кен орындарын барлау және әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жобалау және жүргізу кезінде осы Кодексте белгіленген жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану және жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптарды орындауға міндетті.

5. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану бойынша осы Кодекске сәйкес белгіленген талаптардың бұзылуы салдарынан келтірілген залалдың

мөлшерін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен айқындайды.

6. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы участкесінің аумағындағы бұрын бұрғыланған барлық ұнғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

7. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының жай-күйіне мониторинг жүргізуді және кен орындарын әзірлеуге бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

### **123-бап. Көмірсүтектерді барлау шарттары**

1. Іздестіру және бағалау жұмыстары барлау жұмыстарының жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

2. Жер қойнауын пайдаланушы барлау кезеңінде және осы Кодексте белгіленген шектеулерді ескере отырып, барлау аумағында көмірсүтектерді барлау жөніндегі жұмыстардың кез келген түрін жүргізуге құқылы.

3. Көмірсүтектерді барлау жөніндегі жұмыстар жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына сәйкес барлау жұмыстары жобасында және (немесе) сынамалап пайдалану жобасында көзделген әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

4. Көмірсүтектерді барлау кезінде барлау жұмыстары жобасында және (немесе) сынамалап пайдалану жобасында көзделген ұнғымаларды бұрғылауға жол беріледі.

5. Жаңа кенжатынның (kenjatynndar жиынтығының) әрбір ашылуы кезінде жер қойнауын пайдаланушы осылай ашылған күннен бастап бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға табуда растау туралы өтінішті жібереді.

6. Табуды растау туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдаланышының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) ашық кенжатынның (kenjatynndar жиынтығының) орналасқан жеріне нұсқау қамтылуға тиіс.

7. Өтінішке табудың мынадай құжаттамалық растаулардың кем дегенде біреуі:

1) жер қойнауын пайдаланышының ұнғымадан көмірсүтектер ағынын алғанын, оның ішінде оны қабаттарды сынапышпен сынамалау жүргізген кездегі құжаттамалық растау;

2) кемінде отыз пайыз коэффициентті мұнаймен немесе газбен қаныққаның растайтын жыныс-коллекторын зертханалық зерттеудің тиісті түрде ресімделген нәтижелері қоса беріледі.

8. Отініш жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Отінішті қарау нәтижелері бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган табуды растау туралы шешім қабылдайды немесе растаудан бас тартады.

9. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган табуды растаудан:

- 1) өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 2) қоса берілген табуды құжаттамалық растау болмаған немесе анық болмаған жағдайда бас тартады.

10. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның табуды растаудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

11. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган табуды растиған күннен бастап бір ай ішінде бұл туралы құзыретті органды жазбаша хабардар етуге және бағалау бойынша жұмыстарды жүргізуі көздейтін барлау жұмыстары жобасына толықтыруларды әзірлеуді бастауға міндетті.

12. Барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) барлау жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын техникалық құралдардың зерттелетін жер қойнауын пайдалану объектісіне сәйкес онтайлы болуын;

2) жұмыстың барлық егжей-тегжейлерін, алынған зерттеу деректері мен нәтижелерінің геологиялық құжаттамада уақтылы және анық көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.

13. Барлау кезеңінде жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған сынамалап пайдалану жобасына сәйкес табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынамалап пайдалануды жүргізуге құқығы бар.

Сынамалап пайдаланудың ұзақтығы үш жылдан аспауға тиіс.

14. Жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне тұтынылатын немесе осы Кодекс талаптарына сәйкес жағылатын көмірсутектерді қоспағанда, өзіне тиесілі, барлау кезеңінде өндірілген көмірсутектерді толық көлемде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетті.

**124-бап. Көмірсутек кен орындарын жайластыру**

1. Кен орындарын жайластыру көмірсүтекті өндіру, дайындау, сақтау және өндіру және сақтау орнынан магистральдық құбырға және (немесе) көліктің басқа түріне аудару орнына дейін тасымалдау үшін қажетті кәсіпшілік және өзге де объектілерді салуды көздейді.

2. Кен орнын жайластыру сынамалап пайдалану жобасы және (немесе) кен орнын игеру жобасы негізінде әзірленген техникалық жобалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Көмірсүтек кен орындарын жайластыру объектілерін жобалау және салу кезінде осы объектілердің қауіпсіз жұмыс істеуі, ықтимал авариялық жағдайларды оқшаулау және мейлінше азайту бойынша шаралар сақталуға тиіс.

4. Жайластыру объектілерін салу кезінде оларды пайдалануға берудің жобалау құжаттарында белгіленген кезектілігі сақталуға тиіс.

## **125-бап. Көмірсүтектерді өндіру шарттары**

1. Көмірсүтектерді өндіру жөніндегі операциялар жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған кен орнын игеру жобасына, сынамалап пайдалану жобасына немесе игерудің талдауына сәйкес жүргізілуге тиіс.

2. Өндіру жер қойнауын пайдаланудың он практикасына сәйкес базалық жобалау құжаттарында көзделмеген көмірсүтектердің шығынын болдырмайтын әдістермен және тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

3. Көмірсүтектерді өндіру кезінде кен орнын игеру жобасында немесе игерудің талдауында көзделген ұнғымаларды бұрғылауға рұқсат етіледі.

4. Көмірсүтектерді өндіру жөніндегі барлық жұмыстар құжаттандыруға жатады.

5. Көмірсүтектерді өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) өндіруге қолданылатын техникалық құралдардың оңтайлылығы мен қауіпсіздігін;

2) көмірсүтектердің кен орындарын көмірсүтекті өндіру кезінде қыннатуға, көмірсүтектерді өндірудің экономикалық тиімділігін төмендетуге алыш келетін қауіпті техногендік процестердің болуынан қорғауды;

3) жер қойнауынан өндіріліп алынған және онда қалдырылатын көмірсүтектер қорларын, оларды қайта өндеу өнімдерін және өндіру кезінде пайда болатын өндіріс қалдықтарын дұрыс есепке алуды;

4) нормалар мен стандарттарды, қолданылатын өндіру әдістері мен тәсілдерін сақтауды;

5) су жинау аландарында және көмірсүтектер жатқан жерлерде қалдықтардың жиналуын болдырмау мақсатында көмірсүтектерді өндіру қалдықтарын және қайта өңдеу өнімдерін қоймаға жинап қою және орналастыру кезінде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындауды;

6) көмірсүтектерді кен орнын игеру жобасында көзделген тәртіппен алуды қамтамасыз етуге міндettі.

6. Көмірсүтектерді өндіру барысында алынатын құрауыштар, егер осы Кодексте немесе келісімшартта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

7. Көмірсүтектерді өндіру кезінде жерасты ілеспе суларын қосымша шығару арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар алмай жүзеге асырылады.

Қосымша өндіріліп алынған жерасты ілеспе суларын одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Көмірсүтектерді өндіру кезеңінде геологиялық құрылымдарды және көмірсүтектердің кен орны қорларын нақтылау мақсатында барлау участкесін жете зерттеуге (жете барлауға) жол беріледі.

9. Жете барлау жөніндегі жұмыстар кен орнын игеру жобасына сәйкес жүргізіледі.

Егер жер қойнауын пайдаланушы өндіру участкесінде жете зерттеу кезінде жаңа кенжатынды тапқан жағдайда, оны бағалау кен орнын игеру жобасына қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

10. Жер қойнауы участкесінде жаңа кенжатынды табу жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта барлау кезеңін және (немесе) өндіру кезеңін ұзартуды бекітіп беру үшін негіз болып табылмайды.

## **126-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындысын алған жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасына сәйкес жүргізіледі.

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау және өндіру кезіндегі консервациялау және жою қағидаларында белгіленеді.

2. Жер қойнауын пайдалану салдарын жою:

1) осы Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесінде;

2) жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 114-бабында көзделген тәртіппен мемлекетке қайтаруға ниет білдірген жер қойнауы учаскесінде (оның белгіліктерінде) жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда осындай жер қойнауы учаскесіне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасының сараптамаларын бекітуге және жүргізу үшін ұсынуға;

2) жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасында белгіленген мерзімде аяқтауға міндетті.

4. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою:

1) жер қойнауын пайдаланушы (тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға);

2) құзыретті органның өкілі;

3) қоршаған органды қорғау саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың және облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдері;

4) жеке меншіктегі немесе ұзак мерзімді жер пайдаланудағы жер учаскесінде жоюды жүргізген жағдайда, жер учаскесінің меншік иесі немесе жерді пайдаланушы жою актісіне қол қойған күннен бастап аяқталған болып есептеледі.

5. Егер жою актісіне қол қойылғаннан кейін тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға жою жобасын бұза отырып, жою жөніндегі жұмыстарды орындағаны не ол жойған (консервациялаған) ұнғыма сағасының бітеулігінің бұзылғандығы анықталған жағдайда, онда құзыретті орган мұндай тұлғаны анықталған бұзушылық, сондай-ақ оның мұндай бұзушылықты белгіленген мерзімде өз есебінен жоюға міндетті екендігі туралы жазбаша хабардар етеді.

Осы тармақтың бірінші белгінің ережелері жаңа жер қойнауын пайдаланушыға берілген жер қойнауы учаскелерінде бұзушылықтар анықталған жағдайларға қолданылмайды.

6. Тенізде көмірсүтектерді барлауды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушылардың орындауы банктік салым кепілімен қамтамасыз етіледі.

7. Барлау салдарын жою жөніндегі міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым, осындай жобалау құжатында көзделген операцияларды жүргізу басталғанға дейін көмірсүтектерді барлау салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құны негізінде барлау жұмыстары жобасында айқындалған сома мөлшеріндегі ақшалай жарна арқылы қалыптастырылады.

Барлау жұмыстары жобасына барлау салдарын жою жөніндегі жұмыстардың құнын арттыруды көздейтін толықтыруды не сынамалап пайдалану жобасын бекітken жағдайда, тиісті қосымша сома осындай жобалау құжатында көзделген жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін енгізілуге тиіс.

8. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым кен орындарын игеру жобасында көмірсүтектерді өндірудің жоспарланған көлеміне пропорционалды айқындалған сома мөлшеріндегі ақшалай жарна арқылы қалыптастырылады.

9. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сомасы көмірсүтектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құны негізінде кен орындарын игеру жобасында айқындалады және игеруді талдау шенберінде үш жылда бір реттен сиретпей қайта есептеуге жатады.

Қайта есептеу нәтижелері бойынша не көмірсүтектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу процесінде қамтамасыз ету сомасы көмірсүтектерді өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құнының не жер қойнауы участкесінде накты орындалған жою жұмыстары құнының төмендеуіне мөлшерлес азайтуға түзетілуі мүмкін.

10. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарттың шарттары бойынша қалыптастырылған, кепілге қойылған банктік салым бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

11. Осы Кодекстің 128-бабына сәйкес жүзеге асырылатын ұнғымаларды жою көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жоюға жатпайды.

## **127-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауы участкесін консервациялау**

1. Жер қойнауы участкесін консервациялау жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған жер қойнауы участкесін консервациялау жобасына сәйкес жүргізіледі.

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауы участкесін консервациялау бойынша жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен көмірсүтектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қағидаларында белгіленеді.

2. Жер қойнауы участкесін консервациялау:

1) осы Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы участкесінде;

2) осы Кодексте көзделген жағдайларда көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатыла тұрған кезде жүргізіледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы (тиісті жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға):

1) жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған не көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатыла тұрған күннен бастап екі ай ішінде осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген, жер қойнауы участкесін консервациялау жобасының сараптамаларын бекітуге және сараптамадан өткізу үшін ұсынуға;

2) консервациялау жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы участкесін консервациялауды аяқтауға міндетті.

4. Жер қойнауы участкесін консервациялау:

1) жер қойнауын пайдаланушы не тиісті жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға не жою жөніндегі оператор;

2) құзыретті органның өкілі;

3) қоршаған ортанды қорғау саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың және облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдері;

4) жеке меншіктегі немесе ұзак мерзімді жер пайдаланудағы жер участкесінде консервациялау жүргізілген жағдайда жер участкесінің меншік иесі немесе жерді пайдаланушы консервациялау актісіне қол қойған күннен бастап аяқталған болып есептеледі.

5. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауы участкесін консервациялау жөніндегі міндеттеме жер қойнауын пайдаланушының не жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның қаражаты есебінен, ал осы Кодекстің 107-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, міндеттемелер сомасы олар

орындалғаннан кейін жер қойнауын пайдаланушыға қамтамасыз ету қаражаты есебінен орны толтырылады.

## **128-бап. Технологиялық объектілерді консервациялау және жою**

1. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау немесе өндіру кезеңі өткенге дейін кез келген уақытта, құрылыштарды, жабдықтарды, ұнғымаларды және өзге де мүлікті қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жекелеген технологиялық объектілерді консервациялауды немесе жоуды жүргізуге құқылы.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі ішінде техникалық және (немесе) геологиялық себептер бойынша жоюға жататын және кен орындарын игеру жобасына сәйкес өзге де мақсаттарда пайдалануға болмайтын ұнғымаларды жоюға міндетті.

2. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, жою және консервациялау жоспарына сәйкес жою немесе консервациялау жүзеге асырылатын көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу кезінде консервациялау және жою қағидаларында көзделген ұнғымалардың жекелеген санаттарын қоспағанда, технологиялық объектілер жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған технологиялық объектілерді жою немесе консервациялау жобасына сәйкес жойылады немесе консервацияланады.

3. Технологиялық объектілерді консервациялау немесе жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қағидаларында белгіленеді.

4. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы учаскесін консервациялау шенберінен тыс жүргізіletтін, технологиялық объектілерді консервациялау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру осы Кодектің 107-бабы 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауын пайдаланушиның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою шенберінен тыс жүргізіletтін технологиялық объектілерді жою жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру жер қойнауын пайдаланушиның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## **129-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсүтектерді өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым және өнірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері**

1. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсүтектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсүтектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

3) алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша көмірсүтектерді өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

2. Өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамыту шығыстарын қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өнірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ осы мақсаттарда оның мемлекеттік бюджетке аударатын қаражаты жатады.

3. Белгіленген минимумнан асатын, осы баптың 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған қаржыландыру көлемі келесі жылы жер қойнауын пайдаланушының тиісті міндеттемелерін орындауы есебінен ескеріледі.

## **130-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың ішкі нарықты қамтамасыз ету саласындағы міндеттемелері**

1. Жер қойнауын пайдаланушылар өнім беру графиктеріне сәйкес ішкі нарықтағы мұнай өнімдеріне қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында өндеу үшін мұнай беруді, ал мұнай өндеу зауыттары авариялық жағдайға байланысты тоқтап қалған жағдайда, оның шегінен тыс жерде жүзеге асыруға міндетті.

Өнім беру графигін қалыптастыру көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы жеңіл көмірсүтектердің өндірілген үлкен фракциясын иеліктен шығаруға не процесингке беруге ниеттенген жағдайда, мұндай иеліктен шығаруды немесе процесингке беруді тек қана өндірістік қуаты Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан, сұйытылған мұнай газын өндірушілер жүзеге асыруға тиіс. Сұйытылған мұнай газын өндірушілердің тізбесін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Бұл ретте өндірістік қуаты Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, сұйытылған мұнай газын өндірушілерге иеліктен шығару немесе оны процесингке беру мүмкін болмаған жағдайда, мұндай жер қойнауын пайдаланушы жеңіл көмірсүтектердің үлкен фракциясын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

3. Осы баптың мақсаттары үшін жеңіл көмірсүтектердің үлкен фракциясы ретінде жеңіл (метан, этан, пропан, бутандар мен пентандар) және құрауыштарының сапалық және сандық құрамы бойынша ұлттық стандарттар талаптарына жауап беретін, тасымалдау және сақтау мақсатында сұйық күйге ауыстырылған біршама ауыр көмірсүтектердің қоспасы түсініледі.

**131-бап. Көмірсүтектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

1. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, оның ішінде мердігерлердің сатып алуы мынадай:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден сатып алу;
- 3) төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық);
- 4) тауар биржаларында сатып алу;

5) осы тармақта көрсетілген тәсілдерді қолданбай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілдерінің бірі арқылы жүзеге асырылады.

Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы пайдаланатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдер мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесі немесе

интернеттің қазақстандық сегментінде орналастырылған, жұмысы осындай тізілім жұмысымен үйлестірілген, электрондық сатып алудың өзге де жүйесін міндетті қолдану арқылы жүргізіледі.

Тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес бекітілетін биржалық тауарлар тізбесі және тауар биржалары арқылы өткізілетін, ұсынылатын тауарлар партияларының ең төмен мөлшері бойынша жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**131-баптың 1-тармағының төртінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодектің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық берушілерінің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында енбек қызметін жүзеге асыратын менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, қызметкерлерінің жалпы санының кемінде тоқсан бес пайызы Қазақстан Республикасының азаматтары болатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық берушілері болып танылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**131-баптың 1-тармағының бесінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодектің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында енбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік басшылар, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан көп болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде

пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) оның мердігерлері көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген жауаптылықта болады.

2. Көмірсүтектерге қатысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру тәртібін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Осы баптың мақсаттары үшін:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі деп жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды және олардың өндірушілерін бақылауға және мониторингтеуге, сондай-ақ электрондық сатып алуды жүргізу және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе түсініледі;

2) электрондық сатып алу жүйесі деп көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушы немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар) пайдаланатын электрондық ақпараттық жүйе түсініледі.

4. Көмірсүтектерге қатысты қазақстандық кадрларды және өндірушілерді қолдау саласындағы операторды көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган айқындайды және оператор:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық өндірушілерден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, қазақстандық кадрларды тарту, қазақстандық кадрларды оқыту, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, сондай-ақ көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану

жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің сатып алуы бойынша міндеттемелерін орындаудына мониторингті;

2) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізіліміне енгізу үшін оларды бағалау өлшемшарттарын қоса алғанда, аталған тізілімді жасауды және жүргізуді жүзеге асырады.

5. Көмірсүтектерге қатысты қазақстандық кадрларды және өндірушілерді қолдау саласындағы оператор дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі, көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы занды тұлға болып табылады, ал акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Жер қойнауын пайдаланушылар көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде оператордың ақылы қызметтер көрсетуі жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратты көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган өзі бекітетін тәртіппен ұсынуға міндетті.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын жылдық бағдарламасы деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, жер қойнауын пайдаланушы құнтізбелік бір жылға жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатуrases мен көлемін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындастын құжат түсініледі.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын орта мерзімді бағдарламасы деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, ол бес жылға дейінгі мерзімге жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатуrases мен көлемін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындастын құжат түсініледі.

Оператордың жоспарланатын қызметтер көрсетуін сатып алу туралы ақпарат деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, оператордың ақылы негізде ұсынатын қызметтер көрсетуінің көлемі мен мерзімдерін айқындастын құжат түсініледі.

7. Осы баптың 1-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) жер қойнауын пайдалану құқығы бар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызына ұлттық басқару холдинг тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғаларға қолданылмайды.

### **132-бап. Жер қойнауын пайдаланушының көмірсүтектерді барлауды және өндіруді жүргізуі кезіндегі есептілігі**

Жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша мынадай есептерді:

- 1) геологиялық есепті;
- 2) лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті;
- 3) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер туралы, сондай-ақ олардағы жергілікті қамту көлемі туралы есепті;
- 4) кадрлардағы жергілікті қамту көлемі туралы есепті;
- 5) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есепті;
- 6) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есепті;

7) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есепті беруге міндетті.

Осы баптың 1) тармақшасында көзделген есеп жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға оның өзі бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 2) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға оның өзі бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 3) – 7) тармақшаларында көзделген есептер көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға оның өзі бекітетін нысандарда және тәртіппен ұсынылады.

### **133-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарын бұзғаны үшін жауаптылық**

1. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерін бұзғаны үшін жауаптылықтың мынадай түрлері көзделеді:

1) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген жағдайларда, тәртіппен және мөлшерде төлейтін тұрақсыздық айыбы;

2) осы Кодекстің 106-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатын, құзыретті органның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуы.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбын төлеу жер қойнауын пайдаланушыны тиісті міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

2. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы, сондай-ақ белгіленген мерзімде оның тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттері туралы мынадай:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді жер қойнауын пайдалануши есепті жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

2) қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес қамтамасыз етуді ұсынбай не графикті бұза отырып жер бетінің тұтастығын бұзумен байланысты көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізген;

3) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерін бұзған өзге де жағдайларда жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді.

3. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі міндеттемелердің физикалық көлемі бойынша жазбаша хабарлама алынған күннен бастап – алты айдан, осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген міндеттемелер бойынша – үш айдан, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген өзге де міндеттемелер бойынша бір айдан аспауға тиіс.

4. Жер қойнауын пайдаланушы жол берілген бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы құзыретті органға жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша хабарлауға міндетті.

5. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзушылықтарды жою мерзімін ұзартудың себептерін негіздей отырып, осындай ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Жол берілген бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыны мерзімді ұзартуға келісетіні туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

6. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген міндеттемелердің бұзушылықтарын осы баптың 3-тармағында айқындалған

мерзімде жою анық мүмкін болмаған жағдайда, құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

#### **19-ТАРАУ. КӨМІРСУТЕКТЕР БОЙЫНША ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАУ ҚҰЖАТТАРЫ**

#### **134-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттары туралы жалпы ережелер**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мынадай жобалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады:

1) базалық жобалау құжаттары:

барлау жұмыстарының жобасы;

сынамалап пайдалану жобасы;

көмірсүтек кен орнын әзірлеудің жобасы;

2) тізбесі жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда белгіленетін техникалық жобалау құжаттары.

2. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттарын жер қойнауын пайдалануши тартқан, тиісті қызмет түріне лицензиясы бар ұйым жасайды.

3. Жобалау құжаттары жер қойнауын пайдаланудың оң практикасы негізінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдаланудың бірыңғай қағидаларына сәйкес әзірленеді.

4. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттарын жер қойнауын пайдалануши бекітеді.

5. Жобалау құжаттарында көзделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу түрлерін, тәсілдерін, технологияларын, көлемін және мерзімін өзгертуге осындай жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін рұқсат етіледі.

6. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу түрлерін, тәсілдерін, технологияларын, көлемін және мерзімін өзгерту жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізууді талап етпейтін жағдайлар белгіленеді.

7. Жобалау құжаттарында жер қойнауы участкесінің (учаскелерінің) шегінен тыс жатқан табылған кенжатынның болжамды контурлары белгіленуі мүмкін.

8. Жер қойнауын пайдалануши осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған жобалау құжаттарының ережелерін сактауға міндетті.

#### **135-бап. Барлау жұмыстарының жобасы**

1. Барлау жұмыстарының жобасы барлау мен өндіруге арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жасалады.

2. Барлау жұмыстарының жобасы барлаудың бүкіл кезеңіне жасалады.

3. Барлау жұмыстарының жобасында:

әрбір блок бойынша көмірсүтектерді барлау жөніндегі жұмыстарды орындау түрлерінің, тәсілдерінің, технологияларының, көлемі мен мерзімдерінің сипаттамасы;

жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қоргауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

көмірсүтектерді барлаудың салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындаудың мерзімдері, шарттары мен құны туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Барлау жұмыстарының жобасы жер қойнауын пайдаланушы жұмыс бағдарламасында мәлімдеген жұмыстардың толық көлемі мен оларды орындау мерзімдерін қамтуға тиіс.

5. Табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалауды жүргізу қажет болған жағдайда, мұндай жұмыстар әрбір табылған кенжатынға (кенжатындар жиынтығына) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы барлау жұмыстары жобасында көзделеді.

Бұл ретте барлау жұмыстарының жобасына табылған кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) бағалау бойынша жұмыстарды жүргізу түрлерінің, тәсілдерінің, технологияларының, көлемі мен мерзімдерінің сипаттамасы кіреді.

6. Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасында көрсетілмеген, сондай-ақ осында барлау жұмыстарының жобасы болмаған кезде кен орындарын іздестіру, барлау және бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

### **136-бап. Сынамалап пайдалану жобасы**

1. Барлау кезеңінде табылған көмірсүтек кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) сынамалап пайдалану сынамалап пайдалану жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Сынамалап пайдалану бойынша жұмыстар жүргізуға жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындысын алған сынамалап пайдалану жобасында көрсетілмеген, сондай-ақ осында сынамалап пайдалану жобасы болмаған кезде тыйым салынады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы сынамалап пайдалануды жүргізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш ай ішінде сынамалап пайдалану жобасы жасалады.

3. Сынамалап пайдалану жобасында сынамалап пайдалану тұрлерінің, әдістерінің, тәсілдерінің және технологияларының сипаттамасы, сондай-ақ сынамалап пайдалану ішінде көмірсутекті өндірудің болжамды көлемі қамтылуға тиіс.

4. Жер қойнауын пайдаланушы сынамалап пайдалануды жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдаған жағдайда сынамалап пайдалану жобасы сынамалап пайдалануға жататын әрбір табылған кенжатын (кенжатындар жиынтығы) бойынша әзірленеді және бекітіледі.

5. Жүргізу қажеттілігі сынамалап пайдалану процесінде анықталатын кез келген өзгерістер мен қосымша жұмыстар тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы сынамалап пайдалану жобасына енгізілуге тиіс.

### **137-бап. Көмірсутектер кен орнын әзірлеу жобасы**

1. Кен орнын әзірлеу жобасы осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес барлау кезеңінде немесе дайындық кезеңінде жасалады.

2. Кен орнын әзірлеу жобасы осында кен орнындағы көмірсутекті рентабельді өндірудің бүкіл кезеңіне жасалады.

3. Кен орнын әзірлеу жобасында кен орнын өнеркәсіптік әзірлеу тұрлерінің, тәсілдерінің, технологияларының, көлемі мен мерзімдерінің сипаттамасы қамтылуға тиіс.

4. Кен орнын әзірлеу жөніндегі жұмыстардың шарттарын, тұрлерін және көлемдерін өзгерту қажет болған жағдайда, осында өзгерістер әзірлеу жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу арқылы қосылуға жатады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындысын алған кен орнын әзірлеу жобасында көрсетілмеген, сондай-ақ мұндай жоба болмаған кезде көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі сынамалап пайдалану процесінде жүзеге асырылатын көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларға қолданылмайды.

### **138-бап. Техникалық жобалау құжаттары**

1. Техникалық жобалау құжаттары барлау жұмыстарының жобасы, сынамалап пайдалану жобасы немесе кен орнын әзірлеу жобасы негізінде жасалады.

2. Барлау жұмыстарының жобасына, сынамалап пайдалану жобасына немесе кен орнын әзірлеу жобасына енгізілетін, олардың негізінде жасалған техникалық жобалау құжаттарының өлшемдеріне әсер ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар тиісті техникалық жобалау құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне алып келеді.

3. Көмірсүтектерді барлау салдарын жою жобасы барлау жұмыстарының жобасымен бір мезгілде жасалады. Жер қойнауын пайдаланушы барлау жұмыстарының жобасына өзгерістер енгізген жағдайда, жою құнының шамамен алғандағы есебіне өзгерістерді қоса алғанда, көмірсүтектерді барлау салдарын жою жобасына өзгерістер енгізуге міндетті.

4. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы жер қойнауы учаскесінің және жойылуға жататын тиісті технологиялық объектілердің іс жүзіндегі жай-күйі негізге алынып жасалады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған техникалық жобалау құжатынсыз жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

### **139-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттарының сараптамалары**

1. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүргізіletіn мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

2. Ұнғымалардың бұрғылануын және (немесе) сыналуын көздемейтін барлау жұмыстарының жобасы (оған өзгерістер мен толықтырулар) мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлама тәртібімен құзыретті органға жіберіледі.

3. Ұнғымалардың бұрғылануын және (немесе) сыналуын көздейтін барлау жұмыстарының жобасы (оған өзгерістер мен толықтырулар), сынамалап пайдалану жобасы (оған өзгерістер мен толықтырулар) және кен орнын әзірлеу жобасы (оған өзгерістер мен толықтырулар) мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысын алғаннан кейін жобалау құжаттарының мемлекеттік сараптамасына жатады.

4. Сынамалап пайдалану жобасы жер қойнауын пайдаланушы геологиялық қорларды жедел есептеу бойынша есепке қатысты жер қойнауына мемлекеттік сараптаманың он қорытындысын алғаннан кейін ғана жобалау құжаттарының мемлекеттік сараптамасына жатады.

Кен орнын әзірлеу жобасы жер қойнауын пайдаланушы геологиялық қорларды есептеу бойынша есепке қатысты жер қойнауына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жобалау құжаттарының мемлекеттік сараптамасына жатады.

5. Егер техникалық жобалау құжаттарында сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілерінің құрылышы көзделсе, онда мұндай жобалар Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес сараптамаға жатады.

6. Егер осы баптың 1 және 5-тармақтарында көзделген сараптаманы жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң практикасын сақтаудан ауытқусыз жоя алмайтын келіспеушіліктер туындаған жағдайда, сол жер қойнауын пайдалануышының өтініші бойынша құзыретті орган өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті шешімді әзірлеу үшін мұдделі мемлекеттік органдар, жер қойнауын пайдаланушы және жобалау институты өкілдерінің қатысуымен келіссөздер жүргізуді ұйымдастырады.

#### **140-бап. Қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы базалық жобалау құжаттарының мемлекеттік сараптамасы**

1. Базалық жобалау құжаттарына және қемірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы әзірлеу талдауларына мемлекеттік сараптама жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына сәйкес қемірсүтек кен орындарын барлау және әзірлеу кезінде жер қойнауын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Базалық жобалау құжаттарының және әзірлеу талдауларының мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының қемірсүтектер кен орындарын барлау және әзірлеу жөніндегі орталық комиссия (орталық комиссия) геология және әзірлеу саласында арнайы білімі бар және сараптама нәтижелеріне мұдделі емес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

3. Орталық комиссия қызметін ұйымдастыру, оның құрамы, жұмыс регламенті және іс қағаздарын жүргізу қемірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының қемірсүтек кен орындарын барлау және әзірлеу жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде айқындалады.

4. Барлау жұмыстарының жобасына (оған өзгерістер мен толықтыруларға) мемлекеттік сараптама, оны жер қойнауын пайдаланушыдан алған күннен бастап – екі ай ішінде, ал сынамалап пайдалану жобаларына, кен орнын әзірлеу жобаларына (оларға өзгерістер мен толықтыруларға), игеру талдауларына үш ай ішінде жүргізіледі.

Сынамалап пайдалану жобаларына, кен орнын әзірлеу жобаларына (оларға өзгерістер мен толықтыруларға), әзірлеу талдауларына мемлекеттік сараптама жүргізу мерзімі орталық комиссияның шешімі бойынша ұзартылуы, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұлгайтылуы мүмкін.

5. Орталық комиссия базалық жобалау құжатын немесе әзірлеуді талдауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны тәуелсіз сараптама жүргізуі үйымдастыру үшін базалық жобалау құжаттарының тәуелсіз сараптама операторына жібереді.

Базалық жобалау құжаттары мен әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған шығындарды жер қойнауын пайдаланушы тәуелсіз сараптама операторымен жасалған шарт негізінде өтейді.

Тәуелсіз сараптама операторының базалық жобалау құжаттары мен әзірлеуді талдауларға тәуелсіз сараптаманы үйымдастыруға және жүргізуге арналған шығындарын айқындау тәртібі табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын үәкілетті органмен келісу бойынша көмірсүтектер саласындағы үәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес белгіленеді.

6. Көмірсүтектер саласындағы үәкілетті орган айқындайтын, базалық жобалау құжаттары мен әзірлеуді талдаулардың тәуелсіз сараптама операторы тәуелсіз сарапшылардың қызметін үйымдастыруды және оларды құзыретті орган бекіткен талаптарға сәйкес біліктілігі жағынан іріктеуді жүзеге асырады, сондай-ақ келіп түскен базалық жобалау құжатына немесе әзірлеуді талдауға тәуелсіз сараптама жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыны шарттық негізде айқындайды.

7. Базалық жобалау құжатына немесе әзірлеуді талдауға мемлекеттік сараптама жүргізу нәтижелері орталық комиссияның отырысында тәуелсіз сараптаманың тиісті қорытындысымен базалық жобалау құжатын немесе игеру талдауын қарау арқылы айқындалады.

8. Базалық жобалау құжатына және әзірлеуді талдауға тәуелсіз сараптама жүргізу операторы даусы беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға болып табылады, ал акциялардың (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын көмірсүтектер саласындағы үәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Жобалау құжаттарына немесе әзірлеуді талдауларға мемлекеттік сараптама жүргізу нәтижелері сараптамалық қорытындымен ресімделеді, ол оң немесе теріс болуы мүмкін. Сараптамалық қорытындының көшірмесі оған қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға жіберіледі.

10. Теріс сараптамалық қорытынды шығару үшін мыналар:

1) жобалау құжатының немесе әзірлеуді талдаудың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) келісімшарт ережелеріне сәйкес келмеуі;

2) жобалау құжатының немесе әзірлеуді талдаудың көмірсутек саласындағы үәкілетті орган бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген талаптарға мазмұны, құрылымы және ресімделуі жағынан сәйкес келмеуі;

3) жобалау құжатының немесе әзірлеуді талдаудың жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына сәйкес келмеуі;

4) кен орнын әзірлеу жобасында ұсынылған барланған көмірсутек қорларының саны мен сапасы туралы ақпараттың анық болмауы;

5) жобалау құжатында немесе игеруді талдауда ұсынылған жобалау шешімдерінің сапасын объективті бағалаудың мүмкін болмауы;

6) сынамалап пайдалану жобасы үшін – геологиялық қорларды жедел есептеу бойынша есепке қатысты жер қойнауына мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысының болмауы;

7) кен орнын игеру жобасы үшін – геологиялық қорларды есептеу бойынша есепке қатысты жер қойнауына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының болмауы негіз болып табылады.

11. Жобалау құжатының немесе әзірлеу талдаулардың мемлекеттік сараптамасының теріс қорытындысында оны шығару негіздемесі және базалық құжатты немесе әзірлеу талдауын пысықтау бойынша ұсынымдар келтіріледі.

**Ескерту. 140-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **141-бап. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы**

1. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы жер қойнауын ұтымды пайдалану үшін жағдайлар жасау, көмірсутектердің геологиялық қорларын мемлекеттік есепке алу, сондай-ақ көмірсутектердің геологиялық қорларының саны мен сапасы туралы ақпараттың анықтығын бағалау мақсатында жүргізіледі.

2. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы тиісті қызмет түріне лицензиясы бар жобалау ұйымы әзірлейтін және жер қойнауын пайдаланушы бекітетін, геологиялық қорларды есептеу (жедел есептеу) жөніндегі есептің талдауын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**141-баптың 3-тармағының осы редакциясы 01.01.2024 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі**

редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 6-т. қараңыз).

3. Геологиялық қорларды есептеу (жедел есептеу) жөніндегі есеп көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жасалады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

141-баптың 4-тармағының осы редакциясы 01.01.2024 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 6-т. қараңыз).

4. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының көмірсүтек қорлары жөніндегі орталық комиссиясы (қорлар жөніндегі орталық комиссия) геология және жер қойнауын пайдалану саласында арнайы білімдері бар және сараптама нәтижелеріне мүдделі емес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

141-баптың 5-тармағының осы редакциясы 01.01.2024 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 6-т. қараңыз).

5. Қорлар жөніндегі орталық комиссия қызметін ұйымдастыру, оның құрамы, жұмыс регламенті және іс қағаздарын жүргізу көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде айқындалады.

6. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы геологиялық қорларды есептеу (жедел есептеу) жөніндегі есепті алған күннен бастап үш ай ішінде жүргізледі.

Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын жүргізу мерзімі қорлар жөніндегі орталық комиссияның шешімі бойынша, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұлғайтылуы мүмкін.

7. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының нәтижелері сараптамалық қорытындымен ресімделеді, ол оң немесе теріс болуы мүмкін.

8. Теріс сараптамалық қорытынды шығару үшін мыналар:

1) көмірсүтектер кен орнының геологиялық қорларына жүргізілген есептеудің (жедел есептеудің) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) көмірсүтектердің геологиялық қорларының саны және сапасы туралы ақпараттың анық болмауы;

3) ұсынылған деректер негізінде көмірсутектердің геологиялық қорларының саны мен сапасын объективті бағалаудың мүмкін болмауы негіз болып табылады.

Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының теріс қорытындысында оны шығарудың негіздемесі және есепті пысықтау бойынша ұсынымдар беріледі.

9. Сараптамалық қорытынды қорлар жөніндегі орталық комиссия төрағасы және оның мүшелері қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға жіберіледі.

10. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының он қорытындысы көмірсутектер кен орнының геологиялық қорларын мемлекеттік есепке қоюға негіз болып табылады.

#### **142-бап. Жобалау құжаттарының орындалуын мониторингтеу**

1. Жер қойнауын пайдаланушының барлау жұмыстары жобасын және сынамалап пайдалану жобасын орындауды мониторингтеуді жобалау ұйымы жыл сайын авторлық қадағалау жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Бұл ретте ұнғымаларды бұрындауды және (немесе) сынауды көзdemейтін барлау жұмыстарының жобасы бойынша авторлық қадағалау жүргізілмейді.

2. Жер қойнауын пайдаланушының кен орнын әзірлеу жобасын орындауды мониторингтеу:

1) жобалау ұйымының жыл сайын авторлық қадағалау жүргізуі;

2) кемінде үш жылда бір рет орындалатын көмірсутектер кен орнының әзірленуіне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Авторлық қадағалау және көмірсутектер кен орнын әзірлеуге талдау жүргізуге қойылатын талаптар жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда белгіленеді.

4. Авторлық қадағалау кезінде кен орнын игеруді бақылау арқылы алынатын ағымдағы геологиялық-кәсіпшілік ақпарат пайдаланылады, ал қадағалаудың нәтижелері жыл сайынғы есеп түрінде баяндалады.

5. Авторлық қадағалау жөніндегі жыл сайынғы есепте:

1) нақты қол жеткізілген технологиялық өлшемдер мәндерінің жобалау мәндеріне сәйкес келуі;

2) нақты және жобалау көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтардың және (немесе) жобалық шешімдердің орындалмау себептері;

3) барлау жұмыстарының жобасы бойынша – жобалау шешімдеріне қол жеткізу және барлау жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар;

4) сынамалап пайдалану жобасы бойынша – жобалау шешімдеріне қол жеткізу және сынамалап пайдалану жүргізу кезінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар;

5) кен орнын игеру жобасы бойынша – жобалау шешімдеріне қол жеткізу және игеру жүйесін меңгеруде анықталған кемшіліктерді жою бойынша және (немесе) жекелеген жобалық шешімдерді және кен орнын әзірлеу жобасының көрсеткіштерін өзгерту қажеттілігін айқындау үшін әзірлеуге кезектен тыс талдау жүргізу бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

Авторлық қадағалау жүргізу кезінде жер пайдаланушы бұрын тартқан жобалау ұйымын өзгеге алмастыру қажет болған жағдайда, мұндай алмастыруға жобалау құжаты авторының келісуімен жол беріледі.

6. Кен орнын әзірлеуді талдау пайдалану объектісін әзірлеу процесінде ұғымалар мен қабаттарға жүргізілген геологиялық-кәсіпшілік, геофизикалық, гидродинамикалық және басқа да зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ өнімді қабаттарда өтетін көмірсүтектер қорларының ағымдағы орналасуы әзірлеу көрсеткіштерінің серпінін және процестерді кен орнын игерудің жүйесін жетілдіру қажеттілігін анықтау нысанына кешенді түрде зерттеуді білдіреді.

7. Көмірсүтектер кен орнын әзірлеуді талдауды жер қойнауын пайдаланушы тартатын, қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар жобалау ұйымы жүргізеді және оны жер қойнауын пайдаланушы хабарлама тәртібімен құзыретті органға жібереді.

8. Кен орнын әзірлеудің нақты және жобалау көрсеткіштері арасында елеулі (он пайыздан астам) айырмашылықтар болған жағдайда, кен орнын әзірлеу жобасына өзгерістер енгізу қажеттігі туралы көмірсүтектер кен орнын әзірлеу нәтижелері бойынша талдау нәтижелерінің негізделген тұжырымы болған кезде жобалау құжаттарын талдау нәтижелері мемлекеттік сараптамаға жатады.

9. Орталық комиссия көмірсүтектер кен орындарын әзірлеуді талдау бойынша он қорытынды шығарған жағдайда осындай талдаудың жобалық шешімдері мен көрсеткіштері кен орнын әзірлеу жобасына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеудің, бекіту мен оларды мемлекеттік сараптамадан өткізу дің үш жылдан аспайтын кезеңіне кен орнын әзірлеу жобасының жобалау шешімдері мен көрсеткіштері ретінде бағаланады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

**143-баптың осы редакциясы 01.01.2024 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР  
27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы  
Кодекстің 277-бабының 12-тармақтың 3) тармақшасынан қараңыз).**

**143-бап. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелеріне жатқызылатын, көмірсүтектерді барлау және өндіру жөніндегі жобалау құжаттарының көрсеткіштері**

Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта жер қойнауын пайдаланушыға міндеттеме ретінде жобалау құжаттарының мынадай көрсеткіштерінің орындалуы белгіленеді:

- 1) пайдалану ұнғымалары торшасының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіру және қысыммен айдау ұнғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша орнын толтыру коэффициенті;
- 4) қабаттық және кенжар қысымының қанық қысымға немесе конденсация қысымына қатынасы;
- 5) қабат қысымының кенжар қысымына қатынасы;
- 6) ұнғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шекті шамасы.

Бұл ретте осы бапта көрсетілген көрсеткіштердің мәндері келісімшартқа енгізілмейді және жобалау құжаттарына сүйене отырып айқындалады.

**20-ТАРАУ. КӨМІРСҮТЕКТЕР БОЙЫНША ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖУРГІЗУДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРИ**

**144-бап. Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алуудың ақпараттық жүйесі**

1. Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алуудың ақпараттық жүйесі белгіленген тәртіппен қабылданған, қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес тұтынушыға беруге дайындалған, айналымдағы шикі мұнайдың және газ конденсатының саны туралы деректерді тәулік сайын автоматтандырылған жинауға, өндеуге, сақтауға және пайдалануға арналған.

2. Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алу операторын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган айқындауды және оператор шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алуудың ақпараттық жүйесіне қосу үшін ақпаратты жинауды, өндеуді, сақтауды, пайдалануды, оның ішінде көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алуудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі тәртібіне сәйкес ақпаратты ұсынуды және таратуды жүзеге асырады.

Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алу операторы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі занды тұлға болып табылады, ал акциялардың (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне иелік етуді және пайдалануды көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы деп оларды дайындау, тасымалдау, сақтау, тиесінде, өткізу, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге әкету түсініледі.

4. Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алу құралы деп шикі мұнай және газ конденсаты айналымы жөніндегі операцияларды өлшеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылуға рұқсат етілген, сондай-ақ мұнай және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесі операторына тәулік сайын ақпарат жіберуді жүзеге асыратын ақпараттық қамтамасыз етудің техникалық құрылғылар кешені танылады.

5. Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер жарактандыру тізбесі мен мерзімін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін өзінің өндірістік объектілерін есепке алу құралдарымен жарактандыруға және көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Мұнайды және газ конденсатын өндіру және (немесе) оның айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерге жарактандыру тізбесі мен мерзімін көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін өндірістік объектілерді есепке алатын аспаптармен жарактандырмай өндіру және (немесе) шикі мұнай және газ конденсаты айналымы жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

#### **145-бап. Көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі**

1. Жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай және (немесе) шикі газ, уран, көмір өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар не олардың уәкілетті өкілдері есептерді жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады. Көрсетілген есептер уәкілетті өкілдің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылуға тиіс. Есептерді ұсыну нысандары мен тәртібін көмірсүтектер және уран саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

2. Осы Кодекстің мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі деп жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауга, сақтауга, талдауга және өндеуге арналған, көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органның "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" ақпараттық жүйесі түсініледі.

#### **146-бап. Шикі газды жағу**

## 1. Мыналарды:

- 1) авариялық жағдай қатері немесе оның туындауы, персоналдың өміріне немесе халық денсаулығына және қоршаған ортаға қатер төнүі;
- 2) ұнғыма объектілерін сынау кезіндегі;
- 3) кен орнын сынамалап пайдалану кезіндегі;
- 4) шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезіндегі жағдайларды қоспағанда, шикі газды факелде жағуға тыйым салынады.

2. Шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу деп осы баптың 4-тармағына сәйкес белгіленген нормативтер және көлемдер шегінде, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде, сондай-ақ технологиялық жабдықтың жұмысындағы технологиялық іркілістер, істен шығу мен ауытқулар кезінде көмірсутектерді өндірудің ұздіксіз процесін қамтамасыз ету үшін шикі газды жағу танылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда шикі газды факелде рұқсатсыз жағуға жол беріледі.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы мұндай жағу туралы көмірсутектер және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарды он күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

Осындай хабарлама шикі газды жағудың себептерін және жағылған шикі газдың көлемдері туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

4. Осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарын және көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесі бойынша айқындалған нормативтер мен көлемдер шегінде шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасын сақтаған жағдайда көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша шикі газды факелде жағуға жол беріледі.

Шикі газды факелде жағуға рұқсат беру тәртібін көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5. Ұнғыма объектілерін сынау кезінде жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған базалық жобалау құжатына немесе әзірлеуді талдауға сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы бекіткен ұнғыма объектілерін сынау жоспарында көзделген мерзімге, ұнғыманың әрбір объектісі үшін тоқсан күннен аспайтын мерзімге шикі газды жағуға жол беріледі.

Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде үш жылдан аспайтын жалпы мерзімге шикі газды жағуға рұқсат берілуі мүмкін.

6. Технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде шикі газды жағу көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша есептелген нормативтер мен көлемдер шегінде жүзеге асырылады.

7. Технологиялық жабдық жұмысындағы технологиялық іркілістер, іsten шығу мен ауытқулар жағдайларында жер қойнауын пайдаланушы тергеу жүргізуге және көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға технологиялық іркілістер, іsten шығу мен ауытқулардың, әрбір жағдайы бойынша жағылған газдың уақыты мен көлемдері туралы мәліметтерді, сондай-ақ олардың себептерін көрсете отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын есеп беруге міндettі.

#### **147-бап. Шикі газды қайта өндеу және кәдеге жарату**

1. Шикі газды қайта өндеу деп шикі газдан құрауыштарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттердің және (немесе) ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін өнімді өндіру жөніндегі технологиялық процесс түсініледі.

2. Көмірсүтектерді өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы шикі газды жағу көлемдерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндettі.

Кен орнын әзірлеу жобасында шикі газды өндеу (кәдеге жарату) жөніндегі бөлім міндettі түрде болуға тиіс.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар шикі газды ұтымды пайдалану және қоршаган ортаға зиянды әсерді төмендету мақсатында көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге міндettі. Шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламалары көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органның бекітуіне жатады және олар әр үш жыл сайын жаңартылуға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы есептерді жыл сайын көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша оған жіберуге тиіс.

#### **4. Мыналарды:**

1) осы Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттармен жағылатын;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он

қорытындыларын алған жобалау құжатында көзделген көлемдерде жер қойнауын пайдаланушы өзінің технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланатын;

3) жер қойнауын пайдаланушы өзге тұлғаларға қайта өндеу және (немесе) кәдеге жарату мақсатында өткізетін шикі газ көлемдерін қоспағанда, өндірілетін шикі газдың толық көлемін қайта өндемей көмірсутектерді өндіруге тыйым салынады.

Бұл ретте шикі газды өндеу экономикалық жағынан тиімсіз кен орындарында кен орнын әзірлеу жобасында және шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасында, жеке мұқтаждыққа пайдаланылатын газды қоспағанда, қабаттық қысымды сақтау және (немесе) ұстап тұру мақсатында қабатқа айдау арқылы өндірілетін шикі газдың бүкіл көлемін кәдеге жарату көзделуі мүмкін.

5. Кен орнын әзірлеу жобасында және шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасында мұндай кен орнында ішкі қабаттық қысымды ұстап тұрудың өзге әдістері тиімсіз және мұндай айдау қоршаған орта мен адамның өмірі үшін қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие болған жағдайда, қабаттық қысымды ұстап тұру мақсатында қабатқа айдау арқылы өндірілетін шикі газды кәдеге жарату көзделуі мүмкін.

6. Бірлесіп игерген жағдайда жобалау құжаттарында және шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламаларында қабаттық қысымды сақтау және (немесе) ұстап тұру мақсатында бір кен орнынан екінші кен орны қабатына (өзге де жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын қоса алғанда) өндірілетін шикі газды айдау арқылы кәдеге жарату көзделуі мүмкін.

7. Кен орнын әзірлеу жобасында көзделмеген, сондай-ақ кен орнын әзірлеу жобасын бұза отырып жүзеге асырылған, шикі газды қабатқа айдауға тыйым салынады.

8. Жер қойнауын пайдаланушылар және көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган шикі газды қайта өндеу жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыра алады.

9. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе, өндірілген ілеспе газ мемлекет меншігі болып табылады.

#### **148-бап. Қабаттық қысымды ұстап тұру және суларды дайындау**

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған әртүрлі келісімшарттар бойынша көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодекстің 150-бабында көзделген жағдайларда қабаттық қысымды ұстап тұру мақсатында бір жер қойнауын пайдаланушыдан дайындалған қабаттық суды екінші жер қойнауын пайдаланушының кен орнының қабатына айдауды жүзеге асыруы мүмкін.

2. Жер қойнауын пайдаланушы қабаттық қысымды ұстап тұру мақсатында одан әрі кен орны қабатына айдауға ілеспе және (немесе) өзге де (теңіз суын қоса алғанда) суды дайындау үшін қажетті инфрақұрылымдық объектілерге иелік ететін тұлғаларды тарта алады.

#### **149-бап. Шекарамаңы жер қойнауы учаскелеріндегі көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар**

1. Егер жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде бір бөлігі басқа іргелес немесе қарсы беттегі мемлекеттің заңды құзырындағы аумақта немесе теңізде Қазақстан Республикасының аумағының шегінде орналасқан шекарамаңы жер қойнауы учаскесінде немесе бір бөлігі аумағында орналасқан, сонымен қатар кенжатынды (кенжатындар жиынтығын) тапқан жағдайда, ол бұл туралы құзыретті органға дереу хабарлауға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының табылған кенжатынның бір бөлігі (кенжатындар жиынтығы) жер қойнауында жатқан мемлекетпен тиісті халықаралық шарттар болмаған жағдайда, құзыретті орган осындай мемлекетпен келісімге қол жеткізілгенге дейін шекарамаңы жер қойнауы учаскесінде көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Бұл ретте құзыретті орган шекарамаңы жер қойнауының учаскесінде көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыны ол туралы хабардар етеді және күнтізбелік отыз күн ішінде шекарамаңы жер қойнауы учаскесінде орналасқан кен орнын бірлесіп әзірлеудің тәртібі мен шарттарын реттейтін халықаралық шартты әзірлеуге бастама жасайды.

3. Құзыретті орган шекарамаңы жер қойнауы учаскесінде көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі тоқтатылған операцияларды құзыретті орган қалпына келтіруге рұқсат бергенге дейін келісімшарт өзінің қолданысын тоқтата тұрған болып есептеледі.

#### **150-бап. Әртүрлі жер қойнауы учаскелеріндегі кен орындарын бірлесіп игеру**

1. Бірлесіп игеру деп бірнеше жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі бірлескен операциялар келісімнің негізінде жүргізуді, оның ішінде кен орындарын әзірлеу үшін ортақ инфрақұрылымды пайдалануы түсініледі.

2. Егер бірнеше кен орындарын бірлесіп игеру бір немесе бірнеше кен орындарын әзірлеудің техникалық және экономикалық көрсеткіштерін жақсартатын болса, мұндай игеруге жол беріледі.

3. Әртүрлі жер қойнауы участеклерінде көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген тәртіппен құзыретті органмен келісу бойынша:

1) бір жер қойнауын пайдаланушыда қуаттары, инфрақұрылымдық объектілері және (немесе) өзге де техникалық және технологиялық мүмкіндіктері бар болған кезде жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер енгізе отырып (қажеттілік кезінде), мұндай жер қойнауын пайдаланушымен осында қуаттарды, инфрақұрылымдық объектілерді және (немесе) өзге де техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді пайдалануға шарт жасасуға;

2) инфрақұрылымдық объектілерді бірлесіп жобалауға және (немесе) салуға не тиісті шарт негізінде оларды бірлесіп пайдалануға құқылы.

4. Бірнеше жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауының әртүрлі участеклерінде бірнеше кен орындарын бірлесіп игерген жағдайда, жобалау құжаттарында бірлесіп игерудің қажеттілігі мен тиімділігі, сондай-ақ оны жүзеге асыру схемасы негізделеді.

5. Жер қойнауын пайдаланушылар осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасын іске асыру мақсаттары үшін бірлескен инфрақұрылымдық объектілерді жедел басқаруды жүзеге асыратын басқарушы компанияны айқындауы мүмкін.

6. Жер қойнауын пайдалануши (оның ішінде басқарушы компания) бірлесіп игеру кезінде жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы келісім бойынша басқа жер қойнауын пайдаланушиның жер қойнауы участексерінде оның жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларының бір бөлігін немесе барлығын, егер бұл бірлесіп игеру үшін қажет болса, жүргізуге құқылы.

7. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, инфрақұрылымдық объектілерді бірлесіп пайдалану кезінде өндірілген көмірсүтектердің көлемін бөлу жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы келісім бойынша жүргізіледі.

8. Қажет болған кезде жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы келісімде инженерлік қамтамасыз ету жүйелерін (соның ішінде электр энергиясын, жабдықты және материалдарды) бірлесіп пайдалану көзделеді.

**151-бап. Көмірсүтектерді бірыңғай объект ретінде кен орнында барлау немесе өндіру**

1. Егер жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін табылған кенжатынның немесе кен орнының бір бөлігі көмірсүтектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін басқа жер қойнауын пайдаланушының пайдалануындағы жер қойнауы учаскесінің шегінде орналасса, мұндай жер қойнауын пайдаланушылар өз тандауы бойынша:

1) осы Кодексте белгіленген беру рәсімдерін сақтай отырып, осы кенжатын немесе кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие бір ғана жер қойнауын пайдаланушы қалатындаі немесе бір келісімшарт негізінде жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестерге ие бірнеше жер қойнауын пайдаланушы қалатындаі етіп өзінің жер қойнауын пайдалану құқығын беруге;

2) бірыңғай объект ретінде кенжатында немесе кен орнында бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу туралы шартты құзыретті органмен алдын ала келісіп, жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер енгізе отырып осындаі шарт жасасуға міндетті.

2. Жер қойнауын пайдаланушылар осы баптың 1-тармағын сақтамаған жағдайда құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушылардан бірыңғай объект ретінде кенжатында немесе кен орнында бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу туралы шарт жасасуды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

3. Бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар өздеріне келісімшарттармен жүктелген міндеттемелердің орындалуы бойынша ортақ жауаптылықта болады.

### **152-бап. Мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу**

1. Жер қойнауын пайдаланущы жер қойнауы учаскесінде өндірген мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеуді жер қойнауын пайдаланущы көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен жүргізеді.

2. Жер қойнауын пайдаланущы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұнайдың көлемі мен салмағын өлшеу үшін пайдаланылатын жабдық пен аспаптарды сынақтан өткізеді.

3. Егер сынау немесе қарап-тексеру кезінде жабдықтың немесе аспаптардың ақаулары бар екені анықталса, онда ақаудың мерзімін анықтауға мүмкіндік болмаған кезде ақаудың мерзімі алдыңғы өлшеуден бастап ақау анықталған күнге дейінгі уақыттың жартысы ретінде айқындалады.

**21-ТАРАУ. ҚӨМІР ҚАБАТТАРЫНДАҒЫ МЕТАНДЫ БАРЛАУ МЕН ӨНДІРУДІ, ТЕҢІЗДЕ, ШІКІ СУ АЙДЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ САҚТАҚ АЙМАҒЫНДА ҚӨМІРСҮТЕКТЕРДІ БАРЛАУ МЕН ӨНДІРУДІ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **153-бап. Қомір қабаттарындағы метанды барлау мен өндіру ерекшеліктері**

1. Көмір қабаттарындағы метанды барлау мен өндіру осы тарауда көзделген ерекшеліктері ескеріле отырып, осы Кодексте көмірсүтектерді барлау мен өндіру үшін белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақ 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 27.12.2017 № 125-VI  
Кодексімен.**

2. Алдын ала газсыздандыру бойынша қажетті іс-шараларды, құрамындағы метанды белгіленген нормативтерге дейін төмендетуді қамтамасыз ететін көмір қабаттарынан алынған метанды кейіннен кәдеге жаратып, желдету және қабаттық газсыздандыру бағдарламаларын өткізбей, көмір қабаттарындағы табиғи метан мөлшері жоғары деңгейде болатын көмір кен орындарын игеруге тыйым салынады.

Көмірді барлауға және (немесе) өндіруге арналған лицензия шеңберінде жұмыс істеп тұрған шахталарды газсыздандыру кезінде көмір қабаттарындағы метанды барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасамай көмір қабаттарындағы метанды өндіруге жол беріледі.

3. Бұл ретте мұндай жер қойнауын пайдаланушы өндірілген көмір қабаттарындағы метанды одан әрі өткізбей, оны өзінің технологиялық қажеттіліктері үшін ғана пайдалануға құқылы.

4. Көмір өндіруді жүргізіп жатқан жер қойнауын пайдаланушы көмір қабаттарындағы метанды одан әрі өткізу мақсатында өндіруді жүзеге асыруға ниеттенген жағдайда, мұндай жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте көзделген тәртіппен көмір қабаттарындағы метанды барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуы қажет.

**154-бап. Тенізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында көмірсүтектерді барлау мен өндіруді жүргізуін жалпы шарттары**

1. Теніз деп су қабатының беті, сондай-ақ Каспий мен Аral теңіздерінің қазақстандық бөлігі шегіндегі тұбі танылады.

2. Ішкі су айдындары деп Қазақстан Республикасының шекараларында орналасқан жасанды су айдындары мен су ағындары танылады.

3. Сақтық аймағы – теңіздің жағалау сзызығынан құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан, теңізге және ішкі су қоймалары мұнайдың төгілуі салдарынан ластану немесе теңіздің ластану көзі болуы мүмкін құрлық аймағы.

4. Теніз нысандары деп теңізде көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыштар, қондырғылар, құбыржолдар және өзге де объектілер танылады.

5. Тенізде көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар теңізде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ең озық тәжірибелі басшылыққа алуға, теңіздегі кеме қатынасына, балық аулауға және теңіздің нақты учаскесінде әдетте жүзеге асырылатын өзге де занды қызметке кедергі жасамауға және зиян келтірмеуге міндetti.

6. Көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануши ретінде елу пайыз мөлшердегі үлестік қатысуы теңізде көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын берудің міндettі шарты болып табылады.

Кейін ұлттық компания келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың шешімдер қабылдауына өзінің бақылауын сақтаған жағдайда, келісімшартта ұлттық компанияның үлестік қатысуының көрсетілген мөлшері төмендетілуі мүмкін.

7. Қоршаған ортаға теріс әсерді барынша төмендету мақсатында теңізде көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар теңіз объектілерін пайдалану жөніндегі жобаларды бірлесіп іске асыруды жүзеге асыруы мүмкін.

8. Теңізде көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдалануши теңізде жүргізілген көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар нәтижесінде пайда болған теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға, жеке және (немесе) занды тұлғаларға келтірілген зиян үшін, егер зиянның еңсерілмейтін күштің әсерінен немесе зардан шегушінің жасырын пигылы салдарынан келтірілгені дәлелденбесе, кінәсінің болу-болмауына қарамастан жауапты болады.

9. Теңізде көмірсүтектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануши жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі теңіз объектілерінде Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес инспекцияларды жүргізу үшін өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың өкілдерін жағалаудан өз есебінен жеткізуді қамтамасыз етуге міндetti.

Мемлекеттік органдар өкілдерінің теңіз объектілерінде инспекция жүргізуі жер қойнауын пайдаланушының қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

10. Теңізде көмірсүтектерді барлауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануши барлау аумағына барлық қажетті геофизикалық және сейсмологиялық зерттеулер жүргізілгеннен, сондай-ақ осы Кодекстің 156-бабы 1-тармағының талаптары орындалғаннан кейін ғана ұнғымаларды бұрғылауға кірісуге құқылы.

11. Бұрын бұрғыланған ұнғыма бақылаудан шыққан кезде мұндай ұнғыманы бақылауға алуудың өзге әдістерін қолдану мүмкін болмаған не қалыптасқан жағдайларда тиімсіз болып табылатын кезде тығындау ұнғымасын бұрғылауды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған ұнғымаларды бұрғылау жобасында көзделмеген іздестіру, барлау, пайдалану ұнғымаларын немесе өзге де ұнғыманы бұрғылауға тыйым салынады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы тығындау ұнғымасын бұрғылау туралы шешім қабылдауға ықпал еткен нақты мән-жайлар мен себептерді көрсете отырып, құзыретті органға осындай ұнғыманы бұрғылаудың басталғаны туралы ақылға қонымды мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

12. Сақтық аймағының шегінде көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы су деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болдырмайтында қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

13. Ішкі су айдындарында және сақтық аймағында көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға осы Кодекстің теңіздегі көмірсутектерге қатысты жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар үшін белгіленген ережелері қолданылады.

14. Осы баптың 8 және 9-тармақтарының талаптары теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілу қаупі бар объектілерді пайдаланатын тұлғаларға қатысты да қолданылады.

15. Осы тараудың мақсаттары үшін мұнайдың төгілуі деп мұнай өнімдерінің төгілуі де түсініледі.

**155-бап. Теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі**

1. Теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін ресурстар деп теңізге мұнайдың төгілуін жою кезінде пайдаланылатын персонал, кемелер, жабдық, химиялық заттар және өзге де материалдар танылады.

2. Теңізге мұнайдың төгілу қаупі бар объектілерге теңіз объектілері, теңіз порттары және кемелер жатады.

3. Теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз ету мұнайдың төгілуінің болжалды көлемдеріне қарай мынадай деңгейлер бойынша жүзеге асырылады:

бірінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объектідегі ресурстар арқылы жойылатын мұнайдың шамалы төгілуі (он тонна мұнайдан аспайтын);

екінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объект ресурстарына қосымша жағалаудан ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың елеулі (орташа) төгілуі (он тоннадан екі жұз елу тоннаға дейін);

үшінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объект ресурстарына және жағалау ресурстарына қосымша елдегі ресурстар мен халықаралық ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың көп көлемде төгілуі (екі жұз елу және одан да көп тонна).

Қауіпті бағалау негізінде мұнайдың ықтимал төгілуінің анықталған көлемдері көрсетілген үш деңгейден де жоғары болуы мүмкін. Ресурстар саны мұнайдың ықтимал төгілу қаупінің деңгейіне сәйкес болуға тиіс.

4. Тенізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жүйесіне:

1) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган азаматтық қорғау және сауда мақсатында теңізде жұзу саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп бекітетін, теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспары (бұдан әрі – ұлттық жоспар);

2) ұлттық жоспар негізінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның аумақтық бөлімшелері әзірлейтін және тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекітетін облыстардың теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің аумақтық жоспарлары;

3) объектілік жоспарлар – кемелерді қоспағанда, ұлттық және тиісті облыстардың аумақтық жоспарлары, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупін бағалау негізінде қоршаган ортаны қорғау және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерімен келісілетін, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері әзірлеген теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар;

4) 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгерілген халықаралық конвенциясына сәйкес әзірленген мұнаймен ластауға қарсы күрес жөніндегі төтенше шаралардың кеме жоспарлары кіреді.

5. Ұлттық жоспарды іске асыруға мына мемлекеттік органдар:

1) көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган – жер қойнауын пайдаланушылардың мұнайдың төгілуін жоюға әзірлігін қамтамасыз ету үшін;

2) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган – теңіз порттарының және кемелердің мұнайдың төгілуін жоюға әзірлігін қамтамасыз ету үшін;

3) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган – мұнайдың төгілуі туралы ақпаратты алу және беру, оқу және жаттыгулар жүргізу, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жедел әрекеттер үшін тиісті сұрау салуды алған жағдайда, халықаралық көмекке жүгіну және басқа елдерге көмек көрсету бойынша әрекеттерді жүзеге асыру үшін жауапты болып табылады.

6. Объектілік жоспарларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келісілгеннен кейін мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері бекітеді және бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлама тәртібімен көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Объектілік жоспарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келісу мерзімі жүгінген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Егер меншік иесінде мұнайдың төгілу қаупі бар бірнеше объективілер бар болса, объективілік жоспарлар біріктірілуі мүмкін.

7. Мұнаймен ластауға қарсы күрес жөніндегі төтенше шаралардың кеме жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгертилген халықаралық конвенцияда айқындалады.

8. Жер қойнауын пайдаланушы теңіз объективінің жоспарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келіскеннен кейін бекітеді және бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлама тәртібімен көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға жібереді.

9. Тиісті облыстың аумақтық жоспары мына жағдайларда:

1) мұнайдың төгілуі екінші деңгейге жеткенде және оны жою үшін жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) ол тартып отырған теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандырылған ұйымның ресурстары жеткіліксіз болса;

2) мұнай кемеден төгілген немесе кемедегі мұнайдың төгілу қатері болса;

3) шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі анықталса;

4) мұнайдың төгілуі Каспий теңізінің қорық аймағының ластануына қатер төндіргенде;

5) мұнайдың төгілуі шектес облыстың аумағына тарала бастаған жағдайда қолданысқа енгізіледі.

10. Ұлттық жоспар мына жағдайларда:

1) мұнайдың төгілуі үшінші деңгейге жеткенде және мұнайдың төгілуін жою үшін халықаралық ресурстардың келуін ұйымдастыруға жәрдемдесу қажет болғанда;

2) мұнайдың төгілуі үшінші деңгейге жетпегендеге, бірақ Каспий теңізіндегі қорық аймағының ластануына қатер төндіргендеге;

3) мұнайдың төгілуі шектес мемлекеттің аумағына тарала бастаған жағдайда қолданысқа енгізіледі.

11. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдардың жетекшісі:

1) мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуі кезінде – мұнайдың төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі немесе ол тартып отырған теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандырылған ұйым;

2) мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуі кезінде:

тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгенге дейін – мұнайдың төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі немесе ол тартып отырған теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандырылған ұйым;

тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгеннен кейін – облыс әкімі тағайындаған лауазымды адам;

3) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезінде – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындаған, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылады.

Ұлттық жоспар шеңберінде мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезінде консультациялық-кеңесші органның функциялары төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға жүктеледі.

12. Осы баптың талаптары, объектілеріне 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы Хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгерілген халықаралық конвенцияның күші қолданылатын тұлғаларды қоспағанда, теңізде мұнайдың төгілу тәуекелімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты да қолданылады.

**156-бап. Теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылды қамтамасыз ету**

1. Кемелерді қоспағанда, мыналарсыз:

1) мұнайдың төгілу тәуекелін бағалауды өткізуіз;

2) бекітілген объектілік жоспарсыз;

3) өзінің жеке немесе шарт негізінде тартылатын ресурстардың болуынызыз;  
4) осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген талаптарды орындаусыз мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілерге операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

2. Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелері:

1) теңізде мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуін жою үшін – теңіз объектісінде не отыз минуттық қолжетімді шекте осындай мұнайдың төгілуін толық жою үшін қажетті ресурстарға ие болуға;

2) теңізде мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуін жою үшін:

теңіз объектісінде не отыз минуттық қолжетімді шекте жергілікті жағалау қызметтерінің ресурстары келгенге дейінгі кезеңге жеткілікті болатын көлемде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ресурстарға ие болуға;

қажеттілік болған жағдайда жергілікті жағалау қызметтері ресурстарының келуін қамтамасыз етуге міндettі.

Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері бірінші және екінші деңгейдегі мұнайдың төгілуін жою үшін өздерінің жеке ресурстары болмаған кезде теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарт жасасуға міндettі.

Қажет болған жағдайда мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың төгілуін жою кезінде ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдер шенберінде ресурстарды тартуға құқылы.

Теңізде, су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең тәменгі нормативтер мен талаптарды көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектінің меншік иесі үшінші деңгейдегі мұнайдың төгілуін жою үшін ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында халықаралық деңгейде танылған, білікті персоналы және тиісті жабдығы бар, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйыммен шарт жасасуға міндettі.

4. Теңізде, су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі анықталған жағдайда мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері қоршаган ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелеріне тез арада хабарлауға міндettі.

Кемелер үшін мұнайдың төгілуі туралы ақпараттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнамасында айқындалады.

5. Тенізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою кезінде жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде адамдардың денсаулығын барынша сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған әдістерді тандауға басымдық беру керек. Қазақстан Республикасының тенізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюодың онтайлы әдістерін айқындау қағидасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6. Мұнайдың төгілу көзін оқшаулау және мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-шараларды, авариялар, тосын оқиғалар себептерін тергеп-тексеру жүргізілгенен кейін мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері және (немесе) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарға жүргізілген жұмыс туралы есепті ұсынады.

Теніз объектілерінің меншік иелері көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға есепті қосымша береді.

7. Мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектінің меншік иесі тенізде, су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі нәтижесінде қоршаған ортаға және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды, сондай-ақ мемлекеттің мұнайдың төгілуін жою жөніндегі шығыстарын толық көлемде өтеуге міндетті.

8. Осы баптың талаптары объектілеріне 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы Хаттамамен (МАРПОЛ 73/78) өзгерілген халықаралық конвенцияның қолданысы қолданылатын тұлғаларды қоспағанда, тенізде мұнайдың төгілу тәуекелімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға да қолданылады.

### **157-бап. Теніз объектілерін құру және пайдалану**

1. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тенізде және ішкі су айдындарында жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған базалық жобалау құжатына сәйкес қоршаған ортаның қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету жағдайында теніз объектілерін құруға, орналастыруға және пайдалануға жол беріледі.

Теніз объектілерін құруға және орналастыруға су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен, қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен

келісілген көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жол беріледі.

2. Теніз объектілерінің айналасында олардың сыртқы шетінің әрбір нүктесінен бес жүз метр қашықтыққа жайылған қауіпсіздік аймақтары орнатылады. Теніз объектілері, сондай-ақ оларды қоршайтын қауіпсіздік аймақтары халықаралық кеме қатынасы мен балық аулау ісі үшін маңызды мәні бар теніз жолдарында кедергі бола алмайтын орындарда орналастырылады.

3. Теніз объектілерін күтіп-ұстай және пайдалану үшін жауапты тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қорғалуын, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы ескерту жөніндегі тиісті құралдардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Тенізде және ішкі су айдындарында көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жүргізілген кезде теніз объектілерін пайдалану аяқталған соң, осындаі теніз объектілерін, егер оларды шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалануға болмайтын болса, оларды адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтіндей, кеме қатынасына немесе балық аулау ісіне кедергі келтірмейтіндей етіп демонтаждау қажет.

5. Көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын теніз объектілерін тенізде және ішкі су айдындарында құру, орналастыру және пайдалану көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **158-бап. Тенізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға тыйым салу**

1. Тенізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және пайдалануға тыйым салынады.

2. Мұнайды танкерлермен тікелей теніз объектілерінен тасымалдау кезінде мұндай мұнайды уақытша (күнтізбелік жиырма күннен аспайтын) сақтауды қоспағанда, теніз объектілерінде мұнайды қоймада сақтауға және ұстаяға тыйым салынады.

#### **159-бап. Тенізде көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде қалдықтарды тастауға және көмуге тыйым салу**

1. Тенізде көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде тенізге қалдықтарды тастауға және теніз түбіне көмуге тыйым салынады.

2. Өндірістік және басқа да сарқынды суларды тенізге ағызу осындаі сулар белгіленген нормативтерге дейін тазартылған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсатымен және бақылауымен ғана жүзеге асырылады.

### **VIII БӨЛІМ. УРАН ӨНДІРУ**

**22-тaraу. Уран өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату ерекшеліктері**

**1-параграф. Уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде уран өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру**

**160-бап. Уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде уран өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттары**

1. Уран саласындағы ұлттық компания ретінде акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен уран саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам танылады.

2. Уран саласындағы ұлттық компанияға өндіруге арналған жер қойнауы участкесі тікелей келіссөздер негізінде беріледі.

3. Уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде берілген өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тек уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі занды тұлғаға ғана берілуі мүмкін.

Мұндай занды тұлға кез келген келесі беруде алынған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тек уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі занды тұлғаға ғана беруге құқылы.

**161-бап. Уран саласындағы ұлттық компанияның тікелей келіссөздер жүргізуге өтініші**

1. Тікелей келіссөздер негізінде уран өндіру үшін жер қойнауы участкесін пайдалануға алуға ниеті бар уран саласындағы ұлттық компания құзыретті органға уран саласындағы ұлттық компания алуға үміттенетін жер қойнауы участкесінің шекарасын көрсете отырып, өтініш жолдайды.

2. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс.

**162-бап. Уран саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер жүргізу тәртібі**

1. Уран саласындағы ұлттық компанияға өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер уран саласындағы ұлттық компанияның уәкілетті өкілдері мен құзыретті органның жұмыс тобы арасында жүргізіледі. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын құзыретті орган бекітеді.

2. Тікелей келіссөздер өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер жүргізу мерзімі құзыретті органның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. Егер тікелей келіссөздер жүргізуге арналған өтінішті беру кезінде не тікелей келіссөздер барысында уран саласындағы ұлттық компания жұмыстарда және көрсетілетін қызметтерде жергілікті қамту бойынша елу пайыздан астам мөлшерде міндептемелер ұсынылған жағдайда, ұсынылған міндептемелер уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленеді.

4. Құзыретті орган тікелей келіссөздер нәтижесінде келісімшартты жасасу туралы немесе оны жасасудан бас тарту туралы шешім қабылданады.

5. Уран өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда уран саласындағы ұлттық компания ол қабылданған күннен бастап күнтізбелік он екі ай ішінде:

1) тікелей келіссөздер нәтижесінде айқындалған қол қою бонусын төлейді;

2) осы Кодекске сәйкес уран өндірудің тәжірибелік-өнеркәсіптік жобасын әзірлеуге және оның сараптамаларын қамтамасыз етуге міндепті;

3) құзыретті органға қол қою бонусын төлегенін растауды және өз тарапынан қол қойылған, құзыретті орган бекіткен, уранды өндіруге арналған типтік келісімшартқа сәйкес әзірленген уран өндіруге арналған келісімшартты жібереді.

Уран өндіруге арналған келісімшартта ұзақтығы тікелей келіссөздер нәтижесінде айқындалатын тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі бекітіледі.

Тиісті жобаны әзірлеу және келісу жер қойнауын пайдаланушының еркіне қатысты емес мән-жайлар бойынша мерзімінде аяқталмаса, осы тармақта көрсетілген мерзім құзыретті органның шешімі бойынша алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

6. Құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшартты және қол қою бонусының төленгенін растауды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде уран өндіруге арналған келісімшарт жасасады және оның данасын (даналарын) уран саласындағы ұлттық компанияға жібереді.

**2-параграф. Уран өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығының тоқтатылуы**

**163-бап. Құзыретті органның біржақты тәртіппен уран өндіруге арналған келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуы**

1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыны жол берілген бұзушылықтар туралы мынадай:

1) осы Кодекстің 180-бабында көзделген есептілікті ұсынбаған не көрінеу анық емес есептілікті ұсынған;

2) жер қойнауын пайдаланушының уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелерді ағымдағы жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

3) белгіленген графикке сәйкес қамтамасыз ету сомасын қалыптастырмай не қамтамасыз ету сомасын қалыптастыру графигін бұза отырып, жердің жоғарғы қабатының бұзылуымен байланысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізген;

4) жер қойнауын пайдаланушының уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді бұзған өзге де жағдайларда жазбаша хабардар етеді.

Жер қойнауын пайдаланушы жол берілген бұзушылық туралы хабарламаны алған күннен бастап үш ай ішінде – осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтарды жоюға, ал уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген өзге де міндеттемелерді бұзушылықтарды – хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құзыретті органға бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

2. Жер қойнауын пайдаланушы осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтардың біреуін үш ай мерзімде жоймаған жағдайда, сондай-ақ уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген өзге де міндеттемелердегі екіден астам бұзушылықты құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

### 3. Құзыретті орган:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енген;

2) жер қойнауын пайдаланушының тиісінше бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың он қорытындысын алған жобалау құжаттарынсыз уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізген;

3) жер қойнауын пайдалану құқығының және жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына қатысты осы Кодекстің талаптарын жер қойнауын пайдаланушы бұзған жағдайларда уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатады.

4. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуды жер қойнауын пайдаланушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Жер қойнауын пайдаланушы мұндай хабарламаны алған күннен бастап екі ай өткеннен кейін келісімшарттың қолданысы тоқтатылады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысын құзыретті органның мерзімінен бұрын тоқтатуының зандылығын олар хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде сотта даулауға құқылы. Жер қойнауын пайдаланушы сотқа жүгінген жағдайда, осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзім сот шешімі занды қүшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын, соның ішінде, егер жер қойнауын пайдалануышының стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участеклерінде уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі әрекеттері ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін өзгертуге алып келетін жағдайда осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын біржакты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Келісімшарттың қолданысы көрсетілген негіз бойынша бір жақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган бұл туралы жер қойнауын пайдалануышыға екі айдан кешіктірмей ескертуге туіс.

7. Егер жер қойнауын пайдалануышының стратегиялық маңызы бар жер қойнауы участеклеріне қатысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі әрекеттері ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін өзгертуге алып келетін жағдайда, құзыретті орган Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру мақсатында келісімшарттың, оның ішінде осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың талаптарын өзгертуді және (немесе) толықтыруды талап етуге құқылы.

Құзыретті орган уран өндіруге арналған мұндай келісімшарттың қолданысын, егер:

1) құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы жазбаша түрде келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келіссөздер жүргізуге өз келісімін растамаса не оны жүргізуден бас тартса;

2) келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келіссөздер жүргізуге жер қойнауын пайдалануышының келісімін алған күннен

бастап төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша келісімге қол жеткізбесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін қалпына келтіру бойынша келісілген шешіміне қол жеткізу күнінен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

#### **164-бап. Уран өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы участкесі мен мұлік**

1. Уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап осы келісімшартта бекітілген жер қойнауы участкесі (учаскелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

2. Өндіру кезеңі аяқталған күннен бастап өндіру участкесі (учаскелері) мемлекетке қайтарылған болып табылады.

Егер уран өндіруге арналған келісімшартта екі және одан да көп өндіру участкесі бекітілген болса, онда өндіру участкелерінің бірі бойынша өндіру кезеңі аяқталған күннен бастап мұндай участке мемлекетке қайтарылған болып табылады.

3. Уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысы тоқтатылған кезде құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыны мына шешімдердің бірі туралы:

1) осы жер қойнауы участкесіндегі жер қойнауын пайдалану салдарын жою;

2) жер қойнауы участкесін консервациялауды жүргізу;

3) жер қойнауы участкесін уран саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беру туралы хабардар етеді.

4. Хабарлама мынадай мерзімдерде:

1) өндіру кезеңі аяқталған соң уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда – осындай аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірмей;

2) құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда – уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламаны жібере отырып, бір мезгілде;

3) тараптардың келісімі бойынша уран өндіруге арналған келісімшартты бұзған жағдайда – келісімшартты бұзу туралы келісімге қол қоя отырып, бір мезгілде жіберіледі.

5. Құзыретті органның жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою не жер қойнауы участкесін консервациялау шешімі туралы хабарламасын алған тұлға:

1) дереу тоқтатылуы төтенше жағдайлардың туындау қатерімен байланысты болатын операцияларды қоспағанда, жер қойнауы участкесінде уран өндіру жөніндегі операцияларды тоқтатуға міндетті. Мұндай операцияларды тоқтату хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылуы тиіс;

2) осы Кодексте көзделген жою немесе консервациялау жобасы сараптамаларының он қорытындылары бекітілгеннен және алынғаннан кейін осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер участкесін консервациялау жөніндегі жұмысты дереу бастауға міндетті;

3) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде өзі өндірген уранды, сондай-ақ өзінің меншігі болып табылатын жабдық пен өзге де мұлікті шығаруға құқылы. Көрсетілген мерзімде шығарылмаған жабдық пен өзге де мұлік осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жойылуға немесе консервациялауға жатады.

6. Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол осы баптың 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген міндеттерді орындаудан бас тартқан жағдайда, жер қойнауын пайдалану салдарын жою немесе жер қойнауы участкесін консервациялау бойынша жұмыстарды жүргізу қамтамасыз ету қаржаты есебінен жүзеге асырылады.

Бұл ретте уран өндіру саласындағы уәкілетті орган осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда кепіл нысанын толық көлемде, ал осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда жер участкесін консервациялау бойынша жұмыстарды жүргізуға іс жүзінде кеткен шығындар көлемінде өндіріп алуға құқылы.

7. Құзыретті органның уран саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына жер қойнауы участкесін беру шешімі туралы хабарламасын алған тұлға:

1) хабарламаны алған күннен бастап бір ай мерзімде жер қойнауы участкесіндегі технологиялық процестің үздіксіздігін және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдық пен өзге де мұлікті жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мұлікті бергенге дейінгі мерзімге уран саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беруге міндетті.

Бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы болмаған не ол мұлікті уран саласындағы ұлттық компанияға беруден бас тартқан жағдайда, құзыретті орган

осындай мүлікке қатысты оның сенім білдірген өкілі ретінде әрекет етеді және берілетін мүліктің жай-күйі туралы көрсетуді көздейтін тізбесі бар акті бойынша оны уран саласындағы ұлттық компанияға береді;

2) хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде өзі өндірген уранды, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, өзінің меншігі болып табылатын жабдық пен өзге де мүлікті шығаруға құқылы.

8. Осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда:

1) сенімгерлік басқарушы осы баптың 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлікті бағалауды ұйымдастырады;

2) осы баптың 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүлік уран өндіруге арналған келісімшарт жасалған күннен бастап осындай мүліктің құнын бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға төлейтін жаңа жер қойнауын пайдаланушының меншігіне өтеді.

9. Осы баптың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда:

1) құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұрынғы жер қойнауын пайдаланушыға жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін банктік салым бойынша құқықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беру қажеттілігі және осындай беру мерзімдері туралы хабарламаны жібереді;

2) бұрынғы жер қойнауын пайдалануши хабарламада көрсетілген мерзімде жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін банктік салым бойынша құқықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға береді.

### **165-бап. Жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған кездегі жер қойнауы участкесі мен мүлікті сенімгерлік басқару**

1. Осы Кодекстің 164-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда, құзыретті орган жер қойнауы участкесін кейіннен өзге тұлғага беру үшін оны уран саласындағы ұлттық компанияның сенімгерлік басқаруына беру шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уран саласындағы ұлттық компаниямен осы жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартын жасасады.

2. Жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленеді және жасалады және сенімгерлік басқарушыға:

1) уран өндіруді жүргізуғе арналған келісімшарт жасамастан уран өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру;

2) жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жер пайдалану құқығында жер участкесін алу құқығын береді.

3. Сенімгерлік басқарушының жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқаруы кезінде жүргізген және белгіленген тәртіппен расталған шығыстарын, жүргізілген шығыстардың қажеттілігін растайтын құжаттарды ұсынған кезде оны пайдаланудан түсken кірістер есебінен өтетуге құқығы бар.

Шығыстар осылайша өтелген жағдайда жана жер қойнауын пайдалануши осы бапқа сәйкес бұрын өтелген сенімгерлік басқарушының шығындарының орнын толтырмайды.

Кіріс болмаған не ол жеткіліксіз болған жағдайда шығыстарды өтеу құрылтайшының (пайда алушының) есебінен жүзеге асырылады.

4. Сенімгерлік басқарушының шығыстарын өтеуге және сенімгерлік басқару шартын орындауға байланысты салықтарды төлеуге жұмсалған сомаларды қоспағанда, сенімгерлік басқарудан түсken кірістер сенімгерлік басқару шартының қолданылуын тоқтату нәтижелері бойынша құрылтайшыға (пайда алушыға) жіберіледі.

5. Жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шарты шенбериnde тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы Кодексте көзделген талаптарды сақтаусыз жүзеге асырылады.

6. Сенімгерлік басқарушы жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартымен өзіне берілген өкілеттіктерді асыра пайдалана отырып немесе белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерден туындастын міндеттемелер бойынша өз мүлкімен жауап береді.

7. Жер участкесі сенімгерлік басқарушыға жер қойнауы участкесін сенімгерлік басқару шартының қолданылу мерзіміне, бірақ ол жасалған күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге қайта ресімделеді.

## **23-ТАРАУ. УРАН ӨНДІРУ УЧАСКЕЛЕРІ МЕН АУМАҚТАРЫ**

### **166-бап. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілетін жер қойнауы участкелері**

1. Жер қойнауы участкелері уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде уран өндіру үшін беріледі.

2. Уран өндіру үшін жер қойнауы участкелері олардың шегінде табылған уран шоғырларының жатқан тереңдігімен шектеледі.

3. Уран өндіруге арналған келісімшартта бірнеше жер қойнауы участкелері көзделуі мүмкін.

4. Уран өндіруге арналған бір келісімшарт шенбериnde уран саласындағы ұлттық компанияға тікелей келіссөздер негізінде берілетін жер қойнауы участкелерінің көлемі жиынтығында екі жүз блоктан аспайды.

## **167-бап. Жер қойнауы участкесін беру**

1. Уран өндірге арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап жер қойнауы участкесі жер қойнауын пайдаланушыға пайдалануға берілген болып табылады.

2. Участкені және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі мен өндіру кезеңін бекітуді көздейтін уран өндірге арналған келісімшартты немесе уран өндірге арналған келісімшартқа қосымшаны жасау Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға өзіне қажетті жер участкесіне жер қойнауын пайдалану құқығын беру үшін негіз болып табылады.

## **168-бап. Тұрлендіру ұғымы мен түрлері**

1. Жер қойнауы участкелерін тұрлендіру:

1) жер қойнауы участкесін ұлғайту;

2) жер қойнауы участкесін азайту арқылы жасалатын кеңістіктік шекараларын өзгерту болып табылады.

2. Тұрлендірілген участкелерді пайдаланушы бір тұлға (бір тұлғалар) болып табылған жағдайда жер қойнауы участкелерін тұрлендіруге жол беріледі.

## **169-бап. Жер қойнауы участкесін ұлғайту**

1. Уран өндірге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауы участкесін ұлғайту мына шарттарды бір мезгілде сақтаған кезде:

1) жер қойнауын пайдаланушы барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушиның бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалау құжатында белгіленген, өндірге арналған жер қойнауы участкесіне жанасатын кенжатынды (кен шоғырлары жиынтығын) тапса;

2) сұралатын участке уран бойынша жер қойнауын пайдаланудан бос болса;

3) жер қойнауы участкесі блоктар шегінде жер қойнауын пайдаланушиның бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалау құжатында белгіленген, табылған кенжатынның (кен шоғырлары жиынтығының) контурлары орналасатын блоктармен сұратылса;

4) құзыретті органның хабарламасында көрсетілген уран өндірге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болмаса, жер қойнауын пайдаланушиның өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Жер қойнауы участкесін ұлғайту туралы өтініште мыналар:

1) жер қойнауын пайдаланушиның атауы;

2) уран өндірге арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі мен күні;

3) бастапқы жер қойнауы участкесінің аумағын ұлғайту болжанып отырған, сұралатын жер қойнауы участкесін көрсету қамтылуға тиіс.

### 3. Өтінішке қосымша мыналар:

1) жер қойнауы участкесін ұлғайтуды көздейтін келісімшартқа жер қойнауын пайдаланушы қол қойған қосымша;

2) сұралатын участкеге құзыретті тұлғаның қорлар бойынша есебі қоса беріледі.

4. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган:

1) жер қойнауы участкесін ұлғайту туралы шешім қабылдайды немесе оны ұлғайтудан бас тартады;

2) өтініш иесін қабылданған шешім туралы, ал жер қойнауы участкесін ұлғайту туралы шешім қабылданған жағдайда – сұралатын жер қойнауы участкесі бойынша қол қою бонусының мөлшері туралы қосымша хабардар етеді.

### 5. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін ұлғайтудан:

1) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталмаған жағдайда бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы участкесін ұлғайтудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

6. Құзыретті орган қол қою бонусының төленгенін растауды өтініш иесінен алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш иесімен уран өндіруге арналған келісімшартқа қосымшаны жасасады және өтініш иесіне оның бір данасын жібереді.

7. Жер қойнауы участкесін ұлғайту уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңін ұзартуға негіз болып табылмайды.

## 170-бап. Жер қойнауы участкесін азайту

1. Жер қойнауын пайдаланушы уран өндіру кезеңі аяқталғанға дейін кез келген уақытта аумақты және оған сәйкес келетін жер қойнауының участкесін мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде мемлекетке олардың кез келген бөлігін қайтару арқылы:

1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен қайтарылатын күнге дейін жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі жұмыстарды қайтарылатын жер қойнауы участкесінде аяқтаған;

2) аумақты және оған сәйкес келетін жер қойнауы участкесін қайтаруды блоктармен жүзеге асырған;

3) егер жер қойнауын пайдалану құқығына кепілмен ауыртпалық салынса, кепілді ұстаушының қайтаруға алдын ала келісімі бар болған;

4) жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болмаған кезде азайта алады.

2. Жер қойнауы участкесін азайту туралы өтініште мыналар:

1) жер қойнауын пайдаланушының атауы;

2) уран өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) мемлекетке қайтару болжанып отырған жер қойнауы участкесін (оның бөлігін) көрсету;

4) жер қойнауын пайдаланушыда қалатын жер қойнауы участкесін (учаскелерін) көрсету қамтылуға тиіс.

3. Өтінішке қосымша мыналар:

1) қайтарылатын жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою актісінің көшірмесі;

2) жер қойнауын пайдаланушы қол қойған, жер қойнауы участкесін азайтуды көздейтін келісімшарт қосымшасы қоса беріледі.

4. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайту туралы шешім қабылдайды немесе азайтудан бас тартады.

5. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайтудан:

1) өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталмаған жағдайда бас тартады.

Құзыретті органның жер қойнауы участкесін азайтудан бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

6. Құзыретті орган жер қойнауы участкесін азайту туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш иесімен уран өндіруге арналған келісімшартқа қосымшаны жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған данасын жібереді.

7. Жер қойнауын пайдаланушының бүкіл аумақты және жер қойнауы участкесін қайтаруы уран өндіруге арналған келісімшарттың тоқтатылуына алып келеді.

## **24-ТАРАУ. УРАН ӨНДІРУ КЕЗЕҢДЕРІ**

### **171-бап. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі**

1. Уран өндіруге арналған келісімшарттар бойынша оларды жасасу кезінде жер қойнауы участкесі және өндірудің тәжірибелік-өнеркәсіптік кезеңі бекітіліп беріледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушы тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі ішінде кен орнын игеру жобасын әзірлеуді, бекітуді және оған осы Кодексте көзделген сараптамалар жүргізуді, сондай-ақ уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

3. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінің ұзақтығы осы Кодекстің 172-бабының 1-тармағында көрсетілген уран өндіру кезеңінің барынша ұзақтығын тиісінше қысқартумен төрт жылдан аспайтын мерзімді құрайды.

Құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін уран саласындағы ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша хабарламада белгілейді.

4. Уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру участкесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп берудің міндетті шарты жер қойнауын пайдаланушының геологиялық қорларды есептеу бойынша жер қойнауының есебін және осы Кодексте көзделген тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасына қатысты сараптамалардың он қорытындысын алуы болып табылады.

5. Өндіру участкесі мен тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беру туралы өтініште мыналар:

- 1) жер қойнауын пайдаланушының атауы;
- 2) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасына мемлекеттік сараптаманың он қорытындысы және қорлардың бар-жоғы туралы мәліметтер;
- 3) өндіруге арналған жер қойнауы участкесін (учаскелерін) көрсету;
- 4) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінің ұзақтығы қамтылуға тиіс.

6. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

7. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган өндіру участкесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беру туралы шешім қабылдайды немесе осындаі бекітіп беруден бас тартады.

8. Егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда құзыретті орган өндіру участкесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беруден бас тартады.

Құзыретті органның өндіру участкесін және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін бекітіп беруден бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

## **172-бап. Уран өндіру кезеңі**

1. Уран өндіруге арналған келісімшарт жасасу кезінде уран өндіру кезеңінің барынша ұзактығы, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңін қоса алғанда, жиырма бес жылдан аспайтын мерзімді құрайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мерзім шегінде уран өндіру кезеңі жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын игеру жобасының негізінде айқындалады.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру және жер қойнауы участкесінде өндіру кезеңі уран өндіруге арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап есептеледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және жағдайларда уран өндірудің бүкіл аумағын қайтару арқылы өндіру кезеңін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

### **173-бап. Уран өндіру кезеңін ұзарту**

1. Құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша өндіру кезеңін қатарынан жиырма бес жылға дейінгі кезеңге ұзартады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға өндіру кезеңін ұзарту туралы өтінішті ұзартылатын өндіру кезеңі аяқталғанға дейін кемінде алты айдан кешіктірмей белгіленген нысан бойынша береді.

3. Өндіру кезеңін ұзарту туралы өтініште:

1) жер қойнауын пайдаланушының атауы;

2) уран өндіруге арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру кезеңін ұзарту сұралатын жер қойнауы участкесін (учаскелерін) көрсету;

4) өндіру кезеңін ұзарту сұратылып отырған мерзімі қамтылуға тиіс.

4. Өтінішке қосымша мыналар:

1) жер қойнауын пайдаланушы бекітken және өндіру кезеңі ұзартылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы участкесінде орындауға міндеттенетін жұмыстардың көлемін, сипаты мен орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыстар бағдарламасы;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекітken және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған, өндіру кезеңін ұзартудың сұралып отырған мерзімі ішінде кен орнын игеруді көздейтін кен орнын игеру жобасы қоса беріледі.

5. Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде қаралуга жатады. Құзыретті орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша ұзарту туралы шешім қабылдайды немесе осындай ұзартудан бас тартады.

6. Құзыретті орган өндіру кезеңін ұзартудан:

1) егер өтініш осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімнен кеш берілген;

- 2) егер өтініш осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 3) егер кен орнын игеру жобасында өтініште сұратылып отырған мерзімнен аз мерзім ішінде кен орнын игеру көзделген;
- 4) құзыретті органның хабарламасында көрсетілген уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануышының міндеттемелерінің жойылмаған бұзушылықтары болған;
- 5) құзыретті органның уран өндіру кезеңін ұзартуға ниеті болмаған жағдайларда бас тартады.

Өндіру кезеңін ұзарту өтініште көрсетілген жер қойнауы участкесі (учаскелері) бойынша ғана жүргізіледі.

7. Егер келісімшарт құзыретті орган бекітетін уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келген жағдайда, өндіру кезеңін ұзартқан кезде жер қойнауын пайдалануши мен құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде өндіру кезеңін ұзартуды және жер қойнауын пайдалануышының осы баптың 4-тармағында көрсетілген жұмыстар бағдарламасын орындау бойынша міндеттін көздейтін және келісімшарттың ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін уран өндіруге арналған келісімшартқа қосымша келісім жасалады.

8. Егер келісімшарт құзыретті орган бекітетін уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келмеген жағдайда, өндіру кезеңін ұзартқан кезде жер қойнауын пайдалануши мен құзыретті орган арасында ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі ай ішінде уран өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген, жаңа редакциядағы уран өндіруге арналған келісімшарт жасалады.

9. Егер келісімшарт шенберінде уран өндіру кезеңі кемінде жиырма жыл мерзімге белгіленсе, өндіру кезеңін ұзарту кезінде келісімшарт шарттары осындай ұзарту күнінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілуға жатады.

#### **174-бап. Уран өндіру кезінде жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану**

1. Уран өндіруді жүргізуін міндетті шарттары:
  - 1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;
  - 2) жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың он практикасы негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық түрғыдан тиімді пайдалану;
  - 3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланудың оң практикасы ретінде уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қолданылатын ұтымды, қауіпсіз, қажетті және экономикалық түрғыдан тиімді болып табылатын жалпы қабылданған халықаралық практика түсініледі.

2. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау:

1) халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауға;

2) табиғи ландшафттарды сақтауға және бұлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

3. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау саласындағы талаптар:

1) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық кезеңдерінде жер қойнауы ресурстарын ұтымды және экономикалық түрғыдан тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

2) таңдал өндіруге жол бермей, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан алушын толықтығын қамтамасыз ету;

3) уран қорларын және ілеспе құрауыштарды анық есепке алу;

4) ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын, су жинау аландарында және жерасты сулары бар жерлерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналудын болғызыбау;

5) уран кен орындарын пайдалануды және игеруді қыыннататын, жер қойнауын су басудан, өрттен және басқа да дүлей факторлардан қорғау;

6) уранды немесе өзге де заттар мен материалдарды сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде жер қойнауының ластанудын болғызыбау;

7) уран өндіру жөніндегі операцияларды тоқтата тұрудың, тоқтатудың, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюдың, жер қойнауы участекін консервациялаудың белгіленген тәртібін сақтау;

8) қалдықтарды қоймаға жинап қою мен орналастыру кезінде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстарды жобалау, уран кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде осы Кодексте белгіленген жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану және жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Осы Кодекске сәйкес белгіленген жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу салдарынан келтірілген нұқсанның

мөлшерін уран өндіру саласындағы уәкілетті орган өзі айқындаған тәртіппен белгілейді.

## **25-ТАРАУ. УРАН ӨНДІРУ ШАРТТАРЫ**

### **175-бап. Уран өндірудің жалпы шарттары**

1. Уран өндірудің міндетті шарттары жоғары технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң практикасы негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық түрғыдан тиімді пайдалану, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Өндірілген уран санын есепке алу мақсатында, жер қойнауына сілтісіздендірілген ертінділермен қайтарылатын уранды есептен шегере отырып, өнімділік ертінділермен жер бетіне шығарылған уран айқындалады.

### **176-бап. Уран өндіру шарттары**

1. Уран өндіру жөніндегі операциялар жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасына және (немесе) кен орнын игеру жобасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

2. Уран өндіру жөніндегі барлық жұмыстар құжаттандырылуға жатады.

3. Уран өндіру кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) өндіруде қолданылатын техникалық құралдарының оңтайлылығы мен қауіпсіздігін;

2) өндірілген және жер қойнауында қалдырылатын уран қорларын, оларды қайта өндеу өнімдерін және өндіру кезінде пайда болатын өндіріс қалдықтарын анық есепке алууды;

3) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірудің және (немесе) өндірудің нормалары мен стандарттарын, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін сақтауды;

4) өндіру қалдықтары мен қайта өндеу өнімдерін қоймаға жинап қою және орналастыру кезінде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындауды;

5) тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында көзделген тәртіппен уранды алууды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Өндіру барысында алынатын уран және басқа да ілеспе пайдалы қазбалар, егер осы Кодексте немесе келісімшартта өзгеше көзделмесе, жер қойнауын пайдалануышының меншігі болып табылады.

5. Минералдық шикізатты шығару жөніндегі операцияларға байланысты жерасты сілтісіздендіру тәсілі кезінде жер бетіне шығарылған өнімділік ертінділер, егер осы ертінділер олардан уран және басқа да ілеспе пайдалы қазбалар алынғаннан кейін сол көлемде жер қойнауына айдалса, жерасты суларын өндіруге жатпайды.

6. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес суды пайдалану арнайы рұқсатын алмастан жер қойнауы участкесі шегінде уранды және жер бетіне шығарылған өнімділік ертінділерден алынған құрамында пайдалы қурауыштары бар басқа да пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыруға құқылы.

Ілеспе өндірілген жерасты суларын одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **177-бап. Уран өндіру салдарын жою**

1. Уран өндіру салдарын жою жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған өндіру салдарын жою жобасына сәйкес жүргізіледі.

Уран өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптар уран өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен уран өндіруді жүргізу кезіндегі консервациялау және жою қагидаларында белгіленеді.

#### **2. Уран өндіру салдарын жою:**

1) осы Кодекстің 164-бабының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жер қойнауы участкесінде;

2) жер қойнауын пайдаланушы мемлекетке қайтаруға ниеттеніп отырған жер қойнауы участкесінде (оның бөлігінде) жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда жер қойнауының осы участкесіне қатысты жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға:

1) жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде уран бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасын бекітуге және осы Кодексте көзделген сараптамалардан өту үшін ұсынуға;

2) уран өндіру салдарын жою жобасында белгіленген мерзімде жер қойнауы участкесінде өндіру салдарын жоюды аяқтауға міндетті.

#### **4. Уран өндіру салдарын жою:**

1) жер қойнауын пайдаланушы не тиісті жер қойнауы участкесінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға;

2) құзыретті органның өкілі;

3) қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың және облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдері;

4) жеке меншіктегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдаланудағы жер участесінде өндіру салдарын жою жүргізілген жағдайда – жер участесінің меншік иесі немесе жер пайдалануши жою актісіне қол қойған күннен бастап аяқталған болып есептеледі.

Бұл ретте, егер жою актісіне қол қойылғаннан кейін он жыл ішінде жер қойнауын пайдалануши, тиісті жер қойнауы участесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлғаның өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жою жобасын бұза отырып орындағаны анықталса, онда мұндай тұлғалар анықталған бұзушылықты құзыретті органмен келісілген мерзімде өз есебінен жоюға міндетті.

5. Уран өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындау банктік салым кепілімен қамтамасыз етіледі.

6. Өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін, кепіл нысанасы болып табылатын банктік салым тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында уран өндірудің жоспарланатын көлемдеріне пропорционалды түрде айқындалған мөлшер сомасында ақша салу арқылы қалыптасады.

Банктік салым салынатын жарналардың мөлшері уран өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың нарықтық құны негізінде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында айқындалады және игеруді талдау шенберінде үш жылда кемінде бір рет қайта есептелуге жатады.

7. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарт шарттары бойынша қалыптасқан кепілге салынған банктік салым бойынша құқықтарды қайта ресімдеудің (берудің) сөзсіз негізі болып табылады.

8. Келісімшарт тоқтатылған кезде қамтамасыз ету сомасы құзыретті органның келісімімен жер қойнауы участесінде орындалған және осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен қабылданған жою жұмыстары құнының бөлігіне мөлшерлес азайтылуы мүмкін.

9. Егер уран өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жоюға жұмсалған нақты шығындар қамтамасыз ету мөлшерінен асып түссе, онда жер қойнауын пайдалануши жою жөніндегі жұмыстарды қосымша қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. Егер жоюға жұмсалған нақты шығындар қамтамасыз ету мөлшерінен аз болса, онда қалған ақша осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушида қалады.

**178-бап. Жер қойнауын пайдаланушилардың уран өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым және өнірді әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелері**

1. Өндіру кезеңі ішінде, екінші жылдан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) уран өндіру саласындағы уәкілетті органның білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытууды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) уран өндіру саласындағы уәкілетті органның ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып бекітетін тәртіппен алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының уранды өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

3) алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша уран өндіру кезеңінде уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша инвестициялардың бір пайызы мөлшерінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және оның инфрақұрылымын дамытууды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

2. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстарды қаржыландыруға жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін дамытуға және қолдауға арналған шығыстары, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке осы мақсаттарға оның аударатын қаражаты жатады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған, белгіленген минимумнан асатын қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдаланушының келесі жылы тиісті міндеттемелерін орындау есебіне ескеріледі.

### **179-бап. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

1. Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, соның ішінде мердігерлердің сатып алуы мынадай тәсілдерді:

1) ашық конкурс;

2) бір көзден алу;

3) төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық);

4) осы тармақта көзделген тәсілдерді қолданбастан тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу арқылы;

5) тауар биржаларында жүзеге асырылады.

Уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы пайдаланатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін немесе жұмысы осындай тізілімнің жұмысымен үйлестірілген интернеттің қазақстандық сегментінде орналасқан электрондық сатып алушың өзге де жүйелерін міндettі түрде пайдалана отырып жүргізіледі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**179-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастыруши конкурс женімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысуышылардың – жұмыс беретін және қызметтер көрсететін қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішлік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, жұмыскерлердің жалпы санынан Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде тоқсан бес пайызын пайдаланатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері деп танылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**179-баптың 1-тармағының төртінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішлік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік басшылардың, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан көп болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес биржалық тауарлар тізбесі бойынша жүзеге асырылады. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды сатып алудың жылдық көлемдері биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең аз мөлшерінен аспаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы тауарларды сатып алудың өзге тәсілін таңдауға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушылар және (немесе) олардың мердігерлері уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін осындай келісімшарттарда көзделген жауаптылықта болады.

2. Уран өндіруге қатысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмыстарын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізлімінің жұмысымен үйлестіру тәртібін уран өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

### 3. Осы баптың мақсаттары үшін:

1) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізлімі ретінде уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды және оларды өндірушілерді бақылауға және мониторингтеуге, сондай-ақ электрондық сатып алуды жүргізу және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе түсініледі;

2) электрондық сатып алу жүйесі деп сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушылар немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін пайдаланатын, уран өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың тәртібіне сәйкес жасалатын және пайдаланылатын электрондық ақпараттық жүйе түсініледі.

4. Уранға қатысты қазақстандық кадрларды және өндірушілерді қолдау саласындағы операторды уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындаиды және ол:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық өндірушілерден тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу, қазақстандық кадрларды тарту, қазақстандық кадрларды оқыту, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы бойынша міндеттемелерді орындаудын мониторингтеуді;

2) уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындаитын тәртіппен осы тізілімге енгізу үшін оларды бағалау өлшемшарттарын қоса алғанда, қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

5. Уранға қатысты қазақстандық кадрларды және өндірушілерді қолдау саласындағы оператор даусы беретін акцияларының елу және одан көп пайзызы (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі занды тұлға болып табылады, ал акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік топтамасын иелену және пайдалану құқығын уран өндіру саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Жер қойнауын пайдаланушылар уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындаитын тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын бір жылдық (бір қаржы жылына) және орта мерзімдік (бес қаржы жылына) бағдарламаларын уран өндіру саласындағы уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын жылдық бағдарламасы ретінде күнтізбелік бір жылға жоспарланатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлемін, оларды сатып алу тәсілі мен мерзімін айқындаитын жер қойнауын пайдаланушы жасайтын құжат түсініледі.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алушын орташа мерзімдік бағдарламасы ретінде бес жылға дейінгі кезеңге жоспарланатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы мен көлемін, оларды сатып алу тәсілі мен мерзімін айқындаитын жер қойнауын пайдаланушы жасайтын құжат түсініледі.

7. Осы баптың 1-тармағының талаптары мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұлттық басқарушы холдинг тікелей немесе жанама иеленетін, жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға қолданылмайды.

**Ескерту. 179-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 02.04.2019 № 241-VI Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).**

## **180-бап. Жер қойнауын пайдалануышының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезіндегі есептілігі**

Уран өндіруге арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануышы мынадай есептерді:

1) геологиялық есепті;

2) Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлары туралы жария есептілігінің қазақстандық кодексіне (KAZRC кодексі) сәйкес дайындалған құзыретті тұлғаның қорлар бойынша есебін;

3) келісімшарттық талаптарды орындау туралы есепті;

4) уранды тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру бойынша жүргізілген операциялар, оларға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

5) уранды өндіру бойынша жүргізілген операциялар және оларға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

6) кадрлардағы жергілікті қамту туралы есепті;

7) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есепті;

8) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы есепті;

9) уран өндіру бойынша есепті;

10) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы жергілікті қамту көлемі туралы есепті;

11) жер қойнауын пайдалануышыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті ұсынуға міндетті.

Осы баптың 1) және 2) тармақшаларында көзделген есептер жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға оның өзі бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 3) – 5) тармақшаларында көзделген есептер құзыретті органға оның өзі бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 6) – 11) тармақшаларында көзделген есептер уран өндіру саласындағы уәкілдегі органға өзі бекітетін нысандар және тәртіп бойынша ұсынылады.

### **181-бап. Жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіруге арналған келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы**

1. Жер қойнауын пайдаланушыға уран өндіруге арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерін бұзғаны үшін жауаптылықтың мынадай түрлері көзделеді:

1) жер қойнауын пайдаланушының уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген жағдайларда, тәртіппен және мөлшерде төлейтін тұрақсыздық айыбы;

2) құзыретті орган осы Кодекстің 163-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылатын, уран өндіруге арналған келісімшарттың қолданылуын бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуы.

Бұл ретте тұрақсыздық айыбын төлеу жер қойнауын пайдаланушыны тиісті міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

2. Құзыретті орган уран өндіруге арналған келісімшарт талаптарының жол берілген бұзушылықтары туралы жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді, сондай-ақ оның белгіленген мерзімде тұрақсыздық айыбын төлеу және (немесе) осындай бұзушылықты жою жөніндегі міндеттерін мынадай:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану келісімшартында белгіленген қаржылық міндеттемелерді есептілік жыл үшін отыз пайыздан кем орындаған;

2) қамтамасыз ету мөлшерін қалыптастырудың белгіленген графигіне сәйкес қамтамасыз етуді ұсынбай не графикті бұза отырып, жер үсті тұтастығын бұзумен байланысты уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізген;

3) жер қойнауын пайдаланушының уран өндіруге арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерін бұзған өзге де жағдайларда хабардар етеді.

3. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзушылықтарды жою мерзімі міндеттемелердің физикалық көлемі бойынша жазбаша хабарлама алғынған күннен бастап – алты айдан, осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер бойынша – үш айдан, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген өзге де міндеттемелер бойынша бір айдан аспауға тиіс.

4. Жер қойнауын пайдаланушы жол берілген бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзімде жоюға және бұл туралы жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, құзыретті органға жазбаша хабарлауға міндettі.

5. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға осындай ұзартудың себептерін негіздей отырып, уран өндірге арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзушылықты жою мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жіберуге құқылы. Құзыретті орган жол берілген бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы ұсынысты қарау нәтижелері бойынша оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануышыны мерзімді ұзартуға келісім беретіндігі туралы хабардар етеді немесе мұндай ұзартудан уәжді бас тартуын ұсынады.

6. Осы баптың 3-тармағында айқындалған мерзімде уран өндірге арналған келісімшартта көзделген міндеттемелерді бұзушылықты жою анық мүмкін болмаған жағдайда құзыретті орган осындай бұзушылықты жою мүмкін болатын өзге мерзімді белгілеуге құқылы.

## **26-ТАРАУ. УРАН ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАУ ҚҰЖАТТАРЫ**

### **182-бап. Уран өндіру саласындағы жобалау құжаттары туралы жалпы ережелер**

1. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы және кен орнын игеру жобасы уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаты болып табылады.

2. Уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарын жер қойнауын пайдалануыш шарт негізінде тартатын жобалау ұйымы жасайды.

3. Жобалау құжаттарының мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссиясы (орталық комиссия) геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы арнайы білімі бар және сараптама нәтижелеріне мүдделі емес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, жүзеге асырады.

4. Уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарын жер қойнауын пайдалануыш бекітеді.

5. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және игеру жобасында өндіру жөніндегі жұмыстардың түрлері, әдістері мен тәсілдері, шамамен көлемі және оларды жүргізу мерзімдері, сондай-ақ пайдаланылатын технологиялық шешімдер сипатталады.

6. Жобалау құжаттарында көзделген уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізудің түрлерін, тәсілдерін, технологияларын, көлемі мен мерзімдерін өзгертуге осындай жобалау құжаттарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін жол беріледі.

7. Егер бекітілген жобаларда айқындалған физикалық көрсеткіштер жыл сайын кен орнын игерудің тау-кен-геологиялық және технологиялық шарттарының өзгеруінсіз бір жылда бекітілген көрсеткіштерден физикалық тұрғыда жиырмадан аз пайызға өзгертілсе, егер көрсетілген көлемдер осы Кодексте көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған, бекітілген жобада игерудің бүкіл кезеңі ішінде бекітілген жобалау көлемдерінен өсу қорытындысымен ауытқыса, бекітілген жобаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобалары жасалмайды.

Жобалау құжаттары жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларға сәйкес жасалады.

8. Жобалар мемлекеттік экологиялық сараптамаға және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі сараптамаға жатады.

9. Жер қойнауын пайдаланушы әрбір үш жыл сайын құзыретті органға игеру жобасының көрсеткіштеріне сәйкес жобалық шарттардың орындалуын талдауды сараптамаға жіберуге міндетті.

### **183-бап. Уран кен орнын әзірлеу жобасы**

1. Кен орнын әзірлеу жобасы осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңінде жасалады.

2. Кен орнын әзірлеу жобасы қорларды толық даярлау кезеңіне әзірленеді.

3. Кен орнын әзірлеу жобасында мыналар қамтылуға тиіс:

1) құзыретті тұлғаның қорлар бойынша есебі;

2) жер қойнауын ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

3) уран өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстардың орындалу мерзімдері, шарттары мен құны туралы ақпарат;

4) кен орнын әзірлеудің бүкіл кезеңіне уран өндірудің жыл сайынғы болжалды көлемі.

### **184-бап. Жобалау құжаттарын орындаудың мониторингі**

1. Тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобаларын жер қойнауын пайдаланушының орындауын мониторингтеу осы жобаны жасаған жобалау ұйымының жыл сайынғы авторлық қадағалау жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Кен орындарын әзірлеу жобаларын жер қойнауын пайдаланушының орындауын мониторингтеу мыналарды:

1) осындай жобаны жасаған жобалау ұйымының жыл сайынғы авторлық қадағалауын;

2) кемінде үш жылда бір рет орындалатын уран кен орнын әзірлеудің талдауын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Уран кен орнын әзірлеуді авторлық қадағалауды және талдауды жүргізуге қойылатын талаптар уран өндіру саласындағы уәкілетті орган бекітетін жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларда белгіленеді.

4. Авторлық қадағалау кезінде әзірлеуді бақылау жасауда алынатын ағымдағы геологиялық ақпарат пайдаланылады, ал қадағалау нәтижелері хабарлама тәртібімен құзыретті органға ұсынылатын жыл сайынғы есеп түрінде баяндалады.

5. Авторлық қадағалау бойынша жыл сайынғы есепте мыналар:

1) іс жүзінде қол жеткізілген технологиялық параметрлер мәндерінің жобалау мәндеріне сәйкестігі;

2) іс жүзіндегі және жобалау көрсеткіштерінің арасындағы алшақтықтардың және (немесе) жобалау шешімдерін орындаудың себептері;

3) кен орнын әзірлеу жобасы бойынша – жобалау шешімдеріне қол жеткізу және әзірлеу жүйесін игеруде анықталған кемшіліктерді жою бойынша және (немесе) жекелеген жобалау шешімдері мен кен орнын әзірлеу жобасының көрсеткіштерін өзгерту қажеттілігін айқындау үшін әзірлеудің кезектен тыс талдауын жүргізу бойынша ұсынымдар көрсетіледі.

6. Уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарын әзірлеу қағидаларында осы Кодексте көзделген сараптамаларды жүргізу қажеттігінсіз жобалау құжаттарының жекелеген көрсеткіштерін жобалау ұйымы авторлық қадағалау шенберінде шамалы (жиырма пайыздан аз) түзетуі мүмкін болатын жағдайлар белгіленеді, ал жобалау құжатына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар хабарлама тәртібімен құзыретті органға жіберіледі.

7. Кен орнын әзірлеуді талдау кен орнын әзірлеу жүйесін жетілдіру қажеттілігін анықтау нысанасына арналған әзірлеу процесінде геологиялық, геофизикалық, гидродинамикалық және басқа зерттеулер нәтижелерін кешенді зерделеуді білдіреді.

8. Уран кен орны әзірленуін талдауды жер қойнауын пайдаланушы тартатын, тиісті қызмет түріне лицензиясы бар жобалау ұйымы жүргізеді және жер қойнауын пайдаланушы талдауды хабарлама тәртібімен құзыретті органға жібереді.

9. Кен орнын әзірлеу жобасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы уран кен орнын әзірлеуді талдау нәтижелері бойынша негізді тұжырым болған кезде кен орнын әзірлеудің іс жүзіндегі және жобалау көрсеткіштері арасында едәуір

(жиырма және одан көп пайыз) алшақтықтар болған жағдайда талдау нәтижелері кен орнын әзірлеу жобасының мемлекеттік сараптамасы үшін осы Кодексте көзделген тәртіппен орталық комиссияның қарауына жатады.

10. Орталық комиссия уран кен орнын әзірлеуді талдау бойынша он қорытынды қабылдаған жағдайда жобалау шешімдері мен осындай талдаудың көрсеткіштері кен орнын әзірлеу жобасына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу, бекіту және оларға мемлекеттік сараптама жүргізу кезеңіне жобалау шешімдері мен кен орнын әзірлеу жобасының көрсеткіштері ретінде бағаланады, ол бір жылдан аспауға тиіс.

#### **IX БӨЛІМ. ПАЙДАЛЫ ҚАТТЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ**

27-тaraу. Пайдалы қатты қазбаларды барлау

##### **185-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия**

Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша оның иесінің пайдалы қатты қазбалар кен орындарын іздестіруді және одан әрі өндіру үшін олардың ресурстарын және қорларын бағалауды қамтитын пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы участкесін пайдалануға айрықша құқығы бар.

##### **186-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия берілетін аумақтар**

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасында айқындалатын аумақтарда беріледі.

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны:

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**1) тармақшаның қолданылуы 01.01.2023 дейін тоқтатыла түрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (осы Кодекстің 277-бабының 3-1-тармағын қараныз).**

1) осы Кодекстің 25-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда;

2) көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін басқа тұлғаның келісімінсіз, оның пайдалануындағы жер қойнауы участкесінің аумағы шегінде толық орналасқан блокқа қатысты;

3) жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер қойнауы участкесінің аумағы шегінде толық орналасқан блокқа қатысты;

4) пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған басқа лицензия бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлау участкесінің аумағына толық немесе ішінара жатқызылатын блокқа қатысты;

5) пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесінің аумағы шегінде толық орналасқан блокқа немесе пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруге өтініш бар аумаққа қатысты;

6) пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру салдарын жою жүргізіліп жатқан аумақ шегінде толық орналасқан блокқа қатысты;

7) уран өндіру учаскесінің аумағы шегінде толық орналасқан блокқа қатысты беруге жол берілмейді.

3. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия толық блоктардан басқа мынадай толық емес (ішінара) блоктарға:

1) жақтары осы баптың 2-тармағының 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген аумақтарды (аумақты) толық қамтитын блокқа;

2) осы баптың 2-тармағының 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген аумақтарда (аумақта) ішінара орналасқан блоктың басқа толық емес (ішінара) немесе толық блокпен ең болмағанда бір ортақ жағы болған және осындай ортақ жағы көрсетілген аумақтарда орналаспаған жағдайда, осындай блокқа;

3) осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көрсетілген аумактарға ішінара жатқызылатын блокқа қатысты да берілуі мүмкін.

Барлауға арналған лицензияға көмірсүтектерді немесе пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жер қойнауы учаскесінің ішінара аумағына шығатын блокты енгізуге осы учаскелер бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Бұл жағдайда барлау учаскесінің аумағы осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген аумактардың шекаралары бойынша, оның ішінде толық емес (ішінара) блоктардан қалыптастырылды деп есептеледі. Барлауға арналған лицензияға енгізілген толық емес (ішінара) блокты қалыптастыру үшін негіз болған мән-жайлар тоқтатылған кезде барлау учаскесі аумағының шекараларын айқындау мақсатында осы блок толық деп танылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген қағида осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көрсетілген аумактарға ішінара жатқызылатын және барлау учаскесінің аумағына енгізілген блоктарға қолданылмайды. Осындай блоктар шегінде бұл блоктар осы Кодекстің 25-бабының 1-тармағында көзделген аумактар мен объектілерді қозғайтын бөліктегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салу қолданылады.

**Ескерту. 186-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **187-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беру туралы өтініш**

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны алуға мүдделі тұлға құзыретті органға ол белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беруге өтініште көрсетілетін аумақ екі жұз блоктан артық болмауға тиіс.

3. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да зандастырылған құжат), басшылар туралы, өтініш иесін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын занды және жеке тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер;

2) барлау аумағын құрайтын және өтініш иесі пайдалануға беруді сұрайтын жер қойнауы участкесін айқындаітын блокты (блоктарды) көрсету.

Өтініште көрсетілген барлау аумағы, егер осы Кодекстің 186-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда блоктың бір бөлігін қамтыса, лицензияның шарттарын айқындау мақсаттары үшін өтінішті қарau кезінде аталған блок толық болып есептеледі.

4. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) егер тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін мұндай тұлғаның өкілеттігін растайтын құжат;

3) сұралып отырған жер қойнауы участкесінде өтініш иесі жүргізуге ниет етіп отырған барлау жөніндегі жұмыстардың жазбаша сипатталған түрлері, әдістері, тәсілдері, жылдар бойынша болжалды жүргізу мерзімдері мен көлемдері;

4) егер сұралатын участкеде немесе оның бөлігінде тұлға жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде көмірсүтектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын болса, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беруге мұндай тұлғаның келісімі;

5) өтініш иесінің пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға қаржылық және кәсіби мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжаттар;

6) егер сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы толық немесе ішінәра елді мекендердің жерлеріне және оларға іргелес бір мың метр қашықтықта жатқан аумаққа тиесілі болса, жергілікті халықты осы Кодектің 25-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген әлеуметтік-экономикалық қолдау туралы келісім;

7) өтініш иесінің республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтың берешегінің жоқ екендігі туралы, өтініш берген күннің алдындағы күннен күнтізбелік он күннен ерте берілмеген салық органынан анықтама қоса беріледі.

5. Өтініш иесінің барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жеткілікті қаржылық мүмкіндігінің болуын растау үшін мынадай құжаттардың бірі:

1) лицензия беруге өтініш берілетін күннің алдындағы бір ай ішінде сұралатын лицензия қолданысының алғашқы жылында барлауға қажетті ең төмен шығыстарды өтеу үшін жеткілікті мөлшерде ақшаның тұрақты болуын (қалдығын) растайтын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің кез келгенінде өтініш иесі ашқан банктік шот бойынша ақшаның қалдығы және қозғалысы туралы үзінді көшірме;

2) ақша қарызы шартының (алдын ала қарыз шарты) немесе қарыздың нысаналы мақсаты ретінде өтініш иесінің пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі қызметін қаржыландыру, сондай-ақ сұралатын лицензия қолданысының алғашқы жылында барлауға талап етілетін ең төмен шығыстарды өтеу үшін жеткілікті қарыз сомасы (қаржыландыру) расталатын, қызметті қаржыландыру туралы шарттың көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған аудиторлық есеппен бірге өтініш иесі активтерінің мөлшері сұралатын лицензия қолданысының алғашқы жылында барлауға ең төмен шығыстардың шамасына оның міндеттемесінен асатын лицензия беруге өтініш берілген күннің алдындағы күнтізбелік жылға дайындалған өтініш иесінің қаржылық есептілігі;

4) Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктің өтініш иесіне өтініш берілген күннің алдындағы жыл ішінде құзыретті орган айқындастын ең төменгі рейтингтік бағадан төмен болмайтын рейтингтік баға беру туралы хаты ұсынылады.

Егер өтініш иесінің қаржылай мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат ретінде қаржы ұйымы болып табылмайтын тұлға (қаржыландыратын) қарыз беруші болатын ақша қарызы шартының (алдын ала қарыз шарты) немесе

қызметті қаржыландыру туралы шарттың көшірмесі ұсынылса, өтінішке қосымша осы тұлғада осы тармақтың 1), 3) немесе 4) тармақшаларында көзделген қаржылай мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжаттардың бірі қоса беріледі.

6. Өтініш иесінің барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жеткілікті кәсіби мүмкіндіктерінің болуын растау үшін мынадай құжаттардың кез келгені:

1) штатында маманның болуы туралы анықтама немесе геология немесе геофизика саласындағы маманмен жасалған қызметтер көрсету шартының көшірмесі;

2) мердігер ұйыммен жасалған қызметтер көрсету шартының немесе өтініш иесіне барлауға арналған сұралатын лицензия берілген жағдайда осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын, штатында осы тармақтың 1) тармақшасында санамаланған мамандардың бірі бар оператордың қызметтер көрсету шартының көшірмесі ұсынылады.

Егер өтініш иесінің кәсіби мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат ретінде мердігер ұйыммен қызметтер көрсету шартының немесе осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын оператордың қызметтер көрсету шартының көшірмелері ұсынылса, өтінішке қосымша тартылатын ұйымның (оператордың) штатында осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мамандардың бірінің болуы туралы анықтама немесе тиісті маманмен қызметтер көрсету шартының көшірмесі қоса беріледі.

7. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері нотариалдық куәландыруға тиіс.

8. Өтініш қазақ және орыс тілдерінде беріледі. Өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Өтінішке қоса берілетін шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен беріледі, олардың дұрыстығын нотариус куәландырады.

9. Өтінішті беру кезі құзыретті органға өтініш келіп түскен күнмен және уақытпен айқындалады және ол есепке алынуға жатады.

10. Берілген өтініш туралы мәліметтер құзыретті органның интернет-ресурсында өтініш берілген күннен бастап екі күн ішінде орналастыруға жатады және олар мыналарды:

1) өтініш иесінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) не атауын;

2) өтініш иесі пайдалануына беруді сұраған жер қойнауы участекін айқындастын блок (блоктар) кодын;

3) өтініштің келіп түскен күні мен уақытын қамтуға тиіс.

## **188-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беру туралы өтінішті қарау**

1. Құзыретті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қарайды және лицензияны береді не лицензияны беруден бас тартады.

2. Егер өтініште көрсетілген аумаққа осы Кодекстің 186-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген блок немесе мәлімделген аумақтың басқа блогымен ортақ жағы жоқ блок жатқызылса, мұндай блок лицензияға енгізілмейді, бұл туралы құзыретті орган өтініш берушіні хабардар етеді. Өтініш беруші хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзіне берілуге жататын барлық блоктан немесе олардың бір бөлігінен бас тартуға құқылы. Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтініш беруші барлық блоктан бас тартпаса немесе блоктардың бір бөлігінен бас тартса, өтініш осы тармақтың ережелері ескеріліп, мәні бойынша қаралады.

Егер өтініште көрсетілген қандай да бір толық емес (ішінара) блок немесе толық емес (ішінара) блоктар осы Кодекстің 186-бабы 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген шарттарға сай келмесе, аталған блок (блоктар) та осы баптың бірінші бөлігінің қағидалары бойынша лицензияға енгізілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайда, лицензияға енгізілуге жатпайтын блоктарды және өтініш иесі бас тартқан блоктарды қоспағанда, өтініш осы өтініште көрсетілген блоктарға қатысты қаралады.

4. Егер осы баптың 2 және 3-тармақтарының ережелерін қолдану нәтижесінде осы Кодекстің 19-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес келетін блоктар жер қойнауын пайдалануға беруге жататын екі және одан да көп жеке участекін қалыптастырса, құзыретті орган осындай жер қойнауы участеклерінің әрқайсысына жеке лицензиялар береді. Бұл жағдайда лицензия беру үшін қосымша алым алынбайды.

Құзыретті орган лицензия беруге өтінішті қараган кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген блоктардың кез келгенімен ортақ жағы жоқ блоктарды назарға алмайды.

5. Егер лицензия беруге өтініште көрсетілген блок толық болмаса, мұндай толық емес блок, осы тараудың ережелеріне қайшы келмейтін жағдайда берілетін лицензияға енгізілуге жатады.

Егер барлауға берілген лицензияда толық емес блок қамтылса, осы тараудың мақсаттары үшін бұл блок толық блок болып қаралады.

6. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беруге өтініштерді беру және оларды қарау тәртібін құзыретті орган айқындайды.

**Ескерту 188-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**189-бап. Сол бір блокқа пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беруге өтініштерді қараудың басымдығы**

1. Сол бір блокты қамтитын пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беруге өтініштерді құзыретті орган олардың келіп тұсу кезектілігі тәртібімен қарайды.

2. Кезекті өтініш алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензия беруден бас тартылғаннан кейін ғана қаралады.

Құзыретті орган кезекті өтінішті қарауға алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензия беруден бас тарту туралы өтініш иесін хабардар еткен күннен бастап он жұмыс күні өткен соң кіріседі.

Егер өтініш иесі бас тарту туралы шешімге сотқа шағым жасаса, құзыретті орган кезекті өтінішті қарау туралы мәселені шағымды қарау нәтижелері бойынша сottың шешімі күшіне енгеннен кейін шешеді.

3. Лицензия беру туралы шешім қабылданған өтініштен кейін келіп түсken пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия беруге өтініштер бойынша лицензия беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

**190-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны беруден бас тарту**

1. Құзыретті орган мынадай негізdemelerdің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) осы Кодексте талап етіletіn құжаттар өтінішке қоса беріlmесе;

3) өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш иесінің немесе өтініш иесін тіkelей немесе жанама түрде бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұлғаның осы Кодексте көзделген негіздер бойынша құзыретті орган барлауға арналған лицензиясын немесе сұralатын жер қойнауы участкесін толық немесе ішінara қамтитын пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензиясын кері қайтарып алса;

4) сұralатын аумақ осы Кодекстің 186-бабының 2-тармағында көрсетілген аумаққа және (немесе) блоктарға толық жататын болса;

5) өтініш берілгенге дейін күнтізбелік бір жыл ішінде өтініш иесі немесе өтініш иесін тіkelей немесе жанама түрде бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұlға сұralатын жер қойнауы участкесін немесе оның біr бөлігінен бас тартса;

6) лицензияны беру елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп тәндіруге немесе жер қойнауын пайдалану құқықтарының шоғырлануына алып келетін болса;

7) сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы қөлемі бойынша шектеуден асып кетсе немесе осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

8) өтініш берілген күн алдындағы бес жыл ішінде өтініш иесі немесе өтініш иесін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын немесе оның бақылаудың тұлға өздерінің пайдалануында болған жер қойнауы участкелерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелерін орында маса немесе тиісінше орында маса лицензия беруден бас тартады.

2. Лицензия беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, ол уәжді болуға тиіс.

Осы баптың 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес бас тарту осындағы база тарту үшін негіз болған себептер көрсетілмesten шығарылады.

3. Өтініш иесі лицензияны беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия беруден бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

4. Лицензияны беруден бас тарту өтініш иесін қайтадан өтініш беру құқығынан айырмайды.

#### **191-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның мазмұны**

Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияда осы Кодекстің 31-бабында көрсетілген мәліметтер мен шарттардан басқа, жер қойнауын пайдаланудың мынадай шарттары қамтылуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына белгіленген мөлшерде және тәртіппен қол қою бонусын төлеу және жер участкелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу (жалдау төлемі) туралы міндеттеме;

2) пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелер мөлшері;

3) міндеттемелерді бұзғаны үшін лицензияны қайтарып алу негіздемесі.

#### **192-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар**

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензиясы бар жер қойнауын пайдаланушы осы бапта белгіленген барлау жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар туралы талаптарды сақтауға міндетті.

2. Барлау жөніндегі операциялардың жыл сайынғы ең төмен шығыстары мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

1) барлау мерзімінің бірінші жылы мен үшінші жылы аралығын қоса алғанда, әрбір жыл ішінде:

барлауға арналған лицензия бойынша бір блок кезінде 1200 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны екіден беске дейінгі кезінде 1800 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны алтыдан онға дейінгі кезінде 2300 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша он блоктан асқан кезде әрбір келесі блок үшін қосымша 120 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді;

2) барлау мерзімінің төртінші жылы мен алтыншы жылы аралығын қоса алғанда, әрбір жыл ішінде:

барлауға арналған лицензия бойынша бір блок кезінде 1200 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны екіден беске дейінгі кезінде 2300 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны алтыдан онға дейінгі кезінде 3500 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша он блоктан асқан кезде әрбір келесі блок үшін қосымша 180 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді;

3) барлау мерзімінің жетінші жылы мен сегізінші жылы аралығын қоса алғанда, әрбір жыл ішінде:

барлауға арналған лицензия бойынша бір блок кезінде 1800 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны екіден беске дейінгі кезінде 3500 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны алтыдан онға дейінгі кезінде 5800 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша он блоктан асқан кезде әрбір келесі блок үшін қосымша 230 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді;

4) барлау мерзімінің тоғызыншы жылы мен оныншы жылы аралығын қоса алғанда, әрбір жыл ішінде:

барлауға арналған лицензия бойынша бір блок кезінде 2300 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны екіден беске дейінгі кезінде 5800 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны алтыдан онға дейінгі кезінде 8000 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша он блоктан асқан кезде әрбір келесі блок үшін қосымша 350 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді;

5) барлау мерзімінің он бірінші жылынан бастап әрбір жыл ішінде:

барлауға арналған лицензия бойынша бір блок кезінде 3500 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны екіден беске дейінгі кезінде 8000 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша блок саны алтыдан онға дейінгі кезінде 11500 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлауға арналған лицензия бойынша он блоктан асқан кезінде әрбір келесі блок үшін қосымша 460 еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

3. Барлау мерзімінің соңғы толық емес жылында ең төмен шығыстар көрсетілген жылдағы барлау мерзімінің әрбір толық айы үшін пропорционалды түрде есептеледі.

4. Барлау аумағы және оған тиісті жер қойнауы участкесі барлаудың кез келген жылы ішінде қайтарылған кезде ең төмен шығыстар көрсетілген жылдағы барлау мерзімінің әрбір толық айы үшін пропорционалды түрде есептеледі.

5. Барлау үшін толық емес блокпен немесе толық емес блоктармен айқындалған жер қойнауы участкесі берілген кезде ең төмен шығыстарды есептеу толық блокпен немесе толық блоктармен айқындалатын барлау участкесіне сәйкес келетін мөлшерде жүргізіледі.

6. Барлау жөніндегі операцияларға арналған ең төмен шығыстарды есептеу респубикалық бюджет туралы занды тиісті қаржы жылына белгіленген және есепті жылдың 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш негізінде жүргізіледі. Барлауға арналған ең төмен шығыстарды есептеу барлау участкесі бойынша жүзеге асырылған шығыстарға қатысты ғана жүргізіледі.

7. Жеке лицензия бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларға арналған шығыстарға барлау участкесі бойынша жер қойнауын пайдаланушы шығыстарының мынадай түрлерінің кез келгені:

1) геологиялық-барлау жұмыстары: геологиялық карталау, сынамаларды іріктеу, бұрғылау, кернің құжаттандыру, кернсіз бұрғылау үлгілерін құжаттандыру, геологиялық деректерді түсіндіру мен өндеу, петрология, геологиялық-барлау бағдарламаларын жоспарлау, геологиялық барлау жұмыстарына байланысты есептерді дайындау;

2) геохимиялық жұмыстар: геохимиялық сынамаларды іріктеу, геохимиялық деректерді талдау, өндөу және түсіндіру;

3) жерүсті геофизикасын және аэрогеофизиканы қоса алғанда, геофизикалық жұмыстар: геофизикалық зерттеулер, кәсіпшілік геофизикалық зерттеулер, геофизикалық деректерді өндөу және түсіндіру;

4) қашықтықтан зондтау бойынша жұмыстар: аэрофототүсірілім, ғарыштан түсірілім, қашықтықтан зондтауды жаңғырту, бейнелерді талдау, суреттерді өндөу және түсіндіру;

5) іздестіру жұмыстары: геодезиялық және жерге орналастыру жұмыстары, координаттық торшаны түсіру, координат желілерін, олардың қызылжынын, участеклері шекараларын нақтылау және тағы сол сияқты;

6) кернмен бұрғылау: алмаспен бұрғылау, кіру жолдарын және бұрғылау аландарын дайындау;

7) кернсіз бұрғылау: бұрғылау бойынша шығыстар, кіру жолдарын және бұрғылау аландарын дайындау жөніндегі жұмыстар;

8) арықтарды, траншеяларды, шурфтарды тарту және басқа да барлау тау-кен қазбаларын жүргізу: техникалар мен жабдықтарды жалдауды қоса алғанда, тау-кен қазбаларын жүргізу бойынша шығыстар;

9) далалық топтарды жабдықтау: барлау керек-жарагы, шығыс материалдары және провиант, техника мен жабдықтарды жалдау, жанар-жағармай материалдары, тікелей барлау жабдығының тозуы, штаттан тыс жұмыс персоналы көрсететін қызметтерге ақы төлеу;

10) жобалау-конструкторлық және эскиздік жұмыстар: эскиздік және жобалау-конструкторлық жұмыстарға арналған жабдық, шығыс материалдары, эскиздік және жобалау-конструкторлық жұмыстарды орындайтын персоналдың еңбегіне ақы төлеу;

11) тасымалдау: барлау участекінде жүргізілетін пайдалы қатты қазбалар бойынша геологиялық-барлау жұмыстарымен тікелей байланысты көліктік шығыстар;

12) далалық лагерьлерді орналастыру бойынша жұмыстар: далалық геологиялық-барлау лагерін орналастыру және күтіп-ұстай, тамақтану мен тұру, тасымалдау, тікүшақ көлігінің қызметтері;

13) қоршаган ортаның жай-күйін зерттеу;

14) пайдалы қатты қазбалардың табылған кен орнын одан әрі барлаудың немесе кейіннен әзірлеудің техникалық-экономикалық негізdemесін дайындау;

15) барлау салдарын жою, бұзылған жерлерді рекультивациялау бойынша жұмыстар;

- 16) тиісті лицензия бойынша барлау үшін жобалау құжаттарын әзірлеу;
- 17) пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу технологияларын таңдау бойынша зерттеулер жатады.

8. Жеке лицензия бойынша барлау жөніндегі операцияларға арналған шығыстарға басқарушылық және әкімшілік мұқтаждықтарға, бухгалтерлік есепті жүргізуге, ғылыми зерттеулерге, персоналды оқытуға арналған шығыстар және осыған үқсас басқа да шығыстар жатуы мүмкін.

Барлауға арналған шығыстарды есептеген кезде осындай шығыстардың үлесі жер қойнауын пайдалануши мерзімдік есепте мәлімдеген жалпы шығыстардың жиырма пайызынан аспауға тиіс.

9. Барлауға арналған шығыстарға:

- 1) жергілікті жерде барлау участкесінің шекараларын межелік және геодезиялық белгілерді орналастыруға, оның ішінде жерге орналастыру жұмыстарына;
- 2) жер қойнауын пайдалану құқығын алуға қосымша шығыстарды қоса алғанда, осындай сатып алуға;
- 3) қолда бар лицензия бойынша барлау участкесіне тікелей байланысты емес ғылыми-зерттеу жұмыстарына;
- 4) жер участкелерінің меншік иелеріне және пайдаланушыларға залалдарды өтеуге байланысты өтемақыға арналған шығыстар жатқызылмайды.

10. Осы бапта көзделген барлауға арналған ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда жер қойнауын пайдалануши жеткіліксіз шығыстарды жүргізуге және есепті жылдан кейінгі төрт айдан кешіктірмей, бұл туралы құзыретті органға есепті ұсынуға міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушиның осы тармақта сәйкес шеккен шығыстары ағымдағы жылғы шығыстарда ескерілмейді.

**193-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия мерзімі**

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия кезекті алты жылға беріледі.

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия мерзімі жер қойнауын пайдаланушиның өтініші бойынша бір рет кезекті бес жылға дейінгі кезеңге ұзартылуы мүмкін.

3. Егер барлауға арналған лицензия он және одан да көп блокты қамтыса, оның мерзімін ұзартуға, жер қойнауын пайдалануши пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алу үшін мәлімдеген аумақ шегіндегі блоктарды шегергенде, лицензияны беру кезінде барлау аумағына енгізілген блоктардың жалпы санынан есептелетін блоктардың кемінде қырық пайызын құрайтын аумақ

барлау участкесінің бөлігінен жер қойнауын пайдаланушы бас тартқан жағдайда жол беріледі.

4. Ұзарту туралы өтініш құзыретті органға ол бекіткен нысан бойынша барлауға арналған лицензия қолданысының алтыншы жылы ішінде беріледі. Өтініш құзыретті органға ол берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Егер өтінішті қарau кезеңінде барлауға арналған лицензияның мерзімі өтіп кетсе, осындай қарau кезеңінде лицензияның қолданысы жалғастырылады. Барлауға арналған лицензияны ұзарту мерзімін есептеу өтіп кеткен мерзімнің соңғы күннен кейінгі күннен басталады.

5. Барлауға арналған лицензияның мерзімі мынадай жағдайларда:

1) егер мәлімделген ұзарту мерзімі осы баптың 2-тармағына сәйкес келмесе;

2) осы баптың 4-тармағында көзделген лицензия мерзімін ұзарту туралы өтінішті беру мерзімі бұзылса;

3) ұзарту туралы өтініш берілген күннің алдындағы есептік кезеңдер үшін жер участкелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу (жалдау төлемдері) және барлауға арналған ең төмен шығыстар бойынша барлауға арналған лицензия шарттарының жер қойнауын пайдаланушы жоймаған бұзушылықтары болса;

4) осы баптың 3-тармағында көзделген шарттар орындалмаса ұзартылуға жатпайды.

#### **194-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы барлау участкесі шегінде барлау жоспарына сәйкес экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, пайдалы қатты қазбалардың кез келген түрлеріне барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы.

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі барлық жұмыстар құжаттандыруға жатады. Құжаттамада жер қойнауын анық зерттеу үшін қажетті жұмыстар туралы барлық мәліметтер көрсетіледі.

3. Жер қойнауын пайдаланушы барлау жөніндегі операцияларды жүргізген кезде:

1) зертханалық зерттеулердің және талдаулардың деректерін қоса алғанда, барлау барысында алынған барлық бастапқы геологиялық ақпараттың анықтығын және сақталуын;

2) геологиялық құжаттаманы (оның ішінде сынамалау жоспарларын, геологиялық карталар мен олардың кескіндері, кен денелерінің, аймақтарының геологиялық контурларын, тау-кен-барлау қазбаларының суреттерін салу) жүргізудің уақтылығын және сапасын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Барлау жүргізу кезінде гидрогеологиялық зерттеулерді орындау міндетті болып табылады. Анықталған минералданудың ресурстарын бағалай отырып, жер қойнауын пайдаланушы жерасты сұларының физикалық-химиялық қасиеттерін сипаттаумен, оның гидрогеологиялық сипаттамасын белгілеуге міндettі.

5. Барлау участкесінде тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру мақсатында тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізуге пайдалы қатты қазбалардың минералдануды анықталған жағдайда ғана жол беріледі. Минералдануды анықтаған және оны анықтаған жерде аталған тау-кен-аршу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырған жер қойнауын пайдаланушы бұл туралы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды мұндай жұмыстар басталғанға дейін хабардар етуге міндettі.

Хабарламада мыналар қамтылуға тиіс:

1) табылған пайдалы қатты қазбалар туралы мәліметтер (пайдалы қатты қазбалардың түрі, анықталған минералдану контурлары және минералданудың басқа да сипаттамалары);

2) жоспарланып отырған тау-кен-аршу жұмыстарының алаңы, көлемі және мерзімі.

6. Жер қойнауын пайдаланушы барлау участкесінде күрделі күрілісжайларды салуға, сондай-ақ тау-кен қайта өндеу өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыруға құқылы емес.

7. Барлау участкесінде көлемі бір мың текше метрден асатын тау-кен массасын алу және (немесе) топырақтың орнын ауыстыру жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсатпен жүзеге асырылады.

Өтініште сұралатын ұлғайту көлеміне нұсқау қамтылуға тиіс.

Өтінішке пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын бағалау мақсаттары үшін алынатын тау-кен массасының және (немесе) орны ауыстырылатын топырақ көлемінің сұралатын ұлғаюы көлемінің негізділігін растайтын құзыретті тұлғаның қорытындысы қоса беріледі.

Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсат беру туралы немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар осы тармақтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда рұқсат беруден бас тартылады.

Жер қойнауын пайдаланушы тау-кен массасын алу және (немесе) топырақтың орнын ауыстыру бойынша қосымша жұмыстардың салдарын жою құнын өтейтін қамтамасыз етуді пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынған

жағдайда ғана көлемі бір мың текше метрден асатын тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақтың орнын ауыстыруға кірісуге құқылы.

Пайдалы қатты қазбаларды барлау нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушы алған пайдалы қазбалар, сондай-ақ өзге тау-кен жынысы жер қойнауын пайдаланышының меншігі болып табылады.

8. Осы Кодекстің мақсаттары үшін құзыретті тұлға деп Қазақстандық геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы жария есептілік кодексінде (KAZRC Кодексі) көзделген, оның қағидаларына сәйкес кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын жеке тұлға танылады.

KAZRC Кодексінің мақсаттары үшін құзыретті тұлға деп осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қазақстандық кәсіби ұйым осындай деп таныған, шетелдік кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын жеке тұлға танылады.

### **195-бап. Пайдалы қатты қазбаларға барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі жер қойнауын пайдаланышының есептілігі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша мынадай мерзімдік есептерді:

1) лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепті;

2) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және олардағы жергілікті қамту үлесі туралы есепті;

3) жер қойнауын пайдаланышыны тіkelей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті;

4) геологиялық есептерді ұсынуға міндетті.

2. Мерзімдік есептер жыл сайын әрбір жылдың отызыншы сәуірінен кешіктірілмей алдыңғы күнтізбелік жыл үшін ұсынылады.

Толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер нақты жер қойнауын пайдалану кезеңі үшін ұсынылады.

Жер қойнауы участкесін пайдалану кезеңінің соңғы толық емес күнтізбелік жыл үшін есептері көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға ол бекітетін тәртіппен беріледі.

Барлау участкесі бойынша лицензиялық міндеттемелерді орындау туралы есепте көрсетілген шығыстар туралы мәліметтерді "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор растауға тиіс.

Егер осындай мәліметтер аудит жүргізілген қаржылық есептілікте жеке келтірілсе (анықталса), аудитормен расталған деп танылады.

Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген есептер пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ол бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген геологиялық есептер жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ол бекітетін тәртіппен ұсынылады.

Лицензия қолданысы тоқтатылғаннан кейін оның иесі болып табылатын тұлға жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға барлау участекіндегі геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы түпкілікті есепті лицензияның қолданылу мерзімі тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей ұсынуға міндетті.

Геологиялық есептер бастапқы геологиялық ақпарат материалдарына негізделеді және геология, жерасты суларына гидрогеологиялық бұрғылау жүргізу саласындағы ғылыми зерттеулердің, сынақтар мен іздестірулердің, топырақты, жерүсті жыныстарын және минералдық үлгілерді жинау және байқаудан өткізу жөніндегі қызметтің жай-күйі мен нәтижелері туралы деректерді қамтиды.

## **196-бап. Барлау жоспары**

1. Барлау жоспары пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жобалау құжаты болып табылады.

2. Барлау жоспарын жер қойнауын пайдаланушы әзірлейді және бекітеді.

Барлау жоспарын бекіткеннен кейін оның көшірмесі пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Егер барлау жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді талап етсе, барлау жоспарының көшірмесі мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы алынғаннан кейін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Жер қойнауын пайдаланушы барлау жоспарының көшірмесін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынғаннан кейін ғана пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы.

Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылған барлау жоспарында көзделмеген барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

3. Барлау жоспарында пайдалы қатты қазбаларды барлау бойынша жұмыстардың түрлері, әдістері мен тәсілдері, жоспар бекітілген немесе барлау бойынша жоспарланатын жұмыстардың түрлері, әдістері, тәсілдері және

көлемдері бойынша соңғы өзгерістер енгізілген күннен бастап қатарынан кемінде үш жыл перспективада оларды жүргізудің болжамды көлемі мен мерзімдері сипатталады.

Барлау жоспарында пайдалы қатты қазбаларды барлау бойынша жұмыстардың құрамын, түрлерін, әдістерін және тәсілдерін, болжамды көлемін және оларды жүргізу мерзімдерін жер қойнауын пайдаланушы барлау жоспарын жасау бойынша бекітілетін нұсқаулыққа сәйкес дербес айқындайды.

Барлау жоспарын жасау бойынша нұсқаулықты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп әзірлейді және бекітеді.

Барлау жоспарын жасау бойынша нұсқаулықта көзделген жағдайларда барлау жоспары қоршаған ортаға әсер етуді бағалауды қамтуға тиіс.

4. Барлау бойынша жоспарланатын жұмыстардың түрлері, әдістері және (немесе) тәсілдері, сондай-ақ көлемдері мен оларды жүргізу мерзімдері өзгертілген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы барлау жоспарына тиісті өзгерістер енгізуге және өзгертілген барлау жоспарының көшірмесін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бұл өзгерістер мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді талап етсе, өзгертілген барлау жоспары мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы алынғаннан кейін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

#### **197-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою**

1. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес бұзылған жерлерді рекультивациялау арқылы жүргізіледі.

Барлауға арналған лицензия бойынша айрықша құқық негізінде пайдалы қатты қазбаларды өндіру үшін берілген жер қойнауы участкесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттеме өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттеменің көлеміне енгізіледі.

2. Барлау участкесінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға осындай участкеде пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылғаннан кейін алты айдан кешіктірілмей барлау жөніндегі операциялардың салдарын жоюды аяқтауға міндетті.

Аталған тұлғаның өтініші бойынша пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілдегі орган, егер жоюды жүргізу мүмкін болмаса немесе табиғи және (немесе) табиғи-климаттық жағдайларға орай едәуір қын болса, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткен күннен бастап алты айға дейінгі кезеңге барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою мерзімін ұзартады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 199-бабына сәйкес бас тартқан барлау участкесінің бір бөлігінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою осындай бас тартылғанға дейін жүргізіледі.

4. Егер жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жер қойнауын пайдаланушы бас тартқан барлау участкесінде немесе барлау участкесінің бір бөлігінде жүзеге асырмаса немесе операциялар жер беті қабатын (су айдындарының түбін) бұзбай жүргізілсе, осындай барлау участкесінде немесе барлау участкесінің бір бөлігінде жою жұмыстарын жүргізу талап етілмейді.

Мұндай жағдайда барлау участкесіне (барлау участкесінің бір бөлігіне) жою жұмыстарын жүргізуің қажеттілігі жоқ екенін растайтын зерттеу актісі жасалады, оған осы баптың 5-тармағында аталған тұлғалар қол қояды.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығы тиісті барлау участкесінде тоқтатылған тұлға, сондай-ақ пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілдегі органның және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың, ауданың жергілікті атқарушы органының өкілі жою актісіне қол қойған күннен бастап барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою аяқталған болып есептеледі. Барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою жеке меншіктегі, тұрақты немесе уақытша өтеулі ұзак мерзімді жер пайдаланудағы жер участкесінде жүргізілген жағдайда, жер участкесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы да жою актісіне қол қояды.

6. Барлау жөніндегі операциялар салдарын жою актісіне қол қою жер қойнауын пайдалану құқығын өзге тұлғаларға кейіннен ұсыну мақсатында мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті мәліметтерді енгізуге негіз болып табылады.

#### **198-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлаудың салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету**

1. Жер қойнауын пайдаланушы барлау участкесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілдегі органға ұсынған жағдайда осындай операцияларға кірісуге құқылы.

2. Барлау салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету банктік салым кепілі, кепілдік және (немесе) сақтандыру түрінде ұсынылады.

3. Қамтамасыз етудің жалпы сомасы пайдалы қатты қазбаларды барлау аумағын құрайтын блоктардың саны мен республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізінде есептеледі. Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін өзі бекітетін әдістеме бойынша айқындайды.

Осы тармақта көзделген қамтамасыз ету сомасы жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жер қойнауын пайдаланушы барлау участкесінің бір бөлігінен бас тартқан жағдайда және онда барлау салдарын жоюды аяқтаған кезде соған мөлшерлес азайтуға жатады. Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдаланушыдан өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қамтамасыз етуді берген тұлғаны қамтамасыз ету сомасының азайтылғаны туралы хабардар етеді.

4. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодектің 194-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда барлау бойынша жұмыстардың салдарын жоюды қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндettі. Қосымша қамтамасыз ету сомасы осы Кодектің 219-бабының ережелеріне сәйкес есептеледі.

#### **199-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлау участкесінен бас тарту**

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта бүкіл барлау участкесінен не оның бір бөлігінен бас тартуға құқылы, мұндай бас тарту туралы құзыретті органға жазбаша мәлімдейді.

Осы тармақта көзделген барлау участкесінің бір бөлігінен бас тарту барлау участкесінің аумағы туралы талаптар сақтала отырып, блоктармен жүзеге асырылуға тиіс.

2. Барлау участкесінің бір бөлігінен бас тарту туралы өтініште барлауға арналған лицензиядан шығарылуға жататын блок (блоктар) көрсетілуге тиіс.

Өтінішке барлау участкесінен шығарылуға жататын барлау участкесінің бір бөлігіне барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою актісі не осы Кодектің 197-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда жасалатын, барлау участкесінен шығарылуға жататын барлау участкесінің бір бөлігін зерттеу актісі қоса беріледі.

3. Барлау участкесінің бір бөлігінен бас тарту барлауға арналған лицензияны қайта ресімдеуге алып келеді.

#### **200-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны қайтарып алу және оның тәртібі**

1. Құзыретті орган пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, осы Кодекстің 44-бабы 1-тармағының талаптары бұзылған;

2) осы Кодекстің 191-бабында көзделген пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның шарттары бұзылған кезде қайтарып алуға жатады.

2. Құзыретті орган бұзушылықты анықтаған кезде бұл туралы жер қойнауын пайдалануышыны жазбаша хабардар етеді.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда бұзушылық бір жылдан аспайтын мерзімде – бұзушылыққа дейін болған жағдайды қалпына келтіру арқылы, ал қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде құзыретті органның рұқсатымен жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыру бойынша өзге мәмілелерді жасау арқылы жойылуға жатады.

Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген бұзушылықтар жасалған жағдайда жер қойнауын пайдалануыш құзыретті органдан хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде бұзушылықты жоюға міндетті.

Жер қойнауын пайдалануыш осы тармақта көзделген мерзімде бұзушылықтарды жойғаны туралы осындай жоюоды растайтын құжаттарды қоса берес отырып, құзыретті органды хабардар етеді.

Белгіленген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда құзыретті орган осы баптың 4-тармағына сәйкес лицензияны қайтарып алады.

4. Құзыретті орган лицензияны қайтарып алуды жер қойнауын пайдалануышға лицензияны қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Жер қойнауын пайдалануыш лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күнінен бастап үш айдан кейін лицензия өз қолданысын тоқтатады.

5. Жер қойнауын пайдалануыш лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лицензияны қайтарып алуды даулауға құқылы. Осындай дауласу кезеңінде осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзім дауласу нәтижелері бойынша шығарылған шешім күшіне енгенге дейін ұзартылады.

6. Егер лицензияны қайтарып алуға негіз болған міндеттерді орындау немесе тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлардағы төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың әсері (дүлей құбылыстар, әскери іс-әрекеттер және т.б.) себеп болса, лицензияны қайтарып алуға жол берілмейді.

Осындай мән-жайларға жер қойнауын пайдаланушыда техникалық құралдардың және (немесе) қаржылық қаражаттың болмауы, нарықта қажетті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің болмауы, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану жатпайды.

7. Осы бапқа сәйкес барлауға арналған лицензиядан айырылған тұлға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтатуға және осы Кодексте көзделген мерзімде жою жөніндегі жұмыстарға кірісуге міндетті.

8. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны қайтарып алу жер қойнауының тиісті участкесі туралы мәліметтерді мемлекеттік жер қойнауы қорының бірынғай кадастрына енгізуге негіз болып табылады.

**201-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны алуға айрықша құқық**

1. Жер қойнауы участкелерінің шекаралары ортақ (аралас участкелер) пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған бір немесе бірнеше лицензиялардың иесі:

1) пайдалы қатты қазбалардың ресурстары мен қорлары пайдалы қатты қазбалар ресурстары мен қорларын бағалау туралы есепте расталған кен орны табылған жағдайда барлау участкесінің (аралас барлау участкелері) шегінде орналасқан жер қойнауы участкесінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны (лицензияларды) алуға;

2) кең таралған пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорлары кең таралған пайдалы қазбалар ресурстары мен қорларын бағалау туралы есепте расталған кен орны табылған жағдайда барлау участкесінің (аралас барлау участкелері) шегінде орналасқан жер қойнауы участкесінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны (лицензияларды) алуға;

3) геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есепте расталған пайдалы қазбалар кен орны жоқ болған немесе оның ресурстары аз мөлшерде болған жағдайларда жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия алуға айрықша құқыққа ие болады.

2. Айрықша құқық барлауға арналған лицензияның (лицензиялардың) қолданылу мерзімінің кез келген уақытында іске асырылуы мүмкін.

3. Жер қойнауын пайдаланушы айрықша құқықтан барлауға арналған лицензияның (лицензиялардың) қолданысы тоқтатылған кезде айырылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына тиісінше пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға

арналған лицензияны немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны басым тәртіппен беру туралы өтінішпен жүгіну арқылы айрықша құқықты іске асырады.

Өтінішті қарау және көрсетілген лицензияларды беру осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

5. Егер барлауға арналған лицензия аумағы шегіндегі жер қойнауы участкесіне лицензия беру туралы өтінішті бергеннен кейін барлауға арналған лицензияның мерзімі өтсе, осы баптың 4-тармағында көзделген лицензия берілгенге не оны беруден бас тартылғанға дейін барлауға арналған лицензия жер қойнауы участкесінің мәлімделген бөлігінде өз қолданысын жалғастырады.

Осы тармақта сәйкес мәлімделген жер қойнауы участкесі бойынша пайдалы қатты қазбаларды өндіруге, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға немесе кең таралаған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беру үшін барлауға арналған лицензияның қолданысы кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) барлауға арналған ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелерді мойнына алмайды;

2) белгіленген мөлшерде жер участкелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемдерін) төлеуге міндетті;

3) осындай участкеде барлауды жүзеге асыруға құқылы.

6. Осы бапта көзделген айрықша құқықты басқаға беруге жол берілмейді.

## **28-ТАРАУ. ПАЙДАЛЫ ҚАТТЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ**

### **202-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия**

Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша оны иеленушінің мынадай операцияларды:

1) пайдалы қатты қазбаларды өндіруді (алуды);

2) тау-кен жұмыстарын жүргізу, тау-кен өндіруші және (немесе) тау-кен-қайта өндеу өндірісін, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру мақсатында жер қойнауы кеңістігін пайдалануды;

3) өндіру участкесіне барлау (пайдаланылатын барлауды) жүргізу мақсатында жер қойнауы участкесін пайдалануға айрықша құқығы бар.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру деп жерасты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сіltісіздендіру, буландыру, седименттеу және конденсаттау арқылы шашыранды кең орындарын драгалық және гидравликалық жолмен әзірлеу жұмыстарын, сондай-ақ өндіру участкесінің аумағында алынған пайдалы қазбаларды жинауды, уақытша сақтауды, ұсақтауды және сұрыптауды қоса алғанда, пайдалы қатты қазбаларды кенжатындардан алуға және (немесе) жер бетіне шығаруға бағытталған және сонымен тікелей байланысты жұмыстар кешені түсініледі.

## **203-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия берілетін аумақтар**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасында айқындалатын аумақтарға беріледі.

2. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны:

**РҚАО-ның ескертпесі!**

1) тармақшаның қолданылуы 01.01.2023 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (осы Кодекстің 277-бабының 3-1-тармағын қараңыз).

1) осы Кодекстің 25-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда;

2) басқа тұлғаның келісімінсіз көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін оның пайдалануындағы жер қойнауы участкесінің аумағына;

3) пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру жөніндегі, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілген жер қойнауы участкесінің аумағына;

4) пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру салдарын жою жүргізіліп жатқан жер қойнауы участкесінің аумағына;

5) уран кен орнын немесе табигатта сирек кездесетін уран кен орнын қамтитын жер қойнауы участкесінің аумағына беруге жол берілмейді.

## **204-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беру туралы өтініш**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға мүдделі тұлға құзыретті органға ол белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

2. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесінің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да зандастырылған құжат), басшылары туралы, өтініш иесін тікелей немесе жанама бақылайтын жеке, занды тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық үйымдар туралы мәліметтер;

2) алаң есептері (көлемдері) және бұрыш нүктелерінің географиялық координаттары бар өтініш иесі пайдалануға беруді сұрайтын жер қойнауы участкесі аумағының сипаттамасы;

3) осы тарауда көзделген мерзімнен аспайтын сұралатын жер қойнауы участкесін пайдаланудың мерзімін көрсету.

3. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) өтініш иесі туралы мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелері;

2) сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар: көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған участкенің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, жер бетінің топографиялық картасы;

3) егер тұлғаны өтініш иесі тағайындаса, өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін мұндай тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжат;

4) осы Кодекстің 216-бабына сәйкес әзірленген тау-кен жұмыстары жоспарының жобасы;

5) осы Кодекстің 217-бабына сәйкес әзірленген жою жоспарының жобасы;

6) өтініш иесі пайдалануға беруді сұрайтын жер қойнауы участкесіндегі пайдалы қатты қазбалар ресурстарын және қорларын бағалау туралы есеп;

7) егер өтінішті барлауға арналған лицензияның иесі айрықша құқық бойынша берсе және өтініш берілген кезде мұндай есеп құзыретті органға ұсынылмаса, өтінішті берудің алдыңғы күніне есепті кезең үшін барлау участкесі бойынша лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

8) егер барлауға арналған лицензияның иесі айрықша құқық бойынша өтініш берсе, барлауға арналған лицензия бойынша ағымдағы есепті кезеңде жер участкелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемдері) төлеленгенден құстайтын құжат;

9) өтініш иесінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға қаржылық, кәсіптік және техникалық мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат;

10) сұралатын жер қойнауы участкесінде (оның бөлігінде) көмірсутектер өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушының келісімі;

11) егер сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы толық немесе ішінана елді мекендердің жерлеріне және оларға бір мың метр жерде іргелес жатқан аумаққа тиесілі болса, осы Кодекстің 25-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жергілікті халықты әлеуметтік-экономикалық қолдау туралы келісім;

12) өтініш иесінің республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтың берешегінің жоқ екендігі туралы, өтініш берген күннің алдындағы күннен күнтізбелік он күннен ерте берілмеген, салық органынан анықтама.

4. Өтініш иесінің өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жеткілікті қаржылық мүмкіндіктерінің болуын растау үшін мынадай құжаттардың бірі ұсынылады:

1) лицензия беруге өтініш берілетін күннің алдындағы алты ай ішінде сұралатын лицензия қолданысының алғашқы үш жылында өндіруге талап етілетін ең тәмен шығыстарды өтеу үшін жеткілікті мөлшерде ақшаның тұрақты болуын (қалдығын) растайтын екінші деңгейдегі банктердің кез келгенінде өтініш иесі ашқан банктік шот бойынша ақшаның қалдығы және қозғалысы туралы үзінді көшірме;

2) қарыздың нысаналы мақсаты ретінде өтініш иесінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі қызметін қаржыландыруды көздейтін, сондай-ақ сұралатын лицензия қолданысының алғашқы үш жылында өндіруге талап етілетін ең тәмен шығыстарды өтеу үшін жеткілікті қарыз сомасын (қаржыландыру) растайтын ақша қарызы шартының (алдын ала қарыз шарты), қызметті қаржыландыру туралы шарттың көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған аудиторлық есеппен бірге өтініш иесі активтерінің мөлшері сұралатын лицензия қолданысының алғашқы үш жылында өндіруге ең тәмен шығыстардың шамасынан оның міндеттемесі асатын лицензия беруге өтініш берілген күннің алдындағы күнтізбелік жылға дайындалған өтініш иесінің қаржылық есептілігі;

4) Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын қор биржасы таныған рейтингтік агенттіктің өтініш иесіне өтініш берілген күннің алдындағы жыл ішінде құзыретті орган айқындайтын ең тәменгі рейтингтік бағадан тәмен болмайтын рейтингтік баға беру туралы хаты.

Егер өтініш иесінің қаржылай мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат ретінде қаржы ұйымы болып табылмайтын тұлға қарыз беруші болатын (қаржыландыратын) ақша қарызы шартының (алдын ала қарыз шарты) немесе қызметті қаржыландыру туралы шарттың көшірмесі ұсынылса, өтінішке қосымша аталған тұлғада осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) немесе 4) тармақшаларында көзделген қаржылай мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжаттардың бірі қоса беріледі.

5. Өтініш иесінің өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жеткілікті кәсіби мүмкіндіктердің болуын растау үшін мынадай құжаттардың кез келгені ұсынылады:

1) штатында мамандардың болуы туралы анықтама немесе мынадай салалардағы:

геология немесе геофизика;  
тау-кен инженериясы;  
геодезия және маркшейдер мамандарымен жасалған қызметтер көрсету шартының көшірмесі;

2) мердігер ұйыммен қызметтер көрсету шартының көшірмесі немесе өтініш иесіне өндіруге арналған сұралатын лицензия берілген жағдайда, осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын, штатында осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында санамаланған мамандар бар оператордың қызметтер көрсету шартының көшірмелері.

Егер өтініш иесінің кәсіби мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат ретінде мердігер ұйыммен қызметтер көрсету шартының немесе осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын оператордың қызметтер көрсету шартының көшірмелері ұсынылса, өтінішке қосымша мердігер ұйымның (оператордың) штатында осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мамандардың болуы туралы анықтама немесе тиісті мамандармен қызметтер көрсету шарттарының көшірмелері қоса беріледі.

#### 6. Мына құжаттардың кез келгені:

1) өтініш иесіне "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген тау-кен және химиялық өндірістерді пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның көшірмесі;

2) мердігер ұйыммен ниеттер шартының, қызметтер көрсетудің алдын ала немесе негізгі шартының, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген лицензияны иеленуші өтініш иесіне өндіруге арналған сұралатын лицензия берілген жағдайда осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын оператордың қызметтер көрсетуінің алдын ала немесе негізгі шартының көшірмелері өтініш иесінің өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жеткілікті техникалық мүмкіндіктерінің болуын растайды.

Егер өтініш иесінің техникалық мүмкіндіктерінің болуын растайтын құжат ретінде мердігер ұйыммен ниеттер шартының, қызметтер көрсетудің алдын ала немесе негізгі шартының не осы Кодекстің 6-тарауына сәйкес өтініш иесі тағайындастын оператордың қызметтер көрсетуінің алдын ала немесе негізгі шартының көшірмелері ұсынылса, өтінішке қосымша осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген лицензияның көшірмесі қоса беріледі.

7. Осы бапта көзделген пайдалы қатты қазбалар ресурстарын және қорларын бағалау туралы есепті Қазақстандық геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы жария есептілігінің кодексіне (KAZRC кодексі) сәйкес құзыретті тұлға дайындауға тиіс.

8. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

9. Өтініш және өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Өтінішке қоса берілетін, шет тілінде жасалған құжаттардың көшірмелері қазақ және орыс тілдерінде аудармамен бірге беріледі, олардың дүрыстығын нотариус куәландырады.

10. Өтініштің құзыретті органға түскен күні мен уақыты өтініш беру кезі деп айқындалады және есепке алуға жатады.

11. Берілген өтініш туралы мәліметтер құзыретті органның интернет-ресурсында өтініш берілген күннен бастап екі күн ішінде орналастыруға жатады және мыналарды қамтуға тиіс:

1) өтініш иесінің атауын (тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) өтініш иесі пайдалы қатты қазбаларды өндіру үшін пайдалануға беруді сұрайтын жер қойнауы участкесін айқындастырын аумақтың координаттарын;

3) өтініштің келіп түскен күні мен уақытын.

## **205-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия беру туралы өтінішті қаруа**

1. Құзыретті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны қарайды және осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 1) – 6) тармақшаларында көзделген пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өтінішті, өтінішке қоса берілетін пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын және қорларын бағалау туралы есепті және сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарды жібереді.

2. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын және қорларын бағалау туралы есептен мәліметтерді мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына енгізеді және өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды он жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көзделген лицензияны беруден бас тарту үшін негіздердің болуы нысанына қарайды.

Егер өтініште көрсетілген жер қойнауы участкесінің бір бөлігі жер қойнауының кеңістігін пайдалануға, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы участкесіне жататын болса, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бұл туралы өтініш иесін және құзыретті органды хабардар етеді. Хабарламада

біріктірілген аумактардың координаттари мен алаңы және сұралатын жер қойнауы участкесінің аумағынан осы аумақты алғып тастау тәсілдері туралы ұсынымдар көрсетіледі. Өтініш иесі хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініштен бас тартуға немесе жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның ескертулерін есепке ала отырып, сұралатын жер қойнауы участкесі туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуға құқылы.

Егер өтініш иесі белгілеген сұралатын жер қойнауы участкесінің шекарасы осы Кодекстің 209-бабының талаптарына сәйкес келмесе, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бұл туралы өтініш иесін және құзыретті органды хабардар етеді. Хабарламада анықталған сәйкесіздіктер мен оларды жою тәсілдері туралы ұсынымдар көрсетіледі. Өтініш иесі хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде анықталған сәйкесіздіктерді жояды, бұл туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді не өз қарсылығын жазбаша түрде жолдайды. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сұралатын жер қойнауы участкесі шекарасының осы Кодекстің 209-бабының талаптарына сәйкестігі туралы мәселені қайта қарайды.

Сұралатын жер қойнауы участкесі шекарасының сәйкестігі туралы мәселені қарау қорытындылары бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы шекараларды келіседі не келісуден бас тартады, бұл туралы құзыретті органды және өтініш иесін хабардар етеді. Осы тармақта көзделген сұралатын жер қойнауы участкесінің шекаралары туралы өзгертілген мәліметтерді ұсыну мерзімдерін өтініш иесі бұзған жағдайда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган сұралатын жер қойнауы участкесінің шекараларын келісуден бас тартады.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган сұралатын жер қойнауы участкесінің шекараларымен келіспеген жағдайда құзыретті орган осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 7) немесе 8) тармақшаларына сәйкес өтініш иесіне лицензияны беруден бас тартады.

3. Сұралатын жер қойнауы участкесінің шекаралары жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органдын келісілген жағдайда құзыретті орган өтініш иесіне үш жұмыс күні ішінде тиісінше осы Кодекстің 216 және 217-баптарында көзделген тау-кен жұмыстарының жоспарын келісу, жою жоспарына сараптама жүргізу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді. Хабарлама өтініш иесіне жіберілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Өтініш иесі келісілген тау-кен жұмыстарының жоспарын және сараптаманың оң қорытындылары бар жою жоспарын құзыретті органға осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген хабарлама қүннен бастап бір жылдан кешіктірмей ұсынуға тиіс.

Өтініш иесі құзыретті органға осындай ұзартудың қажеттілігін негіздей отырып, көрсетілген мерзімді ұзарту үшін жүгінуге құқылы. Құзыретті орган осы мерзімді, егер осындай ұзартудың қажеттілігі өтініш иесіне байланысты емес мәнжайлардан туындаса, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен қүннен бастап бір жылдан аспайтын кезеңге ұзартады.

4. Құзыретті орган өтініш иесіне пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны мемлекеттік сараптамалардың оң қорытындылары ұсынылған қүннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

5. Өтініш иесіне басқа тұлғаға тиесілі немесе соның пайдалануындағы жер участкесі шегінде орналасқан жер қойнауы участкесі берілген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осы жер қойнауы участкесінде көрсетілген жер участкесінің жер бетіндегі ең төменгі нүктесінен отыз метр шекте осындай тұлғаның келісімінсіз операцияларды жүргізуге құқығы жоқ.

6. Осы баптың 3-тармағында көзделген хабарлама облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жерлерді жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін резервте қалдыру үшін негіз болып табылады.

7. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдың жер участкесіне жерді пайдалану құқығын жер қойнауын пайдаланушыға беруі үшін негіз болып табылады.

8. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия беру үшін өтініш беру және оны қарау тәртібін құзыретті орган айқындаиды.

## **206-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияларды берудің басымдығы**

1. Құзыретті органға берілген, сол бір аумақты қамтитын пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияларды беру үшін өтініштер келіп түскен кезектілік тәртібіне қарай қаралады.

2. Кезекті өтініш алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензияны беруден бастартылғаннан кейін ғана қаралады.

Құзыретті орган кезекті өтінішті қарauға алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензия беруден бас тарту туралы өтініш иесін хабардар еткен күннен бастап он жұмыс күні өткен соң кіріседі.

Егер бас тарту туралы шешімге өтініш иесі сотқа шағымданса, кезекті өтінішті қарau туралы мәселені құзыретті орган шағым қарau нәтижелері бойынша шешім күшіне енгеннен кейін шешеді.

3. Өндіруге арналған лицензия келіп түскен өтініштердің ішінен бірінші болып осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін өтініш иесіне беріледі.

4. Лицензияны беру туралы шешім қабылданған өтініштен кейін келіп түскен өтініштер бойынша лицензияларды беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

## **207-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тарту**

1. Құзыретті орган мынадай негіздемелердің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса берілген құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) өтінішке осы Кодексте талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;

3) өтініш бергенге дейін бір жыл ішінде өтініш иесінің немесе өтініш иесін тікелей не жанама бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұлғаның жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиясын осы Кодексте көзделген негіздер бойынша жер қойнауының сұралатын участкесі бойынша құзыретті орган қайтарып алған болса;

4) өтініш берілген күннің алдындағы бес жыл ішінде өтініш иесі немесе өтініш иесін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұлға өздерінің пайдалануындағы жер қойнауы участкелеріндегі жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелерін орында маса немесе тиісінше орында маса;

5) өтініш иесіне не өтініш иесін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын немесе оның бақылауындағы тұлғага бұрын берілген жер қойнауын пайдалану құқығы сұралатын жер қойнауы участкесіне (оның бір бөлігіне) қатысты өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде тоқтатылса;

6) лицензияны беру ұлттық қауіпсіздікке қауіп туындауына алып келетін болса;

7) сұралатын жер қойнауы участкесі немесе оның бір бөлігі жер қойнауының кеңістігін пайдалануға арналған лицензия не пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия бойынша басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы участкесіне жатса;

8) сұралатын жер қойнауы участкесінің шекаралары осы Кодектің талаптарына сәйкес келмесе;

9) өтініш иесі осы Кодектің талаптарына сәйкес келісілген тау-кен жұмыстары жоспарының жобасын құзыретті органға беру мерзімін сақтамаса, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартады.

2. Лицензияны беруден бас тарту уәжді болуға тиіс.

Осы баптың 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес лицензияны беруден бас тарту осындай бас тарту үшін негіз болған себептер көрсетілмей шығарылады.

3. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия беруден бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей лицензияны беруден бас тартуға шағым жасауына болады.

4. Лицензия беруден бас тарту өтініш иесін қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

5. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия бойынша айрықша құқық негізінде берілген жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартуға барлауға арналған лицензия шарттарының жойылмаған бұзушылықтары болған кезде ғана не осы баптың 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес жол беріледі.

Егер айрықша құқық бойынша барлауға арналған лицензияны беру туралы өтінішті берген кезде осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мән-жайлар бар болса, құзыретті орган өтінішті қабылдайды және анықталған ескертулерді жою қажеттілігі туралы өтініш иесін хабардар етеді. Бұл жағдайда өтінішті қарау мерзімі өтініш иесінің көрсетілген ескертулерді жоюы және құзыретті органға өтінішті қайта беруі үшін күнтізбелік отыз күнге ұзартылады.

Көрсетілген ескертулер жойылмаған не өтініш белгіленген мерзімде қайтадан ұсынылмаған жағдайда құзыретті орган пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартады.

**208-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мазмұны**

Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия осы Кодектің 31-бабында көрсетілген мәліметтер мен шарттардан басқа жер қойнауын пайдаланудың мынадай талаптарын қамтуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен қол қою бонусын және жер участкесін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемін) төлеу туралы міндеттеме;

2) пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға жұмсалған жыл сайынғы ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелердің мөлшері;

3) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың ең төмен үлесінің мөлшері;

4) қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша жер қойнауын пайдаланушы міндеттемесінің мөлшері;

5) ғылыми-іздестіру, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша жер қойнауын пайдаланушы міндеттемесінің мөлшері;

6) міндеттемелерді бұзғаны үшін лицензияны қайтарып алушың негізdemесі.

## **209-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесі**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесі аумағының сыртқы шекаралары осы Кодекстің 19-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес болуға және өндірістік аумақтың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін тәсілмен айқындалуға тиіс. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесі аумағының сыртқы шекараларын көрсетілген талаптарға сәйкес айқындау мүмкін болмаған кезде олар бұрыштарының саны барынша аз болуы мүмкін көпбұрышты құрауы мүмкін.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесінің шекараларын айқындаған кезде: осы Кодекстің 204-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көзделген есепте белгіленген пайдалы қатты қазбалар ресурстарының контурлары, байқау гидрогеологиялық ұнғымалары, кеніштің орналасқан жері және оның шекараларын дамыту перспективасы, кеніштің қосалқы объектілері және инфракұрылым объектілері, аршылымның (жанасқан жыныс) және селдір (кондициялы емес) кеннің орналасу объектілері есепке алынады.

Тау-кен қайта өндеу өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілері де өндіру учаскесінің шекараларын айқындау кезінде орналастырылуы және есепке алынуы мүмкін. Тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілері жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияға сәйкес жер қойнауының жекелеген учаскесінде орналастырылуы мүмкін.

2. Егер өзге жер қойнауы учаскесінің шекаралары пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру, көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін оны сыртқы шекаралары бойынша ғана қалыптастыруға мүмкіндік бермесе, пайдалы қатты қазбаларды өндіру учаскесі аумағының ішкі шекаралары да болуы мүмкін. Бұл жағдайда өндіру учаскесі аумағының ішкі шекаралары көрсетілген өзге жер қойнауы учаскесінің сыртқы аумақтық шекараларымен айқындалады.

**Ескерту 209-бап жаңа редакцияда – КР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **210-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар**

1. Өндіруге арналған лицензиясы бар жер қойнауын пайдаланушы осы бапта белгіленген өндіру жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар туралы сақтауға міндетті.

2. Өндіру жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар өндіруге арналған жекелеген лицензия бойынша мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

ауданы бес гектарды қоса алғанға дейінгі участке аумағында өндіру кезінде 530 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

ауданы бестен асатын бір жұз гектарды қоса алғанға дейінгі участке аумағында өндіру кезінде 1063 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

бір жұзден асатын он мыңға дейінгі гектарды қоса алғанда әрбір келесі гектар үшін есептеген кезде қосымша 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

он мың гектардан асатын әрбір келесі гектар үшін есептеген кезде қосымша 120 еселенген айлық есептік көрсеткіш.

3. Егер өндіруге арналған лицензияға және тау-кен жұмыстарының жоспарына сәйкес қара металдар кенін өндіру көзделсе, осындай лицензия бойынша өндіру жөніндегі операцияларға арналған жыл сайынғы ең төмен шығыстар мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

ауданы бес гектарды қоса алғанға дейінгі участке аумағында өндіру кезінде 3170 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

ауданы бестен асатын бір жұз гектарды қоса алғанға дейінгі участке аумағында өндіру кезінде 6350 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

бір жұзден асатын он мыңға дейінгі гектарды қоса алғанда әрбір келесі гектар үшін есептеген кезде қосымша 60 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

он мың гектардан асатын әрбір келесі гектар үшін есептеген кезде қосымша 720 еселенген айлық есептік көрсеткіш.

4. Өндіру мерзімінің соңғы толық емес жылында ең төмен шығыстар көрсетілген жылы өндіру кезеңінің әрбір толық айы үшін пропорционалды түрде есептеледі.

5. Өндіруге арналған лицензия қолданысының кез келген жылы ішінде өндіру участкесінен бас тартқан кезде шығыстар бойынша ең төменгі талаптар

көрсетілген жылы өндіру мерзімінің әрбір толық айы үшін пропорционалды түрде есептеледі.

6. Өндіру жөніндегі операцияларға арналған ең төмен шығыстардың есебі респубикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және есепті жылдың 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізінде жүргізіледі.

7. Осы баптың мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған жеке лицензия бойынша өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстарға жұмыстардың мынадай түрлеріне арналған шығыстары жатады:

- 1) ұнғылау жұмыстары немесе аршу жұмыстары;
- 2) желдетуді қамтамасыз ету;
- 3) бұрғылау-жару жұмыстары;
- 4) тау-кендерін бекіту немесе сұйемелдеу;
- 5) тау қысымын басқару;
- 6) кенді немесе жынысты тасымалдау;
- 7) үйінді жасау және (немесе) кенді қоймаға жинап қою;
- 8) кенді, жынысты бөлшектеу;
- 9) сілтісіздендіру (үймелеп және (немесе) жерасты);

10) өндіру участкесіндегі кеніш, байыту өндірісі және өндірістік инфрақұрылымның қосалқы объектілері құрылышы бойынша барлық жұмыстар.

8. Осы баптың мақсаттары үшін жеке лицензия бойынша өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстарға басқарушылық және әкімшілік мүктаждықтарға, бухгалтерлік есепті жүргізуге, ғылыми зерттеулерге, персоналды оқытуға арналған шығыстар және басқа да осыған ұқсас шығыстар жатқызылуы мүмкін.

Өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстарды есептеу кезінде мұндай шығыстардың үлесі жер қойнауын пайдаланушы кезеңдік есепте мәлімдеген жалпы шығыстардың жиырма пайызынан аспауға тиіс.

9. Өндіру жөніндегі операцияларға арналған шығыстарға:

1) жергілікті жерде өндіру участкесі шекараларының межелік және геодезиялық белгілерін орналастыруға, оның ішінде жерге орналастыру жұмыстарына;

2) жер қойнауын пайдалану құқығын, жер пайдалану құқығын немесе жер участкесіне меншік құқығын иелену, осындай иеленулерге ілеспе шығыстарды қоса алғанда;

3) өндіру учаскесімен тікелей байланысты емес ғылыми-зерттеу жұмыстарына;

4) жер учаскелерін сатып алуға немесе жер учаскелерінің иелері мен пайдаланушыларына шығындарды өтеуге және жерлерді олардың нысаналы мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіруге байланысты өтемақыларға арналған шығыстар жатқызылмайды.

10. Осы бапта көзделген өндіру жөніндегі операцияларға арналған ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы жетіспейтін шығыстарды жүргізуге және бұл туралы құзыретті органға есепті жылдан кейінгі үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде есеп беруге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы осы тармаққа сәйкес жүргізген шығыстары ағымдағы жылдың шығыстарына есептелмейді.

**Ескерту. 210-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **211-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мерзімі**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мерзімі қатарынан жиырма бес жылдан аспайды.

2. Өндіруге арналған лицензияның мерзімі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша лицензияның бастапқы мерзімінен аспайтын кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Өндіруге арналған лицензияның мерзімін ұзарту саны шектелмейді.

3. Ұзарту туралы өтініш құзыретті органға өзі бекітетін нысан бойынша лицензияның мерзімі өткенге дейін төрт жылдан ерте берілмейді.

Егер өтінішті қарау кезеңінде өндіруге арналған лицензияның мерзімі өтіп кетсе, лицензия осындай қарастыру кезеңіне қолданылуын жалғастырады. Өндіруге арналған лицензияны ұзарту мерзімін есептеу аяқталған мерзімнің соңғы күнінен кейінгі күннен басталады.

4. Өндіруге арналған лицензияның мерзімі:

1) егер мәлімделген ұзарту мерзімі осы баптың 2-тармағына сәйкес келмесе;

2) осы баптың 3-тармағында көзделген лицензияның қолданысын ұзарту туралы өтініш беру мерзімі бұзылса;

3) өндіруге арналған лицензияның жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемдерін) төлеу және ұзарту туралы өтініш күнінің алдындағы есептік кезеңдер үшін өндіруге арналған ең төмен шығыстар бойынша

шарттарды бұзушылықтарды жер қойнауын пайдаланушы жоймаған болса, ұзартылуға жатпайды.

**212-бап. Жер қойнауын пайдалануышының пайдалы қатты қазбаларды өндіру кезіндегі оқыту және ғылым саласындағы міндеттемелері**

1. Өндіруге арналған лицензия қолданысының екінші жылынан бастап жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын:

1) құзыретті орган білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы алдыңғы жылы өндіруге арналған шығыстарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытууды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) құзыретті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған тәртіппен жер қойнауын пайдалануышының алдыңғы жылы өндіруге арналған шығыстарының бір пайызы мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылған, белгіленген ең төменгі мөлшерден асатын қаржыландыру көлемі жер қойнауын пайдалануышының келесі жылы тиісті міндеттемелерін орындау есебіне есептеледі.

**213-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, оның ішінде мердігерлердің сатып алуы мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден сатып алу;
- 3) бағаны төмендетуге арналған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық);
- 4) осы тармақтың нормаларын қолданбай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- 5) тауар биржаларында.

Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін міндетті түрде пайдалана отырып немесе жер қойнауын пайдалануышының жұмысы осында тізілімінің жұмысымен үйлестірілген Интернеттің қазақстандық сегментінде орналасқан электрондық сатып алушын

өзге де жүйелерін пайдалануымен, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен жүргізіледі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**213-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастырушы конкурс женімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілерінің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, жұмыскерлердің жалпы санынан Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде тоқсан бес пайызын тартатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері деп танылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**213-баптың 1-тармағының төртінші бөлігінің осы редакциясы 01.01.2022 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 13-т. қараңыз).**

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік басшылардың, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан көп болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөнінде операциялар жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындейды.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде өткен конкурс нәтижелері бойынша немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып сатып алынған

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі шығыстар құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының лицензиялық міндеттемелерді орындау ретінде есепке алатын шығыстардан алып тасталады.

2. Пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйесінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінде жұмысымен үйлестіру тәртібін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Осы баптың мақсаттары үшін:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі деп жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алынуын және оларды өндірушілерді бақылау мен мониторингтеуге, сондай-ақ электрондық сатып алуды және жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе түсініледі;

2) электрондық сатып алу жүйесі деп сатып алуды ұйымдастырушылар (жер қойнауын пайдаланушылар немесе жер қойнауын пайдаланушылар уәкілеттік берген тұлғалар) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібіне сәйкес сатып алу үшін пайдаланатын электрондық ақпараттық жүйе түсініледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға өзі айқындаған тәртіппен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ осы Кодекстің 6-тaraуына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы операторды тартқан кезде, оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпарат беруге міндетті.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бір жылдық бағдарламасы деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік бір жылға жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатуrasesы мен көлемдерін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындастырып құжат түсініледі.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді бағдарламасы деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, ол бес жылдық кезеңге жоспарлайтын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің номенклатуrasesы мен көлемдерін, оларды сатып алу тәсілдері мен мерзімдерін айқындайтын құжат түсініледі.

Оператор көрсететін қызметтерді жоспарланған сатып алу туралы ақпарат деп жер қойнауын пайдаланушы жасайтын, оператор өтеулі негізде ұсынатын көрсетілетін қызметтердің көлемі мен мерзімдерін айқындайтын құжат түсініледі.

5. Осы баптың 1-тармағының талаптары:

1) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушыларға;

2) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұлттық басқаруши холдинг тікелей немесе жанама иеленетін, жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғаларға қолданылмайды.

## **214-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауы учаскесінде пайдалы қатты қазбалардың кез келген түрін өндіруге және оған барлау жүргізуге құқылы.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

214-баптың 2-тармағының осы редакциясы 01.01.2024 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 27.12.2017 № 125-VI Кодексімен (тоқтатыла тұру кезеңіндегі редакцияны осы Кодекстің 277-бабының 6-т. қараңыз).

2. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жер қойнауын пайдаланушы үшін коммерциялық қызығушылық тудыратын пайдалы қатты қазбалардың анықталған ресурстары бар жер қойнауы учаскесінде жүргізіледі.

3. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі барлық жұмыстар құжатталуға жатады. Құжаттама жер қойнауы учаскесін анық зерттеу және кейіннен игеру үшін қажетті жұмыстардың сипаттамасын қамтуға тиіс.

4. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) өндіруде қолданылатын техникалық құралдардың оңтайлылығы мен қауіпсіздігін;

2) пайдалы қатты қазбалардың кен орнын оның игерілуін күрделендіруге, кен орны ресурстарының сапасын төмендетуге алып келетін қауіпті техногендік процестер көріністерінен қорғауды;

3) өндірілген пайдалы қатты қазбалардың, өндіру кезінде түзілетін өндіріс қалдықтарының анық есепке алынуын;

4) өндіру кезінде, зертханалық зерттеулер мен талдаулар деректерін қоса алғанда, алынған бірінші және екінші геологиялық ақпараттың анықтығы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Егер бұл экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына қайшы келмесе, пайдалы қатты қазбаларды өндіру барысындағы тау-кен массасының және (немесе) орын ауыстырылатын топырақтың көлемі шектелмейді.

Өндіру барысында алынатын пайдалы қатты қазбалар (пайдалы құрауыштар) жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

6. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде су қорғау іс-шараларын орындауға, сондай-ақ тау-кен қазындыларына ағатын жерасты суларына қатысты су объектілерін қорғау бойынша Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сактауға міндетті.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тау-кен қазындыларына жерасты суларының технологиялық жағынан шарасыз ағуы арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар алуды талап етпейді.

Тау-кен қазындыларына ағатын жерасты суларын пайдалану Қазақстан Республикасының су және экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **215-бап. Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүргізу кезіндегі есептілігі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша мынадай мерзімдік есептерді:

1) лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепті;

2) сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер және олардағы жергілікті қамту үлесі туралы есепті;

3) жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есептерді;

4) геологиялық есептерді;

5) өндірілген пайдалы қатты қазбалар туралы есепті ұсынуға міндетті.

2. Мерзімдік есептер жыл сайын алдыңғы күнтізбелік жыл үшін әрбір жылдың отызынши сәуірінен кешіктірілмей ұсынылады.

Толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер жер қойнауын пайдаланудың нақты кезеңі бойынша ұсынылады.

Жер қойнауы участкесін пайдалану кезеңінің соңғы толық емес күнтізбелік жыл үшін есептері көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп құзыретті органға оның өзі айқындайтын тәртіппен ұсынылады.

Лицензиялық міндеттемелердің орындалуы туралы есепте көрсетілген өндіру участкесі бойынша шығыстар туралы мәліметтерді "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор растауга тиіс.

Егер мұндай мәліметтер аудит жүргізілген қаржылық есептілікте жеке келтірілсе (анықталса) олар аудитормен расталған деп танылады.

Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген есептер пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға өзі айқындайтын тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген есептер жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органға өзі айқындайтын тәртіппен ұсынылады.

## **216-бап. Тау-кен жұмыстарының жоспары**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жобалау құжаты тау-кен жұмыстарының жоспары болып табылады.

2. Тау-кен жұмыстарының жоспарын жер қойнауын пайдаланушы әзірлейді және бекітеді.

3. Тау-кен жұмыстарының жоспарында пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстардың түрлері, әдістері және тәсілдері, жұмыстардың болжамды көлемі және оларды жүргізу дің мерзімдері, сондай-ақ пайдаланылатын технологиялық шешімдер сипатталады.

Тау-кен жұмыстарының жоспарын жасау бойынша нұсқаулықты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Тау-кен жұмыстары жоспарының мазмұнын жер қойнауын пайдаланушы экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, дербес айқындайды.

4. Тау-кен жұмыстарының жоспары қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

Егер тау-кен жұмыстары жоспарында көзделген пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары шегінде болжанатын болса, тау-кен жұмыстарының жоспары да су

қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, суды бүру саласындағы уәкілетті органның өнірлік органдарымен келісіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды осы бапқа сәйкес тау-кен жұмыстарының жоспарын келіскең жағдайда ғана жүргізуге құқылы.

5. Өндіру бойынша жоспарланатын жұмыстардың түрлері, әдістері және (немесе) тәсілдері, сондай-ақ жұмыстарды жүргізу технологиялары, көлемдері мен мерзімдері өзгертілген, өндірістік объектілердің және инфрақұрылым объектілерінің құрамы өзгертілген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы тау-кен жұмыстарының жоспарына тиісті өзгерістер енгізуге және оны пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынуға міндетті. Тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер:

1) тау-кен жұмыстарының жоспарында көзделген өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу тәуекелдері ұлғайған;

2) бұған дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдармен келісілген тау-кен жұмыстарының жоспарында көзделмеген, қосымша тәуекелдерге алып келетін өндіру жөніндегі операцияларға жоспарланған өзгерістер;

3) жүзеге асырылуы тау-кен жұмыстарының жоспарында көрсетілген экологиялық көрсеткіштерге қол жеткізбеуге алып келетін өндіру жөніндегі операцияларға жоспарланған өзгерістер;

4) жер жабынының тұтастығын қосымша бұзуды болжайтын өндіру жөніндегі операцияларда жоспарланған өзгерістер;

5) кеніштің негізгі объектілері параметрлеріндегі жоспарланған өзгерістер;

6) кеніштің негізгі объектілері санындағы жоспарланған өзгерістер болған жағдайларда қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдармен келісуді талап етеді.

6. Өзгертілген тау-кен жұмыстарының жоспарын пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынылғанға дейін ол бойынша жұмыстар жүргізуге тыйым салынады.

## **217-бап. Жою жоспары**

1. Жою жоспары өндіру учаскесінде орналасқан кенішті және басқа да өндірістік және инфрақұрылымдық объектілерді пайдаланудан шығару, өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде бүлінген жерлерді рекультивациялау бойынша іс-шаралар, жою және рекультивациялау бойынша біртінде жұмыстар жүргізу жөніндегі іс-шаралар, өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі өзге де жұмыстар сипаттамасы,

сондай-ақ мұндай жою жөніндегі іс-шаралардың болжалды құнының есеептеуді қамтитын құжат болып табылады.

Егер жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия (лицензиялар) бойынша жер қойнауының басқа да участкесінде (учаскелерінде) орналасқан тау-кен өндіруші немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдерін орналастыру объектілері өндіру участкесінде орналасқан кеңішті пайдалануға тікелей байланысты болса, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының осы участкелерінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі барлық жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында бірынғай жою жоспарын әзірлеуге құқылы.

Жою жоспарын жер қойнауын пайдаланушы әзірлейді және жоспар пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган жүргізетін кешенді сараптамаға жатады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою бойынша жұмыс құнын болжамды түрде есептеуге өзгерістерді қоса алғанда, жою жоспарына:

1) кешенді сараптаманың соңғы оң қорытындысын алған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей;

2) осы Кодекстің 216-бабының 5-тармағына сәйкес тау-кен жұмыстарының жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда өзгерістер енгізуге міндетті.

3. Кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған жою жоспарында олардың салдарын жою көзделмеген пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға жол берілмейді.

4. Жою жоспарын жасау бойынша нұсқаулықты және пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын есептеу әдістемесін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган қоршаган ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

## **218-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар салдарын жою жою жоспары негізінде әзірленген жою жобасына сәйкес жүргізіледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстар жобасын әзірлеуді және бекітуді лицензия мерзімі өткенге дейін еki жылдан кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті.

Егер пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның қолданылуы өзге негіздер бойынша тоқтатылса, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға пайдалы қатты қазбаларды өндіру салдарын жою жөніндегі жұмыстар жобасын әзірлеуді және бекітуді лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап сегіз айдан кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодектің 220-бабына сәйкес бас тартқан өндіру учаскесінің бір бөлігінде пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар салдарын жою осындай бас тартқанға дейін жүргізіледі. Жою аяқталғаннан кейінгі және өндіруге арналған лицензиядан ол алып тасталған кезге дейінгі кезеңде өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге немесе осындай учаскенің бір бөлігін өзге де пайдалануға жол берілмейді.

3. Өндіру учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға осындай тоқтату күнінен бастап сегіз айдан кешіктірілмейтін мерзімде өндіру жөніндегі операциялар салдарын жоюға кірісуге міндетті. Осы кезең ішінде аталған тұлға жер қойнауы учаскесінің аумағынан өндірілген пайдалы қатты қазбаларды шығаруға құқылы. Лицензияның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін сегіз ай өткен соң өндіру учаскесінің аумағынан шығарылмаған пайдалы қатты қазбалар жер қойнауының құрамына енгізілген деп танылады және осы бапқа сәйкес жойылуға жатады.

4. Өндіру учаскесінде (оның бір бөлігінде) операциялар салдарын жою жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган қоршаған органды қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың және облыстырдың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдерінен құратын комиссия және егер жою жеке меншіктегі, тұрақты немесе ұзақ мерзімді уақытша өтеулі жер пайдаланудағы жер учаскесінде жүзеге асырылса, жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы жою актісіне қол қойғаннан кейін аяқталды деп есептеледі.

5. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар салдарын жою актісіне қол қою жер қойнауын пайдалану құқығын өзге тұлғаларға кейіннен беру үшін мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті мәліметтерді енгізуге негіз болып табылады.

6. Осы баптың ережелері салдарын жоюды талап ететін өндіру жөніндегі операциялар жүргізілмеген, өндіру учаскесінде немесе оның бір бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда қолданылмайды. Бұл

учаскеде барлау жөніндегі операциялар жүргізілген жағдайда олардың салдарын жою осы Кодекстің 197-бабына сәйкес жүргізіледі.

## **219-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету**

1. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру участкесінде пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға осындай операциялар салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға берген жағдайда кірісуге құқылы.

2. Өндіру жөніндегі операциялар салдарын жою бойынша жер қойнауын пайдаланушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай шарттар сақтала отырып, осы Кодексте көзделген оның кез келген түрлері үйлестіріліп берілуі мүмкін: өндіруге арналған лицензияның үштен бір мерзімі ішінде – банк кепілдігі немесе банктік салым кепілі турінде қамтамасыз ету жалпы қамтамасыз ету сомасының кемінде қырық пайызын, үштен екі мерзімі ішінде – кемінде алпыс пайызын және қалған кезеңде жүз пайызын құрауға тиіс.

Егер жоюоды жүргізу екі және одан көп жер қойнауы участкесі үшін осы Кодекстің 217-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жасалған жою жоспары бойынша жүзеге асыру жоспарланса, жер қойнауын пайдаланушы осы участкелерде жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын ортақ қамтамасыз етуді беруге құқылы.

3. Қамтамасыз ету сомасы жүргізілген өндіру жөніндегі операциялар және жою жоспарына кешенді мемлекеттік сараптаманың соңғы оң қорытындысы алынған күннен бастап алдағы үш жылға жоспарланатын операциялар салдарын жою жөніндегі жұмыстардың жалпы есептік құнын жабуға тиіс.

Қамтамасыз ету сомасы жою жөніндегі жұмыстар жоспарында көзделген сметаға сәйкес түпкілікті қайта есептеуге жатады.

Жою жөніндегі жұмыстардың құнына әкімшілік және басқарушылық шығыстар, сондай-ақ:

учаске (участкелер) аумағында орналасқан технологиялық жабдықты, ғимараттарды және құрылыштарды демонтаждауға және әкетуге;

кеништі (шахтаны, ұнғыманы, карьерді және басқаларын), техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектілерін (олар болған кезде) жабуға;

зиянды заттар мен материалдарды (олар болған кезде) көмуге;

бұлінген жерді рекультивациялауға;

өзендердің, жылғалардың және су ағындарының (олар болған кезде) арналарын қалпына келтіруге;

жерүсті және жерасты суларының, ауаның сапасын, топырақтың және өсімдіктердің жай-күйін мониторингтеуге арналған шығыстар кірге тиіс.

4. Өндіруге арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органның келісуімен қамтамасыз ету сомасы жер қойнауы участкесінде орындалған және осы баптың З-тармағында көзделген тәртіппен қабылданған жою жұмыстары бөлігінің құнына мөлшерлес азайтылуы мүмкін. Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етуді берген тұлғаны қамтамасыз ету сомасын азайту туралы жер қойнауын пайдаланушыдан өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін қамтамасыз ету сомасын азайтуға, егер осындай азайту нәтижесінде қалған қамтамасыз ету сомасы жою жөніндегі жұмыстар жобасының сметасында көзделген, жою бойынша аяқталмаған жұмыстарға арналған шығыстарды жаба алмайтын болса, тыйым салынады.

5. Осы Кодекстің талаптарына сәйкес салдарын жою қамтамасыз етілмеген пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға тыйым салынады.

## **220-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру участкесінен бас тарту**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға бас тарту туралы жазбаша мәлімдей отырып, барлық өндіру участкесінен не оның бір бөлігінен бас тартуға құқылы.

Өндіру участкесінің бір бөлігінен бас тартылған жағдайда, пайдалануда қалған өндіру участкесі осы Кодекстің 19-бабының ережелеріне сәйкес келуге тиіс.

2. Барлық өндіру участкесінен немесе оның бір бөлігінен мерзімінен бұрын бас тарту туралы өтініште бас тартуға жататын жер қойнауы участкесінің аумағына нұсқау қамтылуға тиіс.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушы бас тартып отырған барлық өндіру участкесінде немесе оның бір бөлігінде өндіру салдарын жою актісі;

2) жер қойнауын пайдаланушы бас тартып отырған жер қойнауы участкесі аумағының алаң есептері (көлемі) және бұрыш нүктелерінің географиялық координаттары бар сипаттамасы;

3) жер қойнауы участкесінің бір бөлігінен бас тартылғаннан кейін қалыптастырылатын өндіру участкесі аумағының алаң есептері (көлемі) және бұрыш нүктелерінің географиялық координаттары бар, көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған участкенің орналасу картограммасы, шолу

(ахуалдық) схемасы, сондай-ақ жерүстінің топографиялық картасы қоса берілген сипаттамасы.

3. Өндіру участкесінің бір бөлігінен бас тарту өндіруге арналған лицензияны қайта ресімдеуге алып келеді.

4. Өндіру участкесінің бір бөлігінен немесе барлығынан бас тарту пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін берілуі мүмкін участке (немесе оның бір бөлігі) ретінде мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті жер қойнауы участкесі туралы мәліметтерді енгізуге негіз болып табылады.

## **221-бап. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық және оны қайтарып алу**

1. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияларда көзделген міндеттемелерді бұзушылық жер қойнауын пайдалануышыны тұрақсыздық айыбы немесе лицензияны қайтарып алу түріндегі жауаптылыққа алып келеді.

2. Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың ең төмен үлесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін, сондай-ақ қазақстандық кадрларды оқытуды және (немесе) ғылыми-іздестіру, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы өндіріліп алынады.

Міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу орындалуы тиісті күнтізбелік жылда көзделген негізгі міндеттемені тоқтатады.

Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың ең төмен үлесін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбы орындалмаған міндеттемелер көлеміне қатысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнының отыз пайзызы мөлшерінде өндіріліп алынады.

Қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша және ғылыми-іздестіру, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша міндеттемені орындағаны үшін тұрақсыздық айыбы орындалмаған міндеттемелердің сомасы мөлшерінде өндіріліп алынады.

3. Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия мынадай негіздердің бірі болған кезде құзыретті органның қайтарып алуына жатады:

1) ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, осы Кодекстің 44-бабы 1-тармағының талаптарын бұзушылық;

2) қол қою бонусын, жер участекесін пайдаланғаны үшін ақы (жалдау төлемдерін) төлеу туралы міндеттемелерді және (немесе) пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға жыл сайынғы ең төмен шығыстар бойынша міндеттемелерін бұзушылық.

4. Бұзушылық анықталған кезде құзыретті орган бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыны жазбаша хабардар етеді.

5. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген бұзушылық жасалған жағдайда, бұзушылық орын алғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру арқылы, ал қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде құзыретті органның рұқсатымен жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыру бойынша өзге де әрекеттерді жасау арқылы осы бұзушылық бір жылдан аспайтын мерзімде жойылуға жатады.

Осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген бұзушылық жасалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органдан хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде бұзушылықты жоюға міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы осы тармақта көзделген мерзімдерде құзыретті органды бұзушылықтардың жойылғаны туралы осындай жоуды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша хабардар етеді.

Белгіленген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда, құзыретті орган осы баптың 6-тармағына сәйкес лицензияны қайтарып алады.

6. Лицензияны қайтарып алуды құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыға лицензияны қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Жер қойнауын пайдаланушы лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап үш айдан кейін лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

7. Жер қойнауын пайдаланушы лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лицензияны қайтарып алуды даулауға құқылды. Осындай даулау кезеңінде осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзім даулау нәтижелері бойынша шығарылған шешім күшіне енгенге дейін ұзартылады.

8. Егер лицензияны қайтарып алу үшін негіз болған міндеттерді орындауға немесе тиісінше орындауға еңсерілмейтін күштін, яғни осы жағдайлардағы төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т.с.) әсері себеп болса, лицензияны қайтарып алуға жол берілмейді. Осындай мән-жайларға жер қойнауын пайдаланушының техникалық құралдарының және (немесе) қаржылай қаражатының болмауы, нарықта қажетті

тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы, сондай-ақ әкімшілік жазаның қолданылуы жатпайды.

9. Осы бапқа сәйкес өндірге арналған лицензиядан айырылған тұлға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтатуға және жою жоспарына сәйкес жер қойнауы участекесін қауіпсіз жай-күйде ұстап тұру жұмыстарына кірісуге міндетті.

10. Пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензияны қайтарып алу мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті жер қойнауы участекесі туралы мәліметтерді енгізу үшін негіз болып табылады.

## **29-ТАРАУ. ПАЙДАЛЫ ҚАТТЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ УЧАСКЕЛЕРИН ҰСТАП ТҰРУ МӘРТЕБЕСІ**

### **222-бап. Ұстап тұру мәртебесі ұғымы және оны беру негіздері**

1. Ұстап тұру мәртебесі деп осы Кодексте көзделген шарттарда және тәртіппен жер қойнауын пайдаланушының көрсетілген участекеде (немесе оның бір бөлігінде) кендік пайдалы қатты қазбаларды өндіруді бастамау немесе тоқтата тұру құқығын көздейтін, пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензия бойынша жер қойнауы участекесінің айрықша құқықтық режимі танылады.

Осы тараудың ережелері пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензияның қолданылу мерзімі кезеңінде қандай уақытта да қолданылуы мүмкін.

2. Жер қойнауы участекесіне ұстап тұру мәртебесін беру жер қойнауын пайдаланушыны ұстап тұру мәртебесінің қолданылу кезеңіне осы Кодектің 210-бабында көзделген міндеттерді, сондай-ақ онымен байланысты есептілікті беру бойынша міндеттемелерді орындаудан босатады.

Өндірге арналған лицензия бойынша жер қойнауы участекесінің бір бөлігіне ұстап тұру мәртебесін беру жер қойнауын пайдаланушының осы Кодектің 208-бабының 2) тармақшасында көзделген міндеттемелерінің мөлшерін пропорционалды түрде азайтуға алып келеді.

3. Ұстап тұру мәртебесі кейінгі бес жылға дейінгі мерзімге ұзарту мүмкіндігімен қатарынан бес жылға дейінгі кезеңге беріледі. Пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензия бойынша жер қойнауы участекесіне қатысты ұзарту мерзімі ескеріле отырып, ұстап тұру мәртебесінің жалпы мерзімі он жылдан аспайды.

4. Ұстап тұру мәртебесін беру жер қойнауын пайдаланушыға ұстап тұру мәртебесі қолданылатын жер қойнауы участекесінің аумағы және осындағы мәртебенің қолданылу мерзімі көрсетіле отырып қайта ресімделген өндірге арналған лицензияны беру арқылы расталады.

5. Ұстап тұру мәртебесі мынадай негіздердің кез келгені болған кезде беріледі:

1) анықталған минералды ресурстарды өндіру келешектегі бес жыл ішінде рентабельді болуы мүмкін деп пайымдауға ақылға қонымыды негіздер болған кезде қолайсыз нарықтық жағдайларға байланысты мұндай өндірудің жер қойнауын пайдаланушы үшін рентабельсіз болып табылуы;

2) экологиялық қауіпсіздік талаптарына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технологияның болмауы;

3) еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайларда төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және тағы сол сияқты) болуы;

4) жер қойнауын пайдаланушыға оңалту рәсімін қолдану туралы сот шешімінің күшіне енуі.

## **223-бап. Ұстап тұру мәртебесін беру тәртібі**

1. Ұстап тұру мәртебесі жер қойнауын пайдаланушиның не оңалтушы басқарушының өтініші бойынша беріледі.

2. Өтініште ұстап тұру мәртебесін беру үшін жер қойнауын пайдалануши өтініш жасауға негіз болатын мән-жайлар көрсетіледі және сипатталады.

3. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) осы Кодекстің 222-бабы 5-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген мән-жайлардың болуын растайтын құжаттар;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен жұмыстар бағдарламасы.

4. Құзыретті орган өтінішті қарайды және осы Кодекстің 224-бабы 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген ұстап тұру мәртебесін беруден бас тарту үшін негіздер болмаған кезде, сондай-ақ жұмыстар бағдарламасын келіскеңнен кейін өтініш келіп түсken күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш иесіне консервациялау жобасын ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Консервациялау жобасын өтініш иесі хабардар етілген күннен бастап төрт айдан кешіктірмей құзыретті органға ұсынуға тиіс. Өтініш иесі құзыретті органға көрсетілген мерзімді ұзартуға, мұндай ұзартудың қажеттілігін негіздей отырып, өтініш жасауға құқылы.

Егер мұндай ұзарту қажеттілігі өтініш иесіне байланысты емес мән-жайлардан туындаса, құзыретті орган осы мерзімді осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап төрт айдан аспайтын кезеңге ұзартады.

5. Құзыретті орган өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін береді және осы Кодекстің 226-бабында көзделген тәртіппен әзірленген консервациялау жобасы ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен

кешіктірілмейтін мерзімде қайта ресімделген лицензияны жер қойнауын пайдаланушыға береді. Өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруге байланысты қайта ресімделген лицензияда ұстап тұру мәртебесі бар осы учаскенің (оның бір бөлігінің) аумағы көрсетіледі.

## **224-бап. Ұстап тұру мәртебесін беруден бас тарту**

1. Құзыретті орган мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) өтінішке осы Кодексте талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;

3) өтініш иесі осы Кодекстің 223-бабында көзделген тәртіппен әзірленген консервациялау жобасын құзыретті органға ұсыну мерзімін сақтамаса;

4) жер қойнауын пайдаланушы келтірген негіздер мен ұсынылған құжаттар өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беру үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың болуын растау үшін жеткіліксіз болып табылса, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруден бас тартады.

2. Өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, ол уәжді болуға және өтініш иесіне ұстап тұру мәртебесін беру үшін көзделген мерзім ішінде берілуге тиіс.

3. Құзыретті орган өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруден бас тарту туралы өтініш иесін бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

4. Өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруден бас тартуға өтініш иесіне бас тарту туралы хабарланған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

5. Өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесін беруден бас тарту өтініш иесін өтінішті қайта беру құқығынан айырмайды.

## **225-бап. Ұстап тұру мәртебесі жөніндегі жұмыстар бағдарламасы**

1. Жұмыстар бағдарламасы жер қойнауын пайдаланушы өндіру учаскесін (оның бір бөлігін) ұстап тұру мәртебесінен шығару және онда өндіру жөніндегі операцияларды қайта бастау мақсатында әзірлейтін құжат болып табылады.

2. Жұмыстар бағдарламасында:

1) ұстап тұру мәртебесі берілетін өндіру учаскесіндегі (оның бір бөлігіндегі) консервациялау жөніндегі іс-шаралардың;

2) жер қойнауын пайдаланушы өндіру участекесін (оның бір бөлігін) ұстап тұру мәртебесінен шығару және өндіру жөніндегі операцияларды қайта бастау үшін қолданатын іс-шаралардың;

3) жер қойнауын пайдаланушы ұстап тұру мәртебесі берілетін өндіру участекесінде (оның бір бөлігінде) жұмыспен айналысатын жұмыскерлерге қатысты қолдануға міндеттенетін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы қолдау шараларының (басқа жұмысқа (басқа жұмыс участекесіне) ауыстыру, жаңа мамандықтарға (кәсіптерге) оқыту мақсатында қайта даярлау, біліктілікті арттыру және басқалары) сипаттамасы мен мерзімдері қамтылады.

3. Ұстап тұру мәртебесі бойынша жұмыстар бағдарламасын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты құзыретті орган бекітеді.

## **226-бап. Жер қойнауы участекесін консервациялау**

1. Пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қайта бастау кезінде өндірістік құрылыштарды және өзге де объектілерді болашакта пайдалану үшін оларды жарамды жай-күйге келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерін азайту және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жер қойнауы участекесінде пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстарды уақытша тоқтату кезінде жүргізілетін іс-шаралар кешені пайдалы қатты қазбаларды өндіру участекесін консервациялау болып табылады.

2. Жер қойнауы участекесін консервациялау жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органмен келісілген жұмыстар бағдарламасы негізінде әзірленетін консервациялау жобасына сәйкес жүргізіледі.

3. Консервациялау жобасы қоршаған органды қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдармен келісіледі.

4. Консервациялауды жобалау және іске асыру жер қойнауын пайдаланушының есебінен жүзеге асырылады.

5. Консервациялау бойынша жұмыстар жер қойнауын пайдаланушы және қоршаған органды қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың өкілдерінен құзыретті орган құратын комиссия, сондай-ақ егер консервациялау жеке меншіктегі, тұрақты немесе ұзақ мерзімді уақытша өтеулі жер пайдаланудағы жер участекесінде жүзеге асырылса, жер участекесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы консервациялау актісіне қол қойғаннан кейін аяқталды деп есептеледі.

## **227-бап. Ұстап тұру мәртебесінің шарттары**

1. Өндіру учаскесіне (оның бір бөлігіне) ұстап тұру мәртебесі берілген кезде жер қойнауының осы учаскесі (оның бір бөлігі) бойынша өндіру кезеңі осы мәртебенің бүкіл қолданылу мерзіміне ұзартылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы ұстап тұру мәртебесіндегі жер қойнауы учаскесін жұмыстар бағдарламасына сәйкес пайдалануға міндетті.

3. Ұстап тұру мәртебесіндегі жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын барлауды, жұмыстар бағдарламасында мұндай барлау көзделген жағдайда жүргізуге құқылы.

4. Жер қойнауын пайдаланушы есепті кезеңнен кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын жұмыстар бағдарламасының орындалуы туралы есепті құзыретті органға ұсынуға міндетті.

## **228-бап. Ұстап тұру мәртебесін ұзарту**

1. Ұстап тұру мәртебесін ұзарту жер қойнауын пайдалануышының ұстап тұру мәртебесінің бастапқы мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылатын өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Ұстап тұру мәртебесін ұзарту жер қойнауы учаскесіне ұстап тұру мәртебесін беру үшін көзделген тәртіппен жүргізіледі. Ұстап тұру мәртебесін ұзартқан кезде жер қойнауы учаскесін консервациялау жобасы жасалмайды.

3. Жер қойнауын пайдаланушы ұстап тұру мәртебесін ұзарту туралы өтініш берген жағдайда, ұстап тұру мәртебесі жер қойнауын пайдалануышыға ұстап тұру мәртебесінің ұзартылған мерзімі көрсетіліп, қайта ресімделген лицензия берілгенге дейін жер қойнауы учаскесіне қолданылуын жалғастырады.

Ұстап тұру мәртебесін ұзарту мерзімін есептеу ұстап тұру мәртебесінің алдыңғы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күннен басталады.

## **229-бап. Ұстап тұру мәртебесінің тоқтатылуы**

1. Ұстап тұру мәртебесі өзінің қолданысын берілген мерзім өткеннен кейін немесе жер қойнауын пайдалануышының өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Ұстап тұру мәртебесін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға ұстап тұру мәртебесін беру үшін негіз болып табылған мән-жайлар ендігі жерде болмаған жағдайда береді.

3. Ұстап тұру мәртебесін тоқтату өндіруге арналған лицензияны қайта ресімдеу және жер қойнауын пайдалануышыға осы Кодекстің 208-бабы 2) тармақшасының талаптарын толық көлемде қолдану үшін негіз болып табылады.

## **230-бап. Ұстап тұру мәртебесінің құзыретті органның талап етуі бойынша тоқтатылуы**

1. Құзыретті орган жер қойнауы участкесіне ұстап тұру мәртебесі берілген күннен бастап алты ай өткен соң кез келген уақытта жер қойнауын пайдаланушыдан ұстап тұру мәртебесін беру үшін негіз болып табылған мән-жайлардың әлі де бар екендігін растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы осы құжаттарды хабарламаны алған күннен бастап қырық жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынуға міндettі. Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға көрсетілген мерзімді ұзартуға, мұндай ұзартудың қажеттілігін негіздей отырып жүргінуге құқылы. Егер мұндай ұзарту қажеттілігі жер қойнауын пайдаланушыға байланысты емес мән-жайлардан туындаса, құзыретті орган осы мерзімді жиырма жұмыс күнінен аспайтын кезеңге ұзарта алады.

2. Егер ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган ұстап тұру мәртебесін беру үшін негіз болып табылған мән-жайлар ендігі жерде болмайды деп белгілесе не осы құжаттар көрсетілген мерзімде ұсынылmasa, құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыны ұстап тұру мәртебесін тоқтату және ұстап тұру мәртебесіндегі жер қойнауы участкесінде пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қайта бастау туралы жүргіну қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Бұл жағдайда ұстап тұру мәртебесін тоқтату туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органнан хабарлама келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беруге тиіс.

Егер көрсетілген мерзімде жер қойнауын пайдаланушы ұстап тұру мәртебесін тоқтату туралы өтініш жасамаса, құзыретті орган осы Кодекстің 221-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен өндіруге арналған лицензияны қайтарып алады.

#### **30-ТАРАУ. КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ**

#### **231-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде туындаитын қатынастар**

1. Осы тараудың ережелері тек кең таралған пайдалы қазбаларды ғана өндіру жағдайларына қолданылады.

2. Тек кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде туындаитын қатынастарға осы тараудың ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекстің 204-бабының 3-тармағының 9) тармақшасын, 212 және 213-баптарын қоспағанда, 28-тарауының ережелері қолданылады. Бұл ретте тек кең таралған пайдалы қазбаларды ғана өндіру жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялардың шарттарын сактауға бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Егер кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру учаскесінің аумағы Қазақстан Республикасының екі және одан да көп облыстарында орналасса, онда кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиялардың шарттарын сақтауына бақылауды өндіру учаскесінің көп бөлігі орналасқан облыстың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

## **232-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды кәсіпкерлік мақсаттарында өндіру**

1. Тек кең таралған пайдалы қазбаларды кәсіпкерлік мақсатында өндіру кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша жүзеге асырылады.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша оның иесінің мынадай операцияларды жүргізу:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру;

2) тау-кен жұмыстарын жүргізу, тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен қайта өндеу өндірістерін, техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру мақсатында жер қойнауы кеңістігін пайдалану;

3) өндіру учаскесін барлау (пайдалану үшін барлау) мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалануға ерекше құқығы бар.

Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру деп кең таралған пайдалы қазбаларды жатқан жерінен алуға бағытталған және тікелей айыруға байланысты жұмыстар кешені түсініледі.

3. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға арналған өтініш облыстың жергілікті атқарушы органына беріледі. Өтінішті қарауды және лицензияны беруді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы, осы баптың 4-тармағының талаптарын сақтау мақсатында қосымша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жүргізетін, өтініш берілген жер қойнауы учаскесінде кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қатты қазбалар ресурстарының жоқ екендігін немесе ресурстары перспективасының жоқ екендігін растайтын, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептің мемлекеттік сараптамасының қорытындысы өтінішке қоса берілетінін ескере отырып, осы Кодекстің 28-тарауының ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Егер өтініш иесі пайдалануға сұрап отырған жер қойнауы учаскесінің аумағы екі және одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында орналасса, онда кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруге өтініш осындай аумақтардың шегінде мәлімделген

жер қойнауы участкесінің көп бөлігі орналасқан облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына беріледі.

4. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны кең таралған пайдалы қазбалар болып табылмайтын, пайдалы қатты қазбалар ресурстары немесе ресурстарының перспективасы бар аумақтарға, осы Кодекстің 203-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа кезде беруге тыйым салынады.

### **233-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мазмұны**

1. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияда, осы Кодекстің 31-бабында көрсетілген мәліметтер мен шарттардан басқа, жер қойнауын пайдаланудың мынадай шарттары қамтылуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен қол қою бонусын және жер участкелерін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемін) төлеу туралы міндеттеме;

2) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларға жұмсалатын жыл сайынғы ең төмен шығыстардың мөлшері;

3) лицензияның шарттарын бұзғаны үшін оны қайтарып алудың негізі.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияның мерзімі қатарынан он жылдан аспайтын мерзімді құрайды.

### **234-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру участкесі**

1. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру участкесінің аумағы барлау нәтижелері бойынша айқындалады.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру участкесінің төменгі шекарасы жер қойнауы участкесінің жер бетіндегі ең төменгі нүктесінен отыз метрден төмен емес терендікте орналасады.

### **235-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру участкесінде жұмсалатын жыл сайынғы ең төмен шығыстар**

1. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензиясы бар жер қойнауын пайдаланушы осы бапта белгіленген өндіруге жұмсалатын жыл сайынғы ең төмен шығыстар туралы сақтауға міндетті.

2. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалатын жыл сайынғы ең төмен шығыстар жеке лицензия бойынша мынадай:

ауданы бес гектарға дейінгі аумақта өндіру кезінде 1160 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

ауданы бестен сегізге дейінгі гектарды қоса алғандағы аумақта өндіру кезінде 2300 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

ауданы сегіз гектардан асатын аумақта өндіру кезінде әрбір келесі гектар үшін қосымша 120 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерлерінде белгіленеді.

3. Осы баптың мақсаттары үшін жеке лицензия бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалған шығыстарға жер қойнауын пайдаланушының жұмыстардың мынадай түрлеріне арналған шығыстары жатады:

1) кең таралған пайдалы қазбаларды алу жөніндегі аршу, бұрғылау-жару жұмыстары және басқа да жұмыстар;

2) өндірілген кең таралған пайдалы қазбаларды, жыныстарды, тау массаларын, топырақты және топырақтың беткі қабатын өндіру участесінің шегінде ауыстыру;

3) өндірілген кең таралған пайдалы қазбаларды үйінді жасау және (немесе) қоймаға жинап қою;

4) өндіру участесінде кеңіш салу және инфракұрылым құру жөніндегі барлық жұмыстар.

**236-бап. Жер қойнауын пайдаланушының кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі есептілігі**

1. Жер қойнауын пайдаланушы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша мынадай мерзімдік есептер:

1) лицензиялық міндеттемелерді орындау туралы есеп;

2) геологиялық есептер;

3) өндірілген кең таралған пайдалы қатты қазбалар туралы есеп ұсынуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген есеп облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынылады.

Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген есептер жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынылады.

**237-бап. Кең таралған пайдалы қазбаларды кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мақсаттар үшін өндірудің ерекшеліктері**

1. Жер участекерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке, тұрмыстық және өзге де шаруашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін өздеріне тиесілі жер участекерінің шекараларында кең таралған пайдалы қазбаларды алуға құқылы.

2. Осы бапқа сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жарғыш заттарды, химиялық реагенттер мен улы заттарды қолданбай жүзеге асырылады.

3. Жер участкесінің шекарасында орналасқан және жер участкелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке, тұрмыстық және өзге де шаруашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін пайдаланатын кең таралған пайдалы қазбалар басқа тұлғаға иеліктен шығарылмайды.

4. Жер участкелері меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың осы бапқа сәйкес жер қойнауын пайдалануы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға жатпайды және тегін болып табылады.

5. Жер участкелері меншік иелерінің және жер пайдаланушылардың осы бапқа сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығы тиісінше жер участкесіне меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен бір мезгілде туындайды және тоқтатылады.

6. Осы бапқа сәйкес туындаған жер қойнауын пайдалану құқығы жер участкесіне құқықтан бөлінбейді.

7. Осы бапқа сәйкес жер қойнауын пайдалану лицензиясы немесе келісімшарт негізінде жер қойнауын пайдаланатын тұлғалар үшін міндетті болып табылатын рұқсат алуды, есептілік пен өзге де құжаттар ұсынуды талап етпейді.

#### **31-ТАРАУ. ПАЙДАЛЫ ҚАТТЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ҮШІН ЖЕР ҚОЙНАУЫ УЧАСКЕЛЕРИН ТҮРЛЕНДІРУ**

##### **238-бап. Тұрлендіру үғымы және түрлері**

1. Бір лицензия бойынша бір жер қойнауы участкесін басқа лицензия бойынша басқа жер қойнауы участкесіне (негізгі участке) қосу тәсілімен немесе бір лицензия бойынша бір жер қойнауы участкесінен басқа участкені (бөлінген участке) бөлу арқылы жүргізілетін аумақтық шекараларын өзгерту пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге берілген жер қойнауы участкелерін тұрлендіру болып табылады.

2. Тұрлендірілетін жер қойнауы участкелерінің пайдаланушысы (пайдаланушылары) бір тұлға (тұлғалар) болып табылатын жағдайда жер қойнауы участкелерін тұрлендіруге жол беріледі.

3. Жер қойнауы участкелерін тұрлендіруді құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімде жүргізеді.

##### **239-бап. Жер қойнауы участкелерін қосу**

1. Жер қойнауы участкелерін қосу пайдалы қатты қазбаларды өндірудің бір участкесін басқа өндіру участкесіне қосқан жағдайда жүргізіледі.

2. Бір өндіру учаскесін басқа өндіру учаскесіне қосу мынадай шарттар сақталған:

1) қосылатын өндіру учаскесінің негізгі өндіру учаскесімен аралас шекарасы болған;

2) негізгі және қосылатын өндіру учаскелеріне ұстап түру мэртебесі толық немесе бір бөлігінде берілмеген;

3) қосылатын өндіру учаскесіне арналған лицензия негізгі учаске бойынша өндіруге арналған лицензиядан кейін берілген;

4) егер негізгі немесе қосылатын өндіру учаскесін өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына кепілмен ауыртпалық салынған болса, кепіл ұстаушының қосылуға алдын ала келісімі болған;

5) негізгі және қосылатын өндіру учаскелерінің лицензиялары бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған кезде жүргізіледі.

3. Қосылған өндіру учаскесіне жүргізілген қосылу ескеріле отырып негізгі өндіру учаскесі лицензиясының күші қолданылады, ал қосылатын өндіру учаскесінің лицензиясы өз қолданысын тоқтатады. Өндіру учаскесін негізгі өндіру учаскесіне қосу негізгі учаскені өндіруге арналған лицензияға өзгерістер енгізумен ресімделеді.

#### **240-бап. Жер қойнауы учаскесін бөліп шығару**

1. Жер қойнауы учаскесін бөліп шығару мынадай:

1) барлауға арналған лицензия бойынша жер қойнауы учаскесінің бір бөлігі бөліп шығарылған;

2) өндіруге арналған лицензия бойынша жер қойнауы учаскесінің бір бөлігі бөліп шығарылған жағдайларда жүргізіледі.

2. Жер қойнауы учаскесін бөліп шығару мынадай шарттар сақталған:

1) бөліп шығару жүргізілетін жер қойнауы учаскесінің ұстап түру мэртебесі болмаған;

2) егер бөліп шығару жүргізілетін жер қойнауы учаскесіне арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына кепілмен ауыртпалық салынса, кепіл ұстаушының бөліп шығаруға алдын ала келісімі болған;

3) бөліп шығару жүргізілетін жер қойнауы учаскесіне арналған лицензия бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған;

4) бөліп шығарылған учаскедегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар түрі бөліп шығару жүргізілетін жер қойнауы учаскесіндегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар түріне сәйкес келген кезде жүргізіледі.

3. Жер қойнауы участкесін бөліп шығару бөліп шығарылатын жер қойнауы участкесіне арналған лицензияға өзгерістер енгізумен және бөліп шығарылған жер қойнауы участкесіне жеке лицензия берумен ресімделеді.

4. Бөліп шығарылған жер қойнауы участкесі бойынша барлауға арналған лицензия мерзімі участкенің бір бөлігін бөліп шығару жүргізілген жер қойнауы участкесін барлауға арналған лицензияның қалған мерзіміне тең болады.

5. Бөліп шығарылған участке бойынша өндіруге арналған лицензия мерзімі участкенің бір бөлігін бөліп шығару жүргізілген жер қойнауы участкесін өндіруге арналған лицензияның қалған мерзімінің ұзақтығымен айқындалады.

6. Жер қойнауы участкелерін участкені бөліп шығару арқылы түрлендіру осы Кодекстің 191 және 208-баптарында көзделген міндеттемелердің көлемін жер қойнауы участкелерінің пайда болған аумақтарының көлемдеріне пропорционалды түрде өзгертуге және қайта есептеуге алып келеді.

#### **241-бап. Жер қойнауы участкесін түрлендіруге арналған өтініш**

1. Жер қойнауы участкесін түрлендіруге арналған өтініш құзыретті орган белгілеген нысан бойынша жасалады.

2. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) түрлендіру тәсіліне нұсқау;

2) түрлендірілетін участкелерді пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер:

жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, өтініш иесін салық төлеуші ретінде тіркеу туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің толық атауы, оның орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу және салық органдарында тіркеу туралы мәліметтер, басшылары туралы мәліметтер;

3) лицензияларға және түрлендірілуге жататын жер қойнауы участкелеріне нұсқау.

3. Өтініш қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

4. Өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін тұлғаның, егер мұнданың тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өкілеттігін раставтын құжат өтінішке қоса беріледі.

Өтінішке қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуы тиіс. Өтінішке қоса берілетін шет тілде жасалған құжаттардың көшірмелері дұрыстығын нотариус қуәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады.

5. Лицензиялық участекерді түрлендіру туралы мәселені құзыретті орган өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мұндай түрлендірудің әрбір жағдайы үшін жеке-жеке қарайды.

6. Құзыретті органның жер қойнауы участекерін түрлендіруден бас тартуы уәжді болуға тиіс және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтініш иесі бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде даулауы мүмкін.

### **32-ТАРАУ. ПАЙДАЛЫ ҚАТТЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

#### **242-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісім ұғымы**

1. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісім шарт болып табылады, ол бойынша Қазақстан Республикасы пайдалы қатты қазбаларды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын (құқықтарын) иеленушіге преференциялар беруге міндеттенеді, ал жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу (қайта өндеу туралы келісім) жобасына инвестициялар салуды өз тәуекеліне алып жүзеге асыруға міндеттенеді.

Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу бойынша жаңа өндірістер құруды, жұмыс істеп түрғандарын кеңейтуді немесе жаңғыртуды көздейтін іс-шаралар кешені пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу жобасы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының атынан қайта өндеу туралы келісімді инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган жасасады.

Қайта өндеу туралы келісім пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу жобалары бойынша жасалуы мүмкін, олар бойынша жер қойнауын пайдаланушы инвестицияларының көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және келісім жасасу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 7000000 еселенген мөлшерін құрайды.

3. Қайта өндеу туралы келісім жасасу пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беру шарты болып табылмайды.

4. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеудің сол бір жобасы бойынша немесе өндірістік объект бойынша бір ғана қайта өндеу туралы келісім жасалуы мүмкін.

#### **243-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімді жасасу тәртібі**

1. Қайта өндеу туралы келісім жасауға ниеті бар жер қойнауын пайдаланушы инвестиациялар жөніндегі уәкілетті органға ол бекітетін нысан бойынша өтініш береді.

2. Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

- 2) занды тұлға жарғысының занды тұлға басшысының қолымен және мөрімен (болған кезде) куәландырылған көшірмесі;
- 3) қайта өндеу жобасының қаржылық-экономикалық моделі;
- 4) инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес жасалған қайта өндеу жобасының бизнес-жоспары;
- 5) пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімнің жобасы.

3. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган өтінішті тіркейді және өтініш иесін келіссөздердің басталу күні туралы хабардар етеді, ол күн өтініш алынған күннен бастап бір айдан кеш болмайды.

4. Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган тарапынан келіссөздерді жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ереже мен оның құрамын инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

5. Келіссөздер жүргізу мерзімі алты айдан аспайды. Келіссөздер қорытындысы хаттамамен ресімделеді.

6. Жер қойнауын пайдаланушы келіссөздерден және қайта өндеу туралы келісім жасасудан, бұл туралы инвестициялар жөніндегі уәкілетті органды жазбаша хабардар ете отырып кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

7. Келіссөздер нәтижелері бойынша келісілген қайта өндеу туралы келісім жобасы құқықтық және экономикалық сараптамалар ұйымдастыру үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға ұсынылады.

Сараптама қорытындылары оң болған жағдайда, инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган қайта өндеу туралы келісім жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге жібереді.

Сараптама қорытындылары теріс болған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы сараптамалар ескертулерін жою мақсатында қайта өндеу туралы келісім жобасын пысықтайды.

Көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін сараптамалар қайта жүргізіледі.

8. Құқықтық сараптаманы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қайта өндеу туралы келісім жобасының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізеді.

Қайта өндеу туралы келісім жобасына құқықтық сараптама жүргізу үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) келіссөздер жүргізу нәтижелері бойынша келісілген, қазақ және орыс тілдеріндегі қайта өндеу туралы келісім жобасы;
- 2) осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;

3) қайта өндеу туралы келісім шарттары бойынша келіссөздер қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі.

9. Экономикалық сараптаманы мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган қайта өндеу туралы келісім жасасудың экономикалық тиімділігін және орындылығын, қайта өндеу жобасын іске асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушының жоспарланатын салымдары мен шығындарының негізділігін, жобаны іске асырудың әлеуметтік маңыздылығын бағалау тұрғысынан жүргізеді.

Қайта өндеу туралы келісім жобасына экономикалық сараптама жүргізу үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) келіссөздер жүргізу нәтижелері бойынша келісілген, қазақ және және орыс тілдеріндегі қайта өндеу туралы келісім жобасы;

2) осы баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар;

3) қайта өндеу туралы келісім шарттары бойынша келіссөздер қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі.

10. Осы бапта көзделген сараптамалар сараптама жүргізу үшін қажетті тиісті құжаттар алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізіледі.

11. Сараптамалардың оң қорытындыларын алған қайта өндеу туралы келісім жобасы сараптама қорытындылары күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге жіберіледі.

12. Қайта өндеу туралы келісімге инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган оның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітken күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға тиіс.

13. Қайта өндеу туралы келісім барлық тараптар оған қол қойғаннан кейін жасалды деп есептеледі.

14. Қайта өндеу туралы келісімді инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган қайта өндеу туралы жасалған келісімдер тізілімінде есепке алуға тиіс.

#### **244-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімнің мазмұны**

1. Қайта өндеу туралы келісімде мыналар қамтылуға тиіс:

1) келісім нысанасы;

2) жер қойнауын пайдаланушыда бар, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге негіз болған құжатқа нұсқау;

3) жер қойнауын пайдаланушының инвестициялық және әлеуметтік міндеттемелері;

4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес берілген инвестициялық преференцияның (преференциялардың) түрі;

5) берілген инвестиациялық преференцияны қолдану мерзімі;

6) келісімге сәйкес құрылған, кеңейтілген немесе жаңғыртылған өндірістік мұлікті пайдаланудан шығару, оны демонтаждау, кәдеге жарату және бұлінген жерді рекультивациялау бойынша міндеттемелер;

7) қайта өндеу туралы келісім шарттарын бұзғаны үшін жауаптылық.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасы қайта өндеу туралы келісімге қолданылатын құқық болып табылады.

3. Қайта өндеу туралы келісімде өндіруге арналған ең төмен шығыстар және жер қойнауын пайдаланушының оқытуды, Қазақстан Республикасындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті қаржыландыру бойынша міндеттемелері туралы осы Кодексте және пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияда (лицензияларда) көзделген шарттардан өзге шарттар көзделуі мүмкін.

Көрсетілген шарттарды өзгерту немесе алып тастау қайта өндеу туралы келісім жасасу күні лицензияны тиісінше қайта ресімдеуге алып келеді.

4. Қайта өндеу туралы келісім тараптар айқындайтын басқа да ережелерді де қамтуы мүмкін.

5. Қайта өндеу туралы келісім жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату туралы ережені қамтымайды.

6. Қайта өндеу туралы келісім мерзімі осындай келісімде көзделген өндіруге арналған лицензия мерзімінен аспайды. Егер келісім пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған екі немесе одан көп лицензияға сілтеме жасаса, онда келісім мерзімі солардың біреуінің мерзімінің аяқталатын ең соңғы күні аяқталады.

Қайта өндеу туралы келісімде көзделген пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияның (барлық лицензиялардың) қолданылуын тоқтату осы келісімді тоқтатуға алып келеді.

7. Қайта өндеу туралы келісім қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Тараптардың келісіуі бойынша қайта өндеу туралы келісімнің мәтіні өзге тілге де аударылуы мүмкін.

8. Қайта өндеу туралы келісімді жасасу, орындау және тоқтату жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы осы тарауда реттелмеген жағдайларда қолданылады.

**245-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісім бойынша инвестиациялық преференциялар**

1. Инвестициялық преференциялар пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасына сәйкес басым инвестициялық жобаға жататын, Қазақстан Республикасының аумағында пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу жобасын іске асыруы кезінде беріледі.

2. Инвестициялық преференция жер қойнауын пайдаланушының әлеуметтік және инвестициялық міндеттемелерін, оның ішінде:

1) өндіру және (немесе) қайта өндеу өндірістерінде Қазақстан Республикасының азаматтары үшін жұмыс орындарын ашу және сақтау жөніндегі;

2) қайта өндеу өндірісін құру, кеңейту және (немесе) жаңғырту жөніндегі;

3) пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу көлемі мен деңгейі жөніндегі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылатын тұлғаларға шикізат ретінде ішкі нарықта өткізу үшін шығарылатын өнім көлемі жөніндегі;

5) ғылыми-техникалық саланың, қоршаған ортаны қорғау саласының және қолданбалы ғылым саласының мамандарын даярлау бойынша қазақстандық оқу орындарының бағдарламаларын қаржыландыру жөніндегі;

6) әлеуметтік және (немесе) мәдени мақсаттағы обьектілерді салуды және (немесе) реконструкциялауды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін көздеуі мүмкін өзара түсіністік қағидаттарында беріледі.

#### **246-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісімді тоқтату салдары**

Жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған ең төмен шығыстары бойынша міндеттемелерін және (немесе) өндіруге арналған лицензия бойынша оқытуды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті қаржыландыру бойынша міндеттемелерді өзгертуді немесе алып тастауды көздейтін қайта өндеу туралы келісімді тоқтату осы келісімді жасасқанға дейін қолданылған лицензияның шарттарын қолдануға алып келеді.

Қайта өндеу туралы келісімді тоқтату берілген инвестициялық преференцияларды тоқтатуға да алып келеді.

#### **247-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді басқаға беру**

1. Жер қойнауын пайдаланушының қайта өндеу туралы келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін көрсетілген келісім жасауға негіз болған лицензия

бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының тиісті ауысуыныз басқаға беруіне тыйым салынады.

2. Қайта өндеу туралы келісімді жасауға негіз болған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуы көрсетілген келісім бойынша құқықтар мен міндеттердің міндетті турде басқаға берілуіне алыш келеді.

## **248-бап. Пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеу туралы келісім бойынша құқықтарға ауыртпалық салу**

1. Кепілді қоса алғанда, қайта өндеу туралы келісім бойынша құқықтарға ауыртпалық салуға, көрсетілген келісімді жасасуға негіз болған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ауыртпалық салынбай жол берілмейді.

2. Кепілді қоса алғанда, қайта өндеу туралы келісімді жасауға негіз болған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ауыртпалық салу осы келісім бойынша құқықтарға міндетті ауыртпалық салуға алыш келеді.

## **Х БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫ КЕҢІСТІГІН ПАЙДАЛАНУ, КЕН ІЗДЕУШІЛК, ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**33-тaraу. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар**

## **249-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия**

Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия бойынша оны иеленушінің операциялардың мынадай кіші түрлерінің бірін жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалануға айрықша құқығы бар:

1) жер бетінен бес метр төмен тереңдікте орналастырылған сақтау қоймаларын қоспағанда, мұнай мен газды, газ бен мұнай өнімдерін жерасты сақтау қоймаларын орналастыру және пайдалану;

2) қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды сақтау немесе көму, сарқынды, өнеркәсіптік және техникалық суларды жер қойнауына ағызы (айдай) үшін жерасты орындарын (құрылышжайларын) орналастыру және (немесе) пайдалану;

3) жерасты сулары қорларын жасанды толтыру үшін жер қойнауына суды айдау, оның ішінде осы мақсаттарға арналған жерасты құрылышжайларын салу және (немесе) пайдалану;

4) тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен байыту өндірістерінің техногендік минералдық түзілімдері орналастырылатын объектілерді орналастыру және (немесе) пайдалану.

## **250-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған аумақтар**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия кең тараған пайдалы қазбалар болып табылмайтын пайдалы қазбалардың кен орны жоқ

немесе пайдалы қазбалардың аз мөлшердегі ресурстары бар жер қойнауы участкесін пайдалануға беріледі.

2. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны:

1) осы Кодекстің 25-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда;

2) пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды немесе жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы участкесінің аумағына;

3) пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру салдарын жою жүргізіліп жатқан жер қойнауы участкесінің аумағына;

4) кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, табылған пайдалы қазбалар ресурстары немесе осындай перспективалары бар жер қойнауы участкелеріне;

5) жерасты шаруашылық-ауыз су участкелері аумағына беруге тыйым салынады.

## **251-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру туралы өтініш**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны алуға мүдделі тұлға жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ол белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

2. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін – өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

занды тұлғалар үшін – өтініш иесінің атауы, орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа зандастырылған құжат);

2) өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырган тиісті жер қойнауы участкесін айқындастырын аумаққа нұсқау;

3) сұралатын жер қойнауы участкесін пайдалану мерзіміне нұсқау;

4) осы Кодекстің 249-бабына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдалану мақсатына нұсқау.

3. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін тұлғаның, егер мұнданың тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өкілеттігін растайтын құжат;

3) жерасты құрылыштардың объектісінің сипаттамасын, оны оқшаулау сипаттамасын, тау-кен жыныстарының типін, коллектор каттарының жерасты тереңдігін және тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектілік коэффициентін, төсөлеттің және жабылатын су тірегінің сипаттамасын, жерасты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, көмудің, қоймаға жинап қою мен ағызудың сапалық және сандық көрсеткіштерін, тау-кен техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттарын қамтитын, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындастын нысан бойынша геологиялық есеп;

4) өнімнің атауы, ол түзілеттін техникалық өндіріс немесе процесс, оның физикалық сипаттамасы, толық химиялық құрамы, уытты құрауыштардың болуы, өрт қаупі, жарылыс қаупі, ерігіштігі, сактау кезінде басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі, сондай-ақ тасымалдау жүйесінің сипаттамасы көрсетіле отырып, зиянды, улы заттардың, қатты және сұйық қалдықтардың, сарқынды және өнеркәсіптік сулардың сипаттамасы.

4. Өтінішке қоса берілеттін құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

5. Өтініш пен оған қоса берілеттін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берсе, оған қоса берілеттін құжаттар, әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндettі түрде қоса беріліп өзге тілде де жасалуы мүмкін, аударманың дұрыстығын нотариус куәландырады.

6. Өтінішті беру кезі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өтініш келіп түскен күнмен және уақытпен айқындалады және есепке алуға жатады.

7. Берілген өтініш туралы мәліметтер өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады және:

1) өтініш иесінің (тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) атауын;

2) өтініш иесі пайдалануға беруге сұрап отырған жер қойнауы участкесін айқындастын аумақ координаттарын;

3) өтініш келіп түскен күн мен уақытты қамтиды.

**252-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру туралы өтінішті қарau**

1. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш пен оған қоса берілеттін құжаттарды келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган өтінішті қарау процесінде өтінішке қоса берілген геологиялық есепке мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастырады. Геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын жер қойнауының сараптамасы жөніндегі мемлекеттік комиссия екі ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді. Осы мерзімді жер қойнауының сараптамасы жөніндегі мемлекеттік комиссия қосымша зерттеулер жүргізуге, қажетті материалдар ұсыну мен комиссия мүшелерінің алдын ала ескеrtlулері мен ұсыныстарын жоюға қажетті, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады. Геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасының теріс қорытындысы жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия беруден бас тартуға негіз болып табылады.

Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруден бас тарту үшін осы Кодекстің 254-бабы 1-тармағының 1) – 7) тармақшаларында көзделген негіздер болмаған кезде, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауының сараптамасы жөніндегі мемлекеттік комиссия оң қорытынды шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш иесіне жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын және жою жоспарын дайындау, сондай-ақ олар бойынша осы тарауда көзделген сараптамалар мен келісу жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Өтініш иесі жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасына және жою жоспарына жасалған сараптамалар мен келісудің оң қорытындыларын осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген хабардар ету күнінен бастап бір жылдан кешіктірмей жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынуға тиіс.

Өтініш иесі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға көрсетілген мерзімді ұзарту қажеттілігін негіздей отырып, осында ұзарту үшін жүгінуге құқылы. Егер мұндай ұзарту қажеттілігі өтініш иесіне байланысты емес мәнжайлардан туындаса, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы мерзімді осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап алты айдан аспайтын кезеңге ұзартады.

2. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімдер сақталған кезде, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы мен жою жоспары сараптамаларының оң қорытындылары ұсынылған күннен бастап бес күн ішінде өтініш иесіне жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны береді.

3. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беру жер қойнауын пайдаланушыға облыстың жергілікті атқарушы органдың Қазақстан

Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер участкесіне жер пайдалану құқығын беруі үшін негіз болып табылады.

4. Осы баптың мақсаттары үшін жою жоспарын дайындау, ұсыну және оған сараптама жасау осы Кодекстің 260-бабында көзделген жағдайларда талап етіледі.

### **253-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияларды берудің басымдығы**

1. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға берілген, сол бір аумақты қамтитын жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияларды беруге өтініштер келіп тұсу кезектілігі тәртібімен қаралады.

2. Кезекті өтініш алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензияны беруден бас тарту туралы шешім қабылданғаннан кейін ғана қаралады.

Кезекті өтінішті қарау алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензияны беруден бас тарту туралы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні өткен соң басталады.

Егер бас тарту туралы шешімге өтініш иесі сотқа шағым жасаса, кезекті өтінішті қарау туралы мәселені жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган соттың шешімі күшіне енгеннен кейін шешеді.

3. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия қаралған өтініштердің арасынан өтініші бірінші болып осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін өтініш иесіне беріледі.

4. Лицензия беру туралы шешім қабылданған өтініштен кейін келіп түскен өтініштер бойынша лицензияларды беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

### **254-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруден бас тарту**

1. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) өтінішке осы Кодексте талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;

3) сұралатын жер қойнауы участкесі немесе оның бір бөлігі жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия бойынша басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы участкесіне жататын болса;

4) сұралатын жер қойнауы участкесі осы Кодекстің 250-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

5) сұралатын жер қойнауы участкесі осы Кодекстің 250-бабының 2-тармағында көрсетілген аумақтарда толық немесе ішінара орналасса;

6) лицензияны беру ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келетін болса;

7) өтінішке қоса берілген геологиялық есеп сараптамасының қорытындысына сәйкес өзінің геологиялық және (немесе) геотехникалық сипаттамалары бойынша сұралып отырған жер қойнауы участкесі өтініште көрсетілген мақсаттарда жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жарамсыз екені белгіленсе;

8) өтініш иесі жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы мен жою жоспары талап етіletтін сараптамаларының он қорытындыларын және келісуін ұсыну мерзімін сақтамаған кезде жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны беруден бас тартады.

2. Лицензияны беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, ол уәжді болуға және өтініш иесіне лицензияны қарау және беру үшін көзделген мерзімдер ішінде берілуге тиіс.

Осы баптың 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес лицензияны беруден бас тарту осындай бас тарту үшін негіз болған себептер көрсетілмей шығарылады.

Лицензияны беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш иесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

3. Лицензияны беруден бас тарту өтініш иесін өтінішті қайта беру құқығынан айырмайды.

### **255-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның мазмұны**

Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия осы Кодекстің 31-бабында көрсетілген мәліметтер мен шарттардан басқа жер қойнауын пайдаланудың мынадай шарттарын қамтуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен қол қою бонусын төлеу және жер участкесін пайдаланғаны үшін төлемақы (жалдау төлемін) төлеу туралы міндеттеме;

2) осы Кодекстің 249-бабына сәйкес жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың нысаналы мақсаты;

3) міндеттемелерді бұзғаны үшін лицензияны қайтарып алу негіздері.

### **256-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның мерзімі**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның мерзімі қатарынан жиырма бес жылдан аспайды.

Лицензия мерзімі жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша лицензияның бастапқы мерзімінен аспайтын кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Лицензия мерзімін ұзарту саны шектелмейді.

2. Ұзарту туралы өтініш жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға лицензия мерзімі өткенге дейін бір жылдан ерте емес ол бекітетін нысан бойынша беріледі.

Егер ұзарту туралы өтінішті қарау кезеңінде лицензия мерзімі өтіп кетсе, лицензия осындай қарау кезеңінде қолданылуын жалғастырады. Лицензияның ұзарту мерзімін есептеу алдыңғы мерзім аяқталған күннен кейінгі күннен басталады.

3. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия мерзімі:

1) мәлімделген ұзарту мерзімі осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес келмеген;

2) лицензияның қолданылуын ұзарту туралы өтінішті берудің осы баптың 2-тармағында көзделген мерзімі бұзылған;

3) лицензия шарттарының жойылмаған бұзушылықтары болған жағдайда ұзартуға жатпайды.

### **257-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану кезінде жер қойнауы кеңістігін пайдалану шарттарын айқындайтын жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы жобалау құжаты болып табылады.

2. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасы, сондай-ақ оның өзгерістері мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамаларға, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісуге жатады. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасына немесе тиісінше оның өзгерісіне мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындыларын алған жағдайда ғана жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқылды.

3. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын жасау жөніндегі нұсқаулықты жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

### **258-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияға иеленетін жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға осы

Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде жерасты құрылышжайын пайдалану туралы есептерді ұсынуға міндettі.

2. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі барлық жұмыстар құжаттауға жатады. Құжаттамада жер қойнауы участкесін анық зерттеу және кейіннен игеру үшін қажет жұмыстар сипаттамасын қамтуға тиіс.

3. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

- 1) қолданылатын техникалық құралдардың оңтайлылығы мен қауіпсіздігін;
- 2) жер қойнауын қауіпті техногендік процестердің пайда болуынан қорғауды;
- 3) қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды сақтау және (немесе) көму, сарқынды, өнеркәсіптік және техникалық суларды ағызы (айдай) кезінде есепке алудың анықтығын;

4) зертханалық зерттеулер мен талдаулардың деректерін қоса алғанда, жер қойнауы кеңістігін пайдалану кезінде алынған барлық бастапқы және қайталама геологиялық ақпараттың анықтығы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндettі.

## **259-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою, осы Кодекстің 260-бабында көзделген салдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес бұлғын жерді рекультивациялау арқылы жүргізіледі.

2. Тиісті жер қойнауы участкесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға осындай тоқтау құнінен бастап сегіз айдан кешіктірілмейтін мерзімде жоюға кірісуге міндettі. Тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісі нәтижесінде жер қойнауы участкесінің аумағында орналастырылған техногендік минералдық түзілімдер лицензия тоқтатылған құнінен бастап жер қойнауы құрамына олардың ресурстары ретінде енгізілген деп танылады және осы бапқа сәйкес жойылуға жатады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 261-бабының ережелеріне сәйкес бас тартқан жер қойнауы кеңістігі участкесінің бір бөлігінде салдарды жою осындай бас тартқанға дейін жүргізіледі. Жою аяқталғаннан кейінгі және оны жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиядан алып тастағанға дейінгі кезеңде осындай участкенің бір бөлігін пайдалануға жол берілмейді.

4. Жер қойнауын пайдаланушы, қоршаған органды қорғау саласындағы, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органдардың және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өкілдерінен жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган

құрған комиссия, сондай-ақ егер жою жеке меншіктегі немесе ұзақ мерзімді жер пайдаланудағы жер учаскесінде жүзеге асырылса, жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы жою актісіне қол қойғаннан кейін жою аяқталды деп есептеледі.

5. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жоюды аяқтау мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті мәліметтерді енгізу үшін негіз болып табылады.

**260-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі жекелеген операциялардың салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жоспарлау және қамтамасыз ету ерекшеліктері**

1. Тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері орналастырылатын объектілерді орналастыру және (немесе) пайдалану мақсатында жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою осы баптың 3-тармағында көзделген жою жоспарының негізінде әзірленген жою жөніндегі жұмыстар жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері объектілерін орналастыру және пайдалану бойынша қызметтің салдарын жою жөніндегі жұмыстар жобасын әзірлеуді және бекітуді лицензия мерзімі өткенге дейін екі жыл бұрын қамтамасыз етуге міндетті.

Егер жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның қолданылуы өзге негіздер бойынша тоқтатылса, жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған тұлға жою жөніндегі жұмыстар жобасын әзірлеуді және бекітуді лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап сегіз айдан кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті.

3. Осы баптың мақсаттары үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану салдарын жою жоспары лицензия қайтарылып алынған жағдайда жер қойнауы кеңістігін пайдалану учаскесін қауіпсіз жай-күйде ұстап тұру жөніндегі, тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері орналастырылатын объектілерді жою жөніндегі іс-шаралардың сипаттамасын, сондай-ақ осындай жою жұмыстары құнының болжалды есебін қамтитын құжат болып табылады.

4. Жою жоспары кешенді сараптамаға жатады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы кешенді сараптаманың соңғы он қорытындысын алған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей жою жөніндегі

жұмыстар құнының болжалды есебіне өзгерістер енгізуді қоса алғанда, жою жоспарына өзгерістер енгізуге міндетті.

6. Кешенді сараптаманың оң қорытындысының тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері объектілерін орналастыруға және (немесе) пайдалануға жол берілмейді.

7. Тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері сақталатын және көмілетін объектілерді орналастыру үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою жоспары және жою жөніндегі жұмыстардың құнының болжалды есебі осы Кодекстің 217-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен жасалады.

8. Жер қойнауын пайдалануши тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері объектілерін орналастыру және (немесе) пайдалану үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға осындаі операциялар салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді берген жағдайда кірісуге құқылы.

9. Жою бойынша жер қойнауын пайдалануши міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай шарттар сақтала отырып, осы Кодексте көзделген кез келген түрде берілуі мүмкін: жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның үштен бір мерзімі ішінде – екінші деңгейдегі банк кепілдігі немесе банктік салым кепілі түрінде қамтамасыз ету жалпы қамтамасыз ету сомасының кемінде қырық пайызын, үштен екі мерзімі ішінде – кемінде алпыс пайызын және қалған кезеңде жұз пайызын құрауға тиіс.

10. Қамтамасыз ету сомасы жүргізілген операциялар және жою жоспары бойынша кешенді мемлекеттік сараптаманың соңғы оң қорытындысы күнінен бастап алдағы үш жылға жоспарланатын операциялар салдарын жою жөніндегі жұмыстардың жалпы құнын жабуға тиіс.

Көрсетілген жұмыстар құнына әкімшілік және басқарушылық шығыстар, сондай-ақ:

технологиялық жабдықты, ғимараттарды және құрылышжайларды демонтаждауға және әкетуге;

техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру объектілерін (сақтау қоймаларын, үйінділерді және басқа да орналастыру орындарын) жабуға;

қауіпті материалдарды көму жөніндегі;

бұлінген жерді рекультивациялауға;

өзендердің, жылғалардың және су ағындарының арналарын қалпына келтіру жөніндегі;

жерүсті және жерасты суларының, ауаның сапасын, топырақтың және өсімдіктердің жай-күйін мониторингтеуге арналған шығыстар кірге тиіс.

11. Жойылуы осы Кодекстің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілмеген, тау-кен өндіру немесе тау-кен байыту өндірісінің техногендік минералдық түзілімдері орналастырылатын объектілерді орналастыруға және (немесе) пайдалануға тыым салынады.

## **261-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану мақсатында берілген жер қойнауы участкесінен бас тарту**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияның мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі үекілетті органға бас тарту туралы жазбаша мәлімдей отырып, бұқіл участкеден бас тартуға құқылы.

2. Жер қойнауы кеңістігі участкесінің бір бөлігінен бас тартылған жағдайда, пайдалануда қалған жер қойнауы кеңістігінің участкесі осы Кодекстің 19-бабының ережелеріне сәйкес келуге тиіс.

3. Жер қойнауы кеңістігі участкесінің бір бөлігінен бас тарту туралы өтініште жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиядан алып тастауға жататын жер қойнауы участкесінің аумағына нұсқау қамтылуға тиіс.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) жер қойнауын пайдаланушы бас тартып отырған жер қойнауы участкесінің бір бөлігінде жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою актісі;

2) жер қойнауын пайдаланушы бас тартып отырған жер қойнауы участкесінің бір бөлігі аумағының алаң есептері (көлемдері) және бұрыш нұктелерінің географиялық координаттары бар сипаттамасы;

3) жер қойнауы участкесінің бір бөлігінен бас тартылғаннан кейін қалыптастырылатын жер қойнауы кеңістігі участкесі аумағының алаң есептері (көлемдері) және бұрыш нұктелерінің географиялық координаттары бар және көрнекілікті қамтамасыз ететін масштабта орындалған участкенің орналасу картограммасы, шолу (ахуалдық) схемасы, сондай-ақ жер бетінің топографиялық картасы қоса берілген сипаттамасы.

4. Жер қойнауы кеңістігі участкесінің бір бөлігінен бас тарту жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайта ресімдеуге алып келеді.

5. Жер қойнауы кеңістігін пайдалану мақсатында берілген жер қойнауы участкесінен бас тарту мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті жер қойнауы участкесі туралы мәліметтерді енгізу үшін негіз болып табылады.

## **262-бап. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайтарып алу**

1. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия осы Кодекстің 255-бабында көзделген лицензия шарттары бұзылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген қызметке тыйым салынған жағдайларда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның қайтарып алуына жатады.

2. Лицензия шарттарын бұзу анықталған кезде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган бұл туралы жер қойнауын пайдалануышыны жазбаша хабардар етеді.

Жер қойнауын пайдаланушы бұзушылық туралы хабарламаны алған күннен бастап үш ай ішінде бұзушылықты жоюға және бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органды бұл туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Белгіленген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осы баптың 3-тармағына сәйкес лицензияны қайтарып алады.

3. Лицензияны қайтарып алуды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер қойнауын пайдалануышыға лицензияны қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Жер қойнауын пайдаланушы лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап үш айдан кейін лицензияның қолданылуы тоқтатылады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лицензияны қайтарып алуды даулауға құқылы. Осындаидай даулау кезеңінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзім даулау нәтижелері бойынша шығарылған шешім күшіне енгенге дейін ұзартылады.

5. Егер лицензияны қайтарып алу үшін негіз болған міндеттерді орындауда немесе тиісінше орындауда еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлардағы төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың әсері (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және тағы сол сияқты) себеп болса, лицензияны қайтарып алуға жол берілмейді. Осындаидай мән-жайларға жер қойнауын пайдалануышының техникалық құралдарының және (немесе) қаржы қаражатының болмауы не нарықта қажетті тауарлардың жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы жатпайды.

6. Осы бапқа сәйкес лицензиясы қайтарып алынған тұлға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды дереу тоқтатуға және жер қойнауы участекесін қауіпсіз жай-күйде ұстап тұру жұмыстарына кірісуге міндетті.

7. Жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны қайтарып алу мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрына тиісті жер қойнауы участекесі туралы мәліметтерді енгізу үшін негіз болып табылады.

#### **34-ТАРАУ. КЕН ІЗДЕУШІЛІК**

##### **263-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензия**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша оны иеленушінің, аршу жұмыстарын, құм мен топырақты шаю жұмыстарын, сондай-ақ өзге де байланысты жұмыстарды қоса алғанда, қол тәсілімен немесе механикаландыру құралдарын және қуаттылығы аз өзге де жабдықты қолдана отырып жүзеге асырылатын, шашыранды кен орындарында және техногендік сипаттағы кен орындарында (тау-кен өндірісі мен металлургия үйінділері мен жинап қойылған қалдықтары) бағалы металдар мен асыл тастарды кен іздеушілікпен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы участекесін пайдалануға айрықша құқығы болады.

Көрсетілген бағалы металдар мен асыл тастар тізбесі "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары ғана кен іздеушілікке арналған лицензиялардың иеленушілері бола алады.

3. Бір тұлға кен іздеушілікке арналған бір ғана лицензияға ие бола алады.

4. Кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы ұлестің) ауысуына немесе оған ауыртпалық салуға тыйым салынады.

##### **264-бап. Кен іздеушілікке арналған аумақ**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензия қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша облыстардың жергілікті атқарушы органдары айқындастын аумақтарға беріледі.

2. Кен іздеушілікке арналған лицензия:

1) занды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға және олардың қорғалатын аймақтарына;

2) сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер аумақтарына;

3) ғарыш қызметі, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жер аумақтарына;

4) елді мекендердің аумақтарына және оларға іргелес бір мың метр қашықтықта жатқан аумақтарға;

5) қорымдарға, қабірлер мен зираттарға арналған жер аумақтарына және шегінде пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылышжайлары орналастырылған аумақтарға;

6) геологиялық және минералогиялық мемлекеттік табиғи қаумалдар аумақтарына берілмейді.

3. Жеке меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға тиесілі жер участекелерінде, сондай-ақ өзге де тұлғалардың пайдалануындағы жер қойнауы участекелерінің аумағында кен іздеушілік олардың келісімімен ғана жүзеге асырылады.

### **265-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензияны беру**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензияны алуға мүдделі тұлға облыстың жергілікті атқарушы органына пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жазбаша өтініш береді.

2. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

1) өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, өтініш иесінің жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтер;

2) өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған кен іздеушілік участекесін айқындайтын, бұрыш нүктелерінің географиялық координаттары бар және жалпы алаңы көрсетілген масштабтағы кен іздеушілік аумағына нұсқау.

3. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) осы бөлімге сәйкес кен іздеушілік салдарын жою бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің ұсынылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтініш беру кезінде өтініш иесінің атынан әрекет ететін тұлғаның, егер мұндай тұлғаны өтініш иесі тағайындаған болса, өкілеттігін растайтын құжат;

4) өтініш иесі бекіткен және кен іздеушілік кезінде пайдаланулы жоспарланып отырған механикаландыру құралдары мен жабдықтың тізбесін, сондай-ақ кен іздеушілік участекесінде жүргізілуі жоспарланып отырған кен іздеушілік жөніндегі жұмыстың түрлері мен тәсілдерінің сипаттамасын қамтитын құжат;

5) аумағына осы тармаққа сәйкес өтініш берілетін жер пайдаланушының немесе жер участекесінің жеке меншік иесінің, сондай-ақ жер қойнауы участекесін пайдаланушының келісімі;

6) кен іздеушілік жоспары.

4. Өтінішке қоса берілетін құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыруға тиіс.

5. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс.

6. Өтінішті беру кезі облыстың жергілікті атқарушы органына өтініш келіп түскен күнмен және уақытпен айқындалады және есепке алуға жатады.

7. Берілген өтініш туралы мәліметтер өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде облыстың жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында орналастыруға жатады және:

1) өтініш иесінің тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

2) өтініш иесі пайдалануға беру үшін сұрап отырған кен іздеушілік участкесі аумағының координаттарын;

3) өтініш келіп түскен күн мен уақытты қамтиды.

8. Облыстың жергілікті атқарушы органы өтінішті келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды және лицензияны береді не оны беруден бас тартады.

9. Кен іздеушілікке арналған лицензияны алған тұлға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде қол қою бонусын төлеуге міндettі.

10. Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау тәртібін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

## **266-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензияларды берудің басымдығы**

1. Облыстың жергілікті атқарушы органына берілген, сол бір аумақты қамтиын кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге арналған өтініштер олардың келіп түсу кезектілігі тәртібімен қаралады.

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы кезекті өтінішті қарауға алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензияны беруден бас тарту туралы шешім қабылданғаннан кейін ғана кіріседі.

Кезекті өтінішті қарау алдыңғы қаралған өтініш бойынша лицензияны беруден бас тарту туралы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні өткен соң басталады.

Егер бас тарту туралы шешімге өтініш иесі сотқа шағым жасаса, кезекті өтінішті қарау туралы мәселені облыстың жергілікті атқарушы органы соттың шешімі күшіне енгеннен кейін шешеді.

3. Кен іздеушілікке арналған лицензия қаралған өтініштердің арасынан өтініші бірінші болып осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін өтініш иесіне беріледі.

4. Лицензия беру туралы шешім қабылданған өтініштен кейін келіп түскен өтініштер бойынша лицензияларды беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

#### **267-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензияны беруден бас тарту**

1. Облыстың жергілікті атқаруышы органы мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) өтініш немесе оған қоса берілетін құжаттар осы Кодексте көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) өтінішке осы Кодексте талап етілетін құжаттар қоса берілмесе;

3) өтініш берілгенге дейін екі жыл ішінде осы Кодексте көзделген негіздер бойынша өтініш иесінің кен іздеушілікке арналған лицензиясы қайтарылып алынған болса;

4) сұралып отырған аумақ немесе оның бір бөлігі басқа тұлғаға берілген кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша жер қойнауы участкесіне немесе осы Кодекске сәйкес кен іздеушілікке арналған лицензияны беру тыйым салынған аумаққа жататын болса;

5) өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш иесіне бұрын берілген кен іздеушілікке арналған лицензия сұралып отырған жер қойнауы участкесіне (оның бір бөлігіне) қатысты тоқтатылған болса;

6) сұралып отырған кен іздеушілік участкесінің аумағы осы Кодекстің 269-бабының талаптарына сәйкес келмесе, лицензияны беруден бас тартады.

2. Лицензияны беруден бас тарту жазбаша нысанда шығарылады, уәжді болуға және өтініш иесіне кен іздеушілікке арналған лицензияны қарау және беру үшін көзделген мерзімдер ішінде берілуге тиіс.

3. Лицензияны беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш иесі бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасауы мүмкін.

4. Лицензияны беруден бас тарту өтініш иесін өтінішті қайта беру құқығынан айырмайды.

#### **268-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензияның мерзімі**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензия үш жыл мерзімге беріледі. Лицензияны иеленушінің өтініші бойынша көрсетілген мерзім бір рет үш жылға ұзартуға жатады.

2. Егер өтінішті қарау күніне кен іздеушілік участкесі аумағының шекаралары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе құзыретті орган берген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия бойынша басқа тұлғаның пайдалануына берілген жер қойнауы участкесінің аумағы шегінде толық орналасса, кен іздеушілікке арналған лицензияны берген жергілікті атқарушы орган оның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартады.

Кен іздеуші осындай тұлғаның кен іздеушілікті жалғастыруға келісімін алған жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылмайды.

## **269-бап. Кен іздеушілік участкесі**

1. Кен іздеушілік участкесінің шекаралары осы Кодектің 19-бабы З-тармағының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

2. Кен іздеушілік участкесі аумағының алаңы кемінде бес жұз шаршы метрді құрауға және бес гектардан аспауға тиіс.

## **270-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензияның мазмұны**

Кен іздеушілікке арналған лицензия осы Кодектің 31-бабында көрсетілген мәліметтер мен шарттардан басқа, жер қойнауын пайдаланудың мынадай шарттарын қамтуға тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен қол қою бонусын төлеу туралы міндеттеме;

2) жер қойнауын пайдаланушының:

өзіне меншік құқығымен тиесілі жүк көтерімділігі он тоннадан аспайтын бір жүк машинасы, бұрғылау жабдығы, сондай-ақ шөмішінің көлемі жиынтығында бір текше метрдің жартысынан аспайтын экскаватор және (немесе) бульдозер түріндегі механикаландыру құралын пайдалануға;

кен іздеушілік участкесі аумағының жер бетіндегі ең төменгі нүктесінен үш метрден аспайтын тереңдікте бұрғылауды және өзге де жер қазу жұмыстарын жүзеге асыруға құқығы;

3) шашыранды алтын бойынша кен іздеушілік жұмысын жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік бір жылда елу килограммнан аспайтын алтын өндіруге жол беріледі.

4) кен іздеушілік участкесінде жер қойнауын пайдаланушы:

кен іздеушілік участкесіндегі су объектілерінде және су қоры жерінде экскаваторлар мен бульдозерлерді пайдалануға;

химиялық реагенттерді және жарылғыш заттарды қолдануға;

құрделі құрылышжайларды тұрғызуға және салуға;

топырақ пен айырып алынған тау-кен массасын кен іздеушілік участкесінің шегінен тыс жерге шығаруға құқылды емес.

## **271-бап. Кен іздеушілікті жүргізу тәртібі**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензияны иеленуші жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 263-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тізбе бойынша бағалы металдар мен асыл тастардың кез келген түрлеріне кен іздеушілік өндіруді жүргізуге құқылы.

2. Кен іздеушілікті жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) су ресурстары кен іздеушілік мақсатында пайдаланылатын су айдындары мен өзендер жағалауларының табиғи рельефі мен түбінің бүлінуін болғызыбауға;

2) кен іздеушілік барысында бүлінген жерді рекультивациялауға;

3) лицензия шарттарында көзделген механикаландыру құралдарын пайдалану бойынша шектеулерді сақтауға міндетті.

3. Егер осы тарау, экологиялық немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарынан өзгеше туындааса, берілген жер қойнауы участкесі шегінде кен іздеушілік барысында ауыстырылатын топырақ пен жыныс көлемі шектелмейді.

4. Жер қойнауын пайдаланушы кен іздеушілікті жүргізу кезінде су ресурстарын арнайы рұқсаттар немесе лицензиялар алу қажеттігінсіз еркін пайдалануға құқылы.

Су ресурстарын пайдаланған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы су қорғау іс-шараларын орындауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының су және экология заңнамасында белгіленген су объектілерін қорғау жөніндегі өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

Су қоры жерінде және су объектілерінде кен іздеушілік қол тәсілімен ғана жүзеге асырылады.

## **272-бап. Кен іздеушілікті жүргізу кезіндегі жер қойнауын пайдалануышының есептілігі**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен өндірілген бағалы металдар мен асыл тастар туралы кезеңдік есепті кен іздеушілікке арналған лицензияны берген облыстың жергілікті атқарушы органдына ұсынуға міндетті.

2. Есептер алдыңғы күнтізбелік жыл үшін әр жылдың отызыншы қаңтарынан кешіктірілмей жыл сайын ұсынылады.

Толық емес күнтізбелік жыл үшін есептер жер қойнауын пайдаланудың нақты кезеңі үшін ұсынылады.

Жер қойнауы участкесін пайдалану кезеңінің соңғы толық емес күнтізбелік жылды үшін есептер көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

## **273-бап. Кен іздеушілік жоспары**

1. Механикаландыру құралдарын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушы кен іздеушілік жоспары болған кезде ғана кен іздеушілік жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы.

2. Кен іздеушілік жоспарын жер қойнауын пайдаланушы әзірлейді және бекітеді.

Кен іздеушілік жоспарында кен іздеушілік жөніндегі жұмыс түрлері, әдістері мен тәсілдері, жұмыстардың шамамен алғандағы көлемдері және оларды жүргізу мерзімдері сипатталады.

Кен іздеушілік жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Кен іздеушілік жоспарының мазмұнын жер қойнауын пайдаланушы экологиялық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, дербес айқындаиды.

3. Кен іздеушілік жоспары мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады. Жер қойнауын пайдаланушы кен іздеушілік жоспарына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған жағдайда ғана механикаландыру құралдарын пайдалана отырып, кен іздеушілік жөніндегі операцияларды жүргізуге құқылы.

## **274-бап. Кен іздеушіліктің салдарын жоюды қамтамасыз ету**

Кен іздеушіліктің салдарын жою бойынша жер қойнауын пайдаланушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету банктік салым кепілі немесе екінші деңгейдегі банк берген кепілдік түрінде беріледі.

Қамтамасыз етудің жалпы сомасы кен іздеушілік участкесінің аумағын құрайтын гектар санының және республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген және кен іздеушілікке арналған лицензияны беруге өтініш берілген жылы қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш негізінде есептеледі. Бір гектар үшін қамтамасыз етудің мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органды айқындаиды.

Қамтамасыз етудің сомасын жер қойнауын пайдаланушы мемлекетке қайтарылған кен іздеушілік участкесі аумағының бір бөлігіне сәйкес келетін гектарлардың санына мөлшерлес азайтуы мүмкін.

## **275-бап. Кен іздеушілік участкесінен бас тарту**

Кен іздеушілікке арналған лицензияның қолданылу мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта жер қойнауын пайдаланушы кен іздеушілік участкесінің кез келген бөлігінен бас тартуға құқылы.

Кен іздеушілік участекесінен толық немесе бір бөлігінен мерзімінен бұрын бас тарту тиісінше кен іздеушілікке арналған лицензияның қолданылуын тоқтатуға немесе оны қайта ресімдеуге алып келеді.

**276-бап. Кен іздеушілікке арналған лицензия бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық және оны қайтарып алу**

1. Кен іздеушілікке арналған лицензияның талаптарын бұзушылық жер қойнауын пайдаланушының тұрақсыздық айыбы немесе лицензиясын қайтарып алу түріндегі жауаптылығына алып келеді.

2. Тұрақсыздық айыбы кен іздеушілікке арналған лицензияның алтын өндіруді шектеу туралы талаптарын бұзғаны үшін өндіріп алынады.

Тұрақсыздық айыбы белгіленген шектеуден артық өндірілген алтынның нарықтық құнының жүз пайызы мөлшерінде өндіріп алынады.

3. Кен іздеушілікке арналған лицензия мынадай негіздердің бірі болған кезде жергілікті атқарушы органның қайтарып алуына жатады:

1) экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы салдарынан жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметке тыйым салу туралы сот шешімінің күшіне енуі;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген мерзімде қол қою бонусы төленбеген жағдайда;

3) кен іздеушілік салдарын жою бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бермей кен іздеушілік жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

4) кен іздеушілікке арналған лицензияның кен іздеушілік бойынша жұмыстар жүргізуді, механикаландыру құралдарын пайдалануды шектеу, химиялық реагенттерді, жарылғыш заттарды пайдалануға, күрделі құрылышжайлар тұрғызыуға, топырақ пен тау-кен массасын кен іздеушілік участекесінің шегінен тыс жерге шығаруға тыйым салу туралы шарттарын бұзу;

5) кен іздеушілік жоспарының болуы осы тараудың ережелеріне сәйкес талап етілетін жағдайда онсыз кен іздеушілік жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

4. Осы баптың 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда, облыстың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдаланушыны жол берілген бұзушылық туралы жазбаша хабардар етеді.

Жер қойнауын пайдаланушы бұзушылық туралы хабарламаны алған күннен бастап бір ай ішінде бұзушылықты жоюға және бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, облыстың жергілікті атқарушы органына бұл туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

Көрсетілген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда, облыстың жергілікті атқаруышы органы осы баптың 3-тармағына сәйкес кен іздеушілікке арналған лицензияны қайтарып алады.

5. Облыстың жергілікті атқаруышы органы кен іздеушілікке арналған лицензияны қайтарып алуды жер қойнауын пайдалануышыға кен іздеушілікке арналған лицензияны қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүргізеді.

Жер қойнауын пайдалануши хабарламаны алған күннен бастап бір айдан кейін лицензияның қолданылуы, егер көрсетілген күнге дейін оның қолданылу мерзімі өтпесе, тоқтатылады.

6. Жер қойнауын пайдалануши лицензияны қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні өткеннен кейін қайтарылып алынатын лицензия бойынша жұмыстарды тоқтатуға және осы тарауда көзделген тәртіппен жою жөніндегі жұмыстарға кірісуге міндетті.

7. Жер қойнауын пайдалануши хабарламаны алған күннен бастап екі ай ішінде лицензияны қайтарып алудың заңдылығын сотта даулауға құқылы. Жер қойнауын пайдалануши сотқа жүгінген жағдайда осы баптың 5-тармағында көрсетілген мерзім соттың шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

8. Егер лицензияны қайтарып алу үшін негіз болған міндеттерді орындауға немесе тиісінше орындауға еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлардағы төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың әсері (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және тағы сол сияқты) себеп болса, лицензияны қайтарып алуға жол берілмейді. Мұндай мән-жайларға жер қойнауын пайдалануышының техникалық құралдарының және (немесе) қаржы қаражатының болмауы не нарықта қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің болмауы жатпайды.

### **35-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **277-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Кодекс:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 278-баптың 4-тармағының үшінші бөлігін;

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 144-баптың 5 және 6-тармақтарын;

2-1) 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін мазмұнындағы 98-баптың тақырыбын, 94-баптың 3-тармағын, 95-баптың 5 және 6-тармақтарын, 98-баптың тақырыбын, 1, 2, 5 және 6-тармақтарын, 99-бапты;

3) 2021 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 153-баптың 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекс ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған жер қойнауын пайдалану бойынша қатынастарға қолданылады деп белгіленсін.

3. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттар, лицензиялар және келісімшарттар бойынша қатынастарға осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1-тарауда;

осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған келісімшарттар бойынша кен орындарын ірі кен орындары санатына жатқызған кезде, 2024 жылғы 1 қантарға дейін мемлекеттік пайдалы қазбалар балансына енгізілген қорлар саны ескерілетінін ескере отырып,

2-тарауда;

17-баптың 3-тармағын, 19-баптың 2 және 3-тармақтарын, 20-баптың 1-тармағын, 22-бапты, 24-бапты, 25-бапты, 28-баптың 2-тармағының бірінші бөлігін қоспағанда, 3-тарауда;

38-бапта;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын ауыстыруға рұқсат беруді, жер қойнауын пайдалану құқығының ауысуына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізуі, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығының кепілін тіркеуді көрсетілген жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратынын ескере отырып, 5-тарауда;

6-тарауда;

7-тарауда;

54-бапта, 55-баптың 1, 2, 3, 5 және 6-тармақтарында (осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған (берілген) көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттарға, лицензияларға және келісімшарттарға қатысты);

9-тарауда;

10-тарауда;

77-бапты қоспағанда, 11-тарауда;

80-баптың 1-тармағының күші, уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбалар және кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшарттарға қолданылмайтынын ескере отырып, 12-тарауда;

13-тарауда;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өнімдерді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қатысты 106-баптың 2-тармағын қоспағанда, 15-тараудың 3-параграфында;

113 және 114-баптарда;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қатынастарды қоспағанда, 120-бапта көзделген тиісті қатынастарды реттейтін оның ережелері қолданылады. Аталған келісімдердің (келісімшарттардың) және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мерзімі тараптардың уағдаластығы бойынша қосымша ұзартылуы мүмкін;

121 – 125-баптарда;

мыналарды:

осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттар мен лицензиялар бойынша, сондай-ақ жасалған көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қатынастарға осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз алты ай өткеннен кейін мынадай редакцияда қолданылатын 6-тармағын:

"6. Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелерді орындауды жер қойнауын пайдаланушы белгіленген тәртіппен іс жүзінде қалыптастырыған, жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның рұқсатымен пайдаланатын тарату қоры қамтамасыз етеді.

Қалыптастырылған тарату қоры болмаған немесе көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жұмыстарының

нарықтық құнының сомасы нақты қалыптастырылған тарату қоры қаражатының сомасынан асып кеткен жағдайда көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені жетіспейтін бөлігінде орындауды осы баптың 7 немесе 8-тармақтарына сәйкес қалыптастырылатын банктік салым кепілімен және (немесе) осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жою аяқталғанға дейінгі мерзімге берілетін толық, шартсыз және қайтарылмайтын кепілдікпен:

1) дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайзы (жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты – ұлттық басқарушы холдинг, көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания, көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияның еншілес ұйымдары және (немесе) көмірсүтектер саласындағы ұлттық компания серіктестері немесе жер қойнауын пайдаланушылардың акциялар пакетін (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) иеленуші оның еншілес ұйымдары қамтамасыз етеді.

Ұлттық басқарушы холдингті, көмірсүтектер саласындағы ұлттық компанияны қоспағанда, осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген кепілдік берушілердің Standard and Poor's шкаласы бойынша "BB-" деңгейінен немесе Moody's, FitchRatings рейтингтік агенттіктерінің шкалалары бойынша ұқсас деңгейден төмен емес шетелдік валютада жыл сайын расталатын ең төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі болуы тиіс;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты – Standard and Poor's шкаласы бойынша "BB-" деңгейінен немесе Moody's, FitchRatings рейтингтік агенттіктерінің шкалалары бойынша ұқсас деңгейден төмен емес шетелдік валютада жыл сайын расталатын ең төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар өзге үйым қамтамасыз етеді;

Осы тармаққа сәйкес талап етілетін деңгейде және мерзімдерде кепілдік берушінің кредиттік рейтингісі расталмаған, кепілдік берушінің кредиттік рейтингі осы тармаққа сәйкес жол берілетін ең төмен деңгейден төмендеген немесе кепіл беруші осы тармақта көрсетілген кредиттік рейтингін жоғалтқан жағдайда, осы кепіл беруші кепілдік берген жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік бір жыл ішінде осы бапқа сәйкес осындай қамтамасыз етуді айырбастауга не осы тармақта көзделген қамтамасыз ету қалпына келтірілгенге дейін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұруға міндетті.

Осы тармаққа сәйкес берілетін кепілдіктің мазмұны мен шарттарына, сондай-ақ осындай кепілдікке байланысты туындастын қатынастарға қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады. Осы бөліктің

ережелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өнімді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға) не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген кепілдіктерге қатысты қолданылмайды.";

осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған, көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттар, лицензиялар мен келісімшарттар бойынша қатынастарға осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз алты ай өткен соң қолданылатын 7 және 8-тармақтарын қоспағанда, 126-бапта;

127, 128-баптарда;

130-бапта (иеліктен шығарылатын сұйытылған мұнай газын және (немесе) жеңіл көмірсутектердің үлкен фракциясын сатып алуға мемлекеттің басым құқығы туралы ережелер белгіленген, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өнімді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қатысты 2 және 3-тармақтарды қоспағанда), 131-бапта (осы Кодекстің 278-бабының 30-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда), 132, 133-баптарда;

143-бапты қоспағанда, бекітілген жобалау құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда 19-тарауда;

144 – 152-баптарда;

153-бапты қоспағанда, 21-тарауда;

178 – 181-баптарда;

194-баптың 2, 3 және 6-тармақтарында, 3-тармақтың екінші және үшінші бөліктерін қоспағанда, 195-бапта және 197-бапта;

213-бапта, 1-тармақты қоспағанда 214-бапта, 3-тармақтың екінші және үшінші бөліктерін қоспағанда, 215-бапта және 218-бапта;

236-бапта;

258, 259-баптарда, 260-баптың 1 – 6-тармақтарында көзделген тиісті қатынастарды реттейтін оның ережелері қолданылады деп белгіленсін.

3-1. Осы Кодекстің пайдалы қатты қазбаларды және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру бөлігінде 25-бабы 2-тармағының, 186-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының, 203-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының қолданылуы 2023 жылғы 1 қантарға дейін тоқтатыла тұрсын.

4. Осы Кодекстің 99-бабы 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"99-бап. Аукцион өткізу

1. Егер осы Кодекстің 95-бабында көрсетілген мерзімдерде аукционға қатысуға бірде-бір өтініш берілмеген және (немесе) егер өтініштерді қарау қорытындылары бойынша аукционға қатысуға бірде-бір өтініш иесі (аукцион өткізуге өтініш берген тұлғадан басқа) жіберілмеген жағдайларда, аукциондар өткізу жөніндегі комиссия аукционға қатысуға өтініштерді беру үшін берілген мерзім аяқталған күннен бастап не аукционға қатысуға өтініштерді қарау мерзім аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аукционды өткізбеу туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда аукцион өткізуге өтініш берген тұлға қол қою бонусының бастапқы мөлшерін төлеген кезде аукцион женімпазымен келісімшарт жасасу үшін осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен осындай тұлғамен жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасалады.

Аукционды өткізбеу туралы ақпарат комиссия тиісті шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымында жариялануға тиіс.

2. Аукционға қатысуға жіберілген және аукционға қатысушылар ретінде тіркелген өтініш иелері аукционға қатысады.

3. Аукцион аукционды өткізу туралы хабарламада көрсетілген күнге сәйкес күні өткізіледі.

4. Құзыретті орган аукцион өткізілетін күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын, аукционға қатысуға жіберілген өтініш иелеріне аукционның өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы хабарлайды.

5. Аукционға қатысуға жіберілген өтініш иелерінің өкілдерін тіркеу аукцион өткізу басталардан бір сағат бұрын басталады және бес минут бұрын аяқталады.

6. Аукционның тіркелген қатысушылары өткізілетін аукционның аудио- және бейнетіркеуін жүргізуге құқылы.

7. Аукцион аукционға қатысушылардың аукцион қадамына аукционды өткізу туралы хабарламада көрсетілген қол қою бонусының бастапқы мөлшерінен

бастап, қол қою бонусы мөлшерінің шамасы бойынша өз ұсыныстарын жариялауы арқылы ашық нысанда өткізіледі.

Аукцион қадамының шамасы қол қою бонусының бастапқы мөлшерінің бестен елуге дейінгі пайызын құрайды.

8. Аукционды тікелей өткізу комиссия тартатын не комиссия құрамынан сайланған аукционшыға тапсырылуы мүмкін.

9. Аукционға қатысушыларға тіркеу нөмірлері бар тақтайшалар беріледі, егер олар қол қою бонусы мөлшерінің кезекті шамасы жарияланғаннан кейін сол соманы мәлімдеуге дайын болса, олар тақтайшаларды көтереді.

10. Аукцион аукционға қатысушылардың санын, жер қойнауы участкесі, оның негізгі сипаттамалары туралы мәліметтерді, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарын, аукцион өткізу тәртібін, қол қою бонусының бастапқы мөлшерін және аукцион қадамын жариялаудан басталады.

11. Аукцион өткізу кезінде аукционға қатысушылар қол қою бонусының мөлшері туралы ағымдағы ең тәмен ұсынысты аукцион қадамының шамасына арттыруды көздейтін қол қою бонусының мөлшері туралы ұсыныстар береді.

12. Аукционшы қол қою бонусы мөлшерінің аукцион қадамының шамасына ұлғайтылған оның бастапқы мөлшеріне тең алғашқы мәнін жариялады.

13. Егер қол қою бонусы мөлшерінің алғашқы мәні жарияланғаннан және сол мән үш рет қайталанғаннан кейін аукционға қатысушылардың ешқайсысы өзінің тіркеу нөмірі бар тақтайшасын көтермесе, аукцион тоқтатылады және өтпеді деп танылады.

14. Ағымдағы ең тәмен ұсыныс болмаған жағдайда, аукционға қатысушы аукцион қадамының шамасына қарамастан, қол қою бонусының бастапқы мөлшерінен жоғары қол қою бонусының мөлшері туралы ұсыныс беруге құқылы.

15. Бір тақтайша көтерілген жағдайда, аукционшы өз тақтайшасын көтерген аукционға қатысушының тіркеу нөмірін атайды. Бірнеше тақтайша көтерілген жағдайда, аукционшы өз тақтайшасын бірінші болып көтерген аукционға қатысушының тіркеу нөмірін атайды.

16. Аукцион қадамдарының өту ведомосына аукционшы атаған аукционға қатысушының нөмірі ғана енгізіледі.

17. Қол қою бонусы мөлшерінің әрбір кейінгі мәнін аукционшы ағымдағы мәнді аукцион қадамының шамасына ұлғайту арқылы белгілейді.

5. Осы Кодекстің 140-бабының 5 және 6-тармақтары 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5. Орталық комиссия базалық жобалау құжатын немесе әзірлеуді талдауды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды тәуелсіз сараптама жүргізу үшін өзі айқындайтын сарапшыға (сарапшыларға) жібереді".

6. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

осы Кодекстің 141-бабының 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Геологиялық қорларды есептеу (жедел есептеу) жөніндегі есеп жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жасалады.

4. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын Қазақстан Республикасының көмірсутек қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия) геология және жер қойнауын пайдалану саласында арнайы білімдері бар және сараптама нәтижелеріне мүдделі емес тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

5. Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия қызметін ұйымдастыру, оның құрамы, жұмыс регламенті және іс-қағаздарын жүргізу жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережеде айқындалады.";

осы Кодекстің 214-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жер қойнауын пайдаланушы үшін коммерциялық қызығушылық тудыратын пайдалы қатты қазбалардың анықталған ресурстары мен қорлары бар жер қойнауы участкесінде жүргізіледі.

Бұл ретте жер қойнауынан пайдалы қатты қазбаларды тек пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансына енгізілген қорларынан ғана алуға жол беріледі".

7. Осы Кодекстің 186-бабы 2-тармағының, 203-бабы 2-тармағының және 250-бабы 2-тармағының ережелерін қолдану мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензияны беру кезінде:

1) көмірсутектерді өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін басқа тұлғаның пайдалануындағы жер қойнауы участкесінің аумағына көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік теліммен айқындалған келісімшарттық аумақ, сондай-ақ осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін өткізілген тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша не жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы бойынша

көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт жасасу туралы хаттама қолданылатын аумақ теңестіріледі;

2) пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі (барлау участкесінің аумағын) операцияларды жүргізу үшін берілген жер қойнауы участкесінің аумағына пайдалы қатты қазбалар немесе кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшартқа геологиялық теліммен айқындалған келісімшарттың аумақ, сондай-ақ осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін өткізілген тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша не жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған келісімшарт жасасу туралы хаттама қолданылатын аумақ теңестіріледі;

3) пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі (өндіру участкесінің аумағы) операцияларды жүргізу немесе жер қойнауы кеңістігін пайдалану үшін берілген жер қойнауы участкесінің аумағына пайдалы қатты қазбалар немесе кең таралған пайдалы қазбалар бойынша келісімшартқа немесе тиісінше, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік теліммен айқындалған келісімшарттың аумақ, сондай-ақ осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін өткізілген тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша не жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт немесе барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы хаттама қолданылатын аумақ теңестіріледі деп белгіленсін.

8. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, оның 249-бабында көрсетілген мақсаттар үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қатынастарға 2019 жылғы 1 шілдеден бастап осы Кодекстің 258-бабында көзделген ережелер қолданылады деп белгіленсін.

9. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге пайдаланудағы орналастыру объектілерінде жинап қойылған және пайдаланудағы жер қойнауы участкесінің шегінен тыс жerde орналасқан тау-кен байыту және металлургия өндірісі қызметінің нәтижесінде пайда болған техногендік минералдық түзілімдер көрсетілген өндірістерге тиесілі болып табылады. Осындай техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес осы техногендік минералдық түзілімдерді

орналастыру полигоны (полигонның бір бөлігі) жабылатын күнге дейін өндірістердің меншік иесінде болады.

10. Тау-кен өндіру және (немесе) тау-кен байыту өндірістерінің осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін, оның ішінде аумақтық шекараларын өзгерте отырып оларды реконструкциялау кезінде пайда болған техногендік минералдық түзілімдерді орналастыру және (немесе) пайдалану объектілеріне осы Кодекстің 249-бабында көрсетілген мақсаттар үшін жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны алу туралы талап, сондай-ақ осы Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген шектеулер қолданылмайды деп белгіленсін.

11. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілердің, осы Кодекстің 201-бабының 1, 4 және 6-тармақтарына, 3-тармағының 7) тармақшасын қоспағанда, 204-бабына сәйкес өтініш беру арқылы келісімшарттық аумақ шегінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға айрықша құқығы бар.

Өтініш иесіне осы тармақта сәйкес берілген өтініш бойынша пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартуға осы Кодекстің 207-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында және 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жол беріледі.

Құзыретті орган пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартқан жағдайда өтініш иесі пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операциялардың салдарын жою үшін Кодексте көзделген тәртіппен жер қойнауын пайдалану салдарын жоюды жүзеге асыруға міндетті.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілердің, осы тармақта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодекстің 30-тарауының ережелеріне сәйкес өтініш беру арқылы келісімшарттық аумақ шегінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға айрықша құқығы бар.

12. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) осы Кодекстің 118-бабының 4-тармағындағы және 7-тармағының 2) тармақшасындағы, 119-бабы 10-тармағының 2) тармақшасындағы, 139-бабының 4-тармағындағы, 140-бабы 10-тармағының 6) және 7) тармақшаларындағы және 141-бабындағы "геологиялық қорлар", "геологиялық қорлардың", "геологиялық

"қорларға" деген сөздер тиісінше "қорлар", "қорлардың", "қорларға" деген сөздермен ауыстырылады;

2) осы Кодекстің 141-бабындағы "орталық комиссия" деген сөздер "мемлекеттік комиссия" деген сөздермен ауыстырылады деп белгіленсін;

3) осы Кодекстің 143-бабы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"143-бап. Жер қойнауын пайдалануышының келісімшарттық міндеттемелеріне жатқызылатын көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі жобалау құжаттарының көрсеткіштері

Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта жер қойнауын пайдалануышының міндеттемесі ретінде жобалау құжаттарының мынадай көрсеткіштерін орындау белгіленеді:

- 1) пайдалану ұнғымалары торшасының тығыздығы;
- 2) әрбір пайдалану объектісі бойынша өндіру және қысыммен айдау ұнғымаларының арақатынасы;
- 3) кенжатындар бойынша өтемақы коэффициенті;
- 4) қабаттық және кенжар қысымының қанық қысымға немесе конденсация қысымына қатынасы;
- 5) қабаттық қысымның кенжар қысымына қатынасы;
- 6) ұнғымалар бойынша газ факторының барынша жол берілетін шамасы;
- 7) көмірсутектерді өндіру көлемдері;
- 8) қабаттық қысымды арттыру үшін жұмыс агентін кері айдау көлемдері;
- 9) пайдалану ұнғымаларын іске қосу көрсеткіштері.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген көрсеткіштердің мәндері келісімшартқа кірмейді және жобалау құжаттарына сүйене отырып айқындалады".

13. 2022 жылғы 1 қантарға дейін 131-баптың 1-тармағының төртінші және бесінші бөліктері, 179-баптың 1-тармағының үшінші және төртінші бөліктері және 213-баптың 1-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастыруши конкурс жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – жұмыс беретін және қызметтер көрсететін қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында

еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, жұмыскерлердің жалпы санының кемінде тоқсан бес пайызына Қазақстан Республикасы азаматтарын тартатын дара кесіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушілері деп танылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішлік ауыстыру шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік басшылардың, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының жиырма бес пайызынан көп болмауға тиіс.".

14. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 11, 52, 57-құжаттар; № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 71, 72-құжаттар; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар) күші жойылды деп танылсын, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және берілген лицензиялар бойынша туындаған, жер қойнауын пайдалану саласындағы тиісті қатынастарға мынадай:

- 1) 2024 жылғы 1 қантарға дейін қолданылатын 1-баптың 29) тармақшасының;
- 2) 1-баптың 25), 90) тармақшаларының;
- 3) 10-баптың 7-тармағының;
- 4) 20-баптың 8), 15), 32-2) тармақшаларының;
- 5) 24-баптың;
- 6) 30-баптың;
- 7) 61-баптың 2-тармағы үшінші, төртінші және алтыншы бөліктерінің, 6-тармағының;
- 8) 2021 жылғы 1 қантарға дейін қолданылатын 61-баптың 2-1-тармағының және 69-баптың 4-тармағының;
- 9) 68-баптың 1-тармағы екінші және үшінші бөліктерінің, 6-тармағының;

- 10) 69-баптың 3-тармағының екінші бөлігінің және 4-тармағының;
- 11) 70-баптың 2-тармағының;
- 12) 72-баптың 2, 3, 3-1, 6, 7, 7-1, 8, 9 және 11-тармақтарының;
- 13) 76-баптың 1-тармағы 12), 12-1) тармақшаларының;
- 14) көмірсутектер және уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, 77-баптың 6-тармағының;
- 15) 111-баптың 2-тармағының, сондай-ақ мынадай редакцияда қолданылатын 6 және 7-тармақтарының:

"6. Объектіні жоюға немесе консервациялауға байланысты жұмыстарды қаржыландыру тарату қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнаулы депозиттік шотқа жүргізеді.

2009 жылғы 1 қантарға дейін жасалған және қолданылуы тоқтатылмаған, жер қойнауын пайдаланушы олар бойынша тарату қорына аударымдарды жүзеге асыра бастаған және оларды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес 2009 жылғы 1 қантарға дейінгі салықтық кезенде шегерімге жатқызыған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша көрсетілген аударымдар сомасы Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген екінші деңгейдегі банктегі арнаулы депозиттік шотқа орналастырылуға тиіс. Арнаулы депозиттік шотқа орналастырылуға жататын осы аударымдар сомасы жер қойнауын пайдаланушы осындай тарату қорының қаражаты есебінен кен орындарын өзірлеу салдарын жоюға пайдаланған сомаға азайтылады.

Бұл ретте тарату қорын пайдалануды жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның, ал облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған келісімшарттар бойынша аталған органдардың рұқсатымен жүзеге асырады. Тарату қорын қалыптастыру тәртібі, тарату қорына аударымдардың мөлшері, осындай төлемдердің кезеңділігі туралы шарттар келісімшартта белгіленеді.

7. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану объектілерін жоюға қосымша қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті. Егер жоюға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен аз болса, онда қалған ақша жер қойнауын пайдаланушыда қалады.";

16) 2024 жылғы 1 қантарға дейін қолданылатын 121 және 122-баптардың ережелері қосылмайды.

Бұл ретте осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға берілген рұқсаттар мен лицензияларға, сондай-ақ көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісімшарттарға қатысты 111-баптың 6 және 7-тармақтары осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз алты ай ішінде қолданыста болады.

**Ескерту. 277-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2019 № 297-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **278-бап. Отпелі ережелер**

1. Осы тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсаттар, лицензиялар және келісімшарттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының олармен байланысты барлық актілері өз күшін сақтайды деп белгіленсін.

Жер қойнауын пайдалануға бұрын берілген лицензияларға қатысты лицензиялық органның – Қазақстан Республикасы Үкіметінің функциялары құзыретті органға жүктеледі.

Құзыретті орган, сондай-ақ облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары өздерімен жасалған келісімшарттар талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

2. Жерасты суларын өндірге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілер осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жыл ішінде Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес келісімшартта айқындалған жер қойнауы участекінің аумағы шекараларының шегінде арнайы су пайдалануға рұқсат алуға міндетті деп белгіленсін.

Жерасты суларын өндірге арналған келісімшарт арнайы су пайдалануға рұқсат берілген күннен бастап не егер арнайы су пайдалануға рұқсат алынбаған болса, көрсетілген мерзім өткен соң тоқтатылады.

3. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін өткізілген пайдалы қатты қазбалар немесе кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс жеңімпазы болған тұлғаға, сондай-ақ өзіне қатысты құзыретті орган немесе облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша не өтпеді деп танылған жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбалар немесе кең

таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасу туралы шешім қабылдаған тұлғага жер қойнауын пайдалану құқығын беру төмендегілер ескеріле отырып, осы Кодекс қолданысқа енгізілген күні қолданыста болған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және шарттарда құзыретті органмен немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісімшарт жасасу арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт құзыретті орган бекіткен модельдік келісімшарттардың ережелері негізінде жасалады;

2) осы Кодектің 196-бабына сәйкес әзірленген және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынған, бекітілген барлау жоспары бар пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған келісімшарт жобасы құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы жарияланған (конкурс өтпеді деп танылған) немесе тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап он айдан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс. Көрсетілген мерзімді құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін тұлғаның өтініші бойынша ұзартуы мүмкін;

3) осы Кодектің 216-бабына сәйкес жасалған және осы Кодекте көзделген келісулер алынған, тау-кен жұмыстарының бекітілген жоспары бар пайдалы қатты қазбаларды немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт жобасы құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс қорытындысы жарияланған (конкурс өтпеді деп танылған) немесе тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күннен бастап жиырма бір айдан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс. Көрсетілген мерзімді құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін тұлғаның өтініші бойынша ұзартуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарын осы баптың 12-тармағының алтыншы бөлігіне сәйкес құрылатын, құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жұмыс тобы айқындейдь. Тараптар келіскең жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобасы құқықтық сараптамаға жатады.

Пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған келісімшарт жобасы да мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның экономикалық сараптамасына жатады. Кең таралған пайдалы қазбаларды өндірге арналған келісімшарт жобасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының экономикалық сараптамасына жатады. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес келісімшарт жобасы ұсынылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде жасалуға тиіс. Көрсетілген мерзімді құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін тұлғаның өтініші бойынша ұзартуы мүмкін.

Осы тармаққа сәйкес жасалған өндірге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалануши өндірге арналған келісімшарт жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей пайдалы қатты қазбалар жөніндегі уәкілетті органның кешенді сараптамасының оң қорытындысы алынған жою жоспарының болуын қамтамасыз етуге міндетті. Жою жоспарына енгізілетін кейінгі өзгерістер және жою жоспарына кешенді сараптама жүргізу осы Кодекстің 217-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармаққа сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар осы тараудың ережелерін қолдану мақсаттары үшін осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға теңестіріледі.

3-1. Өтініш берушінің жазбаша өтініші бойынша мемлекеттік меншіктегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды салу (реконструкциялау) мен жөндеу үшін, сондай-ақ гидроқұрылыштарды және гидротехникалық құрылыштарды реконструкциялау мен жөндеу үшін пайдаланылатын кең таралған пайдалы қазбаларды барлауга немесе өндірге құқық 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының жазбаша рұқсатын беруі арқылы пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен беріледі деп белгіленсін. Осындай рұқсаттың қолданылу мерзімі жүзеге асырылуы үшін жер қойнауын пайдалану құқығы берілген, мемлекеттік меншіктегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды, гидроқұрылыштарды және гидротехникалық құрылыштарды салу (реконструкциялау) мен жөндеуге арналған тиісті

шарттың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс. Мемлекеттік меншіктегі объектілерді салуға (реконструкциялауға) және жөндеуге тапсырыс беруші болып табылатын мемлекеттік орган мердігерлердің (қосалқы мердігерлердің) тізбесін бекітеді, олар салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсаттары үшін кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүзеге асыруға құқылы. Осы тармаққа сәйкес берілген рұқсат негізінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар оларды үшінші тұлғаларға иеліктен шығаруға құқылы емес.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсат тапсырыс берушісі тиісті мемлекеттік орган болып табылатын, реконструкцияланатын немесе жобаланған жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарынан, теміржолдардан, сондай-ақ гидроқұрылыштарды және гидротехникалық құрылыштардан он шақырымнан аспайтын қашықтықта орналасқан аумақтар шегінде беріледі. Бұл ретте мұндай рұқсат осы Кодекстің 70-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген аумақта беріледі.

Осы тармақ негізінде берілген кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсаттың болуы осы Кодекске сәйкес басқа тұлғаларға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге кедергі келтірмейді. Бұл жағдайда бірнеше жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуі осы Кодекстің 24-бабымен реттеледі.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсат басқа жер қойнауын пайдаланушылар алып жатқан аумақта олардың алдын ала жазбаша келісімімен және осы Кодекстің 24-бабының 2-тармағында көзделген келісім жасалған жағдайда берілуі мүмкін.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған рұқсат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес реттелетін рұқсаттарға жатқызылмайды.

4. Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасы осы Кодекстің 70-бабының 3-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа қосымша мыналарды:

1) осы Кодекс қолданысқа енгізілген күнге дейін пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансына енгізілген, кең таралған пайдалы қазбалар мен уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалардың өнеркәсіптік санаттары қорларын қамтитын жер қойнауы учаскелерінің географиялық координаттарын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қала құраушыларға жатқызылған заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы 2017

жылғы 31 желтоқсанға дейін жасаған пайдалы қатты қазбаларды өндірге немесе бірлескен барлауга және өндірге арналған келісімшарттың тау-кендік телім (өндіру участкесі) шекараларының сыртқы периметрінен отыз шақырымнан аспайтын қашықтықта орналасқан сыйықтардан құралған аумақтардың географиялық координаттарын қамтуы мүмкін деп белгіленсін.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына енгізілген жер қойнауы участкесінің аумағы екі жұз блоктан аспауга тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген аумақтар тиісті жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына енгізіледі. Өтініш аумақтың географиялық координаттарын көрсете отырып және оны енгізу қажеттілігінің негіздемесін келтіре отырып құзыретті органға осы Кодекс алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш айдан кешіктірмей жазбаша нысанда беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген аумақтар шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы участкелері аукцион негізінде пайдалануға беріледі. Аукцион өткізу және оның қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндірге арналған лицензия беру тәртібін құзыретті орган айқындауды. Аукцион құзыретті органның шешімі бойынша өткізіледі. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген аумақтар бойынша құзыретті органның аукцион өткізу туралы шешімі соның өтініші бойынша тиісті аумақтар мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына енгізілген жер қойнауын пайдаланушының ұсынысы бойынша қабылданады.

Аукционды конкурстық комиссия өткізеді, оның құрамын құзыретті орган бекітеді. Конкурстық комиссия аукцион шарттарына жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия үшін осы Кодексте көзделген жыл сайынғы ең төмен шығыстар мөлшеріне неғұрлым жоғары талаптарды енгізуге құқылы. Осы Кодекстің 191 және 208-баптарында көзделген міндеттемелерден басқа жер қойнауын пайдалануға берілген лицензия жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелерін және көрсетілген міндеттемелерді бұзғаны үшін лицензияны қайтарып алушың немесе тұрақсыздық айыбын төлеудің негіздерін қамтуы мүмкін.

Аукцион өткізу қағидаларында белгіленетін өзге де талаптардан басқа, аукционға қатысуға:

барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін – бірінші жыл ішінде кемінде он блокта барлау жөніндегі операцияларға арналған ең төмен шығыстарды жабу үшін жеткілікті кәсіптік және қаржылық мүмкіндіктер;

өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін – бірінші жыл ішінде кемінде бір жұз гектарда өндіруге арналған ең төмен шығыстарды жабу үшін жеткілікті кәсіптік, техникалық және қаржылық мүмкіндіктері бар өтініш берушілер жіберілуі мүмкін. Өтініш берушінің көрсетілген талаптарға сай келмеуі аукционға қатысуға жіберуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Аукционды өткізу туралы хабарландыру өткізілетін күніне дейін үш айдан ерте жарияланбауға тиіс. Аукционды өткізу, оның шарттары мен қорытындысы туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Аукцион шарттарында қол қою бонусының бастапқы мөлшері көзделуге тиіс. Қол қою бонусының ең үлкен мөлшерін ұсынған қатысушы аукцион жеңімпазы болады. Аукцион қорытындысына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның қатысушылары шағым жасауы мүмкін.

Аукцион мынадай:

- 1) аукционға қатысуға өтініштер болмаған;
- 2) аукционға қатысуға өтініш екеуден аз болған;
- 3) аукционға жіберілген тұлға екеуден аз болған жағдайларда өткізілмейді.

Егер аукцион осы тармақтың тоғызыншы бөлігінің 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша өткізілмесе, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия аукционға қатысуға жіберілген жалғыз тұлғаға беріледі.

Аукцион мынадай:

- 1) аукцион өткізетін күні аукционға тіркелген қатысушы екеуден аз болған;
- 2) аукцион өткізетін күні аукционға бірде бір қатысушы тіркелмеген жағдайларда өткізілмеген болып танылады.

Егер аукцион осы тармақтың он бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша өткізілмеген деп танылса, жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия аукционның тіркелген қатысушысына беріледі.

Егер оның негізінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген аумақтың шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операциялар жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін аукцион осы тармақтың тоғызыншы бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда өткізілмесе немесе осы тармақтың он бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда өткізілмеген деп танылса, бұл аумақ осы тармақтың мақсаттары үшін жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару

бағдарламасынан алып тастауға жатады. Мұндай жағдайда осындай аумак шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операциялар жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығы осы баптың 5-тармағының ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 9-бөлімінде көзделген тәртіппен беріледі.

Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына енгізілген аумақтар шегінде жер қойнауы участеклері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын берудің ерекше тәртібі осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

5. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбалар бойынша өндіруге арналған келісімшарт (өндіру жөніндегі операциялар жүргізілген бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт) мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, тоқтатылған келісімшарт бойынша келісімшарттық аумақты қозғайтын жер қойнауының участекі құзыретті органның шешімімен осы тармақта белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы баптың 4-тармағында көзделген тәртіппен өткізілетін аукцион қорытындысы бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін пайдалануға беріледі.

Аукцион өткізу туралы хабарландыру жер қойнауын пайдалану құқығы тоқтатылған күннен бастап не құзыретті органның жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату туралы шешіміне шағым жасалған жағдайда, соттың шешімі күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей жариялануға тиіс. Аукцион өткізу туралы хабарландыру мен оны өткізу күні арасындағы мерзім кемінде бір айды қурауға тиіс.

Егер пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия берілмесе, қолданысын тоқтатқан келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші болып табылатын тұлға осы Кодексте көзделген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жоюға міндетті.

Аукционға шығарылған жер қойнауы участекіндегі пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия берілген жағдайда, қолданысын тоқтатқан келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші болып табылатын тұлға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою жөніндегі міндеттемеден босатылады. Осындай жер қойнауы участекінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар салдарын жою бойынша міндеттемелер аукцион нәтижелері бойынша берілген пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны иеленушіге осы Кодекстің 219-бабына

сәйкес өндіру салдарын жоюды қамтамасыз етуді ұсынғаннан кейін толық көлемде өтеді.

Қолданысын тоқтатқан келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші болып табылатын тұлға келісімшарт тоқтатылған күннен бастап және пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия берілгенге дейінгі не жою жөніндегі жұмыстар басталғанға дейінгі кезенде жер қойнауы участекесінің аумағын қоршаған ортаның және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жай-күйде ұстап тұру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

6. Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасында құзыретті органның жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына алғаш рет енгізілетін және осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген аумақтарға жатпайтын аумақтар шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияларды беруге өтініштерді қабылдауды бастау күні көзделуге тиіс деп белгіленсін. Көрсетілген күн жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасы бекітілген немесе оған тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап екі айдан ерте белгіленбейді.

Жер қойнауының мемлекеттік қорын басқару бағдарламасына алғаш рет енгізілетін аумақтар шегінде пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияларды қараудың және берудің мынадай ерекшеліктері белгіленсін:

1) қабылдау басталатын күннен бастап бір ай ішінде келіп түскен өтініштер осы Кодектің 188-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында көзделген ережелер ескерілмей қаралады және бірдей басымдығы бар деп есептеледі;

2) егер осы бөліктің 1) тармақшасында көзделген мерзім ішінде келіп түскен өтініштерді қарау нәтижесінде сол бір блок (блоктар) лицензияны беруден бас тарту туралы шешім қабылданбаған бірнеше өтініштерге енгізілгені анықталса, осы блок (блоктар) бойынша өтініш иелері арасында құзыретті орган айқындастын тәртіппен және мерзімдерде аукцион өткізіледі. Өтініш иесінің аукционға қатысадан бас тартуы немесе аукционға келмей қалуы тиісті блок бойынша оның өтінімін қабылдамауға негіз болып табылады.

3) аукцион қорытындысы бойынша осы бөліктің 2) тармақшасында көрсетілген өтініштер бойынша лицензияларды беру аукционның жеңімпазы деп танылған тұлғаның өтініші аукцион өткізілген блокқа (блоктарға) қатысты басым деп есептелетіні ескеріле отырып, осы Кодектің 188-бабына және 189-бабының басымдық туралы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Осы бөліктің 1) тармақшасында көзделген мерзім өткеннен кейін берілген, барлауға арналған лицензияны беруге өтініштер осы Кодектің 27-тарауында көзделген, пайдалы

қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияны қараудың және берудің ережелері бойынша қаралады.

7. Индустряландыру картасына немесе Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына енгізілген индустрялық-инновациялық жобаларды іске асыратын, қызметі (технологиялық процесі) жер қойнауын пайдаланумен байланысты индустрялық-инновациялық қызмет субъектілері, осы тармақта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодектің 70-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы участкесіне берілген өтініш негізінде пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияны алуға құқылы деп белгіленсін. Бұл құқықты индустрялық-инновациялық қызмет субъектілері осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап бес жыл ішінде іске асыруы мүмкін.

Осы тармақта сәйкес берілген пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияны беру туралы өтінішке, осы Кодектің тиісінше 187-бабында немесе 204-бабында көзделген құжаттардан басқа, индустрялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органның өтініш иесінің өндірістік қызметі (технологиялық процесі) жер қойнауын пайдаланумен байланысты екенін растайтын қорытындысы қоса беріледі.

Индустрялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану тәртібін кәсіпкерлік саласындағы индустрялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган айқындейды.

Осы тармақта сәйкес берілген пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялардың шарттары, осы Кодектің тиісінше 191-бабында немесе 208-бабында көзделген шарттардан басқа, мыналарды көздеуі тиіс:

1) индустрялық-инновациялық қызмет субъектісінің индустрялық-инновациялық жобаны іске асыру бойынша міндеттемесі;

2) индустрялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметінің (технологиялық процесінің) мұқтажы үшін басымдық тәртіппен өндірілген пайдалы қатты қазбаларды жеткізу бойынша міндеттемелер.

Жер қойнауын пайдаланушы осы тармақтың ережелеріне сәйкес берілген жер қойнауы участкесіндегі тиісті индустрялық-инновациялық жоба бойынша өндірістік объектіні пайдалану басталғанға дейін пайдалы қазбаларды өндіруді бастауға құқылы емес.

Осы тармаққа сәйкес берілген барлауға немесе өндіруге арналған лицензия, осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, осы Кодекстің тиісінше 200-бабына немесе 221-бабына сәйкес көзделген негіздерден басқа кезде қайтарып алынуы мүмкін.

8. Жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар осы Кодекстің 25-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жургізуге жол берілмейтін аумақтарды қоспағанда, осы Кодекстің 70-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілмеген аумақтар шегінде орналасқан жер қойнауы участекелеріне қатысты өтінім беру арқылы пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияны алуға құқылы деп белгіленсін. Бұл құқықты жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялар қызметінің аражігін ажыратуды ескере отырып, осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде іске асыруы мүмкін.

9. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Кодекстің 72-бабының мақсаттары үшін пайдалы қатты қазбаларды өндіру кезінде ысырапты есепке алу жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға өздері белгілеген тәртіппен беретін нормаланатын ысыраптар туралы деректер негізінде жүзеге асырылады деп белгіленсін. Нормаланатын ысыраптар туралы деректерге растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган нормаланатын ысыраптар туралы деректер берілгеннен кейін он бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдаланушыға нормаланатын ысыраптар мөлшері бойынша негізделген қарсылықтарын жіберуге құқылы. Осындай қарсылықтар көрсетілген мерзімде жіберілген жағдайда, нормаланатын ысыраптарды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган ұқсас жобалар бойынша нормаланатын ысыраптар туралы қолда бар деректер негізінде не бұрын берілген мәліметтерге сүйене отырып, дербес өзі айқындайды.

10. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбалардың қорларын санауды "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы;

өтініш иелері осы Кодекстің 204-бабына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға өтініш берген кезде құзыретті органға "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабында көзделген тәртіппен жасалған қорларын санау бойынша есепті ұсынуға құқылы деп белгіленсін.

Геологиялық барлау жұмыстары, минералдық ресурстар және минералдық қорлар нәтижелері туралы жария есептіліктің қазақстандық кодексіне (KAZRC кодексі) сәйкес құзыретті тұлға дайындаған және осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынылған пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын бағалау туралы есепте қамтылған ресурстар мен қорлар бойынша деректер 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансына мынадай тәртіппен енгізілуге жатады:

1) пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын бағалау туралы уәкілетті органға келіп түскең есеп күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады;

2) уәкілетті орган осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде есепті қабылдау және қорларды пайдалы қазбалардың мемлекеттік балансына енгізу туралы немесе есепті уәжді қарсылықтармен оны қайтару туралы шешім қабылдауы тиіс;

3) егер уәкілетті орган осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде есепті уәжді қарсылықтармен қайтарса, пайдалы қатты қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды) өндіруге арналған лицензияны алуға өтініш иесі немесе жер қойнауын пайдаланушы оны пысықтауға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның қарсылығына шағым жасауға құқылы;

4) егер пайдалы қатты қазбалардың ресурстарын бағалау туралы есепте ресурстар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабына сәйкес бұрын бекітілген өнеркәсіптік санаттар қорларының жиырма бес пайызынан аса азайтылса, онда жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган осындай өзгерістердің негізділігін раставуы тиіс.

Уәжді қарсылықты жою немесе оны даулау кезеңінде пайдалы қатты қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды) өндіруге арналған лицензияны беруге арналған өтінішті қарау мерзімі тоқтатыла тұрады. Бұл ретте жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның уәжді қарсылығын жою мерзімі алты айдан аспайды деп белгіленсін.

11. Осы Кодекстің 277-бабының 14-тармағы 16) тармақшасының мақсаттары үшін пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді деп белгіленсін.

12. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға тараптардың келісіуі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында немесе келісімшарттарында көзделген жағдайларда өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы келісім осы баптың 13, 14, 16-тармақтарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып осы тармақта белгіленген тәртіппен жасалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісім жасасуға ниеті бар жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік органға) өтініш жібереді, онда келісімшартқа ұсынылып отырған өзгерістер, олардың негіздемелері және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер баяндалуға тиіс. Өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасы қоса беріледі.

Құзыретті орган (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) келіп түсken өтінішті бес жұмыс күнінен кешіктірмей осы Кодекстің 45-бабына сәйкес құрылатын жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына шығарады. Сараптама комиссиясы өтініш келіп түсken күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны қарайды және құзыретті органға (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік органға) өз ұсынымдарын жібереді.

Құзыретті орган (келісімшарт тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) сараптама комиссиясы ұсынымдарының негізінде сараптама комиссиясының ұсынымдары келіп түсken күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту туралы немесе сараптама комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздер бастау туралы шешім шығарады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі келіссөздерді құзыретті органның (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік органның) жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) бекітеді.

Келіссөздер жер қойнауын пайдалануши құзыретті органға (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік органға) толықтырудың жобасын және өзге де қажетті құжаттарды жұмыс тобының қарауына ұсынған күннен бастап екі айдың ішінде жүргізіледі. Бұл мерзім тараптардың келісуі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Келіссөздер нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Жұмыс тобы макұлдаған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар

жобасына құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) қол қояды. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтырулар жобасы жер қойнауын пайдалануға келісімшарттың басты қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін қозгаса, құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) жұмыс тобының шешімі бойынша көрсетілген жоба оған қол қойғанға дейін экономикалық сараптамаға жіберіледі. Экономикалық сараптама жүргізу тәртібін құзыретті органмен келісу бойынша бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Келісімшартқа өзгерістердің шарттары жер қойнауын пайдалану құқығы берілген шарттарға қарағанда, Қазақстан Республикасы үшін пайдасы аз болмауы керек.

Осы тармаққа сәйкес келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуды көздейтін көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

13. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, осы баптың 12-тармағына сәйкес жіберілетін өтінішке мыналар қоса беріледі:

- 1) құзыретті орган бекіткен нысан бойынша жасалған жұмыс бағдарламасының жобасы және оған түсіндірме жазба;
- 2) ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігінің жазбаша негізdemесі.

Құзыретті орган (келісімшарттың тарапы болып табылатын мемлекеттік орган) келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздер жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардан басқа, талап етілетін мемлекеттік сараптамалардың қорытындыларын қоса бере отырып, осы Кодекске сәйкес әзірленген жобалау құжаттарын және жою жоспарын (жобаны) жұмыс тобының қарауына ұсынуға тиіс. Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жұмыс тобы макұлдаған жұмыс бағдарламасының жобасы жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен (кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен) келісілуге тиіс.

Егер ураннан басқа, кең таралған пайдалы қазбаларды немесе пайдалы қатты қазбаларды өндірудің жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасында көзделген көлемі физикалық түрғыда жиырмадан аз пайызға накты өзгерсе, жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу талап етілмейді. Өндіру көлеміндегі мұндай өзгерістер келісімшарт талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасының мазмұнын және оның нысанын құзыретті орган айқындаиды.

Осы тармақтың ережелері осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін үлгілік нысан бойынша жасалған пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған келісімшарттарға қолданылмайды.

14. Уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа оның қолданылу мерзімін (бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін) ұзарту мақсатында өзгерістер енгізуге келісімшартта барлауы көзделген пайдалы қатты қазбалардың кең орны табылған жағдайда, осындай табуды бағалау үшін жол беріледі.

Уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа оның қолданылу мерзімін (бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау кезеңін) ұзарту мақсатында өзгерістер енгізуге мұндай ұзарту келісімшартта көзделген жағдайда жол беріледі.

Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мерзімін ұзарту туралы өтінішке, осы баптың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген мәліметтерден басқа жұмыстар жүргізудің жазбаша негіздемесі мен ұзарту кезеңіндегі оларға арналған шығыстар қоса беріледі.

Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мерзімін ұзарту туралы өтінішке пайдалы қатты қазбалардың табылған кең орнын бағалау үшін осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттардан басқа, келісімшарттың шарттарында барлауы көзделген пайдалы қатты қазбалар кең орнының табылғанын растайтын мәліметтер (жер қойнауын зерттеу жөніндегі үекілетті органның бағалауды талап ететін кең орнының табылғаны туралы қорытындысы) және табылған бағалауды жүзеге асыру болжанатын жер қойнауы участкесінің географиялық координаттары қоса беріледі.

Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт (бірлескен барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарт бойынша

өндіру кезеңі) келісімшарттық аумақ шегінде орналасқан техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы құрауыштарды айырып алу мүмкіндігін айқындау мақсатында бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Келісімшарттың мерзімі осы тармақтың бесінші бөлігіне сәйкес ұзартылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осындай ұзарту мерзімі аяқталғанға дейін құзыретті органға келісімшартты техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы құрауыштарды одан әрі алу үшін пайдалы қазбаларды өндіруге қажет мерзімге ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланылмайтын келісімшарттық аумақтың бөлігінен (жер қойнауы участекінің бөлігінен) бас тартуға міндетті.

Уранды қоспағанда, табылған кен орнын бағалау үшін, пайдалы қатты қазбаларды барлауға (бірлескен барлауға немесе өндіруге) арналған келісімшарт табылған кен орнын бағалау бойынша жұмыстар жүргізу үшін қажет, тараптар келіссөздер нәтижелері бойынша айқындаитын, жұмыс бағдарламасында көзделген мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге (бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт өндіруге арналған келісімшарттың бастапқы мерзімінен (бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндірудің бастапқы кезеңінен) аспайтын, бірақ осы Кодексте белгіленген өндіруге арналған лицензияның барынша ұзақ мерзімінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Уранды қоспағанда, көрсетілген шектеулер ескеріле отырып, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге (бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшартты ұзарту мерзімі жұмыс бағдарламасында көзделген өндіру бойынша жоспарланатын жұмыстар негізінде айқындалады.

Уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған ірі кен орны бар жер қойнауы участекінде, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге (бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт он жылдан астам мерзімге ұзартылған жағдайда, құзыретті орган осындай ұзарту шарттарына жер қойнауын пайдаланушының мынадай міндеттемелерін енгізуі талап етуге құқылы:

- 1) өзінің немесе оның еншілес ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынмен қайта өндеу өндірістерін құруы;
- 2) жер қойнауын пайдаланушының жұмыс істеп тұрған өндіру өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;
- 3) жұмыс істеп тұрған қайта өндеу өндірістерін жаңғырту не реконструкциялау;
- 4) өндірілетін пайдалы қазбаны Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан қайта өндеу кәсіпорындарына (өндірістеріне) қайта өндеу үшін беру;

5) Қазақстан Республикасының Қәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық жобаны немесе өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны (өзінің немесе еншілес ұйымының немесе бірлескен қәсіпорынмен) іске асыруды қамтамасыз ету.

Жер қойнауын пайдаланушы осы тармақтың жетінші бөлігінде көрсетілген шарттарда келісімшартты ұзартудан бас тартқан жағдайда, келісімшарттың мерзімі өткен соң тиісті жер қойнауы участкесі осы баптың 5-тармағында көзделген тәртіппен аукционға шығаруға жатады.

Уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, шарттары жер қойнауын пайдаланушиның осы Кодекстің қолданысқа енгізу күніне осындай келісімшарттың мерзімін (бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңін) ұзартуға құқығы көзделмеген, пайдалы қатты қазбаларды өндіруге (бірлескен барлау мен өндіруге) арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 201-бабына сәйкес пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алуға айрықша құқыққа ие болады. Өндіруге арналған лицензияны алуға өтініш келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін үш жылдан бұрын берілмеуі мүмкін. Егер өтінішті қарау кезеңінде келісімшарттың мерзімі өтіп кетсе, келісімшарт осындай қарау кезеңіне ұзартылды деп есептеледі.

Осы Кодекс күшіне енгенге дейін жасалған және бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттың (шарттың) мерзімін ұзартуға, егер осындай келісімшарттың шарттарында өзгеше көзделмесе, жол берілмейді. Егер осы келісімшарттың шарттарымен оның мерзімін ұзарту мүмкіндігі көзделсе, мұндай ұзартуға бір жылдан аспайтын мерзімге жол беріледі. Осындай ұзарту кезінде осы Кодекстің 89-бабында көзделген жұмыстарды шектеу ережелері қолданылады.

15. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарт (шарт) бойынша тұлғага берілген жер қойнауы участкесіне арналған құқыққа осы Кодекстің 84-бабының 2-тармағында көзделген жер қойнауын пайдалану құқығы туралы ережелер қолданылады деп белгіленсін.

Осындай тұлға осы Кодекске сәйкес жер қойнауын пайдалану құқықтарына ие өзге тұлғаларға жер қойнауы участкесін пайдалануға кедергі жасауға құқығы жоқ.

16. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауы участкесінің шекараларын өзгерту келісімшартқа тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда жер қойнауы участкесінің кеңістіктік шекаралары координаттардың географиялық жүйесінде бұрыш нүктелерімен белгіленетін аумақпен және осындай аумақтың шекараларынан белгілі бір тереңдікке дейінгі шартты жазықтықтармен айқындалады.

Уранды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауы участкесінің аумағын кеңейтуге осы Кодекстің қолданысқа енгізу күніне айқындалған жер қойнауы участкесінің жартысынан аспайтын мөлшерінде жол беріледі.

17. Егер жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі әрекеттері ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін өзгертуге алып келсе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган пайдалы қатты қазбалардың ірі кен орны бар жер қойнауы участкесінде осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы. Көрсетілген негіз бойынша келісімшарттың қолданылуы біржақты тоқтатылған жағдайда құзыретті орган бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыны екі айдан кешіктірмей ескертуге міндетті.

18. Ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруге алып келген, осы Кодекстің 44-бабының 1-тармағында көзделген талаптар бұзылған жағдайда, осы Кодекске сәйкес құзыретті органның рұқсатын алу талап етілмейтін жағдайлардан басқа кезде, құзыретті орган осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған ірі кен орны немесе стратегиялық кен орны бар жер қойнауы участкесінде пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты біржақты тәртіппен тоқтатады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда бұзушылыққа дейін болған жағдайды қалпына келтіру арқылы, ал қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде стратегиялық жер қойнауы участкесімен байланысты объектілерді ауыстыру бойынша өзге де әрекеттерді құзыретті органның рұқсатымен жасау арқылы осы бұзушылық бір жылдан аспайтын мерзімде жойылуға жатады. Осы бөлікте көзделген мерзімдерде бұзушылық жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы бұл туралы құзыретті органды жойылғанын раставтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша хабардар етеді.

Белгіленген мерзімде бұзушылық жойылмаған жағдайда, құзыретті орган жер қойнауын пайдаланушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы келісімшартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Келісімшарт келісімшартты

орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарламаны жер қойнауын пайдаланушы алған күннен бастап үш айдан кейін тоқтатылады.

19. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындау осы Кодексте айқындалған тәртіппен мыналар ескеріліп жүзеге асырылады:

уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған келісімшарттың немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндірге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін екі жыл бұрын не олар мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жою жоспары болмағанда жою жобасын әзірлеу кезінде жою жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықта көзделген жоюдың тиісті техникалық ерекшеліктері назарға алынады;

мемлекеттік меншіктегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, теміржолдарды, гидроқұрылыштарды және гидротехникалық құрылыштарды салу (реконструкциялау) және жөндеу мақсатында пайдалану үшін кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндірге арналған рұқсаттың қолданылуы тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындау Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес булінген жерді қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялар салдарын жоюға кіріскең тұлғалар осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде оның аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

20. 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған көмірсутектер саласындағы жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт шенберінде, бір бөлігі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кең орындарының тізбесіне енгізілген көмірсутектердің бірнеше кең орындарында өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға осындай кең орындарына қатысты өндірге арналған жеке келісімшарт жасасу туралы өтініш жасауға құқылды. Мұндай келісімшарт бастапқы келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге жасалуы мүмкін.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап және осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған көмірсутектер саласындағы жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт шенберінде, бір бөлігі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұтқырлығы жоғары, су басқан, рентабельдігі төмен, дебиті аз немесе игерілген кең

орындарының тізбесіне енгізілген көмірсүтектердің бірнеше кен орындарында өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға осындай кен орнына (кен орындарына) қатысты өндіруге арналған жеке келісімшарт жасасу туралы өтініш жасауға құқылы. Мұндай келісімшарт бастапқы келісімшарт аяқталғанға дейін қалған мерзімге жасалуы мүмкін.

21. Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттік органдарға барланған пайдалы қазба қорларының рентабельділігі туралы қорытынды алу мақсатында ұсынған, жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары туралы түпкілікті есептер осы Кодекстің 277-бабы 11-тармағының ережелері ескеріле отырып, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 121-бабының ережелеріне сәйкес қаралуға жатады.

22. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілер осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау құжаттарына сәйкес жер қойнауы участкесінде қызметін жүзеге асыруға құқылы.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің ережесі ескеріле отырып, көрсетілген жобалау құжаттарына өзгерістер осы Кодексте көзделген жобалау құжаттарына өзгерістер енгізу туралы ережелерге сәйкес енгізіледі. Бұл ретте жобалау құжаттарының көрсеткіштері келісімшарттың жұмыс бағдарламасында көзделген ұқсас көрсеткіштерге сәйкес келуге тиіс.

Егер осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды немесе пайдалы қатты қазбаларды өндірудің бекітілген жобалау құжаттарында айқындалған көлемі бекітілген жобалау көрсеткіштерінен физикалық түрғыда жиырмадан аз пайызға өзгерсе, мұндай өзгерістер көрсетілген жобалау құжаттарына өзгерістерді міндетті түрде енгізу (осы Кодекске сәйкес жобалау құжатын әзірлеу) үшін негіз болып табылмайды.

23. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, осы Кодексте көрсетілген операциялардан басқа тиісті келісімшартта айқындалатын жұмыстар тізбесіне сәйкес өндірілген пайдалы қатты қазбаларды бастапқы қайта өндеу (байыту) жөніндегі қызмет жатады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жер қойнауынан алынған пайдалы қатты қазбаларды бастапқы қайта өндеуге (байытуға) тау-кен өнеркәсібі қызметінің түрі жатады, ол өндірілген жерінде жинауды, ұсатуды немесе үгітуді, сыныптауды (сұрыптауды), брикеттеуді, агломераттауды және физикалық-химиялық

әдістермен (пайдалы қазбалардың минералдық нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымын сапалық жағынан өзгерпестен) байытуды қамтиды, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстардың арнаулы түрлері болып табылатын қайта өндеу технологияларын (жерасты газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сілтісіздендіру, шашыранды кен орындарын драгалық және гидравликалық жолмен әзірлеу) қамтуы мүмкін. Бұл ретте өндірілген шикізаттан пайдалы құрауыштарды айырып алумен байланысты жұмыстар, сондай-ақ бастапқы қайта өндеуден кейінгі (бастапқы қайта өндеу болған кезде) жұмыстар қайта өндеу деп танылады

24. Мемлекеттік емес техногендік минералдық түзілімдермен әртүрлі орналастыру объектілерінде (үйінді, қалдық қойма, шөгінді қойма, полигон және тағы сол сияқты) бөлек орналастырылған:

1) осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттардың келісімшарттық аумақтары (бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша өндіру кезеңі) шегіндегі;

2) осы Кодекстің қолданысқа енгізілу күніне пайдаланылатын және жеке меншік құқығымен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі тау-кен қайта өндеу кәсіпорындарының жер участкеріндегі мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер құзыретті органға беретін өтініштері негізінде аталған тұлғалардың меншігіне осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде өтеусіз беруге жатады деп белгіленсін.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген келісімшарттық аумақтардың және жер участкерінің шегінен тыс жерде орналасқан және 1992 жылғы 30 мамырға дейін түзілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер мүдделі тұлғаның өзі құзыретті органға беретін өтініш бойынша жеке меншікке өтеусіз негізде берілуге жатады. Мұндай өтініш осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде мынадай шарттар сақталған:

өтініш иесі осы Кодекстің қолданысқа енгізілу күніне жұмыс істеп тұрган тау-кен өндіру, тау-кен қайта өндеу, металлургиялық кәсіпорынның меншік иесі болып табылған;

мұндай техногендік минералдық түзілімдер тиісті тау-кен өндіру, тау-кен қайта өндеу, металлургиялық кәсіпорын орналасқан келісімшарттық аумаққа немесе жер участкесіне іргелес аумақтарда орналасқан кезде берілуі мүмкін.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді өтініш иесінің жеке меншігіне беру, егер өтініш иесі жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, келісімшарттық аумақты осындай техногендік минералдық түзілімдердің орналасу алаңына кенейту арқылы не шегінде осы техногендік минералдық түзілімдер орналасқан жер участеклеріне құқықтар беру арқылы жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес меншікке берілмен, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген келісімшарттық аумақтардың және жер участеклерінің шегінен тыс жерде орналасқан мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауының құрамына қосылады. Мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді иеленуге өтініш бермен жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап төрт жыл өткен соң осындай мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер орналасқан келісімшарттық аумақтың бөлігін қайтаруды жүзеге асыруға міндетті.

Жеке меншік құқығымен мемлекеттік емес занды тұлғаларға тиесілі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техногендік минералдық түзілімдермен бірге бір орналастыру объектісінде орналастырылған не жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі нәтижесінде туындаған техногендік минералдық түзілімдермен бірге бір орналастыру объектісінде орналастырылған мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органға берілген олардың өтініші негізінде аталған тұлғалардың меншігіне өтеусіз беріледі деп белгіленсін. Мұндай өтініш осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде берілуі мүмкін.

Егер осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген техногендік минералдық түзілімдер өздерінің физикалық қасиеттеріне қарай (қатты қалыптағы техногендік минералдық түзілімдер) бөлінетін болса, осы тармақтың бесінші бөлігінде аталған тұлғаның өтініші бойынша – өтініш иесі және жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган арасында бөлу балансы жасалады. Мұндай өтініш осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда техногендік минералдық түзілімдерді беру бөлу балансы негізінде жүзеге асырылады. Өтініш иесі балансына қабылдамаған, бөлінген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерге бөлу балансы жасалғаннан кейін осы тармақтың төртінші бөлігінің ережелері қолданылады.

Егер мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді жеке меншікке беру туралы өтініш берілмесе не белгіленген мерзімдерде бөлу балансы жасалмаса, мемлекеттік емес және мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдердің

орналасу объектілері осындай тұлғаның есебінен жойылуға жатады. Жою, кейіннен жою объектілері орналасқан аумақтар мемлекетке қайтарыла отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Осы тармақтың негізінде меншікке берілген техногендік минералдық түзілімдерге құқықтарды іске асыру осы Кодектің 13-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақта сәйкес жеке меншікке берілген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдер пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансынан есептен шығарылуға жатады.

Осы тармақта көзделген мемлекеттік техногендік минералдық түзілімдерді беру тәртібін пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті орган айқындаиды.

25. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша, сондай-ақ кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленушілер тиісінше құзыретті орган немесе облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды құратын комиссияның шешімі бойынша, жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттардың орнына пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензияны алу арқылы, осы Кодекте көзделген жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшуге (жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеуге) құқылы. Бұл ретте, егер пайдалы қатты қазбаларды барлаудың қалыптастырылатын участкесінің немесе өндірудің қалыптастырылатын участкесінің шекараларында орналасқан келісімшарттық аумақтары бар пайдалы қатты қазбаларды барлауға және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған келісімшарттар бойынша не пайдалы қатты қазбаларды өндіруге және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші сол бір тұлға болып табылса, жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне ауысу (жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеу) тиісінше пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған бір лицензия беру арқылы пайдалы қатты қазбаларды барлауға және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға арналған екі келісімшарт бойынша не пайдалы қатты қазбаларды өндіруге және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған екі келісімшарт бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Пайдалы қатты қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша құзыретті орган комиссия құрады. Комиссияның

ережесі мен құрамын құзыретті орган айқындайды. Комиссияның құрамына бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілдері де кіреді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды өндірге арналған келісімшарттар бойынша облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органы комиссия құрады. Комиссияның ережесі мен құрамын жергілікті атқарушы орган айқындайды. Комиссияның құрамына бюджеттің атқарылуы жөніндегі жергілікті уәкілетті органның, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органының өкілдері де кіреді.

Осы тармаққа сәйкес жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшу тәртібін, оның ішінде комиссия жұмысының тәртібін құзыретті орган айқындайды.

Лицензия осы Кодекске сәйкес айқындалатын мерзімге беріледі. Бұл мерзім орнына лицензия берілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мерзімінен, ал жер қойнауын пайдалану құқығы пайдалы қатты қазбалар және кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі келісімшарттар бойынша бір мезгілде қайта ресімделген жағдайда – пайдалы қатты қазбалар бойынша келісімшарттың мерзімінен аспауға тиіс. Бұл ретте осы Кодектің 211-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің мақсаттары үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) орнына берілген пайдалы қатты қазбаларды өндірге арналған лицензияның мерзімі қатарынан жиырма бес жылға дейінгі кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Осы Кодектің 191, 208 және 233-баптарында көзделген міндеттемелерден басқа, жер қойнауын пайдалануға берілген лицензияда жер қойнауын пайдаланушының қосымша міндеттемелері және лицензияны қайтарып алу немесе көрсетілген міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу негіздері қамтылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысы жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия берілген күннен бастап тоқтатылады.

Осы тармаққа сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия берілген жағдайда, осы Кодектің 25-бабы 1-тармағы 2), 4) тармақшаларының және 40-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының ережелері көрсетілген лицензияға қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеу келісімшарт негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтатпайды, сондай-ақ қайта ресімдеу кезінде болатын жер қойнауын пайдалану құқығына ауыртпалықтарды тоқтатуға алып келмейді.

26. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлерді оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жұмсалатын шығыстар бойынша келісімшарттық міндеттемелердің, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша міндеттемелердің орындалуы жөніндегі есептер міндеттемелердің тиісті түрлері үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

27. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап бес жыл ішінде пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия бойынша құрамында отыз пайыздан астам металл (металдар) бар кендік пайдалы қатты қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік жылдағы өндірудің жалпы мөлшерінің жартысынан кем емес көлемде оларды қайта өндеуді жүзеге асыруға міндетті деп белгіленсін.

Технологиялық себептер бойынша, өндірістік қуаттың болмауы, жеткіліксіз болуы немесе экономикалық түрғыдан орынсыз болу себептері бойынша көзделген мөлшерде көрсетілген пайдалы қатты қазбаларды қайта өндеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушылар оларды Қазақстан Республикасының аумағынан шығаруға құқылы.

28. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған (берілген) көмірсутектерді барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар (лицензиялар) бойынша блоктардан тұратын жер қойнауы участеклеріне, егер осындағы келісімшарттардың талаптарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы "Геологиялық зерделеу мен игеруге әзірленген Блоктар мен көмірсутектері кен орындарының картасын бекіту туралы" № 1552 және 1996 жылғы 10 желтоқсандағы "Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерін геологиялық зерделеу мен игеруге арналған блоктар картасын бекіту туралы" № 1514 қаулыларына сәйкес белгіленген блоктардың координаттары және сәйкестендіру көрсеткіштері қолданылады.

29. 2015 жылғы 1 қантарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және

көрсетілетін қызметтерді сатып алудың осы Кодекске сәйкес бекітілген тәртібіне сәйкес тауарларды сатып алу жүзеге асырылған кезде конкурсты ұйымдастырушы жеңімпазды айқындау процесінде конкурсқа қатысушылардың – қазақстандық тауар өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын жиырма пайызға шартты түрде азайтады.

Осы тармақтың ережесі қайсысы ерте басталатынына қарай, көрсетілген келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қантарға дейін қолданылады. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған көмірсүтектер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту бойынша келісімшарттық міндеттемелерін есептеу көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін әдістемеге сәйкес жүзеге асырылады.

30. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітken, өnіmdі bөlu туралы келісім (келісімшарт) шенберінде не Қазақстан Республикасының Президенті бекітken, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шенберінде өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетіletіn қызметтерді сатып алу тәртіbі осындаі келісімдерге (келісімшарттарғa) сәйкес белгіленген рәсімдермен айқындалады. Бұл ретте мұндай тәртіp мыналарды қамтамасыз етуге тиіs:

1) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетіletіn қызметтердің жергілікті өnіm берушілерінің бекіtіlgen даму бағдарламаларының орындалуы;

2) тауарлардың, жұмыстар мен көrсетіletіn қызметтердің барлық әлеуетті өnіm берушілеріне тауарларды, жұмыстар мен көrсетіletіn қызметтерді сатып алуға конкурсқа қатысу үшін толық және әdіletті mұмкіндіkтердің берілуі;

3) тауарлардың, жұмыстар мен көrсетіletіn қызметтердің әлеуетті өnіm берушілерін алдын ала іріктеудің объективті өлшемшарттарының қолданылуы.

31. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, көмірсүтектер мен уран өндіру бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өткіzіlgen конкурстың нәтижелері бойынша, көміrсүтектерді барлау жәne (немесе) өндіру жәne уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе көміrсүtектерді барлау жәne (немесе) өндіру жәne уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көrсетіletіn қызметтерді сатып алудың белгіленген тәртіbіn nemese Қазақстан Республикасының Үкіmetі бекіtken, өnіmdі bөlu туралы келіsіmдердің

(келісімшарттардың) шенберінде не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шенберінде белгіленген ресімдерді бұзып сатып алған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша шығыстары тиісті жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелерін орындауы ретінде құзыретті орган есепке алатын шығыстардан алғып тасталады. Осы тармақта көзделген ереже Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шенберінде не Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шенберінде өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға және олардың мердігерлеріне де қолданылады.

32. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шенберінде көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай шарттар бір мезгілде сақталған:

1) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жойылмаған бұзушылықтары болмаған;

2) жер қойнауын пайдалануши осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес қол қою бонусын толық көлемде төлеген;

3) осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалануши осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасын бекіткен;

4) құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін жаңа редакциядағы көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтінішті жер қойнауын пайдаланушы мынадай шарттар бір мезгілде сақталған кезде:

осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, шенберінде жер қойнауын пайдалануши көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін;

осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап он сегіз ай ішінде берген кезде құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған

ұлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу арқылы осы Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану шарттарына өтуге құқығы бар.

Құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған ұлгілік келісімшартқа сәйкес келетін жаңа редакциядағы барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініште мыналар қамтылуға тиіс:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттың тіркеу нөмірі мен күні;

3) шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша геологиялық бөлуге сәйкес жер қойнауы учаскесіне сәйкес келуге тиіс барлау учаскесіне нұсқау.

Өтінішке қосымша мыналар қоса беріледі:

1) құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған ұлгілік келісімшартқа сәйкес келетін, жер қойнауын пайдаланушы қол қойған көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

2) көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа оның ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін, барлау кезеңіндегі жұмыстардың көлемдерін, сипаттамасын және орындалу мерзімдерін қамтитын және шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша жұмыс бағдарламасында көзделген, жұмыстардың көлемдері мен түрлері бойынша талаптарға сәйкес келетін жұмыстар бағдарламасы;

3) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың он қорытындыларын алған барлау жұмыстарының жобасы.

Бұл ретте мұндай келісімшартта осы Кодекстің 116-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген ережелерге сәйкес, құзыретті орган бекітетін ұлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген жаңа редакциядағы барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініш берілген күнге, шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттың нақты қолданылу мерзіміне азайтылған барлау кезеңі бекітіліп беріледі.

Шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшартта көзделген инвестициялық міндеттемелер (болған кезде), оқыту, ғылым және өнірлерді өлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы міндеттемелерді қоспағанда, құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа толық көлемде кіреді.

Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы шешім қабылдайды немесе оны жасасудан бас тартады.

Құзыретті орган:

1) өтініш осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) жер қойнауын пайдаланушы осы тармақта көзделген талаптарды сақтамаған жағдайларда, көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасудан бас тартады.

Құзыретті органның бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде және осы тармақта көзделген өзге де талаптарды сақтай отырып, қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

Құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңінде жол берілген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылығы үшін жер қойнауын пайдаланушыны жауаптылықтан босатуға негіз болып табылмайды.

Барлау кезеңін ұзартудың және осы тармаққа сәйкес жасалған көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асырудың кейінгі шарттары осы Кодекстің ережелеріне сәйкес айқындалады.

33. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шенберінде көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай шарттар бір мезгілде сақталған:

1) барлау кезеңін ұзарту туралы өтінішті осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап он сегіз ай ішінде берген;

2) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша құзыретті органның хабарламасында көрсетілген жойылмаған бұзушылықтары болмаған;

3) өтініш осы Кодекстің 117-бабының 4 – 11-тармақтарында көзделген тәртіппен берілген және қаралған;

4) осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде сынамалап пайдалану жүргізілген жағдайда, оның ұзақтығы өтініш берілген кезге үш жылдан аспаған;

5) өтінішке жер қойнауын пайдалануши тарапынан қол қойылған, құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін жаңа редакциядағы көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт қосымша қоса берген кезде, осы Кодекстің 117-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген негіздер бойынша және барлау кезеңінің жалпы ұзақтығы бойынша талаптарды сақтамай барлау кезеңін бір рет ұзартуға құқығы бар.

Бұл ретте мұндай келісімшартта сұралып отырған ұзарту мерзіміне сәйкес келетін, бірақ үш жылдан аспайтын барлау кезеңі бекітіліп беріледі.

Осы Кодекстің 117-бабының 2-тармағында көзделген негіз бойынша жасалған келісімшарт бойынша барлау кезеңін осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес кейіннен ұзартуға осы Кодекстің 117-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша ғана жол беріледі.

Осы Кодекстің 117-бабының 3-тармағында көзделген негіз бойынша жасалған келісімшарт бойынша барлау кезеңін осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес кейіннен ұзартуға тыйым салынады.

Құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу шеңберінде жер қойнауын пайдалануши көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңінде жол берілген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылығы үшін жер қойнауын пайдаланушины жауаптылықтан босатуға негіз болып табылмайды.

34. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (бастапқы келісімшарт) бойынша көмірсүтектерді барлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын не жүзеге асырған жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай шарттар бір мезгілде сақталған:

1) жер қойнауын пайдаланушиның осы баптың 32 және 33-тармақтарының ережелеріне сәйкес жаңа редакциядағы көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу арқылы осы Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану шарттарына өтпеген;

2) осы Кодекстің талаптарына сәйкес бастапқы келісімшарт шеңберінде жер қойнауын пайдалануши жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған кен орнының қорларын есептеу бойынша есепті жасаған және бекіткен;

3) жер қойнауын пайдаланушиның құзыретті органның хабарламасында көрсетілген, бастапқы келісімшарт бойынша міндеттемелерді жойылмаған бұзушылықтары болмаған кезде, өтініш негізінде, құзыретті орган бекітетін көмірсутектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасуға құқығы бар.

Егер бастапқы келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалануши көмірсутектердің екі немесе одан көп кен орнын ашқан болса, онда жер қойнауын пайдалануши көмірсутектерді өндіруге арналған бір келісімшарт не әрбір кен орны бойынша жекелеген келісімшарттар жасасуға құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайда көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт дайындық кезеңіне жасалады, оның ұзақтығын жер қойнауын пайдалануши өтініште айқындейды, бірақ үш жылдан аспайды.

Егер есептеу бойынша есебі осы Кодексте көзделген жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған көмірсутектер кен орнының бастапқы геологиялық қорлары бір жүз миллион тонна мұнай немесе елу миллиард текше метр табиғи газ мәнінен асатын болса, мұндай кен орнына қатысты өндіруге арналған келісімшарттың ережелері осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көрсетілген міндеттемелердің бірін қамтуға тиіс.

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтінішті жер қойнауын пайдалануши құзыретті органға қолданылу мерзімі ішінде не бастапқы келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін он екі ай ішінде береді.

Құзыретті орган осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде, сондай-ақ өтінішті қараша және осы тармақтың тоғызыншы – он алтыншы бөліктерінде көзделген әрекеттерді жүзеге асыру кезеңінде мұндай жер қойнауы участаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты жасау туралы өтініште мыналар қамтылуға тиіс:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) бастапқы келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні;

3) өндіру учаскесіне нұсқау;

4) үш жылдан аспайтын дайындық кезеңінің ұзақтығы.

Өтінішке қосымша мыналар қоса беріледі:

1) осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін, жер қойнауын пайдаланушы қол қойған көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауы мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған қорларды есептеу бойынша есеп.

Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы шешім;

2) осы тармақтың төртінші бөлігінде көзделген жағдайда, осы тармақта көзделген мерзімдерде және тәртіппен жер қойнауын пайдаланушымен келіссөздер жүргізу туралы шешім;

3) көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасудан бас тарту туралы шешім.

Құзыретті орган өтініш осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасудан бас тартады.

Құзыретті органның бас тартуы жер қойнауын пайдаланушыны осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

Осы тармақтың тоғызыншы бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайда, құзыретті орган мұндай шешім қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде өтініш иесімен осы тармақтың үшінші бөлігіне сәйкес айқындалған мерзімге көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасады және оның қол қойылған бір данасын өтініш иесіне жібереді.

Осы тармақтың тоғызыншы бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда, құзыретті орган мұндай шешім қабылданған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде жер қойнауын пайдаланушымен осы Кодекстің 119-бабының 7-

тармағында көзделген міндеттеменің шарттарын және орындалу тәртібін айқындау бойынша келіссөздер жүргізеді.

Келіссөздер нәтижелері бойынша құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды және бұл туралы жер қойнауын пайдаланушыны хабардар етеді:

- 1) көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы;
- 2) оны жасасудан бас тарту туралы.

Осы тармақтың он төртінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы хабарламаны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде құзыретті органға өз тарапынан қол қойылған, осы Кодекстің 119-бабының 7-тармағында көзделген міндеттеменің шарттарын және орындалу тәртібін айқындастын көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жібереді.

Құзыретті орган көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде осындай келісімшартты жасасады және оның қол қойылған бір данасын жер қойнауын пайдаланушыға жібереді.

Осы тармақтың он төртінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайда, бұрынғы жер қойнауын пайдаланушы кен орындарын табуға және бағалауға жұмсалған шығындарын өтетуге құқығы бар.

Мұндай өтеуді жаңа жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты негізінде айқындалатын инфляцияны ескере отырып, тиісті шығындардың толық сомасының біржолғы төлемі тәртібімен жүзеге асырады.

Мұндай шығындарды өтеу мерзімін құзыретті орган белгілейді және жаңа жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарт жасалған күннен бастап он екі айдан аспауға тиіс.

Жаңа жер қойнауын пайдаланушы өзі өтейтін шығындардың аудитін жүргізуға құқылы. Жаңа және бұрынғы жер қойнауын пайдаланушылар арасында өтелетін шығындар мөлшері туралы дау болған жағдайда, мұндай дау сот тәртібімен шешілуге жатады.

35. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (қолданыстағы келісімшарт) бойынша көмірсүтектерді өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай шарттар бір мезгілде сақталған:

1) осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген

сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын әзірлеу жобасын бекіткен;

2) көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі кен орнын әзірлеу жобасы негізінде айқындалған, бірақ бұл өтініш беру кезінде қалған жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттың мерзімінен аспаған;

3) қолданыстағы келісімшартта көзделген инвестициялық міндеттемелер (олар болған кезде) көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартқа толық көлемде қосылған;

4) өтініш беру кезінде жер қойнауын пайдаланушының құзыретті органның хабарламасында көрсетілген, жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарт бойынша міндеттемелерді жойылмаған бұзушылықтары болмаған кезде, өтініші негізінде құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін жаңа редакциядағы көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу арқылы осы Кодексте көзделген жер қойнауын пайдалану шарттарына өтуге құқығы бар.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшартта көмірсүтектердің екі немесе одан көп кен орны бекітіліп берілсе, онда жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді өндіруге арналған бір келісімшарт жасасуға құқылы.

Көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініште мыналар қамтылуға тиіс:

1) жер қойнауын пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), атауы;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты тіркеу нөмірі мен күні.

Өтінішке қосымша мыналар қоса беріледі:

1) құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін және осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ережелер ескерілетін, жер қойнауын пайдаланушы қол қойған көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшарт;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген сараптамалардың оң қорытындыларын алған кен орнын әзірлеу жобасы.

Өтініш құзыретті органға келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша құзыретті орган көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы шешім қабылдайды немесе оны жасасудан бас тартады.

Құзыретті орган:

1) өтініш осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптар сақталмаған жағдайларда, көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасудан бас тартады.

Құзыретті органның бас тартуы жер қойнауын пайдалануышыны жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

Көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда, құзыретті орган жиырма жұмыс күні ішінде осындай келісімшартты жасасады және өтініш иесіне оның қол қойылған бір данасын жібереді.

Құзыретті орган бекітетін көмірсүтектерді өндіруге арналған үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасасу шенберінде жер қойнауын пайдаланушы көмірсүтектерді өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылу кезеңінде жол берілген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылығы үшін жер қойнауын пайдалануышыны жауаптылықтан босатуға негіз болып табылмайды.

Осы тармақта сәйкес жаңа редакцияда көмірсүтектер өндіруге арналған келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар осындай келісімшарт бойынша жер қойнауы учаскесін (учаскелерін) бөлуді жүргізуге құқылы емес.

36. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес өткізілген, қорытындысы осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығарылған көмірсүтектерді барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалардың (конкурс жеңімпазының) мынадай шарттар бір мезгілде сақталған:

1) конкурс жеңімпазымен "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және шарттарда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалмаған;

2) конкурс жеңімпазының Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес қол қою бонусын толық көлемде төлеген;

3) көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініш осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап он екі ай ішінде берілген кезде, құзыретті орган бекітетін үлгілік келісімшартқа сәйкес әзірленген көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасасуға құқығы бар.

Конкурс жеңімпазы осы тармаққа сәйкес құзыретті органға жіберетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініште мыналар қамтылуға тиіс:

1) көмірсүтектерді барлауға немесе өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың жеңімпазы болып табылатын тұлғаның атауы;

2) осы тармақта көзделген шарттардың сақталғанын растайтын мәліметтер мен құжаттар;

3) осы Кодекстің 96-бабының 2 – 4-тармақтарында көзделген мәліметтер мен құжаттар.

Өтінішке мыналар қоса берілуге тиіс:

1) құзыретті орган бекітетін үлгілік келісімшартқа сәйкес және осы тармақта көзделген талаптар ескеріле отырып әзірленген, конкурс жеңімпазы қол қойған көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

2) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және келісілген іздестіру жұмыстарының жобасы негізінде немесе тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныста немесе акуционға қатысу үшін өтінімде белгіленген, барлау кезеңіндегі жұмыстардың көлемдері, сипаттамасы және орындалу мерзімдері бойынша шарттар негізінде жасалған, барлау кезеңіндегі жұмыстардың көлемдерін, сипаттамасын және орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыстар бағдарламасы.

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

1) құзыретті орган бекітетін үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасу кезінде:

барлау участкесі осы Кодекстің талаптарына сәйкес айқындалады және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өткізілген, көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарында көрсетілген жер қойнауы участкесінің көлемінен аспайды;

осы тармаққа сәйкес жасалған көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша барлау жұмыстарының жобасын әзірлеу және оның сараптамасы осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады;

2) құзыретті орган бекітетін үлгі келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартты жасау кезінде:

өндіру участкесі осы Кодекстің талаптарына сәйкес айқындалады және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өткізілген көмірсүтектерді өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарында көрсетілген жер қойнауы участкесінің көлемінен аспайды;

көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартта конкурс жеңімпазы осы тармақта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес (оның ішінде жобалау құжаттарын өзірлеу және олардың сараптамасы бөлігінде, сондай-ақ инвестициялық міндеттемелер және өзге де мәселелер бөлігінде) дайындық кезеңін не өндіру кезеңін бекітіп беруге бастама жасауға құқылы;

3) осы тармаққа сәйкес жасалған көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартта тендерге қатысу үшін конкурстық ұсынысына немесе аукционға қатысу үшін өтініміне сәйкес конкурс жеңімпазы өзіне қабылдаған, келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті кадрлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтуға қатысты міндеттемелерге сәйкес келетін міндеттемелер көзделуге тиіс;

4) осы тармаққа сәйкес жасалған көмірсүтектерді өндіруге арналған келісімшартта тендерге қатысу үшін конкурстық ұсынысына немесе аукционға қатысу үшін өтініміне сәйкес конкурс жеңімпазы өзіне қабылдаған, өнірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар мөлшеріне; келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті кадрлардағы, тауарлардағы және көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлестеріне; келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті қазақстандық кадрларды оқыту, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар мөлшеріне қатысты міндеттемелерге сәйкес келетін міндеттемелер көзделуге тиіс.

Өтініш осы Кодексте көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасасу туралы өтініштерді қарау үшін белгіленген мерзімдерде қаралуға жатады.

Кұзыретті орган:

- 1) өтініш осы тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 2) осы тармақта көзделген талаптарды конкурс жеңімпазы сақтамаған;

3) осы Кодекстің 97-бабы 3-тармағының 2) – 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда көмірсүтектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартты жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құзыретті органдың бас тартуы конкурс жеңімпазын осы тармақта көзделген мерзімдер ішінде және өзге де талаптарды сақтай отырып, қайта өтініш беру құқығынан айырмайды.

37. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес өткізілген, көмірсүтектерді барлауға жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың жеңімпазымен құзыретті орган бекітетін, үлгілік келісімшартқа сәйкес келетін көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшартты жасасу тәртібі мен шарттарына қатысты осы баптың 36-тармағында көзделген ережелер (осы баптың 36-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасын және алтыншы бөлігінің 3) тармақшасын қоспағанда) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған жағдайда, көмірсүтектер саласындағы ұлттық компаниямен көмірсүтектерді барлау мен өндіруге немесе өндіруге арналған келісімшарттарды жасасуға да қолданылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттары тікелей келіссөздер хаттамасының негізінде айқындалады.

38. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған халықаралық шарттарға сәйкес құзыретті орган осындай халықаралық шарттарда аталған тұлғаларға тікелей келіссөздер негізінде көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруі мүмкін деп белгіленсін.

Осы тармақта сәйкес тікелей келіссөздер негізінде көмірсүтектерді барлау үшін жер қойнауы участкесін пайдалануға алуды ниет еткен тұлға мыналарды көрсете отырып, құзыретті органға өтініш жібереді:

1) өтініш иесінің атауы, оның орналасқан жері, занды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе өтініш иесі шет мемлекеттің заңнамасы бойынша занды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да зандастырылған құжат), басшы туралы мәліметтер, өтініш иесін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын жеке, занды тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар туралы мәліметтер;

2) өтініш иесінің соңғы үш жылда өз қызметін жүзеге асырған мемлекеттердің тізімін қоса алғанда, өтініш иесінің бұрынғы қызметі туралы мәліметтер;

3) өтініш иесі үміткер болып отырған жер қойнауы участкесінің аумағы.

Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік занды тұлға берсе, оған қоса берілетін құжаттар өзге тілде әрбір құжатқа қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы міндетті түрде қоса беріліп жасалуына болады, олардың дұрыстығын нотариус куәландырады.

Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер өтініш иесінің уәкілетті өкілдері мен құзыретті органның жұмыс тобы арасында жүргізіледі.

Тікелей келіссөздер құзыретті органға өтініш келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер жүргізу мерзімі құзыретті органның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша құзыретті орган көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш иесі оны қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша оның мөлшері айқындалған қол қою бонусын төлейді және құзыретті органға:

- 1) қол қою бонусының төленгенін растауды;
- 2) көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарттың жобасын;
- 3) көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі ретінде қоса берілетін, тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша айқындалған барлау кезеңіндегі жұмыстар көлемін, сипатын және орындалу мерзімдерін қамтитын жұмыстар бағдарламасын жібереді.

Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт жобасына мынадай шарттар енгізілуге тиіс:

- 1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар түрлері;
- 2) келісімшарттың қолданылу мерзімі;
- 3) жер қойнауы участексерінің (учаскелерінің) шекаралары;
- 4) жер қойнауын пайдаланушының жұмыс бағдарламасында көзделген жер қойнауы участексеріндегі жұмыстар көлемі мен түрлері бойынша міндеттемелері;
- 5) жер қойнауын пайдаланушының кадрлардағы жергілікті қамтудың ең төмен үлесі бойынша міндеттемелері;
- 6) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін басым жұмыстар мен көрсетілетін

қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша жергілікті қамту үлесі бойынша міндеттемелері;

7) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелері;

8) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекспен келісімшарттық міндеттемелерге жатқызылатын көмірсүтектерді барлау бойынша базалық жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бұзылуын қоса алғанда, келісімшарттық міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауптылығы;

9) олардың негізінде жер қойнауы барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін пайдалануға берілген өзге де шарттар.

Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт жобасы құзыретті органның сараптама жасауына және құқықтық сараптама жасауға жатады. Келісімшарт жобасының сараптамасын құзыретті орган оны алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшарт жобасын құзыретті орган оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде келісімшарт ережелерінің Қазақстан Республикасы занамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүргізілетін міндетті құқықтық сараптамадан өткізу үшін жібереді. Құқықтық сараптама жиырма жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Сараптама нәтижелері сараптамалық қорытынды түрінде ресімделеді, олар теріс немесе оң болуы мүмкін.

Өтініш иесі келісімшарт жобасын сараптамалық қорытындыда жазылған ескертулерді жою мақсатында пысықтайды. Көрсетілген ескертулер жойылған жағдайда, мемлекеттік орган оған он жұмыс күні ішінде қайта сараптама жүргізеді.

Өтініш иесі осы тармақта көзделген сараптамалардың оң қорытындысын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз тараҧынан қол қойылған көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшартты құзыретті органға жібереді.

Құзыретті орган келісімшартты алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшартты жасасады және оның қол қойылған бір данасын өтініш иесіне жібереді.

Жұмыстар бағдарламасында бастапқыда мәлімделген міндеттемелерді қысқартуды немесе алып тастауды көздейтін көмірсүтектерді барлауға арналған келісімшартқа қосымша келісімдер жасасуға тыым салынады.

**Ескерту. 278-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚРМК